

Қ. СЕЙДАНОВ, Ө. БАЙҚАБЫЛОВ,  
Г. АЙТБАЕВА

# ӘДЕБИЕТ

ОРТА БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ  
11-СЫНЫБЫ ҮШІН ОҚУЛЫҚ

1-басылымы

*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру  
министрлігі бекіткен*



Чўлпон атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйі  
Ташкент – 2018

УЎК 821(075.3)=512.122  
КВК 83.3(5Қаз)я72  
Ә 20

**Пікір жазғандар:**

*Ақмарал Нысанбаева* – Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика университеті доценті;

*Анар Умбетова* – Ташкент облысы Қыбырай ауданына қарасты 9-мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытушысы

**Редакторы:**

*Ғалымжан Рахымбаев*

**Шартты белгілер:**

 – Сұрақтар мен тапсырмалар

**Республикалық мақсатты кітап қорының қаржылары есебінен басылды.**

ISBN 978-9943-5088-0-4

© Қ. Сейданов және басқ. 2018  
© Чўлпон атындағы БПШҮ, 2018



## ALFY СӨЗ

Ардақты 11 – сынып оқушылары! Әдебиет – өмір айнасы. Қоғамдық өміріміздің бірден-бір нәрлі тынысы, сырлы көріністері. Солай екен, «Әдебиет» оқулығында берілген, әрбір ақын-жазушының басып өткен өмір жолдарына, шығармашылығына айрықша көңіл бөліп, ерекше зейінмен үңіле түссеңіздер ғана, аса мол мағлұматтарға ие болып, кенеле түсесіздер! Бұл – нағыз азамат болып қалыптасуға алып барар, бірден-бір сара жол.

Тек, салғырттыққа, бойкүйездікке бой алдырмай, жалқаулыққа мойын бұрмағандарыңыз жөн! Өйткені, көркем шығармалар да өмірдің сан алуан құбылыстары, адамдар арасындағы күрес-тартыстар жан-жақты көрініс табумен бірге, ол негізінен, бірден-бір тәрбие құралы да. Себебі, кез келген ақын-жазушының көркем туындыларын оқу арқылы, рухани дүниелерінді нәрлендірумен бірге, олардан тәлім де, тәрбие де аласыздар! Ұлы Абайша айтқанда, нағыз «толық адам» болуға талпынасыздар!

Әдетте дана халқымыз: «Кітап – білім бұлағы, білім-өмір шырағы» – деп, тектен-текке айтпаған. Шынында да, кітапсіз-білім жоқ, білімсіз-күннің жоқ. Сондықтан да, әрбір ақын-жазушының көркем шығармаларына көңіл көзін теренірек қадап, ерекше зейінмен оқи түссеңіздер ғана, әманда ақылдарың толығып, пайым-парасаттарыңыз молығып, жетіле түсетіндіктеріңізге де дау жоқ.

Оның үстіне, құрметті Президентіміз Шавкат Мирзияев, үнемі – Сіз жастардың болашағына алаңдай қарап, біздің қоғамымызға аса сауатты да салауатты, ерен білімге ие, өз Отаны үшін аянбай еңбек ете білетін жастар тәрбиелеу, бүгінгі күннің өзекті мәселесі екендігін, әр сөзінде-ақ қайта-қайта тілге ала түсуде.

Бұған, Сіздер мен біздер – қашанда ләпбай деп жауап беруге тиісті екендігімізді, ешқашан жадымыздан шығар-

мауымыз аса қажет! Себебі, ХХІ ғасыр – білім ғасыры болмақ!

XI ғасырда жасап, өз соңына аса тамаша поэзиялық туындылар қалдырған ірі ақын, әрі ғұлама ғалым Омар Хаям кезінде:

*Жететін екі күнге наның болса,  
Салқын су құмыраңнан арылмаса.  
Өзіңнен төмендерге басыңды име,  
Еркін жүр надандарға жалынғаша.*

деген болатын.

Шынында да, өмірде еркін жүрудің, ешкімге бас ұрып жалынбаудың бірден-бір жолы, теңіздей терең білімге ие болу. Ал, теңіздей терең білімді игеру үшін, әрине кітапқа көңіл көзін қадау керек-ақ! Өйткені кітап – білімнің нәрлі бұлағы, қайнар көзі. Көңілдің қошы. Өмірдің – ажары, әрі айнасы. Нағыз адамилыққа жетелейтін сара жол.

Ал, Сіз оқушыларға ұсынып отырған – ХХ ғасырдың кең тынысты, кеменгер ақын-жазушыларынан – Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Жамбыл Жабаев, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин сияқты көркем әдебиетке сүбелі үлестерін қосқан, шынайы талант иелері болған, белгілі сөз зергелерлерінің өмірі мен шығармашылығы.

ХХ ғасыр – қазақ әдебиетінің даму тарихында, «бірден-бір алтын ғасыры болды» – десек, ол артық айтқандық емес, бұл – бірден-бір бұлтартпас шындық. Өйткені бұл дәуірде, көркем әдебиеттің – поэзия, проза, драматургия секілді басты-басты жанрлары дүниеге келіп, әбден қалыптасты. Сондай-ақ очерк, әңгіме, памфлет, баллада, лириканың, поэманың сан алуан түрлерімен бірге, әдебиет сыны, драма, комедия, повесть, роман, роман-эпопея сияқты т.б. көркем әдебиеттің алуан түрлері өмірге келіп, қазақ әдебиеті әлемдік деңгейге көтерілді.

Мәселен: Мұхтар Әуезов сияқты дархан дарын, ғұлама ғалым, ерен ойдың жүйрігі, 73 жыл жасап келмеске кеткен кеңестік дәуірде, таталитарлық қоғамда, өзінің «Абай жолы»

роман-эпопеясы арқылы, осынау пәни жалғанда «қазақ» деген халық барын, алғаш рет күллі әлемге танытты.

Сондай-ақ, бүгінгі таңдағы талғамы мол, таразысы әділ оқырман жұртшылық — әлем халықтарының көркем шығармаларын да, өз ана тілінде оқу мүмкіндігіне ие бола түсті. Бұл — қандай қуаныш, қол жеткізе алған ірі табысымыз десенізші!

Сондықтан да біз, осы оқулықта «Туысқан халықтар әдебиеті үлгілерінен» деген, арнайы бөлім беріп, онда Орта Азия әдебиеті тарихында, шын мәніндегі роман жанрын тұңғыш рет өмірге әкелген, өзбек қаламгері Абдулла Қадыридi, түркімен әдебиетінің алып тұлғасы Бердi Кербабаевтi, «әлемнің Айтматовы» атанған қырғыз халқының ұлы тұлғасы — Шыңғыс Айтматовты арнайы енгіздік.

Әрі, «Әлем әдебиеті үлгілері» бөліміне, не бәрі 27 жас ғұмыр кешсе де, орыс поэзиясын тым биікке көтерген М.Ю. Лермонтов, ағылшын халқының белгілі майталман қаламгері Вальтер Скотт секілді сөз шеберлерін енгізу мүмкіндігіне ие болдық.

Мұндағы алға қойған негізгі бірден-бір мақсат: Сіз — оқушы жастар! Тек, өз ұлт әдебиетіміз төңірегінде ғана ой толғап қалмай, әлемдік әдебиеттің терең сырларына да ой жүгіртіп, үнемі биіктен көріне түссінші деген ізгі ниетпен, дәл осылай беруді жөн көрдік.

Солай екен, құрметті оқушы жастар! Міне осындай, аса мол мүмкіндіктерді қалт еткізіп, қаға берісте қалдырмай, ерен ойдың жүйріктерінің көркем шығармаларын іздеп жүріп оқысаңыздар, Сіздер де ұлы тұлға, кемеңгер көсем болып қалыптасасыздар! Әрі, әбден жетіліп, үнемі биіктей түсетіндіктеріңіз анық.

Ерен ойлы жас достар! Егер, бақыт қашанда босағамда байлаулы тұрсын, бір өмір шылауымда жүрсін десеніздер, қалта телефонға қадала бермей, қашанда кітапқа үнілгендеріңіз жөн.

Өйткені, бар байлықты да, терең білімді де, өмірдің шынайы сырлары мен сипаттарын да, ынтымақ пен бірлікті де, достықтың негізгі сырларын да, дәл осы ақын-жазушылардың кітаптары мен шығармаларынан табасындар! Нәтижеде, достықтың терең сырларын меңгеріп, өзара бір-

біріңізге деген достық сезімдеріңіз кең өріс ала түседі де, бір-біріңізді қадірлей бастайсыздар.

Ал достық — алтыннан да қымбат, теңізден де терең, асқар таудан да биік! Солай екен, өз Отанымыз — Өзбекстанды ардақтай біліңдер де, өзара достық қарым-қатынасқа айрықша мән беріңіздер!

Әдетте туысқан өзбек халқы: «Досы жоқ — басым, тұзы жоқ — асым» — дейді. Иә, астың дәмін — тұз келтірсе, елдің сәнін — қыз келтіреді. Сондықтан да, бір-біріңмен нағыз дос болуға ұмтылыңдар да, қыздарды айрықша қадір-құрмет тұтып, ерекше бағалай біліңдер! Өйткені қыздар, әрбір ата-ана үйінің қонағы, жат жұрттық. Сол үшін олардың көңілін қалдырмауға, өздерін абайлауға көңіл бөліңдер!

Солай екен, оқушы жастар! Достыққа айрықша мән беріңдер де, кітапқа ден қойып, көңіл көзін қадай түссеніздер де, ерекше зейін, ыстық ықласпен мұқият үңіліңіздер! Сонда ғана, Сіздердің алмайтын қамалдарыңыз, бұзбайтын бөгеттеріңіз болмайды. Өйткені халқымыз: «Оқыған — озады, доп ойнаған — тозады» — деген емес пе?

Расында да, кітап оқыған сайын, өмірдің алуан сырларын терең түсіне бастайсыңдар да, нағыз адам болып қалыптаса түсесіндер! Іске сәт, жас достар! Өз оқырмандар!

**Қалдыбек СЕЙДАНОВ**

*Өзбекстан Республикасы Тұран*

*Академиясының академигі, профессор.*





## XX ҒАСЫР ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТИ



### 1920–1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ӘДЕБИЕТ

Сан ғасырлық даму жолдарын өз басынан кешірген, халқымыздың көркем шежіресі болған әдебиетімізге, XX ғасырдағы әлеуметтік қозғалыстар, түрлі төңкерістер өзінің игі ықпалын тигізді. Әрқилы идеялық ағымдары бар, түрлі жанрлар өмірге келді. Жаңа өмірге, жарқын болашаққа енді ғана кіріп келе бастаған әдебиеттің өкілдері, кешегі отар, қаналған елдің әр жастағы, әр деңгейдегі, әр түрлі саяси бағдардағы перзенттері, мұндай өзгерістерді әр түрлі қабылдады.

Бұрынғы патшалық Ресейге қараған ұлан-ғайыр атырапқа, Қазан төңкерісінен кейін қоғамдық-әлеуметтік өмірге, көркем әдебиетке әртүрлі, шытырман оқиғалар, аласапыран жағдайлар, идеялық шайқастар – қоғамдық өмірге көптеген өзгерістер алып келді.

Рас, XX ғасырдың басында қазақ әдебиеті тәп-тәуір, аса жоғары деңгейге қол жеткізе бастады. Дейтұрғанмен де, XX ғасырдың бірінші ширегінде болған аса күрделі, тым өткір әлеуметтік күрес-тартыстар, кейбір ақын-жазушыларды абдыратып, қиялдарын қырыққа бөліп, тығырыққа тірей бастады.

Кеңес үкіметінің озбырлық саясаты, олардың кейбіреулерін қуғын-сүргінге сала түсті. Соның нәтижесінде олар, қалам ұстау былай тұрсын, тыныш өмір сүруге мүмкіндіктері де болмай қалды, тіптен кейбіреулері, өмірден озуға да мәжбүр болды. Ендібіреулері, ол қоғамдық өмірден, күрес-тартыстардан күрт суынып, жұмған ауыздарын ашпай, үн-түнсіз жатқандары да болды.

Әдебиет негізінен – халық өмірінің көркем бейнесі, бірден-бір шежіресі. Әрине мұны, қазақ әдебиетінің туу, даму, қалыптасу жолдарынан анық аңғаруға болады.

Бірақ, қазақ әдебиеті жаңа дәуірде, жаңа қоғамда нендей қиыншылықтар болса да, өркен жайып, ол барған сайын кең өріс ала бастады. Бұл ретте Сәкен Сейфуллин, Мағжан Жұмабаев, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Шолпан Иманбаева, Жұмат Шанин, Жиенғали Тілепбергенов, Елжас Бекенов, Мәжит Дәулетбаев, Смағұл Садуақасов, Ғаббас Тоғжанов сияқты т.б. көркем әдебиеттің әртүрлі жанларында өнімді қалам тебіреніп, ХХ ғасырдың 20 жылдарында-ақ, қазақ әдебиетінің өркендеуіне өз үлестерін қоса бастады.

Бұл кезеңде қазақ әдебиеті төңкерісшіл поэзияға ерекше бет бұрып, жаңа әдебиет дәстүрлерінен өнімді сабақ алумен бірге, бұрынғы классикалық дәстүр – фольклор тағылымы да тең қатар жүре түсті. Бұл ретте Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов сияқты т.б. ақындар өз өлеңдерінде, қазақ кедейлерін тікелей күреске шарлап, төңкерісті жырлауға айрықша мән берді.

Әсіресе, қазақ ұлттық мәдениеттің, өнердің, әдебиеттің кең өріс алып, өркендей түсуіне, 1920 жылы Қазақ Автономиялық Кеңес Одағы Республикасының құрылуы, аса көп жағдай туғызды. Осы кезде өмірге келе бастаған «Еңбекші қазақ», «Қызыл Қазақстан», «Жаңа әдебиет», «Тіршілік», «Қазақ мұны», «Ұшқын», «Кедей сөзі», «Мұғалім» секілді газеттердің өмірге келуі ерекше мәнге ие болды.

Оның үстіне, 20-жылдары Ташкентте шығып тұрған «Ақ жол», «Шолпан», «Еңбек», «Кедей айнасы», «Жас қайрат», «Сана» сияқты т. б. әр түрлі газеттер мен журналдар, халық жүрегінің нәрлі тынысына айланып, олардың сана-сезімдерін оята бастады. Олардың ойларына ой қосып, білімдерін жігілдіре түсті. Әлеуметтік мәселелерді түсіндіріп, сауатсыздықты жоя бастады. Әрі, әртүрлі әдеби кештер, үйірмелер өмірге келді.

Қазақ кітаптары, оқулықтары шыға бастап, мәдени өмірде елеулі оқиғалар қылаң бере түсті. Сөйтіп, жер-жерлерде мәдениет үйлері ашылып, ана тілінде оқытатын мектептер дүниеге келді. Баспасөздер де халықтың ой-арманын, алға



қойған мақсат-мұраттарын бейнелейтін көркем шығармалар жиі-жиі жариялана бастады.

Сондай-ақ, 1926 жылдың 13 қаңтарында, тұңғыш рет Қызылордада қазақ халқының ұлттық театры ашылуымен бірге, оның ең алғашқы сахнасы, Мұхтар Әуезовтің «Еңлік – Кебек» атты драмалық шығармасымен ашылды. Сондықтан да, кеңестік дәуірде өмірге келген қазақ театр сахнасы, әрі қазақ әдебиетінің даму тарихында, драматургия жанрының негізі де, Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің осы драмалық шығармасымен қаланды.

Алғаш рет, Қызылорда да өмірге келген қазақ ұлттық театрында – Жұмат Шанин, Қалибек Қуанышбаев, Серке Қожамқұлов, Елубай Өмірзақов, Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов сияқты т.б. қазақ халқының асыл перзенттері еселі еңбек етіп, тұңғыш рет ұлттық театрының іргетасын қалады.

Оның үстіне, Қазақстан пролетариат жазушыларының ассоциациясы (ҚазАПП) да құрылды. Бірақ, олардың жұмысында алғаш бір жөн олқылықтар да болды. Өйткені ол ұйымға, «тек шаруадан шыққан, қарапайым еңбек адамдары ғана авторлар бола алады» – деген сияқты солақай пікірлер, дөрекі әлеуметтік көзқарастар болды. Тіптен, соның нәтижесінде, 1923 жылдан бастап, Абайды «Бай ортадан шыққан. Оның әкесі аға сұлтан болған. Шонжарлар тұқымынан. Сондықтан ол, бізге керек емес» – деген пікірлер де белең алған болатын.

Сөйтіп, өнердің эстетикалық табиғатына, ішкі мәні мен мазмұнына айтарлықтай көңіл бөлінбей, жазушылар арасында жікшілдік аурулар пайда бола бастады. Соның салдарынан, кейбір аса талантты қаламгерлер жазықсыз жапа шекті, қудаланды, түрмелерге қамалды.

Бірақ, солай бола тұрса да, осы кезеңде көркем әдебиеттің әр түрлі жанрында Иса Байзақов, Жақан Сыздықов, Асқар Тоқмағамбетов, Фабит Мүсірепов, Фабиден Мұстафин, Тайыр Жароков, Әбділда Тәжібаев, Ғали Орманов сияқты т.б. аса талантты жастар әдебиет әлеміне кіріп келе бастады.

XX ғасырдың 20–30 жылдарында қазақ әдебиеті сан алуан тақырыптарды кеңірек қамтумен бірге, көркемдік-эстети-

калык, жанрлық-стильдік ізденістер де кең қанат жая түсті. Алғаш әңгіме, очерктермен бірге, келе-келе кең тынысты кемел повест, роман, драма, трагедиялармен бірге, сын кітаптар да жазылып, жылдар өткен сайын көркем әдебиетіміз байи бастады. Әсіресе, поэзияда жаңа-жаңа жанр, жаңа-жаңа формалар өмірге келді.

Міне осы тұста, қоғамдық өмірде әділет нормалары бұзыла бастау нәтижесінде, бір жөн қоғам қайраткерлері, аса талантты ақын-жазушылар, кейбір ғұлама ғалымдар азап шегіп, қудалана бастады.

Сөйтіп, 1929 жылдан басталған қуғын-сүргін: Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Қошқе Меменгерев, Халел Досмұхаммедов сынды ерен ой иелері болған, белгілі қаламгерлерді абақтыға жапты. Әрине бұл — әдеби, рухани дамуға аса ауыр соққы боп тиді.

Бірақ, осы тұстағы көркем әдебиетімізде: С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин сияқты т.б. қаламгерлер, өздерінің жаңа туындыларымен ерекше көзге түсе бастады.

Оның үстіне, сол кездегі әдебиеттің жас өкілдері болған: Жақан Сыздықов, Асқар Тоқмағамбетов, Өтебай Тұрманжанов, Тайыр Жароков, Мырзағали Дәулетбаев, Қалмақан Әбдіқадыров, Әбділда Тәжібаев, Ғали Орманов сияқты т.б. ақын-жазушылар да көркем әдебиетіміздің дамуына өздерінің сүбелі үлестерін қоса түсті.

Сондай-ақ, Дихан Әбілев, Әбжаппар Әбішев, Ғабдол Сланов, Саттар Ерубаев, Қасым Аманжолов, Жұмағали Саин, Әбу Сәрсенбаев, Қапан Сатыбалдин, Қалижан Бекхожин, Мариям Хакімжанова, Шолпан Иманбаева, Абдолла Жұмағалиев, Сейтжан Омаров сияқты т.б. жас қаламгерлермен толыға түсті.

1934 жылы Қазақстан ақын-жазушыларының алғашқы Құрылтайына дайындық жұмысы, Ілияс Жансүгіров басшылығында жүргізіле бастады. Сөйтіп, «Қазақ әдебиетінің бүгінгі күні мен келешектегі міндеттері» деген тақырыпта өтілетін Құрылтай, 1934 жылдың 12–18 маусымында болып өтті. Осы Құрылтай болып өту қарсаңында «Қазақ әдебиеті» газеті, әрі орыс тілінде «Литературный Казахстан» журна-

лының алғашқы сандарының жарық көруі, қазақ халқының мәдени және рухани өмірінде елеулі оқиға болды. Нәтижеде, 1934 жылдың тамыз айында, кеңес дәуіріндегі қазақ ақын-жазушыларының Бірінші құрылтайы болып өтті. Онда Сәкен Сейфуллин мен Ілияс Жансүгіров жарыс сөзге шығып, көркем әдебиет жайлы, ақын-жазушылардың шеберлігі жөнінде өз ойларын ортаға салды. Алда тұрған мақсат- мұраттар жайлы өзара пікірлер алысты.

Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетінің туу, даму тарихында, қалыптасу кезеңінде, алғаш поэзия жанры жетекшілік қызмет атқарды. Әсіресе онда, төңкерістің рухы кең өріс алумен бірге, теңдік, бостандық, әділет ұраны ерекше қарқынды үнмен дабыл қаға түсті. Бұл ретте, Сәкен Сейфуллиннің асқақ пафосты, барынша нысанасы айқын, көркемдігі кемел «Асығып тез аттандық», «Тергеген болсаң айтайын», «Кел, жігіттер» сияқты т.б. өлеңдері, қазақ ұлттық поэзиясында, бұрын болмаған аса үлкен жаңалық болды.

Міне дәл осы тұста, аса талантты ақын Мағжан Жұмабаевтың Қазан, Ташкент қаласында екі бірдей кітабы – өлеңдер жинағы жарық көрді. Тіптен оның «Қорқыт», «Батыр Баян», «Қойлыбайдың Қобызы» атты поэмаларымен бірге, әйгілі «Токсанның тобы» деген өлеңі де дүниеге келді.

Осы тұста қазақ поэзиясының дамуына өзінің бір жөн сүбелі үлесін қосқан Бейімбет Майлин кіріп келді. Ол өз өлеңдерінде бостандықты, жаңа өмірді, өзгерген салт-сананы емірене жырлаумен бірге, қазақ әйелдерінің теңдігін, кедейлер өмірін, еңбекші ауылдың тыныс-тіршілігін жыр жолдарына қосты. Бұл орайда «Кедей», «Оразада», «Ертеңгі ұран», «Көнірсіген қай ауыл?», «Керегесін қалады» сияқты шығармаларын тілге аламыз

Оның үстіне Сәбит Мұқанов, 1919 жылы өзінің ең алғашқы «Бостандық» атты өлеңін жазған болса, Сәбит Дөнентаев жиырмамыншы ғасырдың басындағы ағартушылық-демократтық бағыттың көрнекті өкілдерінің бірі бола алды.

Осы екі ақынның екеуі де, Қазан төңкерісі – қазақ халқына бақыт, бостандық әкелді деп оған аса үлкен үмітпен қарады. Сол үшін де Сәбит Дөнентаев, өзінің «Тарих таңы» деген өлеңінде, өзі қиялдаған арман-тілегінің жүзеге асқанын ерекше шабыттана жыр жолдарына қосты.

Сондай-ақ, Шолпан Иманбаева (1902–1926) 20 жылдардағы қазақ әдебиетіне, бір жөн бедерлі із қалдырған аса талантты ақын әйелдеріміздің бірі болды. Ол – тарихи мәні аса зор ұлы оқиғаларды, ыстық-ықылас терең сезіммен толғай білген ақын қыз.

Оның «Қоңыр қаз», «Қалима жолдасқа», «Арыз», «Жалшы әйелдер аузынан», «Қазақ әйеліне», «Жамал жолдасқа», «Жолаушы мен әйел», «Бүгінгі күн», «Естірту» деген сияқты т.б. өлеңдерінде, қазақ әйелдерінің ауыр тағдыры, зарлы мұңы өзінің шынайы шешімдерін таба түскен болатын.

Әсіресе, эпикалық жанр саласында өнімді қалам тебiренткен Сәкен Сейфуллин, өзінің «Көкшетау», «Аққудың айрылуы», «Лашын әңгімесі» секілді аса мәнді өлеңдерін жазса, аса сырбаз ақын Бейімбет Майлин де өзінің «Кемпірдің ертегісі», «Маржан», «Рәзия» өлеңдерін жазды. Ал Илияс Жансүгіров болса «Мақпал», «Кәмпеске», «Күй», Сәбит Мұқановтың «Сұлушаш», Иса Байзақовтың «Құралай сұлу» сияқты аса тамаша поэмалар жазу мүмкіндігіне ие болды.

Әрі бұл кезде, бұрыннан халқымыз арасында кең қанат жайған, халық поэзиясы да өз қанатын кең жая бастады. Әдебиет әлеміне, майталман ақындардан – Нүрпейіс Байғанин, Омар Шипин, Кенен Әзірбаев, Төлен Көбдіков сияқты т.б. халық ақындары да, жаңа өмірді, жарқын болашақты, әділет пен теңдікті, бостандық пен еркіндікті дәріптеп, оны өздерінің жыр жолдарына қоса бастады.

Осы кезеңде Шәкәрім Құдайбердіұлының «Ләйлі-Мәжнүн» атты поэмасымен бірге, оның «Дубровский» атты әйгілі аударма еңбегі де жарық көрді. Әрі Жамбыл Жабаев, Кенен Әзірбаев, Нартай Бегежанов сияқты т.б. халық ақындары, Қазақстан жазушыларының Бірінші Құрылтайында, Жазушылар одағына мүшелікке қабылданды.

XX ғасырдың 30 жылдарында С. Сейфуллиннің «Току фабригінде», «Қалаушылар жыры», І. Жансүгіровтің «Алтын қазан», С. Мұқановтың «Қарағанды», «Конвейер», А. Тоқмағамбетовтың «Түрксиб түйіскенде», Т. Жароковтың «Бесжылдықтың балғасы», Ғ. Ормановтың «Мыс қала» деген секілді өлеңдері, оқырман жұртшылықтың сезімдеріне

нұр сеуіп, жаңа өмір, жарқын болашаққа қанаттандыра түсті. Өйткені олар да еңбек ырғағы, балға дүрсілі, зауыт тынысы, өзінің шынайы шешімдерін тапты.

С. Сейфуллиннің «Тракторшы», «Даладағы жаңа күй», Б. Майлиннің «Гүлденсе ауыл гүлденеміз бәріміз», І. Жансүгіровтың «Қойшының ойы», «Егінші», С. Мұқановтың «Малшының мақтанышы» деген секілді әр түрлі тақырыптағы, науқанды шығармалар да өмірге келді.

Бұл көркем туындылар негізінен ауыл өміріне арналған. Олар да жаңарған жаңа өмірді, уақыт өзгерткен салт-сананы, мезгілге сай қалыптаса бастаған жаңа адамдар тұлғаларын бейнелеуде көрініс тапты. Әрі осы кезеңде С. Мұқановтың «Колхозды ауыл осындай», А. Токмағамбетовтың «Күзетте», Ф. Ормановтың «Шәуілдір» поэмалары дүниеге келді.

С. Мұқановтың «Ақ аю», А. Токмағамбетовтың «Кенестік маршрут», Т. Жароковтың «Күн тіл қатты», И. Байзақовтың «Он бір күн, он бір түн» атты поэмалары, қаһарман ұл-қыздарымыздың әсем тұлғасын сипаттаса, Т. Жароков өзінің «Тасқын» поэмасында Қайсар, Жамал бейнелері арқылы жастар өмірін жырлауға талпынды.

XX ғасырдың 30 жылдарында қазақ поэзиясында, халықтың өткен өмірін, күрес жолын, өнер тарихын, тарихи адам тұлғасын сомдауға арналған көптеген шығармалар да дүниеге келе бастады. Бұл орайда Ілияс Жансүгіров, алғаш рет тарихи тақырыпқа бет бұрып, өзінің «Құлагер» поэмасын жазу мүмкіндігіне ие болды.

Оның үстіне, Ілияс Жансүгіров ән мен әнші, күй мен күйші тақырыптарына да батыл барып, өзінің «Күй», «Күйші» поэмаларын жазды.

Сюжетті желілерін халық арасында сақталған аңыздардан алып, зарлы заманның шерлі оқиғаларына суреттеген Иса Байзақовтың «Ақбөпе», «Алтай аясында», «Құралай сұлу», Жұмағали Саинның «Күлөнда» сияқты поэмалары, өзінің көркемдік ерекшелігімен де, мазмұндылығымен де қазақ поэзиясын байыта түсті.

Сондай-ақ, XX ғасырдың 20-жылдырында енді ғана дүниеге келе бастаған қазақ прозасының, алғашқы жанрлық формалары да, өзіндік ерекшеліктерімен жедел дамып,

тез қарқынмен өсе бастады. Ол келе-келе қанатын кең жая түсіп, профессионалдык биік деңгейге көтерілді. Бұл орайда қазақ прозасын биікке көтере түскен — Міржақып Дулатов, Спандияр Көбеев, Сұлтанмахмұт Торайғыровтар, Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин сияқты т.б. қаламгерлер, қазақ прозасының алғашқы қалыптасуында ерен еңбек етті.

Соң, С. Сейфуллиннің «Айша», «Жер қазғандар» хикаяттары, «Тар жол, тайғақ кешу» романы, Б. Майлиннің «Раушан-коммунист» хикаяты, «Қадір түнгі керемет», «Талақ», «Шарифат бұйрығы», «Кедей теңдігі», «Айранбай», «Сексен сом», «Күлпәш», «Күлтай болыс», «Жол үстінде» секілді прозалық туындыларымен, Ж. Аймауытовтың «Қартқожа», «Ақбілек», «Күнікейдің жазығы» роман, хикаяттары, әңгімелері, М. Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» әңгімесі, М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Жетім», «Қаралы сұлу», «Барымта», «Ескілік көленкесінде», «Қыр суреттері» әңгімелері, «Көксерек», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қилы заман» хикаяттары, ХХ ғасырдың 20-жылдарындағы қазақ прозасының даму жолдарында елеулі орын иелейді.

Бұл орайда да, ерен ойдың жүйрігі Сәкен Сейфуллин, қоғамдық-әлеуметтік тенденцияларды тарихи тұрғыдан өте орынды, көркемдік тұрғыдан да дәл сипаттай отырып, ұлттық әдебиетіміздің барлық жанларында өнімді қалам тебірентті. Оның «Айша» хикаятында (1922), «Жер қазғандар» (1928) туындысында, қазақ әдебиетінде алғаш рет өндіріс тақырыбына барлаулар жасап, теміржолшылар өмірін арқау етеді. Әрі, «Тар жол, тайғақ кешу» атты ғұмырнама-лық романы — Қазақстандағы саяси партиялар арасындағы өзара күрес-тартыстар кеңінен көрініс тапқан, аса тартымды көркем дүние.

Осы кезеңде Жүсіпбек Аймауытов, Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезов сияқты т.б. сөз шеберлері де, өздерінің прозалық көркем туындыларымен жан-жақты таныла түсті.

Аса дарынды суреткер Мұхтар Әуезовтің алғашқы әңгімелерінің бірі, оның «Қорғансыздың күні» атты көркем туындысы. Онда кейіпкердің ішкі жан тебіренісіндегі драматизм жан-жақты көрсетіліп, табиғат құбылыстарын адам психологиясымен атастыра суреттеу әдісі аса тамаша қол-

данылды. Аса шыншылдық, дәлдікпен суреттелген адам мінездемелері, қорғансыз кейіпкердің іс-әрекеттері арқылы өте орынды, әрі дәлме-дәл көрсетіледі. Әсіресе, әділетсіз замандағы қорғансыз жандардың тағдыр-тауқыметі, жан күйзелістері – бәрі-бәрі жас қаламгердің характерлер жасаудағы алғашқы ізденістерінде-ақ, оқырмандарды еріксіз емірендірген болатын.

Міне осы жылдары Смағұл Садуақасов, Қошке Кемеңгеров, Жиенғали Тілепбергенов, Орынбек Бековтердің де, әр түрлі тақырыптарға арнап жазған шығармалары да бой көрсете түсті. Осы кезде Сәбит Мұқановтың «Адасқандар», Ғабит Мүсіреповтің «Қос шалқар», «Толқында туғандар», Ғабиден Мұстафиннің «Ер Шойын», «Қан» сияқты әңгіме, хикаят, романдары, қазақ әдебиетінде алғаш проза жанрының дамуындағы белгілі көркем дүниелері болады.

XX ғасырдағы мерзімді баспасөздерде, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов еңбектері жөнінде де, бір жөн мақалалар да жарияланып, әдеби сын да дүниеге келе бастады. Бұл ретте, сын жанрының тез өсуіне А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, С. Сейфуллин, М. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Кемеңгеров, С. Садуақасов сияқтылар, өздерінің орасан зор үлестерін қоса бастады. Нәтижеде, алғашқы оқулықтар, зерттеулер, сын кітаптары жазылып, жарық көре бастады. Нәтижеде, Халел Досмұхамедов, Ғаббас Тоғжанов, Елдес Бекенов, Бейсенбай Кенжебаев, Есмағамбет Исмайылов сияқты т.б. әдебиетші, сыншылар тобы өмірге келе бастады.

Сөйтіп, XX ғасырдың 20–30 жылдары прозаның барлық негізгі жанрлық формалары туып, қалыптасып, ол стильдік-көркемдік, идеялық-эстетикалық ізденістер негізінде, кең өріс ала бастады. Жанрдың – әңгіме, очерк, новелла, повест, роман үлгілері, профессионалдық дәрежеге көтеріліп, қоғамдық өмірдің сан алуан құбылыстарын бейнелеу талаптары орындалып, әлеуметтік сұраныстарын қанағаттандыра түсті.

Сондай-ақ, XX ғасырдың 30-жылдардағы қазақ әдебиетінде, проза жанры айрықша өркендеп, кең қанат жайды да, кең арнаға түсе бастады. Сан жағынан да, сапа жағынан да, бұған дейін болмаған дәрежеге жетіп, көркемдік

тұрғыдан дамыды. Тарихи тұлғаларды, төңкеріс дәуір бейнесін, бүгінгі заман шындығын көркем бейнелейтін повест, роман, хикаяттар дүниеге келді. Бұл орайда Сәкен Сейфуллиннің «Жемістер», Бейімбет Майлиннің «Он бес үй», Сабыр Шәріповтің «Бекболат», Жиенғали Тілепбергеновтың «Таңбалылар», Әбжаппар Әбішевтің «Зауал», Сәбит Мұқановтың «Балуан Шолақ» сияқты хикаяттары, жазушылардың уақыт тынысын танытуда, образ жасауда шеберлік қырларының молая түскенін байқатты. Әрі, Илияс Жансүгіровтің «Жолдастар», Сәбит Мұқановтың «Теміртас», Мырзағали Дәулетбаевтың «Қызылжар», Ғабиден Мұстафиннің «Өмір не өлім», Ғабдол Слановтың «Дөң асқан» сияқты романдары – жинақтала бастаған тәжірибе, нығая түскен шеберлік айғағы болды. Бұл тұстағы проза жанрының көркемдік-идеялық деңгейі Б. Майлиннің «Азамат Азаматыч», С. Мұқановтың «Жұмбақ жалау» («Ботагөз»), С. Ерубаевтің «Менің құрдастарым» романдарымен өлшенеді.

Оның үстіне, Орыс және Еуропа әдебиеттері үлгілерін еркін оқып, одан терең сусындай білген Саттар Ерубаев, қазақ прозасына жаңа дәстүрлер, стильдік-жанрлық жаңалықтар әкелді.

Өмір мектебінен өткен, қарапайым халықтың қайнаған ортасынан шыққан Сәбит Мұқанов, отызыншы жылдары алғаш рет – «Жұмбақ жалау» («Ботагөз») романын жазды.

Бұл роман 1939 жылы жарық көреді. Онда жазушы төңкеріс дәуірінің өзіне тән ерекшеліктерін жан-жақты ашып көрсетеді. Қазақ азаматтары мен Ботагөздің типтік образдарын жасайды.

Сондай-ақ, 30-жылдың соңы мен 40-жылдардың басына қарай, Мұхтар Омарханұлы Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясының бірінші кітабын жазумен бірге, оны одан әрі жалғастыра түсті.

Бұл дәуірде Ғабит Мүсірепов аса тәжірибелі драма шебері ретінде жан-жақты таныла бастады, 1939–1941 жылдар аралығында оның қаламынан «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу», «Ақын трагедиясы» («Ақан Сері-Ақтоқты») сияқты аса көркем драмалық туындылары өмірге келді.



XX ғасырдың 30-жылдарында, қазақ әдебиетінде әңгіме жанрының айрықша дамыған, кең құлаш жайған кезеңі болды. Бұл саланы дамытуда, жоғарыда тілге алғанымыздай, М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, Б. Майлиндер айрықша өнімді еңбек етті. Өз әңгімелерінде халық өмірінің әр саласын бейнелеуге, жаңа психологиялық қарым-қатынастарды көрсетуге айрықша мән бере түсті. Мәселен: Бейімбет Майлиннің «Қара шелек», «Ұлбосын», «Қызыл әскердің үйі», «Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры», «Арыстанбайдың Мұқышы», Ғабит Мүсіреповтің «Талпақ танау», «Күсен» атты әңгімелері, заманның тамаша шындығын асқан шеберлікпен бейнелеп берген.

Оның үстіне, XX ғасыр қазақ әдебиетінің даму тарихында, ұлттық драматургияның пайда болып, туу, қалыптасу тарихында Сәкен Сейфуллиннің «Бақыт жолында», «Қызыл сұңқарлар», Жүсіпбек Аймауытовтың «Қанапия – Шәрбану», «Мансапқорлар», «Ел қорғаны», «Шернияз», «Рабиға», Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек», «Бәйбіше-тоқал», «Қарагөз», Жұмат Шаниннің «Арқалық батыр», «Торсықбай», «Айдарбек», Бейімбет Майлиннің «Ауыл мектебі», «Шаншар молда», «Неке қияр», Қошқе Кемеңгеровтің «Алтын сақина» сияқты пьесалары ерекше мәнге ие болды.

Сондай-ақ, Атығай Шанин, Садық Абыланов, Сағыр Камалов, Ержан Ерданаев, Жиенғали Тілепбергенов, Қанабек Байсейітов сияқты т.б. өнер иелері де, аталмыш дәуірде әр түрлі тақырыптарда қалам тебіренгіп бір жөн пьесалар жазу мүмкіндігіне де ие болған.

Аса көрнекті драматург, қазақ халқының тұңғыш режиссёрі болған Жұмат Шанин, ұлттық театрға, драматургияға жаңа да жақын элементтерді жіті танып, оны айрықша бағалап, сұрыптап жаңалық енгізген ерен тилант иесі. Әрі ол, өзінің сын елегінен өткізіп, оларды әлемдік үздік үлгілермен ұштастыра білген өнерпаз бола алды.

Әсіресе, қазақ театрының туып, дамып, қалыптасуына ерен еңбек сіңірген Қалыбек Қуанышбаев, Әміре Қашаубаев, Серке Қожамқұлов, Елубай Өмірзақов сияқты т.б. театр өнерінің алғашқы тарландары да, аса қажырлы, әрі өнімді еңбек етіп, қазақ өнерінің дамуына аса мол үлестерін қоса алды.

Орайы келгенде ерекше ұқтыра кетерлік жәйт, қазақ драматургиясының өсіп өркендей түсуі – Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Жұмат Шанин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов есімдерімен тым тығыз байланысты.

Кемеңгер суреткер Мұхтар Әуезов, қазақ әдебиетінің даму тарихында, драмалық шығармалардың классикалық үлгілерін тудырумен бірге, трагедия жанрында кең өріс алдыруға өзінің сүбелі үлесін қосты. Оның 1917 жылы жазған «Еңлік-Кебегінің» сюжетіне, ел аузындағы «Еңлік-Кебек» деп аталатын халық дастанын арналы арқау, өрісті өзек еткен.

Содан соң, ұлы тұлға бұл қойылымға қайта оралып, 1943 жылы «Еңлік-Кебекке» бір соқса, ал 1956 жылы екінші рет тағы соғып, пьесаға бір жөн өзгерістер, жаналықтар енгізіп, қайтадан өндеп шыққан болатын.

Тағы бір айта кетерлік жәйт, алғаш 1918 жылы жазылып, 1923 жылы жарық көрген «Бәйбіше-тоқал» трагедиясы да, Мұхтар Әуезовтің төңкеріс алдындағы қазақ өмірін сипаттайтын драмалық туындысы. Ол алғаш прозалық шығармалары арасындағы мәні де, мазмұны да биік көркем туындысы болған.

Бұл трагедия тақырыптық жағынан Қошқе Кемеңгеровтің «Алтын сақина» пьесасымен сабақтас, үндес келеді. Негізінен бір отбасы үйіндегі рухани қақтығыстар, бара-бара әбден шиеленісіп, шиыршық атып кең өріс ала түседі.

Нәтижеде, ішкі-сыртқы соққылардың дүмпуінен жиылып келіп, ол ақыры кісі өлімімен аяқталады.

Ал, кең тынысты, кемеңгер суреткер Мұхтар Әуезов, өзінің «Бәйбіше-тоқал» деп аталатын шығармасында, бір отбасы ауқымындағы трагедияны, негізінен күні өтіп бара жатқан зар заман трагедиясы негізінде сипаттауға ерекше мән береді.

Содан соң Мұхтар Әуезов, өзінің 1926 жылы жазған «Қаракөз» атты шығармасын, драматургияның қатаң талаптарына жауап берерлік, сахналық шығарма етіп шығаруға аса көп күш жұмсайды. Ол 1928 жылы Ташкенттегі «Ода» театрында қойылады.

Алғашқы қазақ комедияларының арқауы — халық арасына кең тараған, әлденеше ұрпақтар өндеген аңыздар, күлкілі әңгімелер, болған оқиғалар. Шағын көлемді, қысқа қайырылған Жұмат Шаниннің «Торсықбай», «Айдарбек» секілді комедияларының сюжеті де, ел аузынан алынып, қалпынан аса көп өзгеріске түспеген туындылар.

Сондай-ақ, Жиенғали Тілепбергеновтің «Перизат-Рамазан» (1927) драмалық туындысы, саяси әлеуметтік талаптарға негіз боларлық, алғашқы шығармалардың бірі болып саналады. Бұл шығарма оқиғасы, негізінен нақты өмірден алынып, болған оқиға негізінде жазылғандығын қаламгердің өзі де ашық тілге алады. («Бостандық туы» газеті, 1927, 10 ақпан).

Қазақ драматургтерінің арасында бірінші болып өндіріс тақырыбында жазылған шығарма, Жұмат Шаниннің «Шахта» (алғашқы аты «Өлімнен үмітке») атты драмалық туындысы.

Бұл көркем дарама әлдеқандай сырт әсерден, тапсырма талаптан емес, қаламгердің ыстық ынта-ықыласынан өмірге келген аса тартымды шығармасы.

Ерекше тілге ала кетерлік жәйт, ХХ ғасырдың 20-жылдарының соңына таяу, елде әділетсіздіктің белең алуы, белгілі заңдылықтардың бұзылуы, Сталиннің жеке басқа табынушылық салдарынан, репрессия мәселесі айрықша күшейе бастайды. Соның салдарынан, Қазақстанға басшы боп келген Ф. Голощекин, күллі жұртшылыққа қырғидай тиіп, ұжымдандыру кезінде, орасан зор қателіктерге жол қояды.

Соның нәтижеде, 1931–1932 жылдары қолдан ашаршылық жасап, миллиондаған жазықсыз жандар аштықтан қырылды. Көптеген акын-жазушылар, ғұлама-ғалымдар, ел қаймақтары, бір жөн интеллигенция өкілдері айыпталып, түрмеге қамалды.

Сөйтіп, бұл зобалаң барған сайын дендеп, зорлық-зомбылықтың күшеюі, қоғамға, жалпы халықтың рухани өміріне, оның ішінде әдебиетке өзінің зор зиянын тигізді. Соған орай: Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Сәкен Сейфуллин, Мағжан Жұмабаев, Илияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхаматжан Тынышбаев,

Халел Досмұхаммедов, Елжас Бекенов, Ғаббас Тоқжанов, Қошеке Кемеңгеров, Мұхтар Әуезов секілді т.б. жазушылармен бірге, Нәзір Төреқұлов, Тұрар Рысқұлов, Темірбек Жүргенов, Ораз Исаев, Санжар Аспандияров, Құдайберген Жұбанов сияқты т.б. қоғам және мемлекет қайраткерлері, белгілі ғалымдар «халық жауы» ретінде тілге алынып, абақтаға қамалады. Барса-келмеске жер аударып, Сібірге сүргін жасады. Тек, Мұхтар Әуезовтан басқаларының барлығы дерлік – түгелдей, ең соңында атылады,

XX ғасыр қазақ әдебиетіндегі ерен бір жаналық, 30- жылдардағы драматургияның жанрлық, стильдік дамуында Мұхтар Әуезов, Іяс Жансүгіров, Жұмат Шанин, Бейімбет Майлин, Ғабит Мүсірепов сияқты т.б. қаламгерлер ерекше еңбек етті.

Бұл ретте М. Әуезовтің «Түнгі сарын», «Тас түлек», «Абай», «Айман-Шолпан», «Шекарада», Б. Майлиннің «Майдан», «Жалбыр», «Шұға», «Неке қияр», «Көзілдірік», І. Жансүгіровтің «Кек», «Түрксиб», «Исатай-Махамбет», Ж. Шаниннің «Үш бажа», Ғ. Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқты», «Амангелді» сияқты т.б. шығармалары ерекше орын иеледі. Міне бұлар, қазақ драматургиясының туып, дамып, қалыптасуында, өзіндік орны бар көркем туындылар.

Мұхтар Әуезов «Түнгі сарын» драмасының сахнаға қойылған нұсқасын, алғаш кітап етіп шығаруда оны қайта көріп, түзетіп, бірталай өңдеулер енгізген болатын. Соның нәтижесінде, Жантас образы шындала түсіп, шығарманың оптимистік рухы арта бастайды. Барған сайын қаһармандар сөзі ширатыла түседі.

Әуезовтің жоғарыдағы драмасы қазақ театр сахнасында, аса зор табысқа жеткен драмалық шығармасы болды. Оның «Түнгі сарын» драмасы жазушының өзі басы-қасында болып, басшылық етуінің арқасында орыс тіліне аударылды. Сөйтіп, алғаш рет 1937 жылы орыс драма театрында қойылады.

Қазақ әдебиетінің дамуында «Абай» деп аталатын трагедия, Мұхтар Әуезовтің драмалық шығармалары ішіндегі, ең шоқтығы биік көркем туындысы. Абай – шын мәніндегі, қараңғылықтың қапас түнінде, лаулап жанған шамшырақ болды. Ұлы ақын бойына қазақ халқының небір асыл

қасиеттері, арман-асқарлары, идеалдары ғажап келісіммен ұялағандай сезім оятады.

Әрине Абай туралы жазу — қазақ халқының ар-ұжданы туралы жазу деген сөз. Абай сынды дала данышпанының көркем бейнесін сомдау, бейнелеу үшін, ең алдымен қаламгер аса талантты болуымен бірге, оның дүниеге терең қалыптасқан көзқарасқа ие болуы да аса қажет.

Әрі ол, аса зор биік мәдениетке ие болумен бірге, ғылымның әр саласынан хабардар болуы керек-ақ. Бір сөзбен айтқанда, төрт құбыласы тең, ерен ойлы болуы шарт еді. Міне бұл — Мұхтар Әуезовтің өн бойында терең тамыр тартқан соны сипаттары болды.

Оның үстіне, дүниежүзілік драматургияның ең озық үлгілерінен сабақ алған Мұхтар Омарханұлы Әуезов, биік қаламгерлік мәдениетіне жеткен ерен ойлы суреткер бола алды.

Өйткені ол, «Оттелло», «Асауға тұсау», «Ревизор» сынды әлемдік деңгейдегі жауһарларды, алғаш рет қазақ тіліне аударып, оларды өз халқының рухани игілігі, мәдени байлығына айналдырды. Нәтижеде, өзі де шеберліктің шыңына шыққан қаламгер ретінде таныла түсті.

Әсіресе, оның қаламынан өмірге келген драмалық шығармалары, драматургияның Еуропалық әдебиеттерде қалыптасқан жанрлық талаптарына түгел жауап берумен бірге, қазақтың ұлттық әдебиетінің, оның ішінде қазақ фольклорының бірталай үлгілерін бойына жинағандығын да жанжақты байқаймыз. Оны біз, ұлы суреткердің «Тас түлек», «Тартыс», «Шекарада» секілді драмаларынан, отызыншы жылдар сахнасында қойылған туындыларынан анық аңғару мүмкіндігіне ие боламыз.

Сондай-ақ, Бейімбет Майлиннің комедия, драма, либретто және сценарий жазған қаламгер ретінде, қазақ драматургиясының даму тарихында аса үлкен орын иелейді. Бірақ, оның драмалық шығармалары арасында айрықша көзге түсетін, ең үздік сахналық туындысы «Майдан» пьесасы десек, ол артық айтқандық бола қоймас. Онда, әлеуметтік ортаны түбегейлі бейнелеуі, адам психологиясының тұңғық шындығына баруы, жазылу мәдениеті, бәрі-бәрі бірден көрермен жұртшылықты елең еткізеді.

Сондықтан да Мұхтар Әуезов, 1934 жылы Қазақстан жазушыларының тұңғыш Құрылтайында жасаған баяндамасында, бұл шығарманы арнайы талдаулар жасай келіп: «Драмалық ірі серпіннің басы — «Майлин» — деп, аса жоғары баға берген болатын.

Ұлы қаламгердің суреткерлік қуаты да, сол дәуірдегі қатқабат қайшылықтарды негізге ала отырып, оның бояуын титтей де солғындатпай, аса тамаша етіп бере білуінде. Безбеннің бір басында, тарихтың жаңа көшін жетектейтін топ өкілдері — Досан мен Орынбай, Зәуре мен Дәуіт болса, екінші басында күні өткен дәуірдің қара күш иелері болған — Бекболат, Көдебай, Мамық сияқты кейіпкерлер, өз ерекшеліктерімен өте дұрыс шешімін табады.

Оның үстіне, екі ортада дал болып адасқандар — Пүліш, Әліш, Қалампыр сияқтылар барлық мәселені терең түсінбей, үнемі аң-таң, алғау-далғау болып жүреді. Нәтижеде, бірінші топтың әрбір басқан қадамына қуансақ, екінші топ өкілдерінің озбырлығына, зұлымдығына ызаланасың, ал үшінші топтың адасуына жаның ашиды.

Бейімбет Майлиннің тағы бір көркем туындысы «Шаншар молда» деп аталатын бір перделі пьесасы. Онда қаламгер өзінің сахна талаптарын, театр шарттылықтарын өте жақсы білетін, жанр заңдылықтарын терең ескеретін суреткер екендігін жан-жақты аңғарта алған.

Бұл шығармадағы кейіпкерлер жайғасып отырып алып, мінез ашуға мұрындық болатын қасиеттері аса мол адам ретінде жан-жақты көрініс таба түскен. Сондай-ақ, сауатсыздықты жою жайын көрсететін «Ауыл мектебі» пьесасының кейбір жағдайлары, оның «Шаншар молда» деп аталатын шығармасымен іштей үзенгілес сарында үндесе түседі.

Бейімбет Майлин қаламынан «Ауыл мектебі», «Неке қияр», «Жасырын жиналыс», «Протокол», «Көзілдірік» сияқты т.б. комедиялық шығармалары өмірге келген.

Бейімбет Майлин «Көзілдірік» комедиясын жазуда, кейбір сарындарды пайдаланған. Мәселен: алпыстағы шал мен қаршадай қызды атастырып, пайда түсірмек боп жүрген кейбір пысықтарды, олардың есімін атамай-ақ, эпизодта ғана көрсетіп, орта жастағы кісінің келенсіз қылығы мен іс-әрекеттерін паш етеді.

Бұл орайда ол, «Неке қиярдағы» Ылаңбай әрекеттерімен сарындасып, үндесе түседі.

Жұмат Шанин негізінен қазақ театрының басы-қасында бір өмір болып, оның ыстығы мен суығын бірдей тата білген абзал жанның бірі болған. Әсіресе оның өнерпаздық ізденістері, ұйымдастырушылық қабілеті, өзара бір-бірімен тығыз ұштасып жатады. Ол өзінің суреткерлік қағылездігімен де, ұшқыр қиялмен де, қазақ драматургиясында ерен орын иелейтін, нағыз өнер адамы. Ол, қазақ әдебиетінің даму тарихында, алғаш рет жұмысшылар өмірін бірінші болып бейнелейді.

Аса талантты драматург ретінде ол, өзінің көзі тірісінде жарияланған ең соңғы шығармасы 1932 жылы жазған «Үш бажа» атты сатиралық драмасы.

«Үш бажа» атты сатиралық драмасында, негізінен қаладағы қазақтар өмірі көрініс табады. Қаламгер оны атап айтпаса да, оқиғаның қай жылдары өткенін қалалықтардың тірлік-тыныстарын анық аңғару мүмкіндігіне ие боламыз.

Әрі шығармада әр түрлі әлеуметтік топтардың тіріліп шыға бастаған, НЭП (жаңа экономикалық саясаттың) заманын сипаттаған.

Драматург негізінен, осы кезеңдегі күрделі тартыстың бір-ақ қырын алуға айрықша көңіл бөлген. Драма арқауы — негізгі идеясы, қаладағы кейбір адамдардың моральдық азғындау жайы жан-жақты сөз болады.

Қорыта айтқанда, ХХ ғасырдың 20–30 жылдары, қазақ әдебиетінің даму тарихында, жаңа-жаңа жанрлар өмірге келіп, ол жылдар өткен сайын кең өріс ала түсті. Әсіресе, көркем әдебиетіміздің басты-басты жанры болған — поэзия, проза және драматургия барған сайын қанатын кең жайып, олар биіктей түсті.





## СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН (1894–1938)



XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің дамуына аса мол үлес қосқан Сәкен Сейфуллин, поэзия, проза және драматургия жанрларында өнімді қалам тебірентумен бірге, оның бөрінде де өшпес із қалдырған шынайы талант иесі.

Ол 1894 жылдың 23 мамырында бұрынғы Ақмола облысы, Ақмола уезіне қарасты Нілді болысының Бірінші ауылында, яғни қазіргі Қарағанды облысының Жана Арқа ауданында, Саятшы Сейфуллиннің жанұясында дүниеге келеді. Оның балалық-жастық шақтары Сарыарқаның сағымды даласы мен мөп-мөлдір Есіл, Нұра өзендерінің жағалауында, алыстан көз тартатын, көңілді тояттандыра түсетін Аба, Ор тауларының баурайында өтеді.

Өмірге жастайынан-ақ аса зейінді де, зерделі боп келген Сәкенді, әкесі Сейфолла, әрі анасы Жамал апай, оның есімін «Садуақас» деп қойса да, келе-келе оны еркелетіп «Сәкен» деп атап кеткен екен.

Сөзге дес бермейтін шешен, әрі аса тамаша домбырашы, саятшы – Сейфулланың қимыл-әрекеттері, Сәкеннің аса қайсар, әділ болып өсуіне, ерекше әсер еткен көрінеді. Әрі, жастайынан-ақ тыңжанды шешесі Жамалдан аңыз-әңгімелер, ертегілерін тыңдап, ауыз әдебиетіне деген құштарлығы ерте ояна бастайды.

Алғаш ауыл молдасынан арабша хат танығанан соң, хиса-дастандарды өзі оқи алатын болған соң, оны орысша үйренсін деген ниетпен, әкесі Нілді (Успенский) зауытына



1905 жылы жібереді. Сөйтіп, 9 жасында ауылдан кенішке келген Сәкен, бір орыстың үйінде тұрып, оның сиырын бағады. Пешіне тас көмір жағып, отын-суын тасып, әр түрлі жұмыстарын істейді. Сөйтіп, сол үйде бір жылдай жүрген шағында, тәп-тәуір орыс тілін үйреніп, екі жыл сондағы кеніш мектебінде орысша оқиды.

Сәкен 1908–1913 жылдары Ақмола қаласындағы приходская мектебінде, қалалық училищеде оқыса, 1913–1916 жылдары Омбыдағы мұғалімдер дайындайтын семинариясында оқып, білімін одан әрі жетілдіре түседі.

Ол өзінің шығармашылық жолын Нілді кенішінде жүрген кезінде, бір жөн қалжың өлең жазудан бастайды. Әрі, халық ауыз әдебиеті үлгілерін, Абай шығармаларын, орыс және Еуропа әдебиеттері классиктерінің шығармаларын оқып, көркем әдебиетке деген ықыласы ерте ояна бастайды. Сол кездерде «Айкап» журналында өзінің хабар, сын мақалаларымен бірге, бірнеше өлеңдерін бастырады.

Сондай-ақ, 1914 жылы не бәрі 20 жастағы Сәкен, алғаш рет өзінің тырнақ алды туындысы болған «Өткен күндер» атты өлеңдер жинағын Қазан қаласында бастырып шығару мүмкіндігіне ие болады. Оның үстіне ол, өзінің еңбек жолын Сілеті-Бұғылы деген жерде ауыл мұғалімі болудан бастайды. Өсіресе, қазақ даласындағы ауыл адамдарын ерекше дүрліктірген, 1916 жылғы оқиға мен әлемді дүр сілкіндірген 1917 жылдың алапат толқындары Сәкенге де айрықша әсер етеді.

Алғаш әр түрлі өлеңдер жазып жүрген Сәкен, орыс патшасы тақтан құлағаннан кейін, Ақмолаға барады. Төңкеріс күрестері аз уақыт болса да Сәкенді тез ширатып, ерте оятады. Тіптен оның шығарма жазуға да қолын тигізбей, әлеуметтік қайраткер, саяси күрескер етіп шығарды. Содан Сәкен, әр түрлі қызметтер атқара жүріп, қазақ әйелдеріне теңдік беру, дүмше молдаларды ауыздықтау, бұрынғы болыс-билердің, әкімшілік-билік иелерін тізгіндеу істеріне де құлшына кірісіп кетеді. Кедей-кепшік, жұмысшы-жалшы, жақыбайларға күш-қуат беру, оларды әлеуметтік істерге тарту сияқты т.б. сан алуан саяси шаруаларға ат салысады.

Әрі шығармашылық жұмыспен де шұғылдана түседі. Нәтижеде ол, 1917 жылы «Бақыт жолында» атты драмалық

шығармасын жазса, оны 1918 жылы жастар күшімен Ақмоланың театр сахнасында қойдыру мүмкіндігіне ие болады.

Міне осындай жас Кеңес үкіметіне барынша адал қызмет етіп жүрген күрескер Сәкенді, бір топ кісілермен бірге, Колчак түрмесіне отырғызады. Онда, аяқ-колы кісендеулі, аш-жалаңаш, қорлық-зорлық көріп, атаман Анненковтың азапты вагонында көп қиындықтар көреді. Онда 9 ай бойы әбден азап-тақсіретін татқан ер жүрек Сәкен, 1919 жылдың наурыз айында ғана, сондағы достарының көмегімен «Дүйсенбі Әси ұлы» деген жалған атпен, бір түнде Омбы түрмесінен қашып шығады. Сөйтіп ол, жаяу 444 шақырым жол жүріп, арып-ашып, көп қиындықтармен Түркістанға ат басын тірейді. Онан соң, сол кездегі Әулиеатаға, қазіргі таңдағы Тараз қаласына келеді. Сөйтіп, сол өңірде Кеңес үкіметін орнату жұмыстарына белсене араласа бастайды.

1920 жылы Қазақ Автономиялық Республикасы құрылғанда, Сәкен Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің президиум мүшесі, Жер-су комиссиясының төрағасы болып қызмет атқарады. 1922 жылдың қазан айында болып өткен III Кеңестер съезінде, Қазақстан Комиссарлар Кеңесінің төрағасы болып сайланады.

Әрі, Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің (ВЦИК) мүшесі ретінде, КСРО көлемінде шешілетін күрделі саяси, әлеуметтік, шаруашылық мәселелерді талқылауға, 1922–1925 жылдар аралығында жиі-жиі қатысып тұрады. Тіптен Сәкен Сейфуллин «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан»), «Әдебиет майданы» (қазіргі «Жұлдыз») журналының редакторы болып та қызмет атқарады.

Ал, 1925–1937 жылдары Жазушылар одағында, тағы басқа да орындарда басшылық қызметтерде бола жүріп, жоғарғы оқу орындарда дәріс береді.

Сөйтіп, кезінде кең құлашты қоғам қайраткері болған, барынша Кеңес үкіметіне адал берілген, шыншыл ақын, кемел ойдың иесі Сәкен Сейфуллин, Сталиннің жеке басына табынудың құрбанына айналады. Соның нәтижесінде, ешқандай жазығы болмаса да, оны абақтыға жауып, 1938 жылдың 26 ақпанында «халық жауы» ретінде атады. Бірақ оның поэзия, проза, драматургия, сын жанрларында еткен

еңбегі мен өз халқы күшін күрескен, қоғамдық қайраткерлігі ешқашан ұмытылмақ емес.

## АҚЫН ЛИРИКАЛАРЫ

Сәкен Сейфуллиннің ең алғашқы өлеңдер жинағы, 1914 жылы «Өткен күндер» деген атпен, Қазан қаласында жарық көреді. Сәкен бұл кезде, енді ғана 20 жасқа аяқ басқан, балаң жігіт кезі болады.

Сәкен өзінің алғашқы өлеңдер жинағынан-ақ, ақындық арыны мен ерен дарынын, әлеуметтік-қоғамдық көзқарастарын, көркемдік-эстетикалық ерекшеліктерін, қаламгерлік қуатын, табиғи талантын жан-жақты аңғарта бастайды.

Сәкеннің бұл жинақтағы өлеңдері идеялық тұрғыдан алғанда ағартушылық, демократтық бағытта, сыншыл реализм әдісінің арнасында жазылғандығын анық аңғаруға болады. Өрімдей жап-жас болса да, оның қазақ өмірінде болып жатқан өзгерістерді, халық тұрмысындағы маңызды әлеуметтік оқиғаларды дер кезінде көтеріп, оған көркемдік, эстетикалық талдаулар жасайды.

Онда патша отаршылдығы, қазақ елінің қараңғылығы, өзара күрес-тартыстары, кедейлік, жоқшылық зардаптары терең сыр шертумен бірге, жастарды оқу-білімге үндеу, оларға халықтық тұрғыдан жауап іздеу мәселелері, өзінің шыннайы шешімін таба түскен болатын. Оны біз ақынның «Мұра», «Түс», «Кім басшы аға халыққа», «Қазақ сабағы», «Надан бай», «Жетімге», «Інішегіме» деген сияқты т.б. өлеңдерінен аңғарамыз.

Оның үстіне, оқу-білім қуып, жастай қалаға келген жас Сәкеннің, өзінің ел-жұртына деген сағынышы, туған жерге деген махаббаты, ауыл көріністері, ел тұрмысы, табиғат сипаттары терең көрініс тапқандығы сонша, олар жайлы жазған өлеңдері өз жетегіне үйіре түседі. Оны біз ақынның «Жайлауға көшу», «Жайлауда қымыз ішу», «Айт күні» сияқты т.б. өлеңдерінен байқай аламыз.

Ақын өз өлеңдерінде енді ғана ұшқын ата бастаған, алғашқы махаббат сырларын жан-жақты аңғартумен бірге, онда Абай өлеңдерінің ықпалы аса басым болғандығы да анық аңғарылады.

Сондай-ақ, оның 1922 жылы Орынбор қаласында басылып шыққан «Асау тұлпар» атты өлеңдер жинағы да, қазақ поэзиясында жаңа көркемдік бағыт пен оның нағыз талантты ақындығын да анық аңғарта түседі.

Мәселен оның «Далада» деп аталатын өлеңмен жазған арнауында:

*Сендерге, қарындастар,  
Сендерге, інілер,  
Сендерге арналды бұл әндер!  
Дүниенің құлдық шынжырын қиратып,  
Әділдік, теңдік іздеген,  
Тұрмыстың таршылық зынданын бұзып,  
Еркіндік, кеңдік іздеген,  
Көкірегі жанып бақыт іздеген, жастар.  
Сендерге арналды бұл әндер!, –*

деп ақын, өз өлеңдер жинағының негізгі идеясын, эстетикалық мұратын, ұранды сөздермен астастыра, өте орынды ашып береді. Негізінен ақынның «Асау тұлпар» атты өлеңдер жинағын, үш жүйеге бөліп назар аударуға болады. Біріншісі – төңкеріске дейінгі кезде жазылған махаббат, ғашықтық жырлары болса, екіншісі – табиғат лирикалары, ал үшіншісі – түрлі аудармалары, әдеби пародиялары.

Оның үстіне ақын, өз өлеңдерінің қашан, қай жерде жазғандықтарын да дәл көрсетіп отырған. Ақын өлеңдерінде еркіндікті жырлау, бостандықты аңсау, табиғат құбылыстарынан пәлсапалық мағынасын іздеу, таза сүйіспеншілік сезімді мадақтау идеялары анық көрініс тапқан. Ол ақынның «Жазғы түнде», «Көңіл», «Сәулем», «Өткен күн», «Далада» секілді т.б. өлеңдерінде әдемі шешімін таба түскен. Мәселен: 1917 жылдың 9 наурызында жазған «Асығып тез аттандық» атты өлеңі, ақын шығармашылығындағы жаңа бет бұрыстың басы десек, ол артық айтқандық бола қоймайды.

Өйткені ақын әлеуметтік мәселелерді қара түн, зеңгір тау, тұлпар, қызыл шок, қызыл шашақ, оқа секілді символды образдар арқылы, романтикалық әуенде, аса көтеріңкі пафоспен өте әдемі жырлай келіп:

*Күнге жайып құшақты,  
Шақырып бері шаттандық.  
Қуантуға ел-жұртты,  
Асығып тез аттандық —*

деп, терең тұжырым жасайды.

Оның үстіне ол, өзінің 1917 жылы жазған «Кел, жігіттер» атты өлеңінде, ол енді символды суреттеу, романтикалық толғау түрінде емес, қазақ жастарын тікелей ашықтан-ашық күреске шақыру идеясы басым. Мәселен акын:

*Залымдық пен  
Әділдіктің  
Алысқанын айтайық.  
Жер жүзінде  
Бай мен кедей  
Шабысқанын айтайық, —*

деп, шындық бетін шынайы аша түседі.

Міне бұл — қазақ поэзиясындағы ең алғашқы төңкеріс рухында, аса батыл жазылған көркем өлең. Оның «Тұлпарым», «Сағындым», «Қамаудан», «Адасқандарға», «Шаһит болған достарыма», «Түрмеден қашып шыққанда» деген сияқты т.б. өлеңдерінде де, қаһарлы күндердің сұсты келбетін, ауыр күрестерде шынығып шыққан күрескер образын жырлауға айрықша мән береді. Бұл шығармалардан Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» атты мемуарлық романында айтылатын оқиғалармен сарындастық, үндестік сипаттар байқалады.

Акын өз басынан өткерген жәйттерді, жалпы халықтық тарихи маңызы бар шындық дәрежесіне көтеріп, оны бір-бірімен өзара сабақтаса түсетін жырлар циклін тудырған. Осылар арасында кезінде дабылы күллі қазақ даласын жаңғыртқан «Жас қазақ марсельезасы» (1919) атты өлеңі, қазақ әдебиеті даму тарихында ерекше орын иелейді.

Атаман Анненковтың азап вагонынан өлдім-талдым дегенде әрең қашып құтылып, сөйтіп, «Дүйсенбі Әсиұлы» деген жасырын есіммен аталып жүрген шағында, Сәкен қаламынан 1919 жылы «Біздің жақта», «Бабаларыма», «Тау ішін-

де», «Шөлде», «Қашқынның ауылы» деген сияқты өлеңдерін жау мүмкіндігіне ие болады.

Оның үстіне, ақынның 1921 жылы жазған «Біз», «Қызыл ерлер», 1922 жылы жазған «Жолдастар», «Кімде-кімнің тасқын судай қайраты» деген өлеңдерінде, Қазан төңкерісінің жеңісін, оның дүниежүзілік маңызын ашып, жыр жолдарына қосады. Одан әрі ақын тақырыбын кеңейтіп, идеялық сарынын, бояу-кестесін дамыта түскен «Қара айғыр», «Аспанда», «Аэропланда», «Маржан», «Жұмыскерлерге» сияқты т.б. өлеңдерімен бірге, 1922 жылы өмірге келген «Біздің тұрмыс – экспресс» өлеңінде, жаңа заманның тынысын кенінен дәріптей түседі.

Сәкен Сейфуллин өзінің 1924 жылы бастырып шығарған «Домбыра» атты өлеңдер жинағында, өзінің ақындық талантын бұрынғыдан да тереңірек ашып, сан алуан тақырыптарды жан-жақты меңгере түскендігін анық аңғартады.

Ол табиғат құбылыстарын көркем бейнелей отырып, туған ел көрінісін, символдық образдар жасау арқылы, өзінің тамаша ойларын алға тартады. Бұл ретте ақынның 1923 жылы жазған «Жазғы дала», «Лезде артта қалды», 1925 жылғы «Алтай» атты өлеңдерін атауға болады.

Ақын өзінің 1922 жылы жазған «Біздің Сәуле», 1923 жылы жариялаған «Жас қазақ», «Сәрсен», «Біздің ұлан», «Жеткіншегім, тартымба» секілді т.б. өлеңдерінде, жаңа заманның саналы азаматтардың сұлу мүсінін, қайратты қасиеттерін, жаны таза, биік мұраттарын, күрескерлік болмыс-бітімін жан-жақты ашуға ұмтылады.

Әсіресе ол өзінің «Бұлшық ет» атты өлеңінде, барлық әрекет, қозғалыстың, даму атаулының тұтқасы – тас қопарып, жер үңгіп, шыңырау қазып, байлық шығарған, темір жол салып, жер картасын сыздырған – адам қолын ардақтайды. Ақын бұлшық етті айғырдың тоқпақ жалына, бөкеннің серке санына, қайыңның қырған безіне, шортанның жұмыр беліне теңейді.

Мәселен ақын:

*Ширатылып түйілген,  
Болаттай күшпен иілген,*

*Бұлшық етті білекпен  
Балтырдан күшті дене жоқ, —*

деп аяқтайды ақын өз өлеңін.

Ақын өзінің 1923 жылы жазған «Аспанға ұш», «Самұрық», «Автомобиль», 1924 жылы жазған «Жел қайықта», «Қызыл жұлдыз» сияқты т.б. өлеңдерінде, төңкеріс дәуірінің өсіп өркендеудің, дамудың бейнесін көрсетуді басты ниет етеді.

Сәкен Сейфуллин поэзиясында жаңа өмір, жарқын болашақ, төңкеріс рухы ерекше серпінді әуенмен жырланып, ол сол кездегі қазақ поэзиясында аса үлкен бір жаңалық болумен бірге, биік деңгейге көтерілген өлеңдер ретінде тілге алынатын.

Кемеңгер ақынның ерен талантын, 1926 жылы Қызылорда қаласында басылып шыққан «Экспресс» жинағынан да анық аңғарамыз. Онда ақын өзінің «Қара жер», «Күзді күнгі дала» өлеңдерінде туған жерін, мидай даланы жыр жолдарына қосса, «Міне, көл» өлеңінде айдын шалқар көлін, «Орман» өлеңінде шалқыған ну орманын жырлайды. Әсіресе оның хат үлгісінде жазған «Анаға хат», «Анаға жауап» өлеңдерінде, аналық-балалық махаббаттың саф тазалығын, сағыныш-мұңның, өкпе-наздың, жүрек қылын шертер, көзге жас үйірілтіп, ет-бауырынды елжіретер нәзік сырлы сезімдер өте әдемі өрнектеле түскен.

Оның үстіне ақынның, «Сыр сандық» атты өлеңі де досқа жазылған сыр сандық үлгісінде жазылған бұл өлеңде де, шынайы сезім мен терең сыр, ой мен образ өзара жымдасып, астасып кеткен. Оның ішкі ырғағы, әуезі есіле төгіліп, оқырмандарды өз жетегіне үйіре түседі. Онда адалдық пен арамдық, талант пен күншілдік, мансап пен ождан, достық пен қастандық сырлары өз шешімін жан-жақты таба түскен. Ақын мұзбалақ, зеңгір тау, сыр сандық, сым перне, алтын сарай бейнелері арқылы, көркемдіктің терең мұратын, әсемдіктің шынайы сезімді оятудағы мәнін, оқырмандарға айқара ашып сипаттайды.

Өзі «әңгіме-жыр» деп атап, 1926 жылы жеке кітап етіп бастырған «Ұйым мен еңбек шарт — жалшылар қорғаны» деп аталатын шығармасында, Бүйенбай байдың әділетсіз-

діктерін, жалшы Сәрсеннің көрген қорлықтарын, ауыз әдебиетіндегі терме әуенін пайдалана отырып, еркін формада әңгімелей баяндайды. Жалпы қауымның адасып қателесіп жүргенін, қайткенде еңбегі жанатынын үгіт-насихат ынғайында түсіндіріп береді.

Сәкеннің 1926 жылы жазған «Ауыл байғұс мінекей», «Қарлы аязда», «Ызғырық аязда кедей ауылы», «Ызғырық аязда Жұмат үйінде», «Келіншек ойы» деген сияқты т.б. өлеңдері, 1928 жылы «Тұрмыс толқынында» деген атпен жеке жинақ болып басылып шығады. Онда кедей Жұматтың өмірі, тағдыры – қарлы боранды, сұсты табиғат құбылыстарымен астастырыла суреттеледі.

Тендікке қолы жеткен, сол кездегі шаруаның әрекет қимылы, 1931 жылы жазған «Жазғы егіске», «Егіс жайда» деген өлеңдерінде жаңа ырғақпен, толғау арқылы аса тартымды ситатталған.

Ақын кейбір өлеңдерінде өлім мен өмір, бұл пәни жалғандағы тіршілік пен мәңгілік өмір пәлсапасына бағышталған сырларды шертуден де қашқақтамайды. Оны біз ақынның 1927 жылы жазған «Отарба терезесінен», «Тұрмыс толқынында» атты өлеңдерінен анық аңғарамыз.

Оның үстіне ақын, аса толымды образ жасау үшін, өндіріс ырғағын, кәсіп ерекшеліктерін де естен шығармайды. Тіптен, көзге елестетер суреттер тудыру мақсатында қимыл-әрекетті, машиналар қозғалысын беретін, 1927 жылы жазған «Баспахана», «Тізушілер», 1929 жылы жазған «Тоқу фабригінде», «Сырлаушылар жыры», 1930 жылы өмірге келген «Қалаушылар жыры» деген сияқты өлеңдерінде, өзінің мазмұны мен де өмірлік мәселелерді дер кезінде көтере білген кемелділігімен де көз тартып көңіл қуантады.

## АҚЫН ПОЭМАЛАРЫ

Сәкен Сейфуллин Көкшетаудың табиғат сұлулықтарын сырттай көріп, оған тамсана қараушы, құр тамашалаушы ғана емес, ол елді-мекеннің атыраптарын, ой-қырын, өзен-көлін, тоғай-орманын, тау-тасын түгел аралаған ақын. Әрі, жер жаннаты аталған Көкшетау жайлы, ескі көз, кәрі құлақтардан тындап, бұрынғы хикая, ежелгі шежірелерден толық



мағлұматқа ие болған. Өлкенің тарихына байланысты жазылған шығармаларды, тарихи еңбектерді, аңыздарды әбден зерттеген. Атақты әншілердің, белгілі ақындардың, шебер күйшілердің күй өнерін тамашалаған. Елдің өмірімен жете таныс болған.

Сондықтан да ол өзінің «Көкшетау» поэмасын жазу мүмкіндігіне ие болады. Бұл поэма негізінен – бір ырғақпен, ұзын-сонар баяндауға құрылған шығарма емес, ол әр түрлі көлемдегі, әр қайсысына жеке-жеке ат берілген, 4 бөлімнен тұратын, 47 тараудан құралған аса тамаша көркем шығарма.

Әрі поэма тоғыз шумақтан тұратын, он бір буынды қара өлең ұйқасымен жазылған көркем туынды. Ақын поэманың «Кіріспесінде» эстетикалық тұрғыдан аса көркем болумен бірге, идеялық, мағыналық жағынан тым бай, әрі сыршыл да шыншыл туынды.

Мәселен ақын:

*Арқаның кербез сұлу Көкшетауы,  
Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.  
Жан-жақтан ертелі-кеш бұлттар келіп,  
Жүреді біліп кетіп есен-сауын, –*

деп басталатын алғашқы төрт тармақты өлеңнің өзінде-ақ поэтикалық бейне, аса тамаша ой бар. Жансыз нәрсеге жан бітіре сөйлеу, қас сұлудың шомылғанын, үлкен кісіге сәлем бере келуін, ишаратпен білдіру, астарлай сөйлеу, қозғалыс арқылы жанды бейне жасау, асқан тапқырлық пен тамаша шеберліктің үлкен үлгісі дей аламыз.

Ақын Көкшетаудың көкке бой созған қарағайын, көк желекті аппақ ақ қайыңын, басынан мұнар кетпес шыңына қонған көк қаршығаны, аса тамаша – сексен көлін, дертке дауа, жұпар иісті ауасын, нақышына келтіре жырлай отырып, еріксіз емірендіре түседі.

*Талай сыр ертегіні ел айтады,  
Ызыңдап таудан соққан жел айтады.  
Сырласып сыбырласқан жапырақтар,  
Күндіз-түні күңіренген көл айтады.*

*Толғанып төмен қарап шал айтады,  
Тамсанып, таңырқанып бала айтады.  
Тау-тасты тұнжыраған куә қылып,  
От басы, қатын-қалаш — бәрі айтады.*

Бұл шумақтардың әуезділігіне «айтады-айтады» деп қайталанатын өрнекті сөздеріне, үйлесе түскен ұйқастарына, «то-та» деп, еселене түсетін ішкі ұйқас — аллитерациясына дейін өте орынды өрнектеле түскен.

Ақын поэманың «Бой жазу» атты бөлімінде, ақындық өнердің тамаша психологиясынан сыр шертуге айрықша мән береді.

Тағыда ерекше ескерте кетерлік жәйт, ақын «Көкшетау» поэмасын 1925 жылы жаза бастайды да, алғашқы төрт тарауы біткен соң, 3 жылдай қолға алмай қояды. Соң, «Замана ағымы» атты тарауында дүниенің өткінші екендігін, оны кейінгі буындар жалғастыратындығын аңғарта түседі.

Сөйтіп ақын, болашақтың келбеті туралы пәлсапалық-лирикалық ойларын оқырмандарға орынды жеткізеді. Нәтижеде өмірді көш керуеніне, сағымға, ағынға, экспреске теңеу арқылы Сәкен, өз поэмасының негізгі поэтикасына аса үлкен жаңалық енгізеді.

Тіптен ақын, «Жеке батыр» — атанған тау аңызын үш шумақ өлең жолдарында өте қысқа қайырып, оның негізгі мәнін де терең аша түскен. Аты аңызға айналған «Жеке батыр» ақ қағазға қара қарындашпен сызылғандай сурет, биік жотаның нақ төбесінде, таудай басына дулыға киген бойда, сақалы төсін жапқан, қыр мұрынды, жасы қырыққа таяп қалған батыр шалқасынан жатыр.

Сәкен Сейфуллин поэмалары ішінде айрықша көз тартып, көңілге ұялай түсетін поэмаларының бірі — «Альбатрос» поэмасы. Оны ақын 1932 жылы жазып, 1933 жылы бастырып шығарады.

Поэма негізінен әр түрлі көлемдегі 21 тараудан тұрады. Әрбір тарауға ат қойылған. Ең қысқа тарауы 2 шумақтан құралған болса, ең ұзақ тарауы 14 шумақтан құралған. Сәкен Сейфуллин бұл поэмасында ауыз әдебиеті үлгілеріне бой ұрмай, аңыз- әңгімелерден бойын аулақ ұстап, мүлдем жаңа көркем ой, жаңа әдеби әдіс-талаптарына негіздеп жазады.

Жаңа дүние, жаңа кезеңге жауап беретін, соны формадағы жаңа мазмұнды, төңкерістік рухтағы көркем шығарма жазу мүмкіндігіне ие болады.

Ақын поэманың алғашқы «Сәйгүлігім» деп аталатын бөлімінде-ақ, көркем туындының өзіне тән негізгі ерекшеліктері анық көріне бастайды. Онда көрініс тапқан лирикалық бейне, салған жерден оқырманға ағынан жарылып, бірден тіл қата бастайды. Тіптен, 11 және 15-бөлімдердегі лирикалық бейнелер атынан айтылатын ой түйіндері де, күрескер ақын Сәкен Сейфуллиннің өзі басынан өткізген оқиғалары.

Поэмада Асылбеков, Әйтиев, Жангелдин, Тәтімов, Ярмұхамедов сияқты т.б. азаматтардың жаңа өмір, жарқын болашақ үшін күресе білген күрескерлік сырларын жан-жақты аша түседі. Әсіресе олардың тарихи ерліктерін ерекше сезім, асқан пафоспен жырласа, Антанта сойылын соғушы Юденич, Колчак секілділердің сорақы іс-әрекеттерін, кимылдарын мазақ етіп, сын астына алады.

Сөйтіп ақын, жаңа өмір – жарқын болашақ, мақсат-мұраттары үшін сан алуан майдандарда күресе білген нағыз азаматтарды – Альбатросқа балайды. Туған елінің аса қайсар құсы – Альбатрос іспетті, найзағайдай жарқылдап, өз дұшпандарына жай түсіре алатын, қайратты да аса қайсар болуы керек деген тамаша ой негізінде, ақынның «Альбатрос» поэмасы өмірге келген.

## ҚАЛАМҒЕР ПРОЗАСЫ

XX ғасыр қазақ әдебиетінің даму тарихында Сәкен Сейфуллин, проза жанрының өркендей түсуіне де, өзінің бір жөн үлесін қосқан ерен талант иелерінің бірі. Оның «Жұбату» атты қысқа лирикалық әңгімесінен бастап, «Бандыны қуған Хамит» сияқты, оқиғалы новеллаларымен бірге, аса көлемді, кең тынысты прозалық туындылары да баршылық.

Оның прозалық шығармаларының ішінде, ең алғашқы аса тартымды әңгімесінің бірі – «Жер қазғандар» (1928) хикаяты. Ол негізінен жұмысшылар өмірін сипаттайтын көркем шығарма.

Кемеңгер қаламгердің бұл туындысы көркемдік-эстетикалық сапасының аса құндылығымен де даралана көзге түсетін өте тартымды әңгіме. Шығармаға арналы арқау, өрісті өзек болған, Көкшетау қаласының дәл түбінде темір жол салуда ерен еңбек ете түскен жұмысшылардың өмірі. Оның ішінде, бір қостағы бір жанұядағы ерлі-зайыптылармен бірге, төрт бірдей бойдақ жігіттің тірлік-тыныстары сыр шерткен.

Жазушы бір қостың ішінде ас ішіп, бірігіп жұмыс істеп, бірге ұйықтап жүрген алты бірдей адамның жан сырын, қарабайыр еңбектері арқылы, олардың мінезін, бет бейнесіне ашуға айрықша мән берген. Әсіресе, тіршіліктің көп ауыртпалығын бастан кешірген бес жұмысшының тағдыртауқыметі де, түр-түсі де, мінез-қылығы, іс-әрекеттері де бес түрлі.

Бірінші жігіт – Хасенді: «Хасен – ұзынша бойлы, шүңірек үлкен сұр көзді, қыр мұрынды, ат жақты, қапшағай, ашаң сіңір денелі, көселеу сұр жігіт. Жолдастарына қадірлі, өйткені жолдасына қой етін ойып бергендей, өтірікке жоқ, бір сөзді жігіт, сөйлегенде даусы дөнен қошқардың манырағанына ұқсайды. Күшті, сіңірлі денесі сойған қасқыр тәрізді. Қол-аяқтарының, барлық денесінің көк еттері шор болып байлағандай, безбеннің темір кеңірдегіндей» – деп, жан-жақты сипаттайды.

Ал, кіші жігіт – Халкенді: «Бұл да ұзынша бойлы, көсе, сида арық, ат жақты, жасықтау кара көзді, қыр мұрынды, тарамыс кара жігіт. Жасы 35–36 шамасында. Аяқ-қолы сойдиган.

Көп ештеңені онша парық қылмайтын жуас жігіт. Бірақ азырақ мысқылшыл, көсе болса да, өңі ескі. Жұмсақ мінезді. Ашудың не екенін білмейді. Ашаң, сида денесі май жаққандай, жып-жылтыр кара. Арықтаған дөненше кара нар тәрізді» – деп көрсетеді.

Оның үстіне үшінші жігіт – Сатай: «Аласа бойлы, дембелше, мықырлау, аяқ-қолдары, саусақтары да қысқа, тырбиған, дөнгелек бет, бір жақ көзінің ағы бар, кара сұр жігіт. Жауырыны бүкірлеу, төңкерілген астау тәрізді. Қимылдары шапшаң. Жұмыссыз бір күн де қарап жүре алмайды. Жұмысқа өте мықты.

Сөйлегенде жылдам даңғырлап сөйлейді. Бір сөзді қайта-қайта айтады. Ақ көңіл. Бірақ күйгелек. Қулыққа, арамдыққа олақ» — дейді.

Сондай-ақ, төртінші жігіт — Әзімхан: «Жасы 35–36 шамасында, бойдақ. Орта бойлы, жауырынды, кеуделі, төсті жігіт. Беті сопақтау, жуан шоң мойын, дөңгелек кара көз, қырша мұрынды, кара торы жігіт. Дене бітімі нып-нығыз, түп-тұтас, шойындай. Қалың кара сақалын күзеп, иегіне шоқша ғана сақалшық қойған. Қою кара мұрт. Қалжың әзілдің гүлі. Ашуланғанда бет-аузының түктері ежірейіп, қау тәрізденіп кетеді.

Әзімханның қимылдары салмақты, жүріс-тұрысы марғау, сылбыр, түйенің жамбозы, шудалы жайбасар кара атан тәрізді. Көбінесе бет-аузы аңқау кісінің бет-аузындай. Бірақ еш нәрсені аңдаусыз жібермейді. Жұрттың көбі елемейді, бұл жіпке тізіп отырады» — деп, түйіндеу жасайды.

Ал бесінші жігіт — Бұзаубақты: «Бұзаубақтың жасы 40-тан асқан, кара торы, орталау бойлы адам. Арық, қалақша жауырынды, шоқша сақалды, тырбиған кара мұртты кісі, ұрты суалғандай, бетін әжім басқан. Жасынан көрген ауыр бейнеттің барлық денесіне, бетіне, маңдайына, мойнына салған қатпар-қатпар, айғыз-айғыз таңбалары шимай-шапақ әжім. Айқыш-ұйқыш арықпен суарып салған егіннің ескі аңыздары тәрізді. Денесі жапырайған, жүк басты болған жапыра көркеш, аққаптал, өмірінде шыр бітпеген окпақкөңір түйе тәрізді» — деп, әрбір жігіттің өздеріне тән ерекшеліктерін ашып көрсетеді.

Әрине бұл, аса талантты суреткердің асқан тапқырлығы дей аламыз. Әрі мұны — қазақ прозасындағы өте дәл, реалистік, шебер үлгілердің қатарына жатқызуға болады. Жазушының шеберлігі сонша, бір-біріне ұқсамайтын бес жұмысшының психологиялық, динамикалық сырын, мінез құлқын айқын ашып бере алған.

Әсіресе, Әзімхан аузымен айтылатын әңгімелерде, қазақ кедейлерінің қияметтің қыл көпірінен өткендей азапта болған тіршілігі өзіндік ерекшелігімен, өмірлік суреттер арқылы жан-жақты көрсетіле түскен. Оның үстіне, көп еркектің ортасындағы жалғыз, аса сұлу әйел — Гүләйім. Оның тамаша бейнесі де, психологиялық сенімділікпен өте тартымды

ашылған. Әзімхан-Гүләйім арасындағы шынайы сүйіспеншілік те, ішкі сезім арқылы көрініс табумен бірге, романтикалық пафос, әрі аса жеңіл мұң да бар. Жүрегі жылы Әзімхан да оспандар қимылға, іс-әрекеттерге бармайды, Гүләйімді қанша сүйгенмен, Бұзаубақтың көзіне шөп сала алмайды.

Сөйтіп Сәкен Сейфуллин, бұл көркем туындысында — қазақ прозасын да, психологиялық, реалистік пейзаждың тамаша үлгілерін де, асқан шеберлікпен көрсете алған.

Алғаш, 1922 жылы жазылып, онан соң — 1935 жылы, қайта екінші рет өңделген шығармасының бірі — «Айша» хикаяты. Бұл да Сәкен прозасындағы кемел шығармаларының бірегейі деуге тұрарлық көркем туындысы. Жазушы 1917 жылы жазылған «Жұбату» деген қысқа әңгімесінде, әйел азаттығы тақырыбын көтерумен бірге, мұнда да ол өзінің авторлық ойын, азаматтық позициясын толық аңғарта алған. Мұнда да лирикалық сезім шалқып төгіле жөнелген.

Онда көтерілген негізгі оқиға, 1916 жылы Ақмола қаласынан 300—400, Нілді зауытынан 60—70 шақырымдай жердегі ауылда өткендігін қаламгер дәлме-дәл көрсетеді. Мәселен: «Кәдір деген адамның әйелі өлген соң, қара шұбар қисық қара сақалды бір жігітке, Айша есімді кіші қызын бермек» болады. Одан қызы үшін отыз қаралы қалың мал алмақ. Күшіген сияқты көзі үңірейген, сақалы күректей, өзі қап-қара, ерен сұлу, өрімдей жап жас Айша: «Мен оған әйел бола алмаймын.

Егерде мұндай адамға мені малға сататын болса, мен тәнір алдында көз жасымды кешпеймін! Және өле-өлгенше менің әке-шешем, туған-туысқаным жоқ деп білем!» — дейді жылап-еңірейді.

Дейтұрғанмен де, әке-шешесі, ағайын-туысқандары, бәрі-бәрі де ата салтын бұза алмай, қыз қаншалық жылап-сықтаса да, Айшаны ақыры зорлап, соған ұзатады.

Міне сөйтіп, еріксіз ұзатылып бара жатқан, соры қайнап, сорпасы төгілген Айшаны құтқару үшін, туған ағасы Әбіл мен оның досы Әлке жолға аттанады. Екеуі де жылқышы. Бұлар түн жамылып жүріп, тығылып барып, бір қалт еткенде, белгі береді де, Айшаны құлдық тырнағынан алып

шығады. Содан соң, олардың соңынан қуғыншылар түседі. Әбіл мен Әлкей жол нұсқап, қашырып жіберген соң, жеке дара шауып жөнелген Айшаның басындағы тебіреністер, әсіресе, оны көп қасқыр қамаған кездегі сезім күйлері, ой толғаулары, шығармада аса сенімді бейнеленеді. Ақыры аса көп қиындықты басынан кешірген Айша, «қуғыншылар ұстап алса, еркісіз торға түсем-ау» деген қорқынышты басынан кешіреді. Сөйтіп, әбден шаршап-шалдыққан Айша, Нілді зауытына барып, сондағы ағасы Сапарғалиды тауып алып, өзінің мақсат-мұратына жетеді.

Сондай-ақ қаламгердің, 1935 жылы жазған «Жемістер» хикаясының негізгі оқиғасы, он бес жыл мерзімді қамтиды. Ақмоланың оңтүстік жағындағы, Нұра өзенінің бойындағы Аққулы көлін мекендеген, Танабай бай аулындағы, 1919 жылғы күрес-тартыстар, іс-әрекеттер суреттелген.

Әсіресе Ақтардың, бейбіт жатқан елді, етек-жеңін жинай алмай, өзін-өзі қорғауға шамасы келмей отырған панасыз кедейлерге, кемпір-шалдарға, қыз-келіншектерге көрсеткен зорлықтары көрініс тапқан. Шығармада, Жабысқак, Мияш, салпыауыз Әбділдә секілді, кімнің тарысы піссе, соның тауығы болған жағымпаздарды, қаламгер жеріне жеткізе әжуа қылады.

Шығармада, өзінің ар-намысын бай балаларына, ақтарға таптатпау үшін, ерекше күресе білген Ғайни сынды, аса қайратты да намысты қызды көреміз. Оның сүйген жары, құралайды көзінен атқан аңшы болады. Сондай-ақ, қаптанған қалың жаудан титтей де сескенбейтін ер жігіт Ноян бейнелері анық сипатталған. Әрі, Нияз бен Боранбек сияқты қыр жігіттерінің түнгі жортуылдары да аса қызықты, тым тартымды суреттелген.

Қорыта айтқанда Сәкен Сейфуллин, ХХ ғасырдың 20-жылдарындағы қазақ әңгімелерінің дамуына да, өзінің бір жөн үлесін қосқан қаламгерлердің бірі бола алды.

## РОМАН ЖАНРЫНЫҢ ШЫН ШЕБЕРІ

Сәкен Сейфуллиннің ХХ ғасыр қазақ әдебиетінің даму жолында, елеулі орын иелейтін көркем шығармаларының бірі — «Тар жол, тайғақ кешу» атты романы. Оның алғаш-

қы тарауларын 1922 жылдан жаза бастайды да, алғаш оны «Қызыл Қазақстан» журналында жариялау мүмкіндігіне ие болады. Соң қаламгер бұл кітабын бірінші рет 1927 жылы жеке кітап етіп бастырып шығарады.

Оның үстіне, 1936 жылды романды екінші рет баспаға әзірлегенде, оған бір жөн елеулі өзгерістер енгізеді. Осы нұсқа бірнеше рет қайта басылды. Әрі бұл көркем шығарма, орыс тіліне аударылып, орыс оқырмандарына да ұсынылады.

Жазушы өз шығармасына алғы сөз ретінде жазған «Беташар» сөзінде: «Мақсұт 1916–1919 жылдардағы болған тарихи қозғалыстың, ұлы өзгерістің, Қазақстандағы өзім көрген, өзім білген оқиғаларынан баспа жүзінде әйтеуір із қалдыру болды», — дейді.

Қаламгердің «Тар жол, тайғақ кешу» атты романы негізінен, ғұмырнамалық көркем туынды. Өйткені онда, күні кешегі, 73 жыл жасап, келмеске кеткен Кеңес үкіметінің, 20-жылдарда болған негізгі оқиғалардан ала отырып, өзінің көрген-білгендерін, көкейге түйгендерін арналы арқау, өрісті өзек ете білген.

Шығармада, Сәкен Сейфуллиннің енді ғана Омбы семинариясын бітіріп, 1916 жылы Ақмола уезіне келіп, ондағы Бұғылы елді мекенінде, ауылда мұғалім болып қызмет атқаруы, әрі Ресейде өткен санақ жұмысына қалай араласқандығынан бастау алады.

Көркем туынды да көрініс тапқан негізгі сюжет — ақынның өзі. Оның басынан кешкен оқиғалары. Өз көзімен көрген, не өзі естіген оқиғалар жүйесін құрайтындықтан, бұл шығарманы автобиографиялық немесе мемуарлық туынды деуге тұрарлық көркем дүние.

Оның үстіне, шығармада сыр шерткен негізгі оқиғалар, Қазақстан өміріндегі аса маңызды әлеуметтік-қоғамдық істер, күрделі күрес-тартыстар, анығырақ айтар болсақ, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы мен төңкеріс жылдарының негізгі көріністері. Оның бәрі нақты дерекпен, шынайы сипатталғандықтан, бұл туынды да саяси романның қасиеттері де аса мол десек, ол артық айтқандық бола қоймас.

Әрі, әр түрлі партиялар да өз бағдарламаларын, түрлі қоғам қайраткерлерінің дүниетанымын, мақсат-міндеттерін



көрсетуді де негізге алған. Нәтижеде, замана шындығын дәл беру үшін қаламгер, тарихи деректермен, газет-журнал материалдарын өзгеріссіз, сол қалпында, цитата ретінде алып отырады.

Міне мұндай көркемдік тәсілдер, көркем шығармаға көсемсөз, журналистика элементтерін ендірген. Сондықтан да, қаламгердің «Тар жол, тайғақ кешу» атты шығарманы, тарихи-мемуарлық роман деуден де гөрі, оны деректі-саяси роман қатарына қосуға көбірек негіз береді.

## СӘКЕН ДРАМАЛАРЫ

Сәкен Сейфуллин ХХ ғасырдың 20-жылдардағы қазақ драматургиясының дамуына да өз үлесін қосқан, аса талантты драматургтің бірі. Оның қаламынан 1917 жылы дүниеге келген «Бақыт жолында» атты драмасы, Мұхтар Әуезовтің «Еңлік – Кебек» трагедиясымен дүниеге қатар келген көркем туынды. Бұлар қазақ драматургиясының алғашқы табыстары.

Үш бөлімнен тұратын «Бақыт жолында» атты драмаға қатысатын кейіпкерлер саны оншалық көп емес. Шығарма аса шағын, бір жанұядағы адамдар арасындағы өзара күрестартыстардан тұрады. Үйдің отағасы Терлікбай, оның әйелі Жәмила, қызы Мүслима, ұлы Ермек орталарында болатын кейбір түсінбеушіліктер және олардан басқа да бейнелер, тек персонаж қалпында алынған десе де болады.

Бір айта кетерлік жәйт, драма салған жерден-ақ қаламгердің сахналық талаптарды, ерекше ескергендігі анық аңғарылады.

Мәселен: шығармада қаһармандардың жасы, кейбіреулерінің мінез-құлқы, өздеріне тән ерекшеліктері, өзара туыстық қарым-қатынастары, білімі, қызметі бәрі-бәрі анық көрсетілген.

Оның үстіне, декорациялық сипаттағы ремаркаларда — үй ішіндегі заттар, әр түрлі жиһаздар да тілге алынған. Біркыдыру ремаркалар да жүріс-тұрыс, кимыл, іс- әрекет, қозғалыстарға дейін, өзінің шынайы шешімін тапқан. Тіптен, өң-түс өзгерістерді, дауыс құбылыстарына дейін анық көрсете білген.

Адамдар арасындағы түрлі қайшылықтардан туатын конфликт-драманың өзегі екендігін автордың терең ұғынып, шығармада оны жақсы ескерткендігі байқалады. Әрі, перденің алғашқы көріністерінен-ақ оны анық аңғару мүмкіндігіне ие боламыз.

Мәселен, оң жақта отырған Мүслима, басына қара бұлт үйіріле бастаған – Жәмила, Терлікбай арасындағы өзара қақтығыс, алғашқы диалогтерден-ақ байқала бастайды.

Тіптен, ерлі-зайыптылардың мінез айырмашылықтары да ашыла түседі. Олардың әр бірі, доғал, ноқай сөздерімен іштей-сырттай сырын жая бастайды Терлікбайдың сенімі, ойы, әйелі жөніндегі көзқарасы, сол замандағы типтік ортаға сай, типтік жағдайдан туғандығы да рас.

Аса дарынды драматург, Қазақстанның Ресейге отар болуынан, жаңа әлеуметтік-қоғамдық жағдайлардың әсерінен, ең бастысы, жаңа төңкеріс алдындағы ситуация ықпалынан, қазақ қауымында белең алған маңызды мәселелерді анық көре біліп, оны көркем бейнелер арқылы шынайы сипаттап бере алған.

Сәкен Сейфуллин өзінің қаламгерлік мұратын, бостандық жөніндегі негізгі өз ойларын, Ермек бейнесі арқылы өте орынды бере білген. Оның сөздері аса қысқа реплика, жауап, шынайы лебіз, қостау ғана емес, кейде қарсылық лебі, ұлғайған, кеңейген, толғау үлгісімен берілгендігі анық байқалады.

Шығармада, дамыған драмалық монологтерге айналған тұстары аса мол. Жазушының қол жеткізе алған тағы бір табысы, «Бақыт жолында» атты драмасы. Онда көрініс тапқан кейіпкерлер тілі, халықтың ауызекі тіліне тым жақын. Әрине бұл ізденіс, шығарманың реалистік қуатын ерекше күшейте түскен.

Сондықтан да Мұхтар Әуезов: – «Төңкерісшіл драманың басы, Сәкеннің «Қызыл сұңқарлар» мен «Бақыт жолында» пьесасы» – деген болатын.

Қаламгердің екінші драмалық шығармасы, 1920 жылы жазылған «Қызыл сұңқарлар» пьесасы. Оның жанрлық жаңалығы өз алдына бір төбе. Ең қызығы, шығарманың тосын, соны идеялық-эстетикалық сипаттары, салған жерден-ақ өз жетегіне үйіре түседі. Қазақ арасында ғасырлар бойы

тұрақты мағынада қолданылып келген сөздерге жазушы, жаңа әлеуметтік мән беріп, оларды метафоралық, тіпті символдық ұғымда қолдана біледі.

Бұл әрине жазушы бұл драмасында жүйрік ат, самғайтын құс туралы айтып тұрған жоқ. Кесепат атаулыны, зорлықшыл, қара жүрек атаулыны мінеп-шенеумен бірге, әлеуметтік, рухани, жаңа дүниені жаңғырта алатын нағыз ер, асыл азаматтарды көрсетуді басты ниет етеді.

Оның үстіне, драма жанрының табиғатын терең түсінген Сәкен Сейфуллин, өмірде өзі, достары басынан кешірген ауыр да аянышты оқиғаларды, өзінің драмалық шығармасына арналы арқау, өрісті өзек еткен. Бір камерада отырған қазағы бар, орысы бар, бәрі-бәрі де сол кездегі Совдептің мүшелері. Олар шығармада әр түрлі характерлерімен жанжақты көрініс табады. Іштей олардың тәні де, жаны да әбден шаршап-шалдыққан. Сондықтан да, ол адамдардың аузынан шығатын сөздерді астарлап, түпкі мәнін өте әдемі аша білген.

Қорыта айтқанда, Сәкен Сейфуллиннің «Бақыт жолында», «Қызыл сұңқарлар» атты драмалық шығармалары, XX ғасырдың 20-жылдардағы қазақ әдебиетінде, жаңа жанрдың туып, қалыптаса түсуінде өзінің тәп-тәуір ықпалы бар, аса тардымды көркем туындылары дей аламыз.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Ақынның тұңғыш өлеңдер жинағы қашан басылды?
2. Сәкен Сейфуллиннің поэмаларын айтып беріңдер!
3. Төңкерісшіл күрес шындығы ақын поэзиясында қалай сыр шерткен?
4. Сәкен лирикаларының негізгі арналарына мән беріңдер.
5. Ақын «Альбатрос» поэмасында қандай көркемдік тәсілдер қолданған?
6. «Көкшетау» поэмасында халық аңыздарын қалай пайдалана білген?
7. Сәкеннің драмалық шығармаларында қандай оқиғалар сипатталған?
8. «Тар жол, тайғақ кешу» романы қандай шығармаға жатады?





## МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ (1893–1938)



Күні кешеге дейін, яғни қайта құру мен жариялылыққа орай, тіптен, 1988 жылдың 28 желтоқсанына дейін, 60 жылға жуық «халық жауы» деп ат қойылып, айдар тағылып келген жыр дүлдүлдерінің бірі – Мағжан Жұмабаев.

Кезінде ол еліміздің тәуелсіздігін, егемендігін аңсап – халқымыздың бас бостандығын армандап, «елім, халқым, қазағым» деп, жалпы түркі тектес халықтардың болашағына, аса үлкен үміт, айрықша арманмен қараған болатын. Сондықтан да ол:

*Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?  
Жолбарысын, маған қарсы кім тұрар?  
Көкте – бұлт, жерде – желмін гулеген,  
Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар?*

деген, ерекше серпінді үнмен жырлаған.

Мағжан Бекенұлы Жұмабаев, қазақ әдебиетінің даму тарихында Байрон, Пушкин дәстүріндегі, романтикалық сарындағы поэзияның, оның ішінде жаңа сипаттағы қазақ поэзиясының негізін қалап, оны кең өріс алдыруға айтарлықтай үлес қосқан, аса дарынды, кемел ақындардың бірі.

Әдебиет майданына небәрі 20 жасқа жетер-жетпесте кіріп келген Мағжан, бүкіл саналы өмірін, болмыс-білімін поэзия нәрімен суарып, әдебиетіміз тарихында өшпес із қалдырды. Өйткені, оның «Қойлыбайдың қобызы», «Қорқыт»

атты дастандары, романтикалық сарындағы поэмалардың ең үздігі, ең биік шыңы.

Әсіресе ақынның «Батыр Баян» дастанында, XVII ғасырдағы Жоңғар шапқыншылығы тұсындағы қазақ халқы басына түскен ауыртпалықты, ауыр да аянышты халін барынша анық, әрі нанымды етіп шебер суреттейді.

Мағжан Жұмабаев 1893 жылдың 25 маусымында, Солтүстік Қазақстан облысының Булаев (қазіргі Жұмабаев) ауданына қарасты, бүгінгі «Мағжан» атындағы елді мекенде, дәулетті, беделді жанұяда дүниеге келеді.

Болашақ ақын 1897 жылы ауыл балаларына арнап әкесі Бекен ашқан мектептен төрт жасында сауат ашып, хат таниды. Содан соң 1905 жылы Қызылжардағы медресеге оқуға түседі де одан әрі Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесінде оқып тәлім-тәрбие алады.

Сондай-ақ ол, 1913–1917 жылдар аралығында Омбыдағы мұғалімдер дайындайтын семинарияда оқыса, 1924–1926 жылдары Мәскеудегі Әдебиет институтында дәріс тындап, білімін одан әрі жетілдіре түседі.

Ел болысы болған әкесі – Бекен, оның жан-жақты білім алып жетілуіне оншалық мән бермейді. Қайта оның одан әрі оқып, білімін жетілдіре түсуіне қарсылық жасап, оны ауыл молдасы етуге талпынады. Нәтижеде, бір жөн қатыгездік те жасайды. Оны ақын өзінің 1920 жылы жазған «Жан сөзі» атты өлеңінде ашық тілге алады.

Дегенмен оның «Ғалия» медресесінде оқып, онда Сәлімгерей Жантурин мен татардың классик жазушысы, әйгілі «Қазақ қызы» атты романының авторы Ғалымжан Ибрагимов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтан сабақ алуы, ерекше мәнге ие болады. Әрі, Біләл Сүлейов, Мұхаметжан Сералин, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Сәкен Сейфуллин сияқты т.б. қазақ халқының ерен ой иелерімен танысып, қоян-қолтық араласуы, оның дүниетанымының кең өріс алуында өзінің игі ықпалын тигізеді. Нәтижеде, қоғамдық-саяси көзқарасы жан-жақты қалыптасып, патриархалдық-феодалдық қоғамның кері кету сырларының мәнін жете түсіне бастайды.

Әрі, қоғамдағы экономикалық өзгерістердің сырын да терең аңғарып, орыстың іргелі мәдениетіне ден қоя түсуіне

де өзінің игі ықпалын тигізеді. Тіптен, царизмнің жергілікті халықтың шұрайлы жерлерін отарлау саясатын жүргізудегі озбырлығына да көңіл аударып, бұқара, бұратана халықтың азып-тозу себебін де жете түсіне бастайды.

Сондықтан да ол өзінің «Қазақтың кешегі күйі» деген өлеңінде ашық айтып, дұрыс байлам жасайды. Мәселен ақын:

*Күн суық, қатты аяз шыдар емес,  
Қар-боран соққан желмен қылып егес.  
Кедейлер үсіп-тоңып дір қалтырар,  
Жылы үйде байлар жатар уайым жемес, —*

деп, сол дәуірдегі шындық бетін шынайы аша түседі. Сөйтіп, зәбір-жапа шеккен кедейлер хәліне ашынады. Оларды «Шын сорлы» деп мүсіркейді.

Оның үстіне, Мағжан Жұмабаев өлеңдерінде әйел тағдыры, олардың аянышты жағдайы, олардың зәбір-жапа шегулері, өзінің шынайы шешімін тапқан. Бұл орайда оның «Жас келін», «Жас қыз», «Тілегім» секілді т.б.өлеңдерін атауға болады. Мәселен ол:

*Қазақта сорлы ұрғашы,  
Ерден теңдік көрмей ме?  
Тиылып, құрған көз жасы,  
Бірге дәурен сүрмей ме?*

деп, әйел-қыздардың қиыншылықтарын ашына, тебірене өз өлең жолдарына қосады.

Ақын өлеңдерінде табиғаттың тамаша тылсым сырлары, әсем көріністері де өзінің тамаша көрінісін таба түскен. Оны біз ақынның «Жазғытұрым» атты өлеңіндегі мына бір жолдарға назар аударсақ, анық аңғарғандай боламыз. Мәселен:

*Май кірді, жер құлпырды, гүлдер жайнап,  
Жібектей көк орайлар жатқан жайнап.  
Сұлудай бұраңдаған бұтақтар да,  
Ән қосып әр түрлі құс тұрған сайрап.*

дейді ақын.

Айта кетерлік жәйт, табиғат лирикасында, ұлы ұстазы Абай мен қалам жарыстыра түскендей нышанын аңғарғандай боламыз.

Немесе, ақынның «Елімде тек таң атсын» атты өлеңіне көңіл аударалық:

*Күн алтын жан-жағына сәуле шашты,  
Жарық пен қараңғылық араласты.  
Сәулесі қызыл алтын — сәлемі еді,  
«Көргенше, қош алаш!» — деп амандасты,*

— дейді ақын.

Иә, Мағжан Жұмабаев әдебиет майданына 1911 жылы кіріп келгенімен, оның тырнақ алды тұнық ойы, 1912 жылы Қазан қаласында «Шолпан» деген атпен жарық көреді. Міне, бұл, ақын арыны мен биік тұлғасын жұртшылыққа кеңінен таныта түседі. Содан, қазақ жастары Мағжан айналасына жиналып, оның үні мен әуені, абыройы күн өткен сайын биіктеп, кең өріс ала түседі.

Оның үстіне, сол жылдары Омбы қаласында жарық көрген «Бірлік» атты қолжазба журналды өзі ұйымдастырып, оның редакторы болады. Әрі, өлендері «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде де жиі-жиі жарияланып, жыр сүйер оқырмандар тарапынан үлкен сүйіспеншілікке бөлене бастайды.

Мағжан Жұмабаев 1917 жылғы ақпан төңкерісін, аса үлкен қуанышпен сүйсіне қарсы алады. Міне, осы бір кезеңде «Алаш» партиясы құрылып, оның Құрылтайы шақырылады. Оған жер-жерлерден делегаттар сайланады. Сол жылы Мағжан Ақмола облыстық халық ағарту бөлімі мүшелігіне кіреді де, «Алаш» партиясының Құрылтай жиналысында депутаттыққа кандидат болады. Әрі, қазақ мектептері үшін оқу құралын жасау комиссиясының мүшесі болып та тағайындалады. Өкімет билігі большевиктер қолына тиген соң, «Алаш» партиясы таратылады. Дегенмен, 1919 жылдың 4 сәуірінде Бүкілодақтық Атқару Комитеті «Алаш» басшыларына кешірім жасайды. Осы тұста Мағжан Жұмабаев Ақмола губерниясындағы «Бостандық туы» газетінің редакторы болып қызмет атқарады.

Сөйтіп, ақын енді-енді жаңа өмірге, жарқын болашаққа үлкен сеніммен назар аударып, қоғамдық-әлеуметтік жұмыстарға белсене араласа түседі. Нәтижеде, тек өлең-жырлар жазумен ғана шектелмей, өмірдің алуан салаларын камтитын ойлы, өмірдің өзі алға тартқан аса ділгір мәселелер көтеретін мақалалар да жазып, талант қырларын жан-жақты таныта бастайды. Әсіресе, оқу-ағарту істеріне айрықша мән беріп, тәлім-тәрбие мәселесіне ерекше ден қояды.

Сондықтан да ол, 1922 жылы Орынбор қаласында өзінің «Педагогика» атты оқу құралын жариялайды. Бұл еңбек қазақ халқы тарихындағы педагогика саласына жазылған ең алғашқы оқулық ретінде де ерекше мәнге ие. Ақынның 1922 жылы Қазан қаласында екінші рет «Өлеңдер» жинағы да басылып шығады. Сол жылы белгілі қоғам қайраткері, әрі сыншы-ғалым Нәзір Төрекұловтың арнайы шақыруымен Мағжан Жұмабаев Ташкентке келеді. Сонда ол, Түркістан Компартиясы Орталық комитетінің органы болған «Ақ жол» газетінің жұмысына ат салысады. Нәтижеде, 1923 жылы Ташкентте Сұлтанбек Қожановтың тікелей көмегімен, әрі «Алғы сөзімен» үшінші өлеңдер жинағы Ташкентте жарық көреді. Сөйтіп, Мағжан Жұмабаев 1922–1924 жылдар аралығында Ташкентте болып, туысқан өзбек халқының өмірімен бір жөн ақын-жазушыларымен танысып, табыса бастайды. Әрі, Ташкентте қазақ тілінде шығып тұрған «Шолпан», «Сана» журналдары мен «Ақ жол» газетінде, өз шығармаларын үзбей жариялап отырады.

Мағжан Жұмабаев 1920–1927 жылдар аралығында, жемісті еңбек етіп, оқырмандар тарапынан қастерлене түседі. Әрі, аударма жұмысымен де кеңірек шұғылданып, педагогикалық қызметке қызу араласады. Мәселен ол, 1923–1926 жылдар аралығында «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту», «Педагогика», «Бала тәрбиелеу жолдары», «Сауатты бол» сияқты т.б. тәлімдік-тәрбиелік мәнге ие оқулықтарын Ташкентте бастырып шығарады.

Иә, әбден ақын ретінде танылып, оқырмандар тарапынан үлкен ықыласпен қабылданған Мағжан, Ташкентте өзінің «Батыр Баян» дастаны мен «Түркістан», «Сыр» циклдерін жазумен бірге, 1923 жылы «Бастауыш мектепте ана тілі» оқулығын бастырады. Тіптен ол, Ташкентте жүрген жыл-



дарында Ақан Сері, Базар жырау және Әбубәкір Дибаяев жайлы да талай-талай ойлы мақалалар жазып, оны «Шолпан», «Сана» журналдары мен «Ақ жол», «Жас қайрат» газеттерінде жиі-жиі жариялап отырады. Әрі, сол басылымдарда қызмет атқара жүріп, оларға өзінің көмек қолдарын да созады.

Оның үстіне, Ташкенттегі қазақ-қырғыз оқу бөлімі комиссиясының мүшесі ретінде де, қыруар қызметтер атқарып, өзінің жаны жайсаң, үлкен дарын иесі екендігін жан-жақты аңғартады. Әрі, Абдурауф Фитрат, Шолпан, Абдулла Қадыри, Хамит Әлімжан сияқты т.б. өзбек жазушыларымен де етене араласып, жақын қарым-қатынаста болады.

Аса жалынды, барынша сыршыл да сыншыл ақын Мағжан Жұмабаев, Мәскеуде оқып жүрген (1923–1926) жылдары, онда «Алқа» атты әдеби үйірме ұйымдастырып, оған қазақ жастарын жиып, әдебиет пен өнерге, азаматтыққа баули бастайды. Не шара, сол үйірменің кейбір мүшелері, арадан көп өтпей-ақ «контртөңкерісшіл» болып шығады да, енді оның өзіне тікелей шабуыл жасай бастайды. Нәтижеде, 1924 жылдың 24 қарашасында Мәскеуде оқып жүрген бір топ қазақ жастарының бас қосу жиыны, келелі кеңесі болады. Міне осы кеңесте, Мағжан Жұмабаев өлеңдері арнайы талқыланып, онда «ескілікті аңсаушы», «нағыз ұлтшыл», «өзімшіл», «мен-мен ақын» деп оны сынға алады. Сөйтіп, ақынның аяғынан тартып, берекесіздікті белең алдыра бастайды.

Міне сөйтіп, Мағжан Жұмабаевты көре алмайтын кейбіреулер, оның талантына жабысып, оны кінәлай түседі. Мұндай басына бір жөн ауыртпалықтар түскен сәттерде, ақын өмірден тәп-тәуір налып, бір жөн қиналған тұстары да болады. Сары уайымға түсіп, «достарынан» іштей нали бастайды. Оны ақын өзінің «Сарғайдым» атты өлеңінде:

*Сарғайдым күннен-күнге қуат кетіп,  
Қалың ой, қара жылан жүректі еміп.  
Ақырын бітіп барам жанған шамдай,  
Көзіме ыстық жастар мөлт-мөлт келіп, —*

дейді ақын.

Дегенмен ақын сары уайымға түсіп, жоқ болып кетпейді. Қайта, өмірде кездескен сан қилы соқтықтармен қарсы күресіп, қайраттана, жігерлене түседі.

Сондай-ақ, Мағжан Жұмабаев поэзиясында, махаббат лирикасы үлкен орын алады. Мәселен ақын:

*Сүй, жан сәулем, тағы да,  
Жылы, тәтті у тарады қаныма.  
Бұл ләззаттың бір минутын бермеймін,  
Патша тағы, бүкіл дүние малына.*

деп, емірене үн қатады.

Әсіресе ақын өз өлеңдерінде жастарды оқуға, өнерлі, білімді болуға шақыруда, кемел ой, биік парасатпен шынайы сипаттайды. Оны біз ақынның «Қарағым», «Мен сорлы» («Шәкірт зары») өлеңдерінен анық аңғарамыз. Бұл өлеңдері ақынның Ыбырай Алтынсариннің «Кел балалар, оқылық» атты өлеңімен үндесіп, сабақтасып жатқанын байқаймыз. Мәселен:

*Қарағым, оқу оқы босқа жүрме,  
Ойынға құр қаларсың, көңіл бөлме.  
Оқымай, ойын құған балаларға,  
Жолама, шақырса да қасына ерме, —*

деп, жастарды оқуға, ізденуге жұмылдырады.

Мағжан Жұмабаевтың қудаланып, аса көп қиындықтар көруі, сол жылдары Қазақстан Өлкелік партия Комитетіне басшы болып келген Ф.И. Голощекиннің бірді-бірге айдап салған әпербақандық, зымияндық саясатының жемісі десек, ол артық айтқандық емес. Өйткені ол, сол жылдары Қазақстанда «кіші төңкеріс» орнатпақ болып, халық арасында кең танылған асыл азаматтарды «байшыл», «ұлтшыл» деп, ақын-жазушыларға, жалпы «елім, жұртым, халқым», — деген зиялы қауымға қырғидай тиеді. Соның салдарынан 1929 жылы, 300 ден астам қазақ интеллигенциясы қамауға алынып, жер аударылып, қазақ халқы өмірінде үлкен бір күйзеліс болады. Міне, соның бірден-бір құрбаны — Мағжан Жұмабаев болды.

Мағжан Жұмабаев Мәскеуде тұрған жылдары, аударма жұмысымен де кең шұғылданып, М.Ю. Лермонтов, М. Горький, М. Сибиряк, В. Иванов сияқты т.б. орыс қаламгерлерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, қыруар жұмыстар жасайды. Ол 1927 жылы өз еліне қайтып келген соң, Қызылжардағы қазақ педагогикалық техникумында, партия одақ мектебінде сабақ өтіп, тәлім-тәрбие жұмысымен кеңінен шұғылданады. Не шара, сол жылдары оны тағы да «халық жауы», «кеңес елінің қас дұшпаны» деп, айып тағумен бірге, «Алқа» атты жасырын ұйым құрды» — деп жала жабады. Соның нәтижесінде, оны 1929 жылы ұстап әкетеді де, Мәскеудегі Бутырка түрмесіне қамайды. Сөйтіп ол, 10 жылға сотталады да жер аударылып, Карелияға айдалады. Бірақ, жастайынан-ақ аса қайсар, өр мінезді, барынша өжет, аса қажырлы Мағжан, оған бірде-бір мойымайды. Түбінде бір шындықтың женетіндігіне сеніммен қарайды. Айдауда алты жылдай болған ол, 1935 жылы жұбайы — Зылиха апайға хат жазып беріп, оны М. Горькийге алып барып, тапсыруын өтінеді.

Сөйтіп, сол суреткердің тікелей көмегімен, 1936 жылы қамаудан мерзімінен бұрын шығу мүмкіндігіне ие болады. Содан еліне келген Мағжан Жұмабаев, Қызылжар қаласында № 7 орта мектепте «Орыс тілі мен әдебиеті» пәнінен сабақ бере бастайды. Соңыра, 1937 жылдың 18 наурызында Сәкен Сейфуллиннің шақыруымен Алматыға келеді. Ама не, сонына түскен қас жауы — дұшпандар қыр соңынан қалмай жүріп, ақыры сол жылдың 30 желтоқсанында қайта тұтқынға алып, абақтыға қамайды. Сөйтіп, Мағжан Бекенұлы Жұмабаев, тоталитарлық қоғамдағы үстемдіктің, әділетсіздіктің арқасында, 1938 жылдың 19 наурызында «жапон шпионы», «халық жауы» деген жаламен атылады.

Міне, небәрі 45 жыл ғана ғұмыр кешіп, кезінде «күн көсем» аталған Сталиннің қатаң заңы мен зобалаңынан зәбір-жапа шеккен Мағжан Жұмабаев, арамыздан тым ерте кетеді. Бірақ оның әдебиет майданындағы еткен еңбектері, қоғамдық қайраткерлігі — күн өткен сайын жарқырай жанып, халқымыз арасында кемел тұлғасы биіктей бермек. Оның өзі өлсе де, оның сөзі мен ісі, нәрлі поэзиясы ешқашан өлмек емес.

## АҚЫН ПОЭМАЛАРЫ

Мағжан Жұмабаев поэмалар жазуда өнімді еңбек еткен аса талантты ақын. Оның ерекше поэмасы – «Батыр Баян» атты көркем туындысы. Әрі оның «Ертегі», «Жүсіпхан», «Қорқыт», «Токсанның тобы» сияқты поэмалары да, кезінде оқырмандар тарапынан жақсы күтіп алынған шығармалары. Бірақ ақынның «Батыр Баян» поэмасы, өзінің көркемдік тұтастығымен де, сюжет желісінің аса тартымдылығымен де, оқиғасының тым қызықтығымен де, өзіне айрықша тарта түсетін күрделі поэмасы. Онда сыр шертетін негізгі оқиға, бір кездегі қазақ пен қалмақ арасындағы болған қақтығыстар өз көрінісін тапқан. Ақынның сипаттауы бойынша, оған негіз болған әңгіме – Абылай ханның, кезінде екі ел арасындағы бейбітшілік, достық қарым-қатынас орнағанға дейінгі оқиғалар арналы арқау, өрісті өзек болған.

Ашу үстінде қол бастаушы батыр Баян, өзі қамқор болып жүрген кіші бауыры Ноян мен аса сұлу қалмақ қызын өлтіріп жібереді. Оның негізгі себебі – бір-біріне көңіл қосып, бұл елден қашып кетуі болады. Бұған дейін Батыр Баянның өзі де, сол қалмақ қызына ғашық болған. Бірақ, оған қалмақ қызы ыңғай бермейді. Содан ол, оны қарындас ретінде тән ала бастайды. Бірақ, екі жас бірін-бірі аса жақсы көргендіктен, Баянның айтқанын тындамай, екі жас қашып кетеді. Нәтижеде, оның соңы үлкен қайғылы халге алып келеді. Мәселен ақын сұлу қыздың тамаша келбетін:

*Сол сұлу, сұлу екен атқан таңдай,  
Бір соған бар сұлулық жиылғандай.  
Торғын ет, шапақтай бет, тісі меруерт,  
Сөздері су сылдырлап құйылғандай.  
Бір улап, көзқарасы бір айнытқан,  
Жұлдыздай еркелеген сөнбей-жанбай.  
Лебізі – Жібек лебі, жұмақ желі,  
Кәусардай татқан адам қалар қанбай, –*

деп сипаттаса, Ноянның оны көргендегі көңіл-күйін:

*Жас Ноян қызды көріп от боп кетті,  
Көздері қызыл жалын шоқ боп кетті.*

*Жер мен көк, ай, жұлдызды тұман басып,  
Бір қыздан басқа нәрсе жоқ боп кетті, —*

дейді.

Ақын қалмақ қызының сұлулығы мен Ноян жігіттің ішкі сезімін беруде, өзінің ақындық арынын әдемі таныта алған. Онда тамаша метафоралар мен теңеулер орны-орнымен тым тартымды берілген. Поэмада асқан тапқырлық, дәлдік, көркемдік әдемі шешімін тапқан. Не шара? Екі бірдей жас жан ашудан, қызғаныш пен күйініштен мерт болады. Қашып бара жатқанда, сонынан жеткен батыр Баянға, інісі Ноянды ақын былайша сипаттайды.

*Жас Ноян жүйрігінің мойнын бұрды,  
Жас Ноян Ер Баянға қарсы жүрді.  
Жақындап келіп қалған ағасына,  
Түсінен шошыды да, тоқтап тұрды.*

*Дегенше, қалды тартып батыр Баян,  
Баянның батырлығы Алашқа аян.  
Оқ тиіп жүрегiнен құлап түсті,  
Атынан бүктетіліп бөбек Ноян.*

*Жын шуы басқандай боп естімеді,  
«Жан көке, аға» — деген сөзді Баян.  
Садағын сол секунда тартты тағы  
Бір ашып, бір жұмбай да көзді Баян.*

Аса биік романтикалық сарында жазылған бұл көркем поэмадан, екі түрлі жайды аңғарамыз: бірі батырлық, достық, махаббат, мейірім дүниесі болса, екіншісі — ашу, ыза, онан барып туындаған әділетсіз қантөгіс. Ең өкініштісі, қаһарманның мінез асаулығын, бірбеттілігін, суреттеп, ақын поэманы романтикалық шарықтау шегіне жеткізеді. Шиеленіскен оқиғаны ақын тау мен судың, күн мен аспанның, кейіпкерлердің бірін-бірі қимас күйін терең сипаттайды. Әрі, қалмақ қызының сұлулығын, айнала табиғат сырларын суреттеу арқылы, ішкі сезімнің қоюланып, шырғуына, күннің күркірегеніндей, найзағайдың ойнағанындай бітіспес мінездер соқтығысына алып барады, іштей өкініш толғанысына әкеп тірейді.

Сондай-ақ ақынның, 1926 жылы жарық көрген, аллегориялық сипатта жазылған «Ертегі» атты поэмасы да аса қызғылықты, көркем шығарма. Поэма сюжеті шын мәнісінде ертегіге ұқсайды. Әңгіме төркіні – мысықтар мен тышқандар арасындағы жанжал. Оқиға Шығыста, күн шұғылалы елде, бау-бақшалы мекенде өтеді. Жүзім шарабын ішіп, мазайраған тышқан даңғазаланып, мысықты тілдеп-сөуге көшеді. Оны естіп ашу қысқан мысық, әлгі сорлыны ап деп, жеп қояды. Бұдан әрі мысық пен тышқан арасындағы өткен бірнеше соқтығыстар суреттеледі. Ақырында тышқан атаулы көптігін жасап, мысықты жеңілуге мәжбүр етеді. Мысық патшасын қуып, өз патшасын да тақтан түсіреді.

Міне мұндай аллегориялық, мысал мазмұндас үлгісінде жазылған көркем дүниелер, әлем әдебиетінде де жиі-жиі кездеседі. Бірақ бұл поэма Мағжан Жұмабаевтың басына бәле болып жабысады. Осы шығармасы үшін оған қатал, саяси кінә тағылды. Бұл жерде ақын орыс патшасын, Жапон попты, 1905 жылғы төңкерісті, жұмысшылар мен шаруаларды, тіпті большевиктер мен әскерлерді мензеп, суреттеп отыр деген сорақы айыптар тағылады.

Мағжанның ең соңғы ірі туындыларының бірі – «Тоқсанның тобы». Бұл поэмада ақын жаңа өмір жолына үніле қарап, оған шын көңілімен ден қойғандағын мойындайды. Бүкіл халықтың жаңа тұрмыс құруға бет алғанын, өзі де оған қосылатынын ашық тілге алады. Тоқсан деп көпшілікті, жүздіктің онын емес, тоқсанын қолдаймын деген ойды алға тартады. Мәселен ақын:

*Ес біліп ойлап, толғанып,  
Қолыма қалам алғалы,  
Сөйлеген емен жасыра:  
Мен мұңдымен мұңдастым,  
Адассам ел деп адастым,*

дейді.

Бұл поэма алғаш рет 1927 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде жарық көреді.

Ал ақынның «Қорқыт» атты поэмасы, мазмұны жағынан, ақынның бүкіл әуре-сарсаң өміріне дәлме-дәл келіп

тұрғанын сезінесің. Өйткені онда, белгілі оқиғаны қайта жырлағанда, бар болмыс-қалпын, тағдыр жайын өз түсінігінен, өз ой елегінен өткізгендей болады.

Өйткені, Қорқыт пен Мағжанға өлім жұмбақ секілді. Оның үстіне Мағжан Жұмабаев, басқа да өлең, жырларында, өлім жайын көп айтып, көп толғанады. Мәселен ақынның «Ой», «Мені де, өлім, әлдиле», «Зар» сияқты т. б. өлеңдерінде өлім жайы сөз болады.

Оның үстіне ақынның «Қорқыт» поэмасында да, ежелден белгілі – өлімнен қашатын Қорқыт жайын шабыттана жырлауы, соның бірден-бір айғағы іспеттес. Ол өлімнен қанша қашсаң да, оның алдынан қабырлар қазулы тұруы, ешбір жан өлімнен қашып құтыла алмайды деген ойды алға тартады. Мәселен ақын:

*Өмірде арманым жоқ – Қорқытқа ерсем,  
Қорқыттай жанды жаспен жуа білсем.  
Жас төгіп, сұм өмірде зарлап-сарнап,  
Құшақтап қобызымды көрге кірсем, –*

деп, терең түйіндеу жасайды.

Қорыта айтқанда, ХХ ғасырдың 20-жылдардағы қазақ әдебиетінің даму тарихында қазақ поэзиясы биікке көтерілуімен де, аса құнды.

Ақынның көптеген өлеңдері, поэмалары, әңгімелері, аудармалары кезінде шығып тұрған газет-журнал беттерінде, олар әлі толық жинала қойған жоқ. Мұның бәрін ыждағатпен жинап, тыңғылықты, тиянақты зерттеп М. Жұмабаев мұрасын халық қолына жеткізу алдағы күннің ісі.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Мағжан Жұмабаев қандай ақын болған?
2. Неліктен оның тағдыры соншалықты қиын жағдайда өткен?
3. Лирикаларының өзгешелігі неде?
4. Мағжанның қандай поэмалары бар?
5. Көңілге қонған бірнеше өлеңдерін жатқа айтыңдар.
6. Мағжан қазақ поэма-дастандарына қандай өзгерістер енгізді?
7. «Батыр Баян» поэмасында қандай мәселелерді көтерген?
8. «Қорқыт» поэмасының идеялық мәнін сыныпта айтыңдар!





## БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН (1894–1938)



XX ғасыр қазақ әдебиетін кең өріс алдыруға аса мол үлес қосқан қаламгердің бірі – Бейімбет Майлин. Ол кең тынысты, кемеңгер ақын, іргелі прозаик, тамаша драматург. Жазушылыққа 1912 жылдан бастап араласа бастаған ол, ширек ғасыр ішінде бір жөн поэтикалық, тамаша прозалық, драмалық шығармалар жазып, қазақ әдебиетінің даму тарихына өзінің сүбелі үлесін қосып, биікке көтерді.

Бейімбет (Бимағамбат) Жармағамбетұлы Майлин, 1894 жылы бұрынғы Торғай облысы, Қостанай уезі, Дамбар болысындағы «Ақтөбе» деген елді мекенде дүниеге келеді. Яғни ол, қазіргі Қостанай облысы, Таран ауданындағы, бүгінгі күндегі Майлин кеңшарында өмірге келеді. Екі жасында әкеден жетім қалған Бейімбет, бір байдың сауыншысы боп жүрген анасының қолында қалып, соның тәрбиесін алады.

Енді ғана жетіге жеткен шағында, сол байдың қозысын бағып, атының шылауын ұстап, аса көп қиындықтар көреді. Бай үйінде жүрсе де, жоқшылықтың ауыр азабын көп тартады. Соң, кәрі әжесінің қолына барып, оның жылы құшағында болады.

Оны ақын өзінің өлең жолында:

*Өмірімде көргенім күңдік, құлдық,  
Бұл жалғанда бар ма екен біздей мұңдық?, –*

деп, өзінің ауыр азапта болғанын ашықтан-ашық тілге алады.



Тарихи мәліметтердің айтуына қарағанда, әкесі Жармағамбет көне жыр-дастандарды көп білетін, көзі ашық, көкірегі ояу, өзі де өз жанынан аздап өлең шығара білетін, ақынжанды адам болыпты. Соның игі әсері болса керек, Бейімбет те қаршадайынан өлеңге әуестене бастайды.

Ол алғаш ауыл молдасынан сауат ашып, хат таниды. Одан соң бай есігінде жүрген шағында, оның үйінде тұратын Әбдірахман Сатыбалдин деген татар мұғалімнен сабақ алып, тәп-тәуір білім бұлағынан сусындай түседі. Онан соң көрші ауылдағы басқа бір, Әбдірахман Арғынбаев деген адамның медресесіне оқуға түсіп, онда 1910–1912 жылдары, екі жылдай оқып сауат ашады.

Онан соң, 1913–1914 жылдары Троицкідегі «Уазифа» мектебінде тәлім-тәрбие алып, оны бітіргеннен соң, Уфадағы медресе Ғалияда оқиды. Міне осы кездері, медреседе оқып жүрген шәкірттердің әдеби үйірмесіне, кештеріне қатысады. Әрі, сол медреседе жастарымен бірге, «Садақ» атты қолжазба журналын шығаруға айрықша ат салысады.

Әрі сол журналдың редакторы, белсенді авторларының бірі болады. Нәтижеде ол, сол журналдың 1914 жылғы үшінші санында, өзінің ең алғашқы тырнақ алды туындысы болған «Шұғаның белгісі» атты прозалық шығармасын жариялау мүмкіндігіне ие болады.

Сөйтіп Бейімбет, «Ғалия» медресесінің шәкірттері мен ұстаздарының арасында айрықша көзге түсумен бірге, қазақ әдебиеті майданына алғаш прозашы ретінде кіріп келеді.

Оның үстіне Бейімбет Майлин, сол медреседе сабақ беретін, белгілі татар жазушысы Мәжит Ғафури, әрі Ғалымжан Ибрагимовпен жақын қарым-қатынаста бола жүріп, шығармашылық байланыста жасайды. Сондай-ақ, өзімен бірге оқыған башқұрт ақыны Сайфи Құдашпен етене араласып, тым жақын қарым-қатынаста, достық байланыста болады.

Бейімбет сол медреседе оқып жүрген шағында, орыс тілін үйренуге айрықша мән береді де, Н.В. Гоголь, Лев Толстой, А.П. Чехов, М. Горький шығармаларын орыс тілінде оқып, әдебиет әлеміне еркін ене бастайды.

Бірақ, денсаулығының нашарлауына орай, «Ғалия» медресесінде оқуын одан әрі жалғастыра алмайды. Нәтижеде,

1915 жылы дәрігерге көрінбек болып Троицк қаласына барады. Сол кезде, «Айқап» журналында істеп жүрген Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұхамеджан Сералин сияқты асыл азаматтармен танысады. Сөйтіп ол, сол журналда өзінің бірнеше өлендерін бастыру мүмкіндігіне ие болады. Ол 1916 жылы еліне қайтып келеді де, 1919 жылға дейін өзінің қаламгерлік жұмысымен бірге, ауыл жастарын оқыту ісімен шұғылданып, мұғалім боп қызмет атқарады.

Оның үстіне, 1916 жылғы патшаның маусым жарлығына орай, елдің аса қайсар ер-азаматтары қылыштарын кекке қайрап, екі жақты езгіге қарсы шыға бастайды. Өйткені, бір жағынан патшаның жендеттері халықты талай түссе, екінші жағынан жергілікті жемқор бай-манаптар да, қарапайым халықты қинап, өз зорлық-зомбылықтарын көрсете түседі. Содан ел азаматтары екі жақты қанауға шыдай алмай, оларға қарсы ұлт-азаттық көтерілісіне шығады.

Міне сонда Бейімбет Майлин оларға сәт-сапарлар тілеп, өз өлендерінде, күрес адамдарын ашық айқасқа үндеп, берік сапқа тұруға шақырады. Ол ақынның «Қанды тұман» атты өлеңінде анық аңғарылады. Мәселен ақын:

*Ойбай-ау, қайдасыңдар? Аттаныңдар!  
Бері кел, шашау шықпа, топтаныңдар! –*

дейді.

Дегенмен, бұл қозғалыстар кейбір жерлерде сәтсіздікке ұшырағанда, Бейімбетте торығып, келер күннен, жарқын болашақтан өз үмітін үзе бастайды. Солай бола тұрса да ол, 1917 жылдың ақпанында, патшаның тақтан құлағанына қуанып, өзінің «Қазаққа» деген өлеңін жазады. Онда ақын:

*Келді теңдік, туды теңдік басыңа,  
Қатын, еркек, кәрі менен жасыңа.  
Туысқандық, құрдастыққа асыға,  
Алалықты араңдағы жой, қазақ!  
Бұрынғыдай байың, жарлың шашылма!  
Бірлікпенен жұмыс атқар басыл да!  
Азын-аулақ миың болса басыңда,  
Партия, штат, дау-шарыңды қой, қазақ!*

деп халықты ынтымақ-бірлікке үндейді.

1919–1921 жылдар аралығында Бейімбет Майлин, ауылдағы кеңес жұмыстарына араласады. Бірақ, 1922 жылы Сәкен Сейфуллиннің шақыруымен ол, Орынборға барып, онда баспасөз жұмысына қызу араласа байтайды. Орталық газет-журнал беттерінде өзінің әңгіме-очерктерін жариялап, ақындыққа да бет бұра түседі. Тіптен ол, сол жылы «Қызыл Қазақстан» журналында, өзінің қайта жөндеген нұсқасын – «Шұғаның белгісі» шығармасын бастырып шығарады.

Сондай-ақ ол, 1923 жылы Қостанай қаласына барып, онда «Ауыл» атты газет шығаруға ат салысады. Онда Бейімбет көптеген новеллаларын, сықақ әңгімелерімен бірге, өзінің «Раушан-коммунист» хикаятын бастырады. 1925 жылы ол, Өлкелік атқару комитеттің тікелей шақыруымен, сол кездегі Қазақстанның астанасы болған Қызылордаға келіп, қайтадан баспасөз жұмыстарымен кеңінен шұғылдана бастайды. Ал, 1934–1937 жылдар аралығында «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы болып қызмет атқарады.

Оның үстіне, Қазақстан жазушылар ұжымының ұйымдасқан күннен бастап, оның құрамында болған Бейімбет, онда да ерен еңбек сіңіре түседі. Сөйтіп ол, ұлан-ғайыр әдеби жұмыстарды ұйымдастырып, ұйым жұмысын басқарады. Онда, жас қаламгерлерді, ақын-жазушыларды тәрбиелеу ісіне атсалысып отырады.

Міне сөйтіп, кеңес үкіметінің болашағына аса үлкен сенім қарап, ерен еңбек ете бастаған, көркем әдебиеттің барлық жанрларында өнімді қалам тебіреніп, 55 кітабын бастырып шығарған Бейімбет Майлинді, «халық жауы» деп танып, абақтыға қамап, 1938 жылы атады.

## АҚЫНДЫҒЫ

Бейімбет Майлин – шын мәніндегі аса талантты ақын. Ол әдебиеттегі алғашқы адымын өлең жазудан бастайды. Сөйтіп ол, қазақ поэзиясының дамуына аса мол үлес қосады. Оның үстіне ол нағыз реалист қаламгер бола алған, ерен талант иесі. Өйткені оның поэзия, проза, драматургия салаларындағы қай шығармасына назар аударсақ та, олардың нағыз шыншылдығын, өмірлік, әлеуметтік мәні бар мәселелерді жан-жақты көтере білгендігін анық аңғарумен

бірге, олардың шынайылығы көз тартып, көңілге ұялай түседі.

Кемеңгер ақынның поэзиясының қадір-қасиеті неде дейтін болсақ, онда екі жәйтті анық аңғара түсеміз. Біріншіден ол, қазақ кедейлерінің тұрмыс-тіршілігін, қазақ поэзиясында өзіне дейінгі бірден-бір ақында болмаған, аса кең ауқымда, әрі терең жан-жақты жырлай алды. Екіншіден ол, қазақ кедейлерінің мінез-құлқын да өте әдемі ашып, тіптен, типтік һәм символдық дәрежеде (Мырқымбай) көтерді. Әрі, тарихи жағынан алып қарағанда да, оларды нақты алумен бірге, оларды өсу, өну, есею үстінде сомдап бере алды.

Сондықтан да ақын, өз өлең жолдарында;

*Сенің зарың — зарлайтыным өмірге,  
Сенің арың — арлайтыным өмірде.  
Сен жыласаң — көзден жасым тамшылар,  
Сен қуансаң — қайғы, шерім аршылар —*

деп ақын, өзінің «Кедейге» деген өлеңінде, ашықтан-ашық тілге алған болатын.

Шынында да ақын, өзінің өмір жолында, осы мақсатынан бір сәтте тайған емес. Өйткені оның өмірде де, өнерде де алға қойған бірден-бір мақсаты, тұрақты серті, берік ұстанымы — кедейлер, жарлы-жақыбайлар өмірі болды. Мәселен ақын:

*Кедей деп туғам, кедей деп өлем,  
Не көрсем де кедейменен көрем.  
Кедей қуанса, кедей жұбанса,  
Бір елі көкке тимейді төбем.  
Жырлағаным — кедейдің жыры,  
Сырлағаным — кедейдің сыры.  
Сырым да бір, жырым да бір.  
Мен дағы сол кедейдің бірі —*

деген болатын.

Бейімбет Майлин өзінің 1915 жылы жазған «Жазғы қалып» деген өлеңінде, қыс өтіп, жаз жетіп, табиғат өзгер-

се де, ауыл өміріндегі атам заманнан қалыптасып қалған ескілік, кертартпа салттың өзгермей жатқанын сын астына алады. Елдегі «жер-дауы», «жесір дауы», «әменгерлік» ден-дей түскен салт-дәстүрді, келеңсіз әдет-ғұрыптарды аяусыз әшкерелейді.

Ол жырлаған қазақ ауылы – екеу. Оның бірі – төңкеріске дейінгі ескі қазақ ауылы болса, екіншісі – төңкерістен кейінгі жаңарған қазақтың жаңа ауылы. Оның екеуінің де ақын, олардың негізгі сыр-сипатын, тек қана кедей көзімен көре біледі. Солай сипаттауға ерекше мән береді. Мәселен ақын өзінің 1913 жылы жазған «Мұқтаждық» атты өлеңінде:

*Ай, мұқтаждық, кесел болып тұрдың ғой,  
Талапкерге қарсы тұзақ құрдың ғой!  
Қолды соғып, бойды жазып жүргізбей,  
Ауруы жоқ бір мүгедек қылдың ғой –*

дейді.

Мұқтаждық ақынның түсінігінше, оның ең кесірлі жері – аса талапты жастардың қалтасын қағып, түбінен «жел гулеткендігінде» ғана емес, ілгері адам бастырмай, шідерлеген ат сияқты, ешқайда тап бастырмай, «аяғын кері тартуында» деп біледі. Жалындаған жастардың «жүректерін құм қылуында» деп түсінеді Мәселен ақын:

*Шарасыздық күнге ұшырап байғұстар,  
Садаға үшін жанын байға жалдайды.*

Тіптен ақын өзінің «Мал», «Байлыққа», «Қарын» деген сияқты т.б. өлеңдерінде, өмірге тек кедейлер көзімен ғана қарайды. Малы бардың қолында, бөрі барлығын да ол өзінің «Мұсылмандық белгісі» деген өлеңінде, былайша өз ойын өрбіте түседі:

*Малы барлар «Меке» барар жалақтап,  
Сөзін сыйлы, елді аузына қаратпақ.*

Міне, бұл өлеңде ақынның шыншылдығымен бірге, сыншылдығы да айрықша аңғарылады. Ол өзінің «Садақ» жур-

налында бастырып шығарған ең алғашқы өлеңдерінде де, Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ ауылының тірлік-тынысын, тонмойын тұрпатын жан-жақты аша түсіп, малдылар мен жалдылардың ала-құла топас сырларын аша түседі.

Мәселен:

*Барлық қазақ иемденіп, жұмақты,  
Басқаларға орын қалмай жүрмесін, —*

деп, юмор мен сатирасын осылайша ашық айшықтайды.

Өркандай талантты ақын — өз заманының ұлы, өз дәуірінің үні. Сол дәуірдің күйшісі. Өйткені ол, өзі өмір сүріп отырған мезгіл мен мекендегі құбылыстарға, өз дәуірінің тірлік-тыныстарына, ешқашан да енжар болмайды, бейтарап қарай алмайды. Оның бәрі көңілінен өтеді, қиялын қырыққа бөліп, тебірентеді. Нәтижеде, оларға көзжұма қарай алмайды да, оның бәріне араласады.

Солай екен, оның қаламынан дүниеге келген шығармалар да бір емес, бірнеше тақырыпқа жазылуы табиғи құбылыс. Әрі, бір емес, бірнеше өзекті мәселелерге құрылады. Сондықтан да, қаламгердің көркем туындыларының мазмұны мен пішіні де, жанры мен жанрлық түрлері де, дәл осылай әр түрлі болып келеді. Әрине бұл — табиғи нәрсе!

Егер, Бейімбет Майлин поэзиясына назар аударсақ, онда оның белгілеп, «поэма» деп ат қойып, айдар тақпаған шығармалары жоққа тән деуге болады. Шынында да, қаламгердің оқиғалы ұзақ жырлары да, сюжетсіз шағын өлеңдері де бір-бірімен аралас-құралас бірге жүргендігін анық аңғарамыз. Мәселен Бейімбет, әр түрлі тақырыптар да қысқақысқа өлеңдер, лирикалық, сатиралық жырлар жазумен бірге, он төрт дастан жазған. Егер оларды тақырыптық жағынан саралап, екшеп назар аударсақ, оның бесеуі — «Байдың қызы», «Рәзия қыз», «Қашқан келіншек», «Зәйкүл», «Маржан» деген сияқты т.б. әйел теңдігі тақырыбына арналған. Мәселен ақын:

*Азат, әйел қолыңды әкел!  
Сен — азаттық көркісің.  
Азаттығың мәңгі, мәңгі,  
Мәңгі-бақи беркісін! — дейді.*

Ақын бостандық алған әйелдің тіршілік-тынысындағы, іс-әрекетіндегі игі өзгерістерді жете аңғарып, олар өмірінде болған жаңалықты жіті байқап, оны байыптай түседі. Сондықтан да ақын:

*Қарындастың қайғы жоққа бағында,  
Аз болсын жаңалық бар талабында.  
«Азат әйел» деп кесте оюлайды,  
Қарындашын қолына алады да —*

деп, терең түйіндеу жасайды.

Расында да, қоғамдық өмірде әйелдің теңеліп, бас бостандық алуы, әрбір адам баласының басындағы жақсылық қана емес, ол бүкіл өмірдегі жаңалық деуге болады. Өйткені ол, бүкіл әлеуметтік санадағы жаппай өзгеру деген сөз. Әрі ол, әрбір адамның болмыс-бітімімен болашаққа апарар сара жол:

*Тең әйел, сен теңелсең, өмір жаңа,  
Өзгеріп, әлеуметтік салт пен сана.  
Жас өмір ұл мен қыздың өрнекшісі,  
Жаңа адам туғызар күш сонда ғана.*

Дегенмен де, ақын «әйел теңдігінің» жөні дәл осы деп, «бостандық алған, азат әйел» не істегісі келсе, соның бәрін істей беруі керек» — деген ойды алға тартпайды. Қаламгер «Азат әйелдің» басына келген бақытты, «әйел теңдігі» түсінігіне барынша сын көзімен қарайды. Мәселен ақын өзінің «Құдық басында» атты өлеңінде: «көптең ерін Қодардың қатыны, көк езулі Омардың қатыны, Ұлтарак, Балға, Айнабай, Тарак — бас қосып, құдықтан су тартудың орнына, бір-бірінен сыр тартып, су іздеген сиырларға «Арам қатқырлап» кебістерін лақтырып, өздері бір-біріне құлақтарын тосып, «жаулықтарын иықтарына итере салып, ауыздары сылп-сылп ете қалды» — деп, сипаттау арқылы, олардың өсек-аянды қардай боратқанын мінеп-шенейді. Оны ақын — бұзақылық, бейбастықтық ретінде танып, оларды өлтіре сынап, күллі жұртшылық алдында әшкерелейді. Өсекші әйелдердің бұл қылығын қаламгер, жаңа өмірдегі жаңаруға жат қылық, ол барып тұрған надандық деп біледі.

Оның үстіне ақын өзінің «Көңіл айту» деген өлеңде, байы тәркілеп жер аударылғанда, оның бәйбішесі жаңа тәртіпке көндіге алмай, өткен күнін аңсап зар жылағандығын өткір сын астына алып мысқылдай түседі. Ал, «Жайлыбайда жалғыз қатын» деген өлеңде, келімі келген Зейнеп сұлудын, жалғыз атты Жайлыбайды менсінбей, оған жар болғысы келмей, сыландап жүріп, малы көп, қалтасы қалың мырзаның қақпа қылына түсіп, оның алдап-арбағанына әуейі болып, неке бұзғанын қатты сын астына алады.

Сондай-ақ, «Біздің келін» деген өлеңде де, бір жас келіншектің, өзінің қойшы күйеуін менсінбей, өзінің жанұясын бұзып, ата-енесінің де берекесін алып, қит етсе «сотқа барам» деп қорқытып, шошандаған жас әйелді сын астына алады. Ақыр аяғында бір пысыққа тиіп алғандағы шайтандығын, сайқалдығын уытты тілмен, өткір сатирамен аяусыз мінеп-шенейді.

Бейімбет Майлиннің махаббат тақырыбында жазған поэмалардың ішінде «Рәзия қыз» (1919) бен «Маржанды» (1933) бөліп қарастыруға тұрарлық туындысы деуге болады. Рәзия – негізінен бай қызы. Бірақ, Әлім деген кедей жігітке көңіл қосады. Дегенмен, өз арманына жете алмай, екеуі де ақ бандылардың оғына ұшады. Ал Маржан қыз болса, жасы егде тартқан жалшы – Тасқараға, не жас қойшы Сәлімге тұрмысқа шыққысы келсе де, екеуінің де өліміне себепші болған Самалық байдың зұлымдығына тап болып, ақыры қайғылы халге ұшырайды.

Сондай-ақ ақынның, міне осындай үлкен әлеуметтік мәселелерді қозғайтын ерен ойлы поэтикалық туындылары да баршылық. Мәселен оның: «Кемпірдің ертегісі» (1927) он алтыншы жыл оқиғасына арналса, «Қанай» (1928) азамат соғысына арнайды. Сондай-ақ, ақынның «Бөліс» (1927) атты көркем туындысында, ауылдық жерлердегі жер бөліс мәселесін көтереді. Бұл туындыларынан бұрынырақ жазған «Өтірікке бәйге» (1922), «Хан күйеуі» (1923) деген сияқты ертегі-аңызға, қиял-ғажайып сюжеттерінен құрылған шығармалары да баршылық.

Бейімбет Майлин өлеңдері мен поэмаларына тереңірек назар аударсақ, онда оның көркем туындыларынан, екі



нәрсені айрықша байқау мүмкіндігіне ие боламыз. Оның бірі, ақынның юморы мен сатирасы.

Қазақ әдебиетінің даму тарихында, сатира мен юморды ақын, өзіне дейінгі деңгейінен тәп-тәуір ілгері дамытып, оны бір жөн жетілдіре түсті. Ұлы ақын Абайдың «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, ол – ақынның білімсіз бейшарасы» деген қағидалы сөзін, Бейімбет Майлин мықтап ұстанған секілді.

Бейімбет Майлин өз өлеңдерінде, басы артық сөз кіргізбеуге барынша ұмтылады. Әр сөзін орнына қойып, тауып айтады да, тамаша байламдар жасайды. Бір сөзбен айтқанда, ақын өлеңдеріндегі ырғақ пен бунақ, тармақ пен шумақ, бәрі-бәрі теп-тегіс, жұп-жұмыр келісіммен келіп отырады. Оны біз ақынның «Ыбыраймыз, Ыбыраймын» атты өлеңін алсақ та анық аңғара түсеміз. Мәселен:

Ақын қазақ байларының ақ патша тұсында дәурені жүріп тұрған кездерде сөйлеген сөздерін: «Уа, кімсіз? – Ыбраймыз. – Жаймысыз? – Жаймыз. – Уа, қайдан келесіз?» – десе, мүдірместен сонда: «– Сайлаудан келеміз. – Елге ойран сап, ойнаудан келеміз» – деп, асқақтай сөйлейді. Ал, Қазан төңкерісінен кейін бақ пен тақтан, байлық пен биліктен жүрдай болған кездегі жағдайын: «– Уа, кімсің? – Ыбыраймын. – Жаймысын? Жаймын. – Қайдан келесің? Соттан келемін. Соттан емес-ау, оттан келемін» – деп, сорлаған тұсты салыстыра суреттеп, өте тамаша жеткізеді.

Сөйтіп ақын, апайтөс шонжарлардың кешегі қылығы мен бүгінгі мінез-құлқын бір-біріне қарама-қарсы қойып, бәрін бір кейіпкердің басына жинақтап береді. Бұл ақынның аса тапқырлығы. Мәселен ақын өлеңінде, кеше «Кімсіз?» деген сұраққа «Ыбыраймыз!» деп, бір өзі бар даусымен бүкіл байлар атынан айқайлап, күпілдей сөйлесе, енді бүгін – соры қайнап, сорпасы төгілгенде, дәл сол бай, басқа біреу емес, дәл өзі, бір өзінің атынан мүләйімсіп, жай ғана дауыспен «Ыбыраймын» деп мінгірлей салады.

Тіптен, кеше «Қайдан келесің?» деген сауалға, тағы да екпіндей: «Сайлаудан келеміз, елге ойран сап, ойнаудан келеміз!» – деп одырандай түссе, енді төңкерістен соң, жуаси түсіп: «Соттан келемін, соттан емес-ау, оттан келемін» деп, қамыға тіл қатады.

Ақынның ерен тапқырлығы да сонда, өленде ешқандай баяндау да, не суреттеу де жоқ. Тек қана екі адамның өзара сөйлесуінде, өзара бір-біріне сұрақ қою мен оған жауап қатуға ғана құрылған. Оның үстіне, сұрақ та, жауап та тұжырымды, қысқа. Онда басы артық бір ауыз сөз де жоқ. Әр сөз – образға сипат береді. Әркімнің кім екендігі сөзінен анық аңғарылады.

Қорыта айтқанда Бейімбет Майлин, өзінің поэтикалық туындылары мен ХХ ғасырдың 20-жылдардағы қазақ поэзиясының дамуына, өзінің аса мол сүбелі үлесін қоса алған, шын мәніндегі шынайы талант иесі.

### МЫРҚЫМБАЙ БЕЙНЕСІ

Қазақ әдебиетінің даму тарихында, Мырқымбай сияқты кейіпкер Бейімбетке дейін, бірде-бір қаламгердің шығармасында көрініс тапқан емес. Мырқымбай – типтік кейіпкер. Тіптен, оның атының өзінде де әжуалық сипат анық аңғарылады. Оның атына заты сай, болмыс бітімі анық аңғарылумен бірге, мінезі, қылығы, іс-әрекеті, қимылы, бәрі-бәрі ап-айқын сыйып тұр. Мәселен ақын:

*Мырқымбай! Мырқымбай!*

*Мырқымбай!*

*Бай, бай, бай, бай!*

*Жүрмейсің жәй.*

*Нең бар еді?*

*Әй, құдай – ай! – дейді.*

Міне, бұл – қазақ поэзиясында Мырқымбайдың тірлік-тынысын, бейнесін тұңғыш рет көруіміз. Заман ағымына, заң байыбына жөндеп бара алмайтын парықсыз, доғал, сотқар бай баласы. Ол ат сұраған ауылнайды жер-жебіріне жете балағаттайды. Арнайы баласының бейбастық жасағанына, барынша өкінген әкесі не істерін біле алмай дал болады:

*Бай, бай, бай, бай!*

*Жарым ес-ай!*

*Құның ба еді*

*Бір шалақ тай!*

деп, әбден ызаға булығып, зығырданы қайнайды. Ал баласы болса, оған бәрі бір ол түкке түсінбейді.

Мырқымбайға ыза боп, әбден күйіп-піскенмен, әкенің де, өз баласынан асып бара жатқан түгі де жоқ. Өйткені, оның баласы шорқақ болса, әкесі барынша қорқақ. Екеуі бір сөлкебайдың екі жағы сияқты.

Мәселен әкенің баласына, сары атты ауылнайдың «жетегіне байласаң нең кетеді» деп, зарлағандағы жағдай, оның қоғам қамын ойлағандығы емес, бұл қай дәуірде болмасын, кейбіреулердің атқамінерлер мен лауазым иелерінен ығып, олар жолында бәйек болатындығы ашық тілге алынады.

*Енді өшікті:  
Боқтауыңды есітті,  
Шауып алудан тайынбас —  
Түріп қойып есікті.  
«Малын жасырды» деп,  
«Егіні басылды» деп,  
«Налок» дей ме, «мәлок» дей ме,  
Әй, қатырды ғой басымды кеп —*

деп, шындық бетін шынайы аша түседі.

Міне мұндай жағымпаздар күні бүгінге дейін баршылық. Бұл ақын поэзиясының өміршеңдігі. Әрине бұл, кешегі бай үстемдігінің кезінде, би-болыстан зәбір-жапа шегіп, әбден ығып, қорғансыз болған бейшараның тірлік — тыныстарынан аса мол хабар бере түскен.

Мұндай қисынсыз іс-әрекеттер, бүгінгі жаңа тұрмыс тұсында да қылаң беріп, көрініс тауып жүрген жәйттерді де анық аңғарта түскендей.

Дегенмен, төңкеріс тудырған жаңа қоғамдық жүйе кезінде, Мырқымбай да, «мырқымбайлық» та бір орында, бір қалыпта тұрмайды. Мырқымбай бірте-бірте өсуге, «мырқымбайлық» бірте-бірте өшуге бет алады.

Ауылнайға көк шолағын бермеген Мырқымбай, үйінде қол қусырып, жым-жырт, бекерге қарап отырмайды. Өйткені ол, ауыл-аймақты түгел сілкіп, жерге шыққан өсімдіктей дүркірей өсіп-өніп келе жатқан көгеріп келе жатқан жаңа

тұрмыс, жас өмір. Ешқашан да Мырқымбайды қарап отыр-  
ғызбайды. Міне, көктем келді де, жаз шықты. Қалың ке-  
дей енді жер жырттып, егін егуге тиіс.

Мемлекет «әкесіндей жарылқап, қап-қап тұқым берген  
сон», тал бойына «қуанышты күш кірген», бет жүзіне «жылы  
шырай түс кірген кедей байғұс қалбаңдап» ел-жұртты тегіс  
(ішінде Мырқымбай бар) еңбекке шақырады:

*Әке бері, көк шолақты Мырқымбай,  
Тез қамытта, ағаш соқа жегелік!*

«Ауру қалса да әдет қалмайды» дегендей-ақ, баяғы жал-  
шылық тұрмыс әбден ығыр қылған Мырқымбай, енді ә де-  
геннен-ақ, әлгі шақыруға бірден «ләпбай» деп құлақ аса  
қоймайды. Енді ғана жаңадан үйленген жас келіншегінің  
қасында қалады да, жер жыртуға әкесінің өзі кетеді. Бай  
шалдың да әдеті, сол баяғы. Соқаға көк шолақ аты мен  
көк сиырын жегіп, әлденеге тырысып, өзінше баж-баж етеді:

*Айт!.. Борозда!.. Бауыздалғыр көк шолақ,  
Әй! Мырқымбай...Жүгендемей, ноқталап...  
Өк!..өк..өк.. өк! Арам қатқыр көк сиыр...  
Әй, құдай-ай, көрсеттің-ау көрімді!..  
Бүгін үйде жататын екенмін,  
Мырқымбай мен жіберіп-ақ келінді!*

Бірақ шалдың мұнысы ұзаққа созылмайды. Мырқымбай  
да сілкініп, намыстана бастайды. Ауылдағы кертартпаларға,  
керенау-кердең кердең байларға қарама-қарсы қаһарға мініп,  
алдымен өзімен-өзі кеңесіп өзіне-өзі есеп береді («Қазақ  
туралы»):

*Естен кетпес байдың берген азабы!  
Талай-талай тарттым нақақ жазаны.  
Енді, енді, енді басын идірдім,  
Бірақ, әзір, істегенім аз әлі!*

Енді Мырқымбай ойлана бастайды. Оған басқалар емес,  
оның есі кіріп, есейген сайын, ол басқаларға үн қатып, ұран  
тастай түседі:

*Қойшы-қолаңқайда өңкей сиыршы!  
Маңайыма келіп бәрің жиылышы!*

Сөйтіп Мырқымбай, енді жаңа өмір ырғағымен өзін де, өзгелерді де бір жөн қағып-сілкіп көрмек болады да, жарлы-жақыбайларды өз маңына жинап алады да, ескі жұртын тастап, жаңа елді мекенге – Алакөлге көшеді («Көш»):

*Майлаусыз сықырлаған ағаш арба,  
Көк шолақ мықшындайды тартып зорға.  
Шаңырағын таңын алып жүк үстіне,  
Мырқымбай көсемсініп барады алда.*

Қаламгер ең соңында «Бер, Мырқымбай, қолыңды» деген өлеңінде, бас кейіпкер – Мырқымбайдың бүкіл өмір жолын, өзінше ойша шолғызып, оған өзінің алдында, ел алдында есеп бергізеді. Өйткені ақын, көк шолақ атынан басқа түгі жоқ Мырқымбайдың, «сауған сиыр байдікі болса, өгізі Ормантайдікі». Түгі жоқ сорлы кедейді, енді «баяғыда көрген», «баласын солдатқа жіберіп» зар еңіреген бейшараға, «16-жылы да келген», төңкерістен кейін, оның ел жиып, жиналыс басқарғаны сөз болады. Тіптен, Сары төбенің бауырын трактормен жыртып, онда егін еккенін, өз ауылында кооператив ұйымдастырып, мектеп ашқанынын сипаттайды. Сөйтіп ақын, Мырқымбайдың келе-келе өскен-өнгенін, еңбегінің жанғанын көрсетеді.

Мәселен:

*– Жидың білем қоныңды,  
Көрдің бе енді жолыңды,  
Ілгері көшке жетейік,  
Бер, Мырқымбай, қолыңды! – дейді.*

Ақынның міне бұл өлең жолдары, тек Мырқымбайға ғана айтылған емес. Ол барлық болмыс-бітімі, сыр сипаты мен іс-әрекетімен, Мырқымбай образын жинақтау арқылы, ХХ ғасырдың 20-жылдарындағы бүкіл қазақ кедейіне арнап айтылған аталы сөзі.

## БЕЙІМБЕТ ДРАМАТУРГИЯСЫ

Бейімбет Майлин XX ғасырдың 20-жылдардағы қазақ драматургиясының дамуына да зор үлес қосқан, аса талантты қаламгерлердің бірі. Оның 1960–1964 жылдары, Қазақ мемлекеттік Көркем әдебиет баспасында 6 томдық шығармалар жинағы жарық көрген болатын. Онда өлең-поэмалары мен бірге, «Шұға» мен «Жалбырдан» басқа да, 11 пьеса енгізілген. Олардың қай қайсысы да көлемі жағынан да, мазмұнының тереңдігімен де, көтерген мәселесінің өзектілігімен де, жазылу тәсілімен де, жанрлық сипаты жағынан да әр түрлі.

Мәселен: драматургтің «Шаншар молда», «Ауыл мектебі», «Жасырын жиылыс», «Келін мен шешей», «Қос қақпан» секілді туындылары, бір перделі скетчтер мен водевильдер болса, «Амангелді», «Біздің жігіттер», «Көзілдірік», «Талтаңбайдың тәртібі», «Майдан» атты шығармалары көп әктілі комедия мен драмалар.

Ал, Бейімбет Майлин шын мәніндегі – сатирик қаламгер. Ал, көркем әдебиеттегі сатиралық сыр мен сымбат – тіл арқылы іске асады. Бұл орайда Бейімбет тілдің асқан шебері. Ол аса талантты – драматург ретінде, өз шығармаларында қазақ тілінің байлығынан өнімді пайдалана алған қаламгерлерден бірі. Оның драмалық шығармаларында ауыл адамдарының өмірі, мінез-құлқы, іс-әрекеттері, шынайы шындық аясында жан-жақты көрініс таба түскен. Мәселен оның «Талтаңбайдың тәртібі» атты драмалық туындысында, Талтаңбай адамның бет-бейнесі ап айқын көрініс табады. Бұл да Мырқымбай сияқты аллегориялық бейне. Оның атыназаты сай. Ол неге талтаңдайды? Өйткені оның ақылы аз, қуыс кеуде, өзі барып тұрған даңғой, мақтаншак.

Сондықтан да ол, ақыл-есінің таяздығынан, пайым-парасатының жоқтығынан талтаңдайды. Оның өзі ауданнан ауылға келіп жүрген – аудан өкілі. Азда болса да тәп-тәуір билігі бар. Бірақ пайым-парасаты жоқ, білімі жоқ, есерлеу, есерсоқтау жан. Бар білетіні кемсіту, *саботаж*. Әрі өзі барып тұрған жалқау. Колхозда еселі еңбек етіп жүрген қарапайым еңбек адамдарын қорқытып – үркіту. Бар істейтіні – «құқ», айтатыны – «түрмеге тығам!..».

Оның бар айтар сөзі, қимыл-іс әрекеттері: «Талтаңбай (столға сүйене тұрып): Жолдастар! Тығыз тәртіп беремін, үдетпелі жоспар жиырма төрт сағат ішінде орындалады, понятно? Оның үшін не істеу керек? Вот, былай істеу керек, мәселен, үй салса, оның алдымен төрт аяғын тұрғыза ма? Төрт аяғын тұрғызады, яғни қадайды. Понятно? Бұл да сол алдымен төрт аяқтан бастау керек. Орысша айтқанда, низ дейді. Нағыз опасность низда жатыр, понятно? Бір кітаптан оқығаным бар...Ымм... да вот былай: капиталистическое хозяйство өрбиді, дейді, — низдан понятно? Сонда Парыз деген өтірік белсенді — «Пай, пай, пай, пайым-ай!» — деп, көки түскенде, оны Сүндет деген алаяқ, ку, сұм есепші: «Құйып-ақ жіберді-ау!» — деп қолпаштаса, Талтаңбаев одан сайын еліріп, пікірін одан әрі өрбіте түсіп: — «Соның үшін мұның низін қопарып, тамырын жұлып, е...сүйтіп нетпесе еді. Бұл қаулап жанған өрт болып, өрт пожар... Бұл солай болады, понятно? — деп аузына не келсе, соны айтып көки береді, көки береді.

Шығармада Талтаңбаев — жай ғана «шолақ белсенді», немесе «зиянсыз мылжың» ғана емес, ол негізінен алғанда әлеуметтік жағынан алғанда, барынша қауіпті жан. Жауапкершілігі жоқ, қоғамға зиянкес адам. Оның «шаш ал десе бас алатын» әпербақандығы да бар. Оның арғы жағында саяси бұзақылық жатыр. Қай кезде де түсін өзгертіп, тонын айналдырып шыға келетін, нағыз бюрократ.

Бейімбет Майлин — сатираның шынайы шебері болғандықтан, оның сөздері мірдің оғындай аса өткір мысқылды болумен бірге, күлкілі жағы да аса басым. Театр сахнасына арнап, міне осындай топас типтік бейне арқылы, сол дәуірдің топас характерін жан-жақты аша түскен. Бұл шығарманың — екінші ерекшелігі.

Сондай-ақ, оның «Шаншар молда» атты, бір перделі күлдіргі пьесасы да баршылық. Бұл да қаламгердің драматургия саласындағы алғашқы тәжірибелерінің бірі. Пьесаның идеялық мазмұны аса ықшам, тым жинақы. «Аңқау елге, арамза молда» деген идеяны алға тартады. Мәселен ол: «Шаншар молда» деп атанған бір ноғай молда болды», — деп жазған суреткер, бір кездерде өзінің басынан кешкендері туралы айта түсіп: «Бар білімі — «Бақырғанды»

әндетіп оқу еді. Сол молдадан хат таныдым. Сол молдадан «Бақырғанды» оқуды үйрендім. Сол молда қалпында, тіпті сол Шаншар аты да өзгермейтіндей етіп, Бейімбеттің өмірінен өнеріне секіріп түсе қалған. Өзі ауыл балаларын оқытқан болады, оқытатыны мынау:

*«Бақырғандан сапар қылсам,  
Тауап қылғалы қәғбаны,  
Барып роһина юзым сүрсем,  
Көріп қаннани, маннани...»*

Осыдан арғыны надан молда білмейді, надан молдадан надандық үйренетін балалар да білмейді. Айырмасы, молда білмегені үшін елден ақы (жұмалық) алады. Балалар білмегені үшін молдадан таяқ жейді. Дұрысында, тіпті бала оқытайын, адам тәрбиелейін деп жүрген Шаншар жоқ, бар мақсаты – «өленді жерде өгіз семіреді, өлімді жерде молда семіреді» дегендей, өліге құран оқып, тіріге ішірткі жазып, дем салып, тұмар тағып тиын-сиын табу, байымағанмен тамақ асырау. Сөйте тұра өзінің пиғылы бұзық, ем-домы зиянды, қимыл-әрекеті де ыңғайсыз, сондықтан күлкілі» – деген ойларын алға тартады.

Сондықтан да, пьесаның аяғында Әбіштің тәлкегіне түсіп, Зағипаны ұятқа қалдыру арқылы, Шаншар молданың өз абыройын өзі төгуі, оның аңқаулығынан ғана емес, рухани сауатсыз, мүгедектігінен, барынша таяздығынан.

Бірақ, Бейімбет Майлиннің 1916 жылы жазған алғашқы нұсқасы («Жат сабақ») «Шаншар молдамен» салыстырғанда, 1920 жылғы «Ауыл мектебінің» тұсында, драматургия жанрының құпиясын біраз болса да игере түскенін аңғарамыз.

Қаламгердің «Ауыл мектебі» атты драмалық туындысы да, бір перделі пьеса. Бұл да тақырыптық жағынан алғанда, «Шаншар молда» пьессасымен бір жөн ұқсастығы да бар.

Мұнда да ауыл адамдарының іс-әрекеттерінде, күйкі тіршілік мінездерінде, көне дүниені мінеп-шенеу, надандықтың тұманынан арылу, сөйтіп сауат ашып, хат таныту – басты міндеттері ретінде тілге алынады.



Бұл пьесаға не бәрі алты-ақ адам қатысады. Оның бәрі шетінен сүйрендеген, бейауыз, сумандаған, нағыз өсекші әйелдер. Мәселен – Зейнеп, Маржан, Мәреш – осы үшеуіне әліпби үйрететін, тым момын Мұғалім көрініс табады. Әрі онда, барынша қырсық Дәрібай, сондай-ақ, келіншегін оқытқысы келмей, үйіне сүйреп әкететін, қызғаншақ жалшы Жапай сияқтылар, өз ерекшеліктерімен көрінеді. Қыпқысқа пьесада осы алты адамның әрқайсысы дара-дара мінезімен жан-жақты аңғарылады. Оның үстіне әр адам, театр сахнасында өз орнымен шығады, өз орнымен сөйлейді. Әрі, әркімнің іс-әрекеті де өз бойына лайықты сипатталады. Міне осының өзі, жазушының жанр табиғатын бұрынғыдан тереңірек түсініп, толығырақ аңғара бастағанын байқатқандай.

Сондай-ақ, 1927 жылы қайта қарап, жеке кітап етіп бастырып шығарған «Неке қияр» атты екі перделі пьеса да, драматургия жанр ерекшелігін жете меңгере түскендігін анық аңғарта түскендей. Драматургтің бұл шығармасы да мазмұны жағынан, ел ішіндегі ескілік қалдықтары болған – қалың мал, күйеу келу, қыз айттыру, неке кию, келін түсіру, жеңгетайлық сияқты т.б. көне кәделер сын астына алынады.

Жазушы сахналық бейне жасау жолында, енді саннан сапаға көшеді. Өйткені, әркімге бір жүгіріп шашырамай, ауыл-үй арасына болатын ескі салт салған ылаңның көбін, бас кейіпкер Ыланбай басына шоғырландырып бере білген. Сөйтіп одан, кәдімгідей кесек бейне туғызып, соның негізінде тартыс түйінін шешуге мән береді. Шығарманың негізгі мәні Ыланбайдың іс-әрекеті, қимыл-әрекеті арқылы ұтымды өз шешімін табады. Бұл да жазушының бұрынғыдан бір саты биіктей түскенігін анық аңғартқандай.

Сөйтіп, Бейімбет Майлин, осылайша сатылап өрби отырып, өзінің шығармашылық эволюциясын тереңдете түседі. Оны біз қаламгердің «Жасырын жиылыс», «Келін мен шешей» деген сияқты драмалық туындыларымен бірге, келекеле көп актілі комедияға айналған «Талтаңбайдың тәртібі» шығармаларынан анық аңғарамыз. Әрі бізге, оның «Майдан» секілді шын мәніндегі шынайы драмалық туындысынан дұрыс байқау мүмкіндігіне ие боламыз.

«Майдан» – Бейімбет Майлиннің драматургиясының ішіндегі ең шоқтығы биік көркем туындысы. Онда заман тынысы, өзі өмір сүрген ортаның тірлік-тыныстары, қоғамда болып жатқан түбірлі өзгерістердің түп-төркіні, оның мән-мағынасы жан-жақты көрініс таба түскен. Қаламгер бұл шығармасын 1930 жылы жазып бітіреді де, аса талантты режиссер Жұмат Шанинге ұсынады. Ол оны шапшаң дайындап, 1931 жылдың 14 сәуірінде сахнаға шығарды. Бұл қазақ қоғамының мәдени өмірімізде елеулі оқиға болады.

Шығармада қазақ ауылын колхоздастыру мәселесі көтеріледі. Ол – қазақ ауылының астан-кестенін шығарып, елді ерекше аландата түседі. Мал бағып, жер жыртқан момын шаруаның тыныштығы бұзыла бастайды. Ел тұнығы лайланды. Бір тұтас отырған қарапайым халықтың бірін «бай», енді бірін «кедей» деп, жік-жікке бөле бастайды. Әсіресе, ел арасынан шыққан шолақ белсенділер, бірді-бірге айдап салып, өзара бір-бірімен *жабықтыруға* дейін барды.

Аса талантты қаламгер бұл шындықты өмірден өнерге, ешқандай өзгеріссіз қаз-қалпында таңдаусыз, «шіп-шикі» күйінде қалай болса солай, қайталай салған жоқ. Оны әбден пісіріп ширата түсті де, шындап, шынайылықпен қағаз бетіне түсірді. Ол нақты деректермен затты бейнеге айналдырылды.

Сөйтіп, зейінді де зерделі жазушы, оны аса күрделі де кесек мінезге көшіре білді. Нәтижеде, өмір шындығы өнер шындығына айналды. Мәселен: шығармадан бір мысал келтіре кетер болсақ: «Досан (керуетке отырып, үңіліп оқиды): «Атам, атан, алды! (Күлімсіреп). Бір ай оқығанда кәдімгідей танып алғанымды қарашы... (Тағы оқиды). «Асан колхозға жазылды» (Басын көтеріп). Мен сияқты біреу-ау, ә? Қатынымен ризаласып жазылды ма екен, әлде, мен сияқты жасырынып жүріп жазылды ма екен? (Ойланып). Жасырынды демекші мен қашанғы жасырынбақшымын осы? (Ойланып). Колхозға кірген соң малды бірлестіру керек. Іспесіктің басына: «Досан Қалабаев бір ат, бір сиыры бар» деп жаздырып та қойдым. Ерегіске кеткенде, ала атқа билігім келер, қара сиырды қатын бермей жүрсе қайтем? Жұрттыңқатынындай қай бір сөзге көне қоятын адам ол. Мен бірдеме

айтсам, арс етіп беттен ала түседі... Оңбағыр, кім көрінгеннің тіліне еріп... Әй, үйі күйгір. Мамық-ай, біздің қатынды бүлдіріп жүрген дәу де болса, сен-ау!»

Міне бұл — бұрынғы батырақ, бүгінгі белсенді, партия мүшесі, колхоз басқармасының ағасы Досанның аузынан айтылған монологі. «Әліппе оқығанына қарап, көзі енді ғана қара тани бастаған шала сауатты адам екенін аңдаймыз. Одан арғы ой-толғанысына қарап, өзінің саяси сауаты да енді-енді ашылып келе жатқанын, ұжымдық шаруашылық дегенді өзінше түсінетінін, сондықтан «колхозға кіргенін», бір ат, бір сиырын ортаға салмақ боп «іспесіктің басына» жаздырып қойғанын, бірақ осының бәрін әйелінен жасырып істеп жүргенін, өйткені Пүліш (әйелі) тап дұшпандарының ықпалында күйеуіне қарсы екенін аңғарамыз.

Әрине оны Досанның өзі де біледі, Пүлішті азғырып, жолдан тайғызып жүрген, қу «Үйі күйгір Мамық», Бекболат байдың ақсақ кемпірі екеніндігі анық аңғарылады.

Міне бұлар, колхозға жан-тәнімен қарсы болған байдың бәйбішесі. Оның сөзіне еріп, тұзағына түскен, барынша шалағай, шайпауыз келіншек арасында болған диалог. Шығарма тілін де юмор, сатира да, әжуа, мазақ, кекесін, сықақ та — бәрі бар. Сондықтан «Майдан» аса тартымды, қызық оқылады. Мағына жағынан назар аударар болсақ, ауыл-үй арасындағы өзәзіл әйелдердің өсек-аяны тәрізді көрінеді. Бәрін де күліп қабылдайсыз. Бірақ, тереңірек көңіл бөлсеңіз — арғы жағында улы кекесін, зиянды әжуа байқалады. Яғни, жаңа өмірге жат пиғыл, жан түршіктірер жауыздық жан-жақты аңғарылады.

Сөйтіп, қаламгердің «Майдан» пьессасында қолхоздастыру кезеңінің шындығы кең көрінумен бірге, онда көрініс тапқан ең Пүліш пен Әліш немесе Моргунок пен Олжабек секілді тайғанақ, опасыз типтер болмаса, онда қолға ұстатқандай нақты, әрі затты деректер өз шешімін тапқан деуге болады.

Солай екен, Бейімбет Майлин өзінің «Майдан» атты көркем шығармасында, қазақ аулындағы колхоздастыру кезеңінің күрделі де, ең қиын сырын, қайталанбас көркем шындыққа айналдырып, оны қазақ сахнасына бейімдеп

көрсете алған. Онда, мақсат-мұраттары бір майдандас достар — колхоз бастығы Досан. Ауыл кеңесінің төрағасы Зәуре, партия ұйымының хатшысы Орынбай, өзіндік ерекшеліктерімен көрініс табады. Әрі шығармада жаңа өмірге қашаннан іші жылымайтын, зиянкес шонжар Бекболат баймен, оның адам арбаушы, әзәзіл әйел Мамық. Барынша алаяқ қолшоқпары Көдебай да өз мінездерімен, ұсқынсыз іс-әрекеттерімен өз-өзінен жиіркендіреді. Тіптен, аралықта дел-сал күй кешіп жүрген, тым аңқау, алаңғасар, жарлы Әліш те, ақылсыздықтан арбауға түсіп, азып-тозған «кедейдің кербезі» Пүліш те, шығармада айқын аңғарылады.

### БЕЙІМБЕТ ПРОЗАСЫ

Бейімбет Майлин өзінің ең алғашқы тырнақ алды туындысы «Шұғаның белгісі» атты прозалық шығармасын, 1914—1915 жылы жазып, оны сол кездерде қолжазба журнал болған «Садақ» журналында жариялау мүмкіндігіне ие болады. Қалай дегенде де, қаламгердің дәл осы шығармасы, суреткерлік шеберлік тұрғысынан алғанда, күні бүгінге дейін қазақ хикаятының шебер үлгісі деуге тұрарлық көркем дүние.

Хикаяттың негізгі оқиғасы дәстүрлі қалыпқа түскен, кедей Әбдірахман деген мұғалім жігіт пен Есімбек байдың Шұға есімді асқан сұлу қызына деген ғашықтық жайы сыр шерткен. Жігітті қыз да сүйеді. Әрине ол, байға ұнамайды. Бай оған жала жауып, оны айдатып жібереді. Оған әбден күйзелген Шұға, айықпас дертке тап болады. Бірақ, қызының аянышты халін көрген Есімбек бай, ауыл болысына айтып жүріп, Әбдірахманды лажсыз, абақтыдан босаттырады. Не амал?... Әбдірахман сүйген қызы Шұғаны көруге асығып келсе, қайран ару бұл пәниден біржола қоштасқан екен. Тек қана оның жазып қалдырған хатын оқып, көз жасы көл болады.

Мәселен: аса қысқа он үш тараудан тұратын әңгіме негізінен былайша басталады «— Біз елден шыққанда күнде сәскелікке жақындап еді. Ұшпалы сұр бұлттар көшкен керуен сықылды тіресіп Оңтүстікке қарай жылжып ұшып,

күннің көзі біртіндеп ашыққа шығып, жылы шырайлы нұрын шаша бастады».

Бұл – шығармада көрініс тапқан әсем пейзаж. Дала, күз, сәске, бұлт, күн... Бәрі-бәрі оқырмандардың көз алдына көлбендеп табиғат суреті киліге түседі. Әрине ол, жай ғана сурет емес, жанды сурет, қозғалыста, қимылда. Тіптен бұлттар да жөңкіле көше түседі. Оның үстіне, күннің көзі біртіндеп ашыққа шығады, бұл да қарап тұрмайды, күледі, өз шұғыласын шашады.

Сөйтіп қаламгер өз оқушыларының назарын табиғат суретіне аударады да, онан соң: «Біз екеу едік» деп мәлімдейді. Бұлар кімдер? Бірі – автор, екіншісі, қасына ерген, жолдасы – Қасымжан – «сиректеу сақал-мұрты бар, кара бұжыр». Жазушы портретті де жай сыза салмайды, жандандыратын «Пішініне қарағанда, бір түрлі сөйлемпаз адам» – ретінде тілге алады. Одан әрі, жол бойындағы «Шұғаның белгісі» атанған обашықтан ағыл-тегіл әңгіме туғызып, тындаушысын ұйытып әкетеді. Мәселен: *«Бұл қызық әңгіме, тыңдаңыз, – деді. Сөзді бастап та жіберді».*

Қаламгердің тапқырлығы, тым шеберлігі соншалық, бірінші тарау дәл осылай табан астында әңгімеден-әңгімеге туғызып немесе ол прологке айналып шыға келеді. Сөйтіп ол сюжет, екінші тараудан Қасымжан айтуымен қайта басталады. Мәселен: «Бала күнімізде анау көрінген төбенің басында талай асық ойнап едік... Ол да бір дәурен...Иә..Бұл елдің күзге қарай қонатын жері, жазғытұры барып тамызға шейін отыратын жайлауымыз, бұл көл де «Шұғаның белгісі» атанды, бұрын «Тарғыл өгіз сойған» деуші едік. Ортан қолдай төрт ұлы болды – шетінен қасқыр. Сол төрт ұлдың ортасында бұландап өскен Шұға дейтін қызы болады, Шұға десе – Шұға, өй, шіркіннің өзі де келбетті еді-ау»... дегізеді.

Әрине бұл – сюжеттің басталу экспозициясы. Бір айта кетерлік жәйт, жазушы қаһармандар қарым-қатынасына көшпес бұрын, хал-жағдайы, мезгіл-мекенді, болашақ оқиғалар орнын қойып алған соң, осылайша оқырманның көзі мен көңілін бірдей ұйыта түседі. Әрі аңыздап, суреттеп келеді де, үшінші тарауда сюжеттік байланысқа (завязка) – шығарманың негізгі арқауы етіп, тартыстың туу себебіне ойысады.

«Шұғаның белгісінде» негізгі сюжеттік даму (ситуация), тек қана адамдар тағдырына байланысты өрби түседі. Сондай-ақ, тоғыз (IV–XII) тарау, түгелдей бір арнамен жылжып, бір желіге құрылғандықтан түрлі-түрлі ситуация, қатқабат ишеленістер кең өріс ала түседі.

Әбдірахман мен Шұға бір-біріне ғашық, бірін-бірі көрмесе тұра алмайтын жастар. Оның үстіне, Әбдірахманды өз қызы Күлзипаға үйлендірмек ниеті бар Айнабай деген, бірді-бірге соғып, екі елдің арасына от салып жүретін бір қызыл көз пәлеге ұнамайды. Ал ол Есімбекті құтырта түседі. Тіптен ол онымен де қанағаттанбай, «Әбдірахманды басқа жолмен мүдіртуге» кіріседі. «Түріктерге жасырын ақша жиып жүр» – деп үстінен арыз беріп, ақыры оны қамауға алғызады. Оны ақын:

*Жүзі құбыла, сөзі құран Шұғамның,  
Бір Шұға үшін жанды құрбан қыламын.  
Кетерімде арманда боп сүйе алмай,  
Еңіреп жылап «Қалқам!» деді-ау шырағым! –*

деп, айтқызады.

Шығарманың шарықтау шегі – кульминациясы – Шұғаның аса қатты құса боп, ауруға шалдығуы. Әрі, өз қызының оңалмас түрін көрген Есімбектің, Әбдірахманды амалсыз тұтқыннан босатуы. Дегенмен Шұға, сонда да жазылмайды. Мәселен қыз аузынан:

« – Жазылып керегі не? – дейді ол, Қасымжанға: – «Бәрібір мен бақытты бола алмаймын. Әкем аяса, менің дертім жаныма батқан соң аяп отыр... Өлем деп те арман қылмаймын. Жалғыз-ақ арманым бар – түнеугі көргенде Әбдірахман бір ауыз сөз айта білмеді. Бір көріп сөйлесіп, жаным шығарда «Шұғам» деп бетіме бетін тигізсе, бар арманым бітіп, дүниеден армансыз өтер едім... Әй, ол жоқ-қой!...» – дейді, екі көзіне әлі жетіп.

Міне бұл – Шұғаның ең соңғы сөзі. Сонымен бірге шығармада, дамыған барлық ситуацияның ширығып, шиыршық ата шиеленісе түскен тұсы.

Бұдан әрі даму, өрбу, биіктеу болуы мүмкін емес. Композициялық жағынан аса шебер құрылған сюжет, өзінің

шарықтау шегіне осылайша шалқып, бір шешімге дәл осыдан соң барып тіреледі.

Ерекше ұқтыра кетерлік жәйт, Бейімбет Майлин басаяғы жиырма шақты жыл ішінде, жүзге тарта новелла жазған. Ең бір қызығы, ақын өз өлеңдері мен поэмаларын бір-бірімен ажыратпағаны сияқты, әңгімелерін де хикаяттарынан бөле-жара қарамаған. Өйткені қаламгер «Шұғаның белгісін» әңгіме деп атаған. Тіптен ол өзінің ең ұзақ «Қырманда» шығармасын да «хикаят» деп атамай, 1933 жылы «бес-алты баспа табақ көлемінде әңгіме жазып беремін-ау» — деп жазған болатын.

Бұл әңгімесінде жазушы, көшпенділермен бірге колхозға кіріп кеткен, қылмыскер байлардың ашылғанын, олардың қырманмен бірге тазарғанын көрсетуді басты ниет етеді. Солай екен, қаламгердің бүгінгі таңда орта көлемді эпикалық түр ретінде талданып жүрген он-он бес әңгімесінде қамтылған негізгі оқиғалардың көлемі де, мазмұн тереңдігі де әр түрлі.

Бір айта кетерлік жәйт, Бейімбет Майлиннің прозасы да, поэзиясы мен драматургиясы сияқты, бәрі дерлік ауыл өміріне арналған. Ауыл өмірін түбегейлі өзгертіп, қайта жасамақ боп, оның өңін айналдырып бара жатқан беймаза уақыттың мінезін бейнелеуге арналған. Ондағы бас кейіпкерлердің барлығы дерлік — кедей, жарлы-жақыбайлар. Оны өзі таныған адам кескінін де, заман келбетін де өзгелерге тек осылар арқылы көркем жинақтап танытуды басты ниет еткен. Мәселен қаламгердің «Сексен сом» атты әңгімеде, бас кейіпкердің кедей екені ашық айтылмайды. «Егеубай ертенгі шайын ішіп тысқа шықты. Жапырайған қорасының құлап жатқан бұрышы көзіне шалынды. Темір күрегін алып, құлаған шомды үйе бастады. Албарда тұрған көк шолақ ат, күректің тықырымен Егеубайды танып, жем іздеп оқыранып қойды» — дейді.

Міне бұлар — жай сөз емес, жанды сурет. Егеубай тысқа шығып еді, көргені — жапырая құлаған қора, мал дегенде көзге ілінгені — жалғыз ат, үйге кірсе — қатыны, Егеубайдың тозған киімін жамап отырады. Оның қатынының: «Осы үйде бүгін бір түйір шай жоқ» — деген сөзінен оқырмандар оның кім екендігін анық аңғарады.

Жазушының «Айранбай» атты шығармасы терең психологиялық әңгіме. Мұнда қашан көрсен де «көйлексіз, жеңсіз күртеше тонды жалаңаш етене киіп алып, қабағы бір түрлі тұнжыраңқы, әлденеге кейігендей, әлдекімді түтіп жеп қойғандай болып отыратын» – дейді. Айранбай етікшінің өзімен аталас Кемелбай, бай-шонжарға тәуелділіктен біржолата бас тартады. Енді оның «қазына асырайды» деп, «коммуниске жазылғаны», сөйтіп кедейдің жаңа тұрмысы құрмақ болған санасы, қалай «төңкерістік» бұрылтпас психологиялық дәлелдермен аса нанымды суреттеледі.

Сондай-ақ, оның «Арыстанбайдың Мұқышы» деген әңгімесі, не бәрі төрт-ақ бет. Солай бола тұрса да, осының өзі – кішкене әңгімеге аса үлкен шындықты сыйғызып, ол шындықты шыңдап қана қоймай, тастан қашалғандай типтік дәрежеге көтереді.

Қорыта айтқанда, Бейімбет Майлин ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінде поэзия, проза және драматургия жанрларын асқан шеберлікпен биікке көтерген аса талантты қаламгер.

#### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Майлин поэзиясының идеялық-тақырыптық негіздері қандай?
2. Мырқымбай бейнесін сипаттап беріңдер. Ол негізінен қандай бейне?
3. Майлин поэзиясында төңкеріс поэзиясы қандай шешімдерін тапқан?
4. Б. Майлиннің «Шұғаның белгісінде» ұлттық ерекшелік қалай көрініс тапқан?
5. Майлин ақындығының қазақ поэзиясындағы орнын көрсетіңдер.
6. Бейімбеттің юморы мен сатирасы туралы айтып беріңдер.
7. Майлин драматургиясының тілі жайлы не айта аласыңдар?







## ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ (1894–1938)



Кезінде қазақ поэзиясының Құлагері атанған Ілияс Жансүгіров, 1894 жылы бұрынғы Қапал уезі, Ақсу болысында, бүгінгі таңдағы Талдықорған облысы, Ақсу ауданына қарасты елді мекенде өмірге келеді. Бірақ анадан жастай жетім қалғандықтан, көзі ашық, көкірегі ояу, ұста әрі дарынды домбырашы, әкесі Жансүгірдің тәлім-тәрбиесін алып өсе бастайды.

Әкесі тәп-тәуір хат танытын болғандықтан, ескі шағатай тілінде шыққан кітаптарды үйінде сақтаумен бірге, аңыз-әңгімелерді, хисса-дастандарды, шежірелерді жақсы білетін әңгімешіл адам болған көрінеді. Сондықтан да Ілиясқа аңыз-әңгімелер, ертекттер, хисса-дастандар айтып беру арқылы, оның ақындыққа деген ынта-жігерін ерте оята бастайды.

Оның үстіне, халқымыздың құт-берекесі дарыған, ежелден-ақ, ақындық пен батырлық, даналық мекені болған Жетісу өңірінде дүниеге келген Ілияс, жас кезінен бастап-ақ, ән мен жырды, өлең мен күйді тындап өседі. Кіп-кішкентайынан-ақ өмірге аса зерек болып келген Ілияс, ел даналығының дариясында еркін жүзіп, уызға жарып, асыл байлықты бойына сіңіріп өседі.

Алғаш өз үйінде, өз әкесінен хат таныған балаң жас, онан соң ауыл молдасында оқып, сауатын одан әрі жетілдіре түседі де содан соң «Қарағаш» деген жердегі елді мекенге барып, онда татар үлгісіндегі мектепте оқиды. Әр түрлі пәндерден сабақ алады.

Бұдан кейін тұрмыс жағдайы билеп, шаруа күйттеп, тіршілік қарбаласына араласып кетеді.

Әсіресе оның ақын боп қанатын кең жая түсуінде өз септігін тигізсе, Абай поэзиясының ықпалы аса зор болады. Ілияс 1920 жылы Алматыға келіп, ондағы үш айлық мұғалімдер курсы бітіреді. Онан соң Ташкенттегі Қазақ ағарту институтының жанында ашылған қысқа мерзімді курсқа оқуға түседі де, онда бес-алты ай оқығаннан соң, денсаулығының нашарлауына орай, өз ауылына қайтып келеді. Бірақ ол, Ташкентте оқып жүрген кезінде, сонда қазақ тілінде шығып тұрған «Жас қайрат» газетінде, біраз уақыт корректор болып та жұмыс істейді.

Өз ауылына келгеннен соң мұғалім болып қызмет атқара бастайды. Нәтижеде, дауылды жылдардың күрес-тартыстары, жас мұғалімді өз толқынына тарта бастайды. Содан ол, біраз уақыт Қазақ ағарту институтында, Жетісу облысының Қосшы комитетінде, губерниялық оқу бөлімінде қызметтер атқарады. Оның үстіне, Ілиястың «Тілші» газеті редакциясында жұмыс істеуі, экспедицияға шығып ауыз әдебиеті үлгілерін жинауы, оны жылдан-жылға ширатып шындай түседі. Әрі, Абай өлеңдерін оқып, поэзияның негізгі сыр-сипатын тереңірек ұғына бастайды. Нәтижеде, өрімдей жас азаматтың қызметтен тыс уақытының барлығы дерлік кітап, газет-журнал оқуға кетеді. Әрі өз көкірегін жарып шыққан сырларын да ақ қағаз бетіне түсіруге ұмтылады. Соның нәтижесінде, өзінің ең алғашқы өлеңдерін «Тілші», «Кедей еркі» газеттерінде, «Жаңа мектеп», «Әйел тендігі» журналдарында жариялай бастайды. Сөйтіп оның ең алғашқы тырнақ алды туындысы, 1927 жылы «Беташар» атты үгіт-насихат өлеңі жарық көрсе, 1928 жылы тұңғыш кітап, тұнық ойлары «Сағанақ» деген атпен жарық көреді.

Ілияс Жансүгіров 1927–1937 жылдар аралығында поэзия, проза, драматургия, сын және аударма салаларында өнімді қалам тебірентіп, 20 дан астам кітап шығарып, өз соңына аса бай әдеби мұра қалдырды. Мәселен: оның лирикалық шығармаларымен бірге, «Дала», «Күй», «Күйші», «Құлагер» атты поэмалары, сондай-ақ «Жолдастар» романы мен оның «Кек», «Түрксіб», «Исатай-Махамбет» сияқты пьесалары, казак әдебиетінің даму тарихында, оның алтын қорына

өлмес туындылары да қосылды. Сөйтіп Ілияс, не бәрі 10 жыл ішінде, осыншама көркем шығарма беруінің өзі, оның аса кең тынысты кемеңгер қаламгер болғаныдығын жан-жақты аңғарта түссе керек.

1928 жылы Мәскеудегі журналистика институтын бітіріп, елге оралған соң Ілияс Жансүгіров, алғаш «Еңбекші қазақ» газетінің редакциясында қызмет істеп, қазақ баспасөзінің қалыптасуына бір жөн үлестерін қосады.

Шын мәніндегі аса дарынды қаламгер, үлкен мәдениет қайраткері 1934–1935 жылдары Қазақстан көркем әдебиет баспасында, «Поэзия» бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарады. Онан соң, 1934 жылы болып өткен КСРО Жазушыларының I съезінде сөз сөйлейді. Әрі, кейін келе республиканың әлеуметтік өміріне белсене араласа бастайды.

Не шара? Міне осындай кең тынысты кемеңгер қаламгер, 1938 жылы «халық жауы» ретінде айыпталып, не бәрі 44 жасында, кеңес үкіметінің жауыздық саясатының құрбаны болады.

## АҚЫН ПОЭЗИЯСЫ

Аса талантты ақын Ілияс Жансүгіров, өзінің 1928 жылы жазған «Қысқаша өмірбаяным» атты еңбегінде: «Хат білген соң өлең кітап оқығыш болдым. «Қыз Жібек» хиссаларын мен оқығанда талай жан жылайтын. Кейін аймағымыздың, ауыл бозбаласының өлеңшісі болдым. Жарып той бастап, таңдап әріптес алып айтысып, «құтырған» күндер өтті. Түнгі тойды таңға тарқатпай, ауыл әлеуметін ауызға қаратқан күндер өтті», — деп жазды.

Әрине ақынның бұл сөздерінен, поэзия әлеміне тым ерте, жас кезінде кіріп келгендігін анық аңғарумен бірге, оның жан-жақты дарын иесі болғандығын да байқаймыз. Табиғатынан аса дарынды болып өмірге келген Ілияс, бір естіген әнді де, бір рет тартылған күйді де лезде-ақ ұғып алатын, аса зейінді болғандығын көреміз. Екіншіден, бір жырланған дастанды да қолма-қол қағазға түсіріп алатын ауыз әдебиетін жинаушы болғандығын аңғарсақ, үшіншіден естігенін ұмытпайтын құйма құлақ, аса зерделі екендігін сеземіз.

Соның нәтижесінде Ілияс, ең алдымен халық ауыз әдебиетінің бай қазынасын бойына сіңіріп өсумен бірге, өзі де сал сері болып, айт пен той-жиындар да, қыз ұзату мен шілдеханаларда, өзі де ән салып, күй тартып, терме айтып күллі жұртың сезіміне нұр құя білген, сері жан болғандығы да анық аңғарылады. Тіптен, келіннің бетін ашып, өлгенге жоқтау шығарып беріп, ел ішінде Жансүгірдің ақын ұлы атанады.

Оның үстіне, қазақ тілінде шыққан газет-журналдарды, ағартушы-демократтық бағыттағы кітаптарды құныға оқуы, өрімдей жас ақынның жазба әдебиет дәстүрлерін үйренуіне, ой өрісінің кеңейіп, білімінің артуына, саяси-әлеуметтік көзқарасының, қалыптасуына аса үлкен ықпалын тигізеді.

Сөйтіп ол, ұлы Абайдың ақындық мектебінен шыққан, аса көп қисса-дастандардың авторы болған, белгілі сазгер, тамаша әнші, сегіз қырлы, бір сырлы ақын – Әсет Найманбаевты (1856–1923) көп есітіп, оны көп тыңдап өседі. Сөзі нәсерлеген – жаңбырдай, дауысы – дауыл Әсетпен, алғаш қалай кездескенін, оның өнерінен, әнінен алған әсерлерін, өзінің 1923 жылы жазған «Тұңғыш тоғысу» атты өлеңінде, емірене еске алып, оның ғаламат талантына бас иеді.

Бұрынғы ақындарша ауызша, қолма-қол айтып тастайтын, суырып салма өнермен қатар, Ілияста өленді қолма – қол жазуға да машықтанған, жас қыран поэзиясында, 1916 жыл оқиғасы ерекше орын иелеген.

Ақынның өзі «Қысқаша өмірбаянында» көрсеткендей, бұл кезде ол Абайдың, 1909 жылы Петербургте шыққан бірінші өлеңдері жинағын қолына түсіреді. Бұрын, данышпан ақын өлеңдерін Әсет арқылы естіп, тыңдап, одан ғажап әсер алған болса, енді ол Абай өлеңдерін қолына алып, күндіз-түні қайта-қайта оқиды. Сондықтан да оның, 1915–1920 жылдары жазған тырнақ алды туындыларына тереңірек назар аударсақ, онда Абай дәстүрі, оның игі әсері анық аңғарыла түседі.

Ілияс Жансүгіровтің 1915–1916 жылдарда жазылып, қолжазба күйінде сақталған алғашқы өлеңдерінде ол, өз заманының көкейкесті, өзекті, әлеуметтік мәселелеріне үн қосады. Әрі, сол дәуір алға қойып отырған сұрақтарға жауап

іздеу сарындары бары анық аңғарылады. Мәселен ақынның «Арман» атты өлеңіне назар аударалық;

*Мезгіл барма құтылар  
Шынжырлаулы тағдырдан, —*

деген жолдардан, ақынның қоғамдағы теңсіздіктің сырларын түсіне бастағанын көреміз.

Бұл байламды біз ақынның «Көңілдің жүгірісі», «Өзіме», «Сәлемдеме» деген өлеңдерінен де анық байқау мүмкіндігіне ие боламыз. Мәселен ақын:

*Өнерге ұмтыл, өнерді біл, замандас!  
Қарап, жатпа, заманынан хабарлас!  
Ынта салсаң, білім туын қолға алсаң,  
Теңдік тиер, ешкім күйе жаға алмас!*

дейді.

Бұл күллі жұрт ортасына ұран тастағандай. Міне мұндай ойлар, сол тұстағы қазақтың ағартушылық-демократиялық бағыттағы ақын-жазушыларының эстетикалық ой-принциптерімен сарындас, үндес десек, ол артық айтқандық емес. Шындығы да солай.

Ақынның «Маңым», «Жыбырлақ», «Жаңылғаным», «Талғамалар» сияқты т.б. өлеңдерінде де надандықты сынау, оқу-білімге үгіттеу, адамгершілікті құрметтеу әуені байқалумен бірге, оларда тәлімдік-тәрбиелік мән де айқын. Дидактиканың элементтері де бар.

*Балаңды бер сабаққа,  
Қойға айдама тымпыңдап!  
Арттан өсек сөйлеме,  
Көрнеу көзге жылпыңдап! —*

деген өлең жолдарынан Абайдың идеялық ықпалы анық аңғарылады.

Ақын өзінің «Ынтықтар» атты өлеңінде, жұлдыздар жымындаған, ай жарық түнде, тал перде жамылып, көк шалғында кездескен екі жас, бір-біріне қия алмай, таң алдын-

да әрең қоштасады. Қос ғашықтың қайғысы да, мұнды да, шерлі жанға ой салады. Тіптен, ақынның «Әншіге», «Бұл-бұлға», «Өзіме» деген сияқты бір топ өлендерінде де, қалықтата ән салған, бебеулете күй тартқан, бұлбұлдай ән шырқаған, жез тандайларды сөйлетіп, өмір күресін адал жырлауды мақсат тұтады. Ілияс лирикасының бас қаһармандары, міне осылар.

*Ұйықтап жатқан көңілді өлең түртер,  
Қайғы, зарын, қуанышын жақсы тінтер.  
Жүрегімнің айнасын шаң басқанда,  
Орамалым осы өлең бетін сүретер, —*

деп, поэзияның қоғамдағы орнын образды суретпен өте тамаша бейнелейді.

Сондай-ақ ақынның 1917 жылы жазған «Тілек» өлеңі, оның алғашқы кезеңдегі тақырыптық-идеялық ізденістерінің бір қорытындысы секілді, көркем туындысы.

Мәселен ақын, өзінің 1920 жылы жазған «Арыным» атты өлеңінде, лирикалық кейіпкерін мүлде өзгеше қырынан көрсетуге айрықша мән берген. Мәселен:

*Алқынамын, басылмайды арыным,  
Тау селіндегі екпін, қайрат, сарыным.  
Жарлы-жалшы, жақыбайды жарылқау —  
Жандағы ауру, жүректегі жалыным.*

Міне мұндай ерен ойлы сарындар, ақынның «Жас бұлбұлдарға» (1921), «Жастар ұраны» (1922), «Тілек» (1922), «Жанар тау» (1922) өлендеріне де, өзінің шынайы шешімдерін таба түскен.

Оның үстіне, енді ғана теңдік алып, кейбір әлеуметтік іске белсене араласа бастаған, қарапайым еңбек адамдарының нақты өкілдерінің бейнелерін жасау мақсатында туған, дүниеге келген «Жас жалшыға» (1923), «Баспаханада қыр қазағы» (1923), «Кедей тойы» (1923), «Қойшы ойы» (1923) деген сияқты өлендерінде, шаруа адамының келбетін, бет-бейнесін көз алдына елестете түсетін көркем туындылар:

*Адырайып тамырың,  
Балшықты балтыр балағың.  
Күн жеген қара жауырын,  
Қарында айран, шалабың.  
Топырақ шашып, жер айдап,  
Жалтылдап ақ кетпенің.  
Жұлма құлақ, су байлап,  
Жырым етек шекпенің.*

деп ақын шындық бетін шынайы аша түседі.

Бұл өлең жолдары өмірдің тура өзінен алған диқанның жанды бейнесі. Міне осылай, шынайылықпен дәл анық сипатталған көркем шығарма десек, ол артық айтқандық емес.

Әрине, жаңа өмір салтанатын құру үшін аса қажетті, тым басты құралдың бірден-бірі — оқып, білім алу, тәлімді-тәрбиелі болу деп білген ақын, бұл тақырыпты да өзінің «Жастар» (1924), «Саналы жастарға» (1924), «Оқимын» деген (1925) өлеңдерінде жан-жақты аша түскен. Мәселен ақын:

*Жас мұраты, білім, тәлім талабы,  
Таудай болсын, оңалуға алабы.  
Жас қанжары — жүректегі жігері,  
Өнер, оқу — жастың қару-жарағы, —*

деп толғайды.

Әсіресе ақынның «Оқимын» өлеңінде, «Баласынан анасына хат» (1927) өлеңіндегі шәкірт сөздері, төңкерістен кейін оянып, қалаға білім іздеп барған қазақ жастарының ой-санасын, түйсік-сезімдерін, ілгері ұмтылған ізденістерін көрсетуге айрықша мән береді.

Оның үстіне, Қазан төңкерісінің тарихи мәні, оның сабақтары, әлеуметтік тыныс-тіршілігі, ақынның саяси лирикасындағы арнаулы тақырыптарының бірі ғана емес, бірегейі болды. Бұл орайда жазылған өлеңдерінде ақын — толғау, терме формаларын пайдаланады. Мәселен: «Ұлы күнде» (терме түрінде 1923), «Май тойында» (1923) сияқты т.б. өлеңдері мадақ жыр үлгісінде, аллегориялық кейіптеу тәсілін қолданған.

Сондай-ақ, төңкеріске қарсылық көрсеткен, (ЖЭС – жаңа экономикалық саясат) жаңа заманында, көзге түскен кейбір өтірік белсенділер, дүмше молдалар да ақынның сатиралық туындыларында сынала түскен. Оны қаламгер өзінің монолог, диалог формаларындағы өлеңдерінде, шағыншағын скетч, драмалық шығармаларында сын астына алды. Бұл орайда оның «Некешілдер» (1921), «Ала бие» (1922), «Саудагер тамашасы» (1923), «Ит-ай» (1923), «Белсенділерге» (1927), «Шошқа» (1931) сияқты т.б. сатиралық, юморлық ирониялық шығармаларынан анық аңғару мүмкіндігіне ие боламыз.

Ақын поэзиясында табиғат лирикасы да кең көрініс тапқан. Әсіресе ақын өзінің туған жерін, өз елінің тау-тастарын, өзен-көлдерін ерекше емірене жыр жолдарына қосады. Оның нақты географиялық адресі жан-жақты ашыла жырланған. Бұл орайда ақынның «Ағынды менің Ақсуым», табиғаттың бір сәттегі көрінісін бейнелейтін «Ақшам», «Бұлт», «Желді күн», «Жазды таң», құбылысты көз алдыға әкелетін «Жауында», «Жел», «Тас» сияқты өлеңдерін тілге алуға болады.

Әсіресе, қазақ поэзиясында ұлы Абай қалыптастырған табиғат лирикасының ілгері дами түсуі, Ілияс Жансүгіров есімімен тікелей байланыстыра қарау керек. Мәселен ақын, табиғаттың дәстүрлі маусымдарына арнап жазған «Жазғы сағымда» (1922) атты өлеңінде:

*Күркіреп, күңіреніп, ұласып аспан,  
Сіркіреп, бұлт тұмшалап, жауар жаңбыр.  
Дүркіреп жауқазындар, жарар гүлін,  
Үлбіреп өнер шөптер, құлпырар қыр.  
Жалтылдап жүнін тастар тай-тайлағы,  
Бақылдап көлде қиқу – шағала, қаз.  
Былқылдап малға толар қырдың қойны,  
Сылқылдап әзілдесер, күлер сылқ-сылқ.*

Иә, ақын, он бір буынды тармақтың әдеттегі өлеңдегідей, соңғы бунақтары емес, бастапқы сөздерді ұйқастыра түскен. Бұлай ұйқастыру, қазақ поэзиясында өте сирек кездесетін, жаңа формадағы үлгілі өлең.



Ақынның «Жазғытұрым», «Жазғы шілде», «Күз» (1923) сияқты өлеңдері негізінен жыл мезгілдері, табиғаттағы өзгеріс еңбек әрекеттерімен сабақтастырыла жырланған, аса көркем табиғат лирикалары.

Жоғарыда тілге алынған тәсіл, қазақ халқы үшін ең бір қаһарлы маусымды бейнелейтін «Қыс» (1922) өлеңінде де өз көрінісін анық таба түскен. Мәселен:

*Қыс, қар, мұз, қырау, қылау — жерді көміп,  
Бұлт бүркеп, тұман төніп, баса шөгіп,  
Жер-көкті аяз бүріп, қызыл жалап,  
Бұрқ-сарқ боран құсып, шашып, төгіп —*

деп басталған өлеңінде, бірте-бірте тұрмыс-тіршілік әрекеттері, шаруаның көңілсіз күйлері, әлеуметтік теңсіздік мәселесі анық аңғарыла түседі.

Әсіресе ақын жаз, күз, қыстың кескін-келбетін қолмен сызғандай етіп бере алған. Өлеңде терең әлеуметтік мағынаны, пейзаждық лирикаға сыйдырған. Өлеңнің әрқайсысы 8 тармақты 3 шумақтан тұратын өлеңдері арқылы ақын, қазақ өлеңінің құрылысына формалық жағынан жаңалық енгізген.

Мәселен ақынның «Мезгіл суреттері» (1923) атты өлең туындысы былай басталады:

*Жерің анау —  
Жасыл жолақ кілемдей.  
Желің мынау —  
Жігіт айтқан өлеңдей.  
Көлің анау —  
Той ғып жатқан ауылдай.  
Күнің мынау —  
Елжіреген енеңдей.*

деп, тамылжыта түседі.

Бір айта кетерлік жәйт, табиғат лирикасындағы ақын ізденістері алуан түрлі. Мәселен: ақынның пәлсапалық сипаттағы, қоршаған ортаның тамаша көріністерін, табиғат құбылыстарын, адам басында болатын жағдайлармен астас-

тыра, қоғамдық іс-әрекетермен сарындастыра, символикалық сипат бере алатын «Желді күн» (1924), «Бұлақ бойында» (1924), «Көлге» (1924), «Ауылдың алды» (1926) сияқты т.б. өлеңдері оқырмандарды өз жетегіне үйіре түседі. Мәселен, ақын өзінің «Желді қарағай» өлеңінде:

*Жайлауым желді қарағай,  
Жайлауында елі жарасқан.  
Жанымда жайлау жағалай  
Жанса қалай жақ ашпан.*

десе, «Ауылдың алды» өлеңінде:

*Ауылдың алды айдын көл,  
Айдын көлде шағала.  
Айдын көлді жағалай  
Айнала қонған қалың ел.*

Сөз суреті бірінші өлеңде, жасыл бояумен өрнектеле түссе, екінші өлеңінде ақ бояу басым екендігін анық аңғаруға болады.

Ақынның табиғат лирикаларының ішінде ұлттық бояуы ерекше қанық, әсіресе қазақ тілінің бейнелеу қуатының аса күштілігін көрсете алатын, ерекше бітімді, стильдік-көркемдік жағынан да айрықша көзге түсетін өлеңдерінің бірі — «Жетісу суреттері» (1925).

Оның «Жалпы сын», «Тау суреті», «Жетісуда су суреті», «Жетісу жәндігі», «Жер түгі» деген сияқты тараулардан тұратын, бұл көркем туынды, аса талантты ақынның қолынан шыққандығын анық аңғарта түскендей. Әсіресе, оларда құлпырып жайнаған мың сан майлы бояуы, тамаша сипатталған көріністер сериясы, бәрі-бәрі кескін өнерінің кемел полотносы сияқты. Оларда көрініс тапқан Тарбағатай, Алтай, Жоңғар, Алатау сілеміндегі белгілі-белгілі таулардың сөз суретіне айналуы, ақын құдіреті, ақын кемелгерлігі деуге тұрарлық жәйт. Мәселен:

*Қарқара қалың қазақ көбесіндей,  
Албанның албырт, ерке енесіндей.*

*Қарағай қапталдағы, жыныс арша,  
Қыдырлы малдың құтты енесіндей.  
Текестің көкке өрлеген тік қиясы,  
Сымпып сол маңайдың төресіндей,  
Мың жылқы мыжырая жантайысқан  
Өзгесі жүгініскен төрешідей.*

Табиғаттың тылысым сырларын ерекше ыстық сезіммен сезіне білген ақын, Ыстық көл, Балқаш көлді, Шу, Іле, Шелек, Көксу өзендерін, тау-тасты, қалың жынысты, өзен-көлді емірене жыр жолдарына қосады. Оның айналасын мекен ететін сілеусін, аю, бұғы, бұлан, қасқыр, шиебөрі, қарсақ, сусар, бұлғын, жанат, таутеке, арқар, құлжа, қарақұйрық, марал секілді аңдарды да сырт қалдырмайды.

Оның үстіне ақын өзінің жеңгенің монологі түрінде жазған «Сабын» (1925) өлеңінде, дыбыстық үйлесіммен бірге, онда өте әдемі гармония бар. Мәселен:

*Сақарың еді сексеуіл,  
Сабыным сағызша оралшы.  
Сабыннан ырым етуші ек,  
Оралсаңшы ісім, оралшы.*

Бұл ақынның тұрмыс-салт жырларының әуенімен бас-талған көркем туындысы. Онда қимыл, іс-әрекет динамикасын бере отырып, надандықты, ескілікті, қараңғылықты мінеп-шенейді де, халықты тазалыққа, еркіндікке, сұлулыққа баули түсу сарындары анық байқалады.

*Ауру-ылас, кір-қолаң,  
Ауыртып еді мазаны ап.  
Арылта жауып, сабындап  
Алайын бәрін тазалап, —*

деген өлең жолдарында, жана дүниенің жаңғыра түскен замана сарыны көрініс тапқан.

Сондай-ақ оның, жеңгенің монологі формасына келетін «Ұршық» (1927) өлеңінде де, ақында тамаша тапқыр-

лық пен еңбекші әйелдің қулықы мінезі де, өз көрінісін таба түскен. Мәселен:

*Оймышты ұшқат, ырғай сап  
Ұршығым сені қолға алам.  
Ұршығым-ұшқыр нар тайлақ,  
Жез бұйдалы – желмаям.  
Желмаям желші, нартайлақ,  
Тартына берме тайтаңдап.*

Не бәрі он-ақ тармақтан тұратын «Сапты аяқ» (1925) атты өлеңі, аса тамаша суретшінің қолынан шыққан. Эрмитажға қоюға бола салатындай, өте тамаша реалистік суретті келбет бола салғандай. Алдымен саптыаяқтың сырт кескіні сызылумен бірге, онан соң оның түсін беретін бояу жағылғандай. Мәселен ақын:

*Қарынсау, қара тегештей,  
Қара қоңыр саптыаяқ.  
Дөңгелек қарын, кемештеу,  
Ақжан ернеу, аққабак.*

Өленде одан әрі, саптыаяқтың тұрмыста қолданылуы, өмірдегі қажеттілігі, аса тартымды образды сурет арқылы көзге елестетіп, өрнектей түскен. Оны ақын?

*Шығыршығы шыңғырлап,  
Айнымайды қарбыздан.  
Тау суындай сылдырап  
Құйылса қымыз құнды.*

Ақын өз өлеңінің соңында, халық қолданысындағы қарапайым ғана затты, бірақ оны адам өмірінде аса қажеттілігін ескерте отырып, енді оның ескерткішке айналып кеткен саптыаяқты, бірнеше метафора арқылы, символға айналдыра түседі. Мәселен:

*Қабакқа біткен қайыңның  
Беріші еді, безі еді.*

*Өтіндей-ақ аюдың  
Әкемнен қалған көз еді.*

деп ақын, аса тамаша байлам жасайды.

Оның үстіне, ақын өлеңдерінде халықтар достығы, ынтымақ-бірлігін жырлауға арналған «Мәскеу-Қазақстан» (1930) деген ұзақ толғау өлеңі, негізінен «Аттаныс», «Жол», «Ежелгі дала», «Жау жорық», «Саят», «Қимыл», «Келген кім?», «Шеф Мәскеу», «Біздің орда», «Қош келдің», «Көмегің» деген бөлімдерден тұрады.

Онда ақын тарихи кезеңдерге шолу жасай отырып, әр түрлі тартыс кезеңдерді еске түсіреді. Күні біткен кешегі патшаның отаршылық саясатын, қанаушылық езгісін айыптай түсіп, ақын ерекше ыстық ықласпен ел бірлігін, халықтар достығын биікке көтере мадақтайды. Мәселен:

*Сол Қойқап мынау Кавказ көлбеу жатқан,  
Батыстан, Шығыс беттеп өрлеп жатқан.  
Қос теңіз бас-аяғын қойнына алып  
Құшақтап ертелі-кеш тербеу жатқан, —*

деп бейнелеген ақын, бұрын ешкім айтпаған сурет жасайды.

Ақын поэзиясының тағы бір қыры, оның халықаралық тақырыпқа жазған өлеңдері деуге болады. Ондай өлеңдерінен идеялық-көркемдік нысанасын анық байқай аламыз. Мәселен оның «Саясат қошқарлары» (1922) өлеңінде — Франция, Германия, Америка, Жапония сияқты капиталистік елдердің бір-бірімен итше ырылдасқан алауыздығын, сатиралық тілмен мінеп-шенейді.

Ақынның Париж коммунасы трагедиялық опатқа тап болғанымен, оның ісі одан әрі өз жалғасын тауып отырғанын, өзінің «Коммуна» (1925) атты өлеңінде ашық тілге алады. Ақынның тағы бір халықаралық тақырыпқа арналған — «Гималай» (Жиһангер жайлаған шығыс) (1929) атты көркем туындысы.

Глияс Жансүгіров поэзиясында 7–8 буынды қара өлең үлгісімен жазылған өлең түрі де, кезекті ұйқастармен араласа түсетін 10 тармақты, 12 шумақтан тұратын өлеңдері де

баршылық. Бұл ретте ақынның «Сұрау» және «Жауап» деген, екі бөлімнен құралған өлеңін тілге алу қажет. Мәселен: Бірінші шумақта ақын:

*Ақшалап басын қар көміп,  
Аспанның төсін арда еміп,  
Анасындай алтын күн  
Сел жіберіп бір жуып,  
Жел жіберіп бір желпіп,  
Әлсін-әлсін нұр сеуіп,  
Есейген асқар Гималай, –*

деп, табиғаттың тамаша жаратылысын – алып таудың көркем суреті жасалады. Ақын өз өлеңінің соңғы жолдарында контрастылық мағынада, риторикалық сұрау қояды. Мәселен:

*Сол күннен нұр ала алмай,  
Басы – мұнар, бауыры тар,  
Гималай асқар неге олай?*

Сөйтіп ақын, әр түрлі көріністегі, қаһарлы да сесті таудың пішінін өте тамаша бейнелей келіп, оны Абайша жанды қалыпқа түсіреді. Өйткені оны «көзі соқыр, көңілі тас» дейді. Тіптен ақын «жазықта аттай жарысқан, иығында жіптей күрмеліп жатқан, сылдыр-сылдыр сөйлесетін өзендері бар» – дей отырып, Гималай тауын адам кейіпінде, «оның қабағы – құз, мұрны – мұз» – дейді.

Нәтижеде ақын, оқырмандар көз алдына, ғасырлар бойы империалистік елдердің табанына түсіп әбден тапталған, байлық-дәулеті тоналған ретінде тілге алады, әрі, өз еркіндігінен, бас бостандығынан айрылған, Шығыс елдерінің отаршылық шырмауында әбден күйзеліп, іріп-шіріп, есенкіреген трагедиялық қалпын көз алдына елестете түседі.

## АҚЫН ПОЭМАЛАРЫ

Лияс Жансүгіров қазақ поэзиясының даму тарихында, поэма жанрында аса мол қалам тебіренген, кең тынысты кеменгер ақындардан. Оның поэмалары арасында ерен орын

иелейтін «Дала» (1930) поэмасы. Ақынның бұл поэмасы терең идеялық, символдық мағына беретін, аса салмақты, пәлсапалық терең ойлы көркем туынды. Алтай мен Атырау, Сібір мен Самарқант арасын, сан ғасырлар бойы жайлаған қазақ халқы, аспанмен тілдескен зеңгір таудың сайсаласын, көк толқынды телегей-теңіз жағасын мекендеген. Әрі, шетсіз-шексіз құм қойнауларын мекен еткенімен, оның негізгі мекен жайы, сүйген топырағы — Дала. Ұлы Дала болғандығы да тарихи шындық. Сондықтан да ақын:

*Жүрегім, жырым, сенікі,  
Кеңесті далам, кең далам,  
Ен далам — анам, мен — балаң, —*

деп, тебірене түсуінде, бірден-бір шындық жатыр десек, ол артық айтқандық бола қоймас. Мәселен ақын:

*Бұрынғы өткен күніңді,  
Берейін жырлап, елге, анам,  
Көргеніңді бүгінгі  
Жаз, жаз қалам, тер, қалам, —*

деп ақын, өз алдына қойған негізгі мақсат-мұратын, шығарманың эстетикалық нысанасын, оқырман жұртшылық алдына жайып салады.

Сөз орайы келгенде айрықша тілге ала кетерлік жәйт, ақын өзінің көркемдік, идеялық мұратын, толғау түрінде бере түсумен бірге, төкпе жыр үлгісінде өз ойын алға тартады. Нәтижеде, сөздерді еселей қолданып, градацияға ерекше мән бере түседі де, дәстүрлі әдісін «Арнау» деп аталатын поэма прологында өте орынды қолданады. Мәселен ақын:

<i>Көпті көрген бір кәрі,</i>	<i>а(7)</i>
<i>Талай-талай заманнан</i>	<i>ә(7)</i>
<i>Тепкі көрген қыр шалы</i>	<i>б(7)</i>
<i>Дөңде отырған осы кез.</i>	<i>в(7)</i>
<i>Кейде айқайлап, қиқулап,</i>	<i>г(7)</i>
<i>Кейде күлкі, кейде зар,</i>	<i>ғ(7)</i>
<i>Жатты әйтеуір қыр шулап,</i>	<i>з(7)</i>
<i>Құлақ қоя, жұмды көз.</i>	<i>в(7)</i>

Оның үстіне поэма, міне осында бастан-аяқ, әр тармағы 7 буыннан, әр шумағы 8 тармақтан тұратын, -а-ә-б-в-г-ғ-г-в өлең түріндегі ұйкасты үнімен сақтап отыратын, өлең өлшемімен жазылған. Әрі, шығарманың 23 тарауының әрқайсысына да жеке-жеке ат қойылып, айдар тағылған. Ең қысқа тарауы («Таңда») 4 шумақтан, ал ұзақ тарауы («Той бастау») 29 шумақтан тұрады.

Ақын поэмасының барлық тараулары, дөң басында отырған кәрі шалдың құлағына жеткен сарын, күй, не оның көзіне елестеген сурет, бейне ретінде өз шешімін таба түседі. «Әлде жылау? Әлде ән? Не дыбыс? Не сарын?» деген секілді тіркес, аса көп жерде қайталанады. Кейде «Қалды тыңдай шал мұны», «Деді қария баяғы», «Сергіді жол, селт етті», «Елжіреп шал тынданды» деген сияқты жолдармен, ылғи да тараулар аяқталып отырады. Мұндай қайталау шығарма композициясына өзіндік ырғақ, ықшамдылық элементін ендіріп, жеке бөлімдер арасын жалғастырып тұрады.

«Дала» поэмасында негізінен – 1730–1930 жылдар арасында болып өткен, яғни 200 жылдық оқиғаны шолып көрсетпек болған ниеттен туындаған. Әрине ол, бір адамның, бір шаңырақтың, бір рудың, тіпті бір жүздің әңгімесі емес, бүкіл қазақ халқының тағдыры туралы сыр шертетін, дала шежіресі.

Ақын соншалықты ұзақ уақыт пен орасан кеңістікті ала отырып, ең алдымен ықшамдылыққа, мейлінше тұжырымды болуға айрықша мән береді. Оны – «Ақтабан», «Құл көгені», «Құрбандық», «Сандал», «Толқын», «Бостандық» деп халық басында болған қайғыны, қаралы қанды оқиғаларды тілге алады. Тарихта «Ақтабан шұбырынды, Алқа көл – сұлама» деп аталған тарихи оқиғаларды негізге ала отырып, Қытай және орыс саясаткерлерінің нәтижесінде қазақ еліне әңгір таяқ ойнатқан жоңғарлардың, миллиондаған адамды қынадай қырып салғаны сөз болады. 1723 жылғы қанды оқиға, ұлттық тарихымыздың ең бір қаралы беттері болған.

Екінші бір трагедиялық сурет – бәйгеге бастары тігілген 3 қыз, 1 кемпір, 2 шал, 4 бала тағдыр тауқыметі. Аттары – қазақ, заттары – құл. Жетім-жесір сорлылар күңіреніп, жылап-сықтап қанжығаға байланып кете береді.



Бұл ретте аса талантты ақын, бір тарауында Сыр мен Шуда, екіншіден Алатауда, үшіншіден Еділде болып өткен оқиғаны негіз етіп алады. Поэманың «Құрбандық» деген тарауын қайғылы баллада десе де болғандай. Онда Еділ жағасындағы бір жорықта, хан қолына түскен батыр жігіт пен сұлу қыз тағдыры сөз болады. Жігіт зыңданға тасталды. Ал сорлы қызды, ханға шенді-шекпен берген князьға «сыйға» тартады. Зорлық пен қорлыққа шыдамаған, ары күйген есіл сұлу — Еділге түсіп өледі.

Кемеңгер ақын өз поэмасында тартысты, қайшылықты мәселелерден қашқақтамай, ең көкейкесті, халық басынан өткен ауыр күндерді арналы арқау, өрісті өзек етеді. Отарлау саясатының қанды іздерін, елден, жерден айрылып, әбден азап шеккен дала қасіретін, поэманың «Сандал» деген тарауында көрсетеді. «Көк өрім, өңшең көген көз салдатқа көнбейміз» — деп, бекерге қырылған, сөйтіп ата мекенді тастап, бет-бетімен қырғи тиген торғайша бытырап кеткен қазақ тағдыры сипатталады. Ауғанстан, Қытайға тентіреген, 1916 жылдың қайғылы сипаты «Толқын» тарауында көрініс табады.

Поэманың 16-тарауында төңкерістен кейінгі, Қазақстанда болған маңызды саяси оқиғалар, мемлекеттік, қоғамдық мәселелер, ақындық бейнелеудің негізі ретінде, олар сұрыпталып алынған. Ақын кей тарауларында нақты тарихи оқиғаларды негізге ала отырып, оны нақты детальдармен, образды штрихпен бейнелеп бере алған.

Әрі, азамат соғысының қат-қабат оқиғаларының ішінен ақын, оқ атып, қынабынан қылыш суырған, сөйтіп панасыз ауылдарды тоз-тоз еткен қандыкөз атамандардың да сұрқиялық іс-әрекеттерін де сипаттайды. Тіптен поэмада, ар-ожданы күйіп, әбден масқараланып қорланған, қазақтың соры қайнап, сорпасы төгілген қыздарының қайғылы тағдыры да сөз болған. Оның бәрі де, тарихи көркем материал ретінде, арнайы сұрыптап, таңдап алынған.

Поэманың ең соңғы «Той бастау» атты тарауын, ең соңғы тамаша көрінісі десек, ол артық айтқанды бола қоймас. Өйткені онда ақын, «Қимылда тіл, қимылда», «Жорғала тіл, жорғала», «Өрмеле тіл, өрмеле», «Тақылда тіл, тақылда», «Саңқылда үнім, саңқылда», «Қамшыла тіл, қам-

шыла» – деп, қайталай отырып, гардацияны үдете түседі де, өз поэмасын төкпелеудің ерен үлгісіне құрады. Онда әрбір шумақ, аса талантты ақынның, Қазақстан тойына шашқан інжу-маржаны, лағыл-ғауһары секілді болғандығы анық аңғарылады. Поэмада Алатау, Атырау, Сыр, Ертіс – ақын поэмасында, Қазақстанның батысы мен шығысын, оңтүстігі мен солтүстігін көрсететін образды символ ретінде алынады. Оның үстіне, поэманың соңғы тарауында стиль де өзгере түседі.

Ақын поэмалары арасында, тағы бір ерекше көзге түсетін шығармасының бірі, 1929 жылы жазған «Күй» поэмасы. Бұл 5 тараудан тұратын поэманың басынан аяғына дейін, біртұтас тартылған оқиға жүйесі оншалық байқалмайды.

Онда, сюжетті желі мен лирикалық толғаныс, ылғи да қатар келіп отырады.

Мәселен: бірінші тарауда «жар қабак, сида сақал, арсақай, сарышұбар» қобызшы шал Молықбайдың еңкейіп, күні кетсе де», «екі көзі іріндеп, аузынан тісін аршып, қолы дірілдеп» отырса да, аңыратып, күңіретіп, дүрілдетіп күй тартатын шебер өнерпаздық дарыны, поэмаға арналы арқау болады. «Ақ көбек», «Көк көбек», «Бозінген» «Ер Әлінің дүлдүлі», «Қорамжан», «Онсан мен Орманбеттің айрылғаны», «Ноғай – қазақ жыласқан» деген сияқты, қазақ халқының басынан өткен небір қайғылы, тарихи кезеңдерді бейнелейтін музыкалық шығарма. Ол негізінен – қобыз тілінде сөйлейді.

Поэмада көрініс тапқан лирикалық кейіпкер – күйші. Өз заманасында алтынмен апталып, күміспен көмкерілген, енді көнерген қоңыр қобыздың шанағынан төгілген күй сарындары, біресе ғашықтардың «жарым да сен, жаным да сен» деген, үзіккен үнін аңғартса, енді бірде Балқаштын ұйқы-тұйқы толқынын, кейде жау тиіп, айқай-шу шығып, жылқысы үріккен ауылды көргендей боламыз. Міне сондай көп қайғы, мұнды аңғартатын, күніренген күйдің бірі – «Бозінген».

Поэманың екінші тарауында Молықбай қобызшы, күй аңызын таратып, әрбір күйінің мәнін айтып, түсіндіріп отырады. Малың Арқаға оттатып, асқар тау бөктерін жайлап, құмды өңірді күздеп, қыстауын Амударияға салған, Бағы-

лан байдың тірлік тынысынан хабар береді. Мұнда, ертегілік сипат орын ала түскен. Мал арасындағы бір бозтайлақ, барлық малының құт-берекесіндей көрініп, соның қайғысын көрген бай, балгерге бал аштырып, бақсы ойнатып, құма-лақшы шақырады.

Ақыры бозінген боталағанмен, ұры қолына түседі. Бота-сы бір жаққа, енесі бір жаққа кетеді. Шерлі қобыз осы күйді зар илетіп тартқанда, адамның сай-сүйегін сырқыратады.

Лирикалық кейіпкер бозінген зарын еңіреген елдің, күніренген даланың қайғы-қасіреті ретінде алынады. Жүрегіне у төгілгендей болады. Күйде, шығатын жол тұйықталып, тығырыққа қамалған адамның қиналыс-азабы анық байқалады. Ескі заманның жанды жүдеткен жабырқау жағдайларын, қаралы көңіл күйінің құшағындағы лирикалық кейіпкер, ақын төңкерістен кейінгі өзгерістерді «кыс кетті, нөсер жауды» деген сияқты символдық суреттермен толықтырып көрсетеді.

Поэманың соңғы бесінші тарауында, негізгі лирикалық кейіпкер атынан айтылатын ой түйіндер, ақынның өзі басынан кешкен оқиғалар мен ақын өмірінде өткен шынайы шындықтармен астаса түскен.

Өз үйірінен бөлініп, көне күйдің құла құмы мен боз даланы қалдырып, үлгілі қала келген ақын бейнесінде ол, типтік, жинақтылық сипатпен кең өріс ала түседі. Енді Молькбай азалы, қаралы күйлерді жүрегі жаншылып тыңдай беретін, кешегі сары ауыз балапан емес, өскен, есейген қарт ретінде алынады.

Сондай-ақ Илияс Жансүгіровтің еркіндік пен құлдық, махаббат пен зұлымдық, өмір мен өлім, пәни тіршілік пен мәңгілік өнер арасындағы күрес тақырыбына батыл барып, терең түйіндеу жасаған шығармасының бірі – «Күйші» (1934) поэмасы. Бұл ақын шығармашылығындағы шоқтығы аса биік, шұғылалы поэмасының ең ауқымдысы. Онда, дарқан өнерпаздың бауырын кең жазып, еркін көсіле жөнейтін, заулай шырқаған тұсын, шашасына шаң жұқтырмай төгіле жөнейді.

Аса көлемді, 17 тараудан тұратын бұл поэмасы, қара өлең ұйқасы үлгісімен халық құлағына әбден сіңісті болған, 11 буынды, 4 тармақты шумақты болып өріле түскен.

Поэма негізінен, салған жерден буырқанған теңіз толқынындай, өз құшағына үйіре тартып ала жөнеледі. Өлең нөсері сорғалап төгіліп тұрғандай. Шығармаға көңіл көзін қадай түссек, Арқадан көшіп, Алатауға беттеген Кене ханның ордасынан бір-ақ шығамыз. Абылай ханның ұрпағын сыйлаған, азаттықты аңсаған қалың қазақ, Кенені қуана қарсы алады. Оған арнайы бие сойып, ат сыйлап, той жасап, атын белдеуге байлайды.

Осындай қуанышты күндердің бірінде, хан ордасына, сары үйсін руынан шыққан бір жігіт келеді. Жалғыз шешесі бар. Қырма кедей, ерулікке берер малы да, сыйлар дүниесі жоқ. Ешкім оның атын да айта алмайды. Тек «Күйші» дейді де қояды. Оның бар байлығы, дәулеті, мал-мүлкі — күйі ғана. Тіптен, құлағына азан айтып қойған ныспысы да ұмытылып, Күйші атанған. Міне осы Күйші хан ордасында, бай мен бек үйінде де, би мен датқа, шешен мен майталмандарға да, тек сол күйі арқылы қуаныш, рақат, ләззат сыйлап отырады.

Ол жосылта тартқан тоқсан тоғыз зарлы күй, ащы күй, тәтті күйді лақылдатып, төгіп-шашып, біресе жүрек жарып, біресе көңіл шымшып отырады. Бұл орайда оның «Асанқайғы», «Терісқақпай», «Сарыөзен», «Бозінген», «Қара жорға», «Қорамсақ» сияқты күйлерінің мың сан әуезі, алыс сарындары еріксіз еліттіреді. Онда, көз алдыға Алатау, Алтай, Арқа, Қыр, Сыр төсінде өткен ел оқиғалары келеді. Қоңырау күйлер, дабыл күйлер, бата күйлер жошылып, тартылады. Сондай сикырлы дыбыстар әсерінен тау-тас, күн, бұлт түгел маужырап, тындаған жұрт тырп етпей, рақатқа кенелгендей болады. Мұны естіген жанды, оның тылсымдай баурайтын киелі өнері күллі жұртты тамсанта түседі. Соның нәтижесінде, Күйшіге хан Кененнің қарындасы Қарашаштың көзі түсіп, оған көңілі кетеді. Күйшіні басы бүтін сұрап алады. Көзінен жасы сорғалап, еркінен айырылған бақытсыз Күйші, зарлап кете барады.

Құлағында хан Кененнің «Сатса да, сойса-дағы өз еркінде» — деп, Қарашашқа айтқан сөзі оралады.

Кешегі еркіндік, бостандық жоқ, енді Күйші, ханзада Қарашаш қолында. Қыздың су тасып, отын жақпайды, жау кумайды, бар істейтіні — тек қана оған күй тарту болады.

Күйінде жымың қағып, сылқ-сылқ күлген жолбарыс, қылышынан хан тамған Кененің жарлығы екі болмайды. Өңі ме? Түсі ме? Не жазығы бар?... Неліктен бұлай, зорлық жасайды?

Міне мұндай ой Күйшінің жанын жаралап, жүрегін тілгілейді. Бірақ, ол сұрақтарға жауап жоқ. Өз үйін қашан көреді? Жалғыз шешесінің тағдыры не болмақ? «Оны күй біледі!» – деді ғой Қарашаш. Күн артынан күн, ай артынан ай өтіп жатыр. Күйші Қарашаш қолында.

Поэманың негізгі арқауы Қарашаш пен Күйші арасындағы терең психологиялық тартысқа, адам сезімдерінің алапат шарпысуына құрылған. Әуел бетте азаттықтан айырылып, құл болдым деп азапқа түскен Күйші, бірте-бірте бұл халге де үйренеді.

Ақын ерен ойлы Күйшінің шабытты шақтағы қимыл, іс-әрекеттерін, қимыл-қозғалыс үстіне, жандандыра жанды қалпында былайша өрбіте жөнеледі.

*Саусақтар ойнап, орғып, қаздаң қағып,  
Суырып ішек тілін, мұңын шағып.  
Жүйріктің шын күйі келгенінде  
Шығаннан шыға шаппай тұрсың нағып.  
Асқақтап, кейде күйді көкке өрлетіп,  
Алыстап, шырқап, сілтер, әрі кетіп,  
Қайырып, қалықтатып, қайта оралтып,  
Бірден-бір, ақырын-ақырын төмендетіп.  
Ызғытып, өлке өрлетіп, баяулатып,  
Соқтырып кейде боран дауылдатып,  
Көңілдің асқарынан тұманды айдап,  
Артынан нәсерлетіп, жауындатып...*

Міне сөйтіп ақын, тамаша күй ырғағын, музыка әуенін дәл бейнелейтін, үсті-үстіне түйдектеле, тасқындай төгілтіп, үдемелі сөз тіркестерімен, градация арқылы сипаттай түсіп, өз оқырмандарына ғажап әсер береді.

Сөйтіп хан қызы, күйші жел болып жаралса, бетінен сүймек, су болып жаралса, шомылдырмақ, от болып жаралса, жылындырмақ, күміс болып жаратылса, қолына салар білезік болмақ боп, емірене түседі. Нәтижеде, ғашықтық

отынан осылайша күйіп-жанып, шексіз қиялға берілген Күйші, қызыл-жасыл арман, елес бұлтының арасынан жерге түседі.

Күй құдіреті Қарашаштың бойын балқыта билеп, ішіне от тастайды. Есінен түгелдей тандырып, ақыры осы Күйшіге тисем бе екен деген ойға келеді.

Дейтұрғанмен де, ғашықтық оты жүрегін күйдіріп, жанын, қайда қоярларын білмей, қиялын қырыққа бөледі. Содан, рухани арпалысқа түскен хан қызы, Қарашаш сұлу мен Күйші арасындағы психологиялық ішкі тартыс желісін ақын, кенеттен болған оқиғаға бұрады.

Мәселен: поэмада күллі дулат руына аты әйгілі Әлімқұл датқаның ұлы Сапақ сап ете қалады. Ол да өзінше аса сері, сылқым, мойнына құрық салдырмас асау. Ол қара түнді жамылып, Қарашашты оятпақ болып, пәлеге қалады.

Сезім тұтқынына түскен есіл Күйші, өңі мен түсі қайсы, шыны мен қиялы қайсы-ажырата алмай аң-таң болады. «Қарашаштың төсегінің қасына барған өзім екен ғой» деп ойлап, «Енді басымды, алдаспанмен бір-ақ шауып алар» — деп, берекесі кетіп, зәре-құты қалмайды.

Сөйтіп ақын поэмасында, «қарадан шыққан жігіт Сапақ, бізді басынды» деп, хан Кененің әскерін аяғынан тік тұрғызады. Сондықтан да ақын, Қарашаш әрекеттерін ел басына түскен зобалаң, жұртқа келген кесапат ретінде суреттейді. Бозбаланың болымсыз бір қылығы үшін, күллі елді қынадай қырып тастағалы отырған ханзадаға, хан Кене қой демейді. Бәлтірікке бөрі ырық береді, арыстан тісі ақсиып, сырттан барлай қарап отырады.

Сөйтіп, сең үстінде ұйлыққан қойдай қорыққан ел бір жақта, садақ, алдаспан, алмас қылыш асынған, зеңбірек сүйреткен қалың қол екінші жақта болады. Ақыры, амалы құрыған, қалың жұртты босқа қырғызғанша, жалғыз пәлекеттен құтылмақ болған үйсін, дулат, Сапақтың бет-аузын аластап күйелейді. Оны байлап, тыр жалаңаш шешіндіріп, жаяу айдап, Қарашаш алдына алып келеді. Қазір жалғыз ұлының басын кесіп алғанда, жер жарылып кететіндей болып, екі көзінен сора-сора жас ағып Әлімқұл тұр. Бірақ Қарашаш: «Қайтейін, қылышымды қандап. Тірідей көмуіңе оны қидым» — деп, Сапақты өлтіртпейді.

Енді Күйші көңілінде Қарашашқа деген сезім атаулы түгелдей сөніп, өшпенділік оты, қарсылық, жек көру дауылы көтеріледі.

Ысқырған домбыра от шашып, кекті, кіжінген, зілді, ашулы, қаһарлы дыбыстар, ханзаданы үй-орманымен қосып өртеп, күлін көкке ұшырып жіберердей болады.

Ілияс Жансүгіровтің ақындық арынын жан-жақты аңғарта түсетін тағы бір шығармасы оның «Құлагер» (1936) атты поэмасы. Бұл поэма көркемдік-құрылымының аса құнарлығымен де, өзіндік өзгешеліктермен де, көзге түсетін ерен тартымды туындысы.

Ақын «Құлагер» поэмасының «Толғану» деп аталатын беташар тарауында, тағы да ағынан жарыла түседі. Ақынды қазақ қоғамында алатын орнын терең түсінген Ілияс Жансүгіров, оны әлеуметтің тілі, көңілінің көзі, өткір ойы, белгілі сезгірі, сөзге дес бермейтін шешені, көзі ашық, көкірегі ояу – данғылы, кәрі құлақ сұңғыласы деп түсінеді. Сондықтан да ақын:

*Халқымыздың қуанышты бұлбұлымын,  
Жұртымның жүйрігінің дүлділімін.  
Көтеріп көптің көңілін күнде шауып,  
Жүлде алар жұма сайын туды күнім, –*

деп, шалқи түседі.

Қашаннан-ақ Ілияс ақынның, халықтың өткен замандағы көрген қорлық, зорлықтарын айтудағы негізгі мақсаты, бүгінгі ұрпақтың кегін қозғау мақсатында эстетикалық нысана етіп алғандығы байқалады. Оның үстіне, ақынның елдің ескісінен сөз тартуға қарсы болған, шолақ ойлы, ақылы келте, сормандай сыншыларға деген сесті қарсылығы да байқалады. Осыған жалғас ойлары «Туған жер» тарауында, Көкшетау жайлы ой толғай келіп, оны былайша сипаттай түседі:

*Көк орман, көркем тоғай маужыраған,  
Сұлудың көзіндей көл жаудыраған  
Малта тас, маржан ақық, меруерт тас  
Төгіліп көл жиекке саудыраған.*

*Көк кілем, балаусасы балбыраған,  
Ақ жібек жапырағы жалбыраған.  
Аққанат аспандағы сонда жауып,  
Бал бұлақ таудан, тастан орғылаған...*

Міне бұл Сәкен Сейфуллин жырлаған Көкшетауынан, мүлдем басқа Ілияс ақынның Көкшетауы. Екі ақын суретшінің картинасы екі бөлек. Екеуінде де жан бар, тірі, бояулар буырқанып тұр. Сәкеннің поэмасында тау-тастың аңызы, халық мифологиясы, Абылай заманы сипатталса, қазіргі дәуір көрсетілсе, Ілияс Жансүгіров поэмасында, ХІХ ғасырда болған нақты оқиғалар жан-жақты көрініс тапқан.

*Жақсының жақсылығын жан айтады,  
Сондықтан «Құлагерді» бәрі айтады.  
Егіліп әндеріне, сөзін тыңдап,  
Еріңді ел қиялы дардайтады.*

*Қазақта Құлагерді бәрі айтады.  
«Серінің серігі» еді деп айтады.  
Ат сыры иесіне мәлім деп жұрт,  
Тегінде мал көрмесе неге айтады, —*

деген жолдардан біз, Ілияс Жансүгіровтің, Сәкен Сейфуллин салған стильдік әсерді, ұстаздық өнегені аңғару, оншалық қиын емес.

Моп-момақан тау, шипалы көл, бетегеден киіз төсегендей, тып-тыныш алаң. Қыздай сызылған ақ қайың, жігіттей шіренген қарағай арасында, бір қу бас ілінген. Ағаштың көлеңкесінде бір қара шал отыр.

Бұл — ақын Ілияс поэмасының негізгі қаһарманы. Шығармада, Ақан өмірінің негізгі трагедиялық беттері, ақындық баяндауында кеңінен ашылады. Ақын өз кейіпкеріне деген ілтипатын, жасырмай «тұсында сері болсын, пері болсын, ұнайды өмірімен Ақан маған» — деп ашықтан-ашық тілге алады.

Ақанның тентіреп, тау-тасты кезіп жүру себебін, әлеуметтік, қоғамдық жағдайлармен жымдастыра жан-жақты аша түседі. Жау қанжары жүрегін жаралаған ащы тіл, асау мінез,



өр талант иесі – Ақанды, сұм заманда, отаршылар билеп-төстеп тұрған кері кеткен дәуірде, жалғыздықтың әбден азабын тартады. Ерге – тұсау, зорға – думан болған зар заманның құрбаны болған Ақан сері, әншінің дарынын жерге тыққан қара күш иесі – қанқу сөз, қызыл көз қызғаныш қана емес, ең басты дерті, патша өкіметінің ата қоныс, туған жерін тартып алып, тентіретіп жіберуінде жатыр.

Елдің шерін-зарлы өлең, ащы әнге қосқан Ақанның табынар тәңірісі-табиғат, көздің шарасындай мөлдіреп жатқан Бурабай көлі. Әрі аспанға шаншылған Оқжетпес бауыры. Сұлулыққа аса ғашық Ақан сері, мөлдір көлге шомылып, орманда ұйықтап, өлең айтып, күй тартып, келеңсіз өмірдің тұрмыс-тауқыметін, улы өсегінен аулақ жүруді ниет етеді.

Бір кездері төренің қасына еріп, жүйрік ат мініп, сонар саят қызығын көрген, сөйтіп, саңлақ мініп, сұлу сүйген Ақан, енді мәнсіз, пәтуәсіз дырдудан әбден жалығып, мезі болады. Барынша жалығады. Әсіресе, Ақтоты сұлуға үйлене алмай, аһ ұрып қалған соң, көп ортасынан мүлде жырылып, тағы болып, аулактанып кетуге мәжбүр болады.

Сондай-ақ, поэмада Ақан Сері мен Батыраш бұрыннан бірін-бірі білетін адамдар ретінде суреттеледі. Өр көңіл, жуан кеуде, аусар Батыраш үнемі: «сұлу әйел, жүйрік ат, бақдәулет өзімде ғана болсын» – деп үйренген, іш мерез адам. Ұр да жық – кесше, томырық мінез, ешкімді мойындай бермейтін өркөкірек. Арқаға даңқы шыққан Құлагерге қызыққандығы сонша, Ақанға кісі арқылы сөз салып: «құда, тамыр, көңілдес болам» – деп, «алтын жамбы, жесір әйел, үйірлі жылқыға жүйрігін берсін» – деп, арнайы сәлем жолдайды.

Бұл сұрауға илікпеген Ақанға – кек сақтап, ішінде қаны қатқан Батыраш, ерегіспен баптаған, сұлы жегізіп, сүр жегізіп, сүт беріп, мәпелеп, белдеуге байлаған жүйрік – Көктұйғын атына, қастандық жасауды ойластыра бастайды.

Асқа келген соң бұл ерегіс тіптен күшейе түседі. Атты жақсы танитын Батыршақа, Көктұйғынның ажалы – Құлагер болып көрінеді. Жүйрігінің алдына басқа жылқы түсіп кететінін сезгенде, оның ішінде қызғаныш оты лаулап, өкпе-бауыры өртеніп, ішегі үзілгендей болады. Күні-түні

ұйқы көрмей аласұрады. Сүйегі алқа-салқа, мінезі селт етпес, екі көзі оттай жанып тұрған Құлагерді, көмбеде тағы көрген Батыраш түтігіп, қап-қара болып кетеді. Ат намысы қысып, бойын арам ой билеп, кек қайнап, ыза кернеп, қастандық қадамға бел байлайды.

Жүйріктің, Ақан серінің сырын біліп, қасиетін бағалап жатқан Батыраш жоқ. Ол өзінше: «Бас бәйге Батыраш сыбағасы, ол жүлделі шаппай алады» деген қамқу сөздерден күйіп кеткен, намысы өртенген Ақан сері, «Осы жолы Көкшолақты бөктеремін» деп салады. Бір қу ауыздан бұл сөзді естіген Батыраш, бұлқан-талқан боп, ашу қысып, Ақан жатқан отауға тепсініп жетеді. Өзін Алтайдың ақиығына балаған, байлығын, дәулетін бұлдаған Батыраш, Ақанның кедейлігін, жалғыздығын бетіне басып, «төренің атын ерттеп өскен байғұс, ел қарауылы еді» – деп кемсітеді, сүйегін сырқыратады. Ашудан жарылған төкаппар, өткір, шешен ақын, байлығына мас болған әнгүдік, әкірендеген, көк сақалдың ит терісін басына қаптайды. «Құлагер Көктұйғынның басы-көзін су қып озбаса, атым сенікі» деп серт байлайды.

Өңі өзгеріп, тұтқыштай қап-қара боп кеткен Батыраш, тым-тырыс үн қатпай, жерге кіргендей күйге түседі. Жат ортада жалғыз жүрген Ақан, дәл осы сәтте Құлагерге тағдыр не дайындап тұрғанын ойына қайдан алсын, «Ауылым қонған Сырымбет саласына» – деп, ән сала береді.

Кең далада аты әйгілі болған астың бірі – Сағынайға берілген ас болады. Ол Арқада Ерейменді мекен еткен, 4 әйелді қарт, 94 жасында дүние салады. Ол өзі керейдің малы көп, малайы мол, аса бай ақсақалдарының бірі болады. Міне сол Сағынайдың асына, Ақан сері өзінің шашасына шаң жұқтырмайтын Құлагерін мініп келеді. Онда балуандар күресі, ақындар айтысы, ат жарысы болады.

Сондықтан да Ілияс Жансүгіров поэманың «Ас» атты тарауында, қазақ өмірінің, тұрмыс-салттың тамаша білгірі екеніндігін жан-жақты көрсетеді.

Онда ақын этнографияны, экзотиканы көрсеткен сырттай тамашалаушы ғана емес, әлеуметтік-қоғамдық теңсіздіктерді, жан-жақты аша түскен реалист ретінде танылады. Мәселен ақын?

*Қараөткел, келіп жатыр Қарқаралы,  
Кереку, Баян, Семей, Торғай – бәрі.  
Жетісу осында кеп құйып жатыр  
Арқаға аунап шөкті Қаратуы...  
Арқаға аударылды ас дегенде  
Лақылдап Балқаш, Арал, теңіздері –*

деген өлең жолдары, көз алдыңызға әрі нақты, әрі қиял жетпестей фантастикалық суреттерді киліктіре түседі.

Поэмада қыл сақал, тер сасыған, қолайсыз киімді, саба-саба қымыз ішіп, қазан-қазан ет жеген жуандар бейнесін ақын, барынша даралап, әрқайсысының өзіне тән әлеуметтік сипатын терең ашады. Оны ащы сатира, улы ирония, кекті күлкі арқылы өте әдемі жеткізеді.

Лияс Жансүгіров асқа келгендерді тікелей шолып көрсетіп, адам бейнелерінің тұтас галереясын жасайды. Шығармада, үйде бауырсақтай бәйбішелер отырса, енді бір үйде шымырлаған қобыз, бір үйде ыңыранған домбыра даусы естіледі. Құранмен жем түсірген молда ыңылдаса, ендігі бір үйде өңмендеген кәрі ақын мен сары масадай шағатын бала ақын айтысып отырады. Ит басына іркіт төгіліп жатқан осы дырдудың көленкелі жақтары тағы бар. Мәселен ақын:

*Ет асып, пышақ қайрап, малды қырған,  
Кедейге сонда ырза емес бай антұрған.  
Жалғыз-ақ бұл жиында малшылар жоқ,  
Аңсаған ас етіне қойшы қырдан –*

деп, бұл жерде теңдік, әділет, шындық жоқ екендігін де ашына тілге алады.

Ал бөйгеге қосылған 1300 аттың ішінен қазақ даласына атағы жайылған 20 жел аяқ, мыңнан озған тұлпарға сипаттама беріледі. Олардың аттарының өзінде тамаша образ, жүйріктің нақты қасиетін айтқан сыншылдық дәлдік бар. Олар – Серке санды Көкшетаудың Құлагері, Алтайдың серпінді Көктүйғыны, меруерт Құласы, Қаратаудың Құмайы, қыпшақтың Ақбақайы, қырғыздың Көктопайы, Ақшатаудың аласы, Ертістің Елікқұбақаны, Есілдің Қасқабұласы, Аралдың Алаүйрегі, Жарылқаптың Жирені, Балқаштың

бейпіл Бөртесі, Семейдің Сүрсеркесі, Тобықтының Тұйғыны, Жауғашардың Жамбыл торысы, Алатаудың Аққанаткері. Бәйгеге 30 боз, 20 жирен, 40 кара, 90 торы, 70 көк, 200 кер, саны белгісіз ала-құла аттар қосылады.

Құлагер сипатына көзі түскен, ат сыншы Күреңбайдың көзімен беріледі. Екінің бірі, көлденең көк атты тұлпар сырын қайдан білсін. Әсіресе, Құлагердің салпы ерін, сала сүйек, салбыр тірсек, кату бас, қаншыр мойын, ит өндіршек, бөлшек-бөлшек кедір-бұдыр көк еті, қарт сыншына таңдандыра түседі. Дәл бір өлшеп алғандай ойқы-шойқы бітімі, әлдекімдерге өрескел көрінеді. Кейбіреулер: «мақтаған жануарларың осы ма?» — деп, Ақан серіні сайқы-мазақ етіп, күлкі қылады. Құлагердің алдынан аң құтылмас, артынан жылқы жетпес өрен жүйріктігін бірден таныған Күреңбай сыншы.

*Тәует бас, қамыс құлақ, құраған жақ,  
Құлан жал, бұлан мойын, қой жұтқыншақ.  
Қоян жон, жазық жая, жауырынды,  
Құс топшы, қос шынтағы қалыңқырақ.  
Сіңірлі, жер соғарлы, аяғы тік.  
Түлкі төс, тазы тізе, ит жіліншік,  
Шашақты, шақпақ етті, аласа ұршық,  
Құндыздық қалай біткен құйрыққа дүп, —*

деп, алдымен Құлагердің сыртқы пішінін әдемі сипаттайды.

Ақын өз өлеңінде эпитет, теңеу жасағанда құлан, бұлан, қой, қоян, түлкі, тазы, ит тәрізді табиғат төрінде еркін тіршілік ететін жан-жануарлардың қасиетін, солардың мүше бітімін астастыра көрсетеді. Онан соң тұлпардың онан кейінгі қасиеттері айтыла бастайды. Мәселен:

*Қоқанның жебегіндей жеңіл құйрық,  
Не қою, не болмаса емес сұйық.  
Бұтының арасынан ел көшкендей,  
Жамбастың басы делдек, қуыс қолтық.*

*Шүйделі шоқтығы өрген, шідерлігі,  
Серке сан, желмаядай тілерсегі.*

*Тау желін тартса жұтқан талас танау.  
Тынысты кеуде жатыр кеңірдегі.*

Ілияс Жансүгіровтің ат мүсінін жасаудағы шеберлігі соншалық, бұл шабыс үстіндегі, қозғалыстағы ат емес, көрмеде байлаулы тұрған, әлі қиқу көрмеген жүйріктің кескін келбеті.

Кішкентайынан Ақан қолында өскен жетім бала, Құлагерге талай шауып, сан рет бәйге алып, әбден кәнігі болған ол, бұл жолы да Ақан Сері айтқан ақылдан ауытқымай, тізгінді тежеп, қамшы салмай, жел жақта, шаңқаптырмай отырады. Оны ақын:

*Шаңы — бұлт, екпіні — жел, аттар — қанбақ,  
Балалар ұран салып, безді зарлап.  
Шапқан ат, салған ұран — күңіренді Арқа,  
У да шу, ұлан-азар болды жан-жақ.*

*Күңрентті ойды, қырды өңшең күлік,  
Арқаны дүбірлетті дүбір қылып.  
Көшіріп жерді, көкті келеді аттар,  
Керілген кер даланы бүлдіріп —*

деп ақын, мың сан аттың шабысын көз алдына елестетеді.

Мың үш жүз ат алдына төрт саңлақ шығады. Не-не аттар судан кеуіп, түтігіп, жер-ошақ, құдыққа түсіп құлап таятты. Солар арасынан — Батыраштың Көктұйғыны кермеден еркін өтіп, қарақшыға жетіп барады. Екіншісі — Айтпақтың Күрені, үшіншісі — Шорманның Бурылы, арада Құлагер көрінбейді.

Ақын өз поэмасының «Жалғыз қазық» атты тарауында, құстай ұшып, бұлдырықтай безіп, Көктұйғынмен құйрық тістесіп келе жатқан Құлагердің, бала тізгінді жіберсе-ақ, өзге аттарды артқа тастап оза жөнелейін деп келе жатқан сәтте, Батыраштың Құлагерді Көкөзекте мерт қылғанын былай сипаттайды:

*Ақ мылтық, ұшқыр боз ат бар астында,  
Жау тұрды жасырынып жар астында.*

*Жол үсті тасқа біткен қарағанның,  
Әлгі тұр атты күтіп дәл астында.  
Мінгені — боз, кигені қара үстінде,  
Құлагер тізгіндеген бала үстінде.  
Мылтықтың ауызына ұшқан құстай  
Ағызып жетті жаудың дәл үстіне.*

Екі көзі қанталап, бойын ыза кернеген Батыраш жанаса бере, зулап келе жатқан Құлагерді шекеден айбалтамен сақ еткізіп ұрады.

Онан соңғы қайғылы халді ақын, аллегориялық, символикалық сипатпен былайша өрбітеді:

*Аспанда күн күйігіп, күйді қатты,  
Өкіріп жел мен жер де жылап жатты.  
Ереймен бұлақтары көлге жылап,  
Серіге көл күрсініп, көңіл айтты —*

деп, ашына жыр жолына қосады.

Қанатынан айрылған Ақан сері, кәдімгідей адамды жоқтағандай-ақ, Құлагердің ажалына арнап, табан астына жоқтау айтып, әнін шығарып зар-зар жылайды.

Сөйтп, Құлагер өлімін Батыраштан көрген күллі жиылған жұртшылық, алғаш толқындай көтеріліп, селдей қаптап, күнәкерді таптап жібермек болады. Бірақ, дәл ұстап берерлік дерек болмайды. Өйткені, Алтай жағы оны мойындамайды, қайта «сыбағалы, бәйгемізді беріндер» — деп, өздеріне пәле салады.

Мидай жазық далада, Құлагердің басын құшақтап зар еңіреген Ақан сері ғана болады. Шын мәнінде Құлагер, Ақан серінің аса жүйрік, асқан сұлу, өзінің бірден-бір әсемдік идеалы болатын. Сондықтан да, Құлагердің мерт болуы — ақын, әнші Ақанның көркемдік мұратын өлтірумен пара — пар болды.

Қорыта айтқанда, трагедиялық қуатпен бейнеленген Ілияс Жансүгіровтің бұл поэмасы, оптимистік рухы — қайғыдан туғанымен, мәңгі жасай беретін, халық жүрегіне ұялаған, қанды қол жендетке таңба басқан, қазақ поэзиясының тым биігі деуге болады.

Рас, аса талантты қаламгер проза және драматургия салаларында да қалам тартқан, ерен ойлы суреткер. Бұл орайда оның, 1934 жалы жазған «Жолдастар» атты романымен «Жол аузында». «Құқ» секілді кітаптарына енген әңгіме, фельетондарын, сондай-ақ «Кек» пьесасын, «Түрксіб» атты драмасын тілге аламыз. Оның үстіне қаламгердің Исатай – Махамбет өмірінен пьеса жазуы да, аса үлкен ерлік пен батылдык.

Міне мұның бәрі, қазақ көркем әдебиеті үшін аса маңызды қадам болатын. Не амал? Кенес үкіметінің солақай саясаты негізінде, ол да «халық жауы» ретінде абақтыға камалып, ең соңында не бәрі 44 жасында, 1938 жылы атылды. Нәтижеде, оның прозалық шығармалары мен көркем драмалары, ол ерте өмірден озғандықтан, олардың мәні мен мазмұны біраз жыл солғын тартты. Дегенмен, оның шығармашылық жолында, ақындық арыны айрықша басым екендігі бұлтартпас шындық.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. *Илияс Жансүгіров поэзиясында ауыз әдебиеті дәстүрі қандай орын алған?*
2. *Төңкеріске дейінгі өлеңдерінің тақырыбы жайлы өзара пікір алысыңдар.*
3. *Табиғат көріністерін ақын қалай сипаттаған?*
4. *Ақынның «Дала», «Құлагер» поэмаларында қандай мәселер көтерілген?*
5. *Батыраш қандай бейне?*
6. *Ақынның «Күй» және «Күйші» поэмаларын үйде оқып алыңдар!*
7. *Илияс поэзиясының тілі мен көркемдік ерекшеліктері қалай?*
8. *Ақынның көңіл күйі, табиғат лирикалары жайлы ой бөлісіңдер!*





## СОҒЫС ЖӘНЕ СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРДАҒЫ ӘДЕБИЕТ

XX ғасырдың 40-жылдарында, яғни 1941 жылдың 22 маусымында басталып, 1945 жылдың 9-мамырына дейін созылған сұрапыл соғыс, бүкіл Одақ халқының басына аса көп қиындықтар алып келді. Дәл осы жылдары, бүкіл Кеңес елінің экономикалық, материалдық, рухани игіліктерінің барлығы, тек бір ғана мақсатқа – соғыс майданына жұмылдыру болды. Соның нәтижесінде, әдебиет те сол кезең талабы болған – соғыс тақырыбына сай өсіп, өрби бастады.

Сөйтіп, осы тұстағы әдебиеттің басты бірден-бір ерекшелігі, мүлде жаңа – соғыс тақырыбына бет бұруында болды. Дейтұрғанмен де, жауынгерлік тақырып бұрыннан-ақ бар тақырып болатын. Қашаннан да халық – өз елін, өз жерін, үнемі басқыншы жаудан қорғап отырған. Өз бас бостандықтары жолында аянбай күресіп келген. Онда, ақындарымыз да оған өздерінің шығармалары арқылы елін, жерін қорғаған батырларды, қаһармандарды жігерлендіріп, үнемі қолдап-қуаттап түскен.

Бірақ, міне мұндай аса үлкен сұрапыл соғысты, адам баласы бұрын басынан өткізбегендіктен, әдебиет те бұл аса ауқымды тақырыпты, бұрын жан-жақты менгермегендігі де өз-өзінен түсінікті. Енді көркем әдебиет те жаңа батырлардың, батылдық іс-әрекеттерін, қаһармандық күрестерін жырлау, олардың бейнелерін жасау – аса өзекті мәселелердің бірегейі болды.

Сөйтіп, көркем әдебиетімізде қаһармандық дәстүрі, өз шешімін таба түсті. Осы бір жаңа үн, жауынгерлік сипат, отаншылдық ой – сол бір жылдардағы әдебиеттің басты ерекшелігіне айналды.



Соның нәтижесінде соғыс тақырыбы, соғыс пәлсапасы, кеңестік дәуірдегі барлық халықтар әдебиетінің бірден-бір өзекті тақырыбына айналды. Өйткені, бұл соғысқа өз көзқарасын білдірмеген әдебиет пен көркем өнер болмады десек, ол артық айтқандық бола қоймас.

Бүгінгі таңда, өз алдымызға отау тігіп Тәуелсіз мемлекет, Егемен ел болсақ та, сол кездегі, яғни 73 жыл жасап, келмеске кеткен Кеңес Одағы, барлық халықтардың ортақ мемлекеті болып есептелетін. Соның нәтижесінде, батыстан шапқан жау, шығыстағы елге де шабуыл жасағанмен бірдей болатын. Сондықтан да, соғыс жылдарындағы әдебиетке, сол кездегі Одақ тұрғысынан назар аударып, солай пікір жүргізуге тура келді.

Халық – фашистік басқыншыларға қарсы әділетті соғыс жүргізе отырып, сол әділетсіз соғысқа қарғыс айтты. Әдебиет те соғысқа қарсы шығып, өзінің отты сөздерін айта білді. Ізгілікті, әділетті жан-жақты жырлап, ерлікті, елдікті мадақтады. Сөйтіп әдебиет, соғыс тақырыбын өзінің негізгі тақырыбына, мазмұнына айналдырды. Сұрапыл соғыста екі дүниенің соқтығысуын, алуан түрлі қару-жарақ пен сан мың қолдың күші ғана емес, сол кездің тілімен айтар болсақ, екі түрлі сананың, екі түрлі көзқарастың арасындағы шайқас болды.

Өмір мен өлім арпалысқан соғыс жылдары, жазушылар мен ақындардың, соғысқа тікелей қатыспағандары болмады десек, ол да артық айтқандық бола қоймас. Міне бұл да, әдебиеттің өмірмен тығыз байланыстылығының бірден-бір жанды мысалы, айқын айғағы. Әрі әдебиеттің – туған халқына қалтықсыз қызмет етіп, соның мұңын мұндап, жырын жырлайтындығы. Оның тамырларында, сол халықтың парасаттылығы жататындығында.

Реті келгенде ерекше айта кетерлік жәйт, соғыс кезіндегі әдебиеттің бірден-бір ерекшелігі, соғыс тақырыбына батыл бара білуінде. Өйткені, қазақ халқы өмірінде, топырағында, мұндай сұрапыл соғыс болған емес. Сондықтан да, соғыс тақырыбы – қазақ әдебиеті үшін, мүлде жана, төтенше тақырып болды.

Міне солай бола тұрса да, қазақ әдебиеті өз алдына биік нысана, мерейлі мақсат қоя біліп, кеңес жауангерлерін,

өздерінің отты жырларымен жігерлендіре түсті. Оның үстіне, соғыс жылдарындағы қазақ әдебиетінде, әсіресе ауыз әдебиетінің дәстүрі мен халық поэзиясының сарыны да аса мол болды.

Соғыс кезіндегі қазақ әдебиетінің даму тарихында, мынадай екі түрлі ерекшелікті анық аңғаруға болады. Біріншіден ол, ел басына төнген қауіпке орай, қазақ әдебиетті саналық, азаматтық жағынан шындала түссе, екіншіден қай жанрда жазылған шығармалар болса да, оларда соғыс тақырыбы негізгі, ортақ тақырып екендігін тән алуы болды.

Әсіресе, соғыс жылдарында поэзия, оның ұсақ жанрлары — өлең, ән, лирикалық толғаулар аса кең өріс алды. Соғыста жүрген жауынгерлер болсын, ақындар болсын бәрі жауынгер. Олар кімге өлең, не қара сөзбен хат жазса да, өздерінің сағынышын, күйінішін, арпалыс үстіндегі хал-жағдайын жазып отырған. Ондай туындылар, негізгі оқиға аяқталып, тұрақтаған соң, ұзақ жылдар өткеннен кейін де жазылуы мүмкін.

Соғыстан кейінгі жылдарда, өмірге келген көркем дүниелер мұның толық дәлелі. Әйтсе де, прозаның ұсақ түрлері, де соғыс жылдарында едәуір дамығандығын да байқауға болады. Әсіресе, серкесөз, очерк жанры өз құлаштарын кең жая түскен болатын.

Оның үстіне, драматургия саласында, соғыс дәуірінің оқиғаларымен қатар, батырлық пен батылдық, ерлік күрестерді, көрсететін фольклорлық сюжеттерге арналып, талай-талай пьеса, опера либреттолары да жазылды.

## ПОЭЗИЯ

Кеңес Одағына кездейсоқ шабуыл жасаған, неміс фашистеріне деген кек пен сарқылмас өшпенділік, алғаш поэзияда кең көрініс таба түсті. Ол өлеңдерде халықты тікелей күреске шақыру идеясы, үндеу сарындары аса басым болды.

Әсіресе поэзияның — көңіл күй лирикасында, өмір сүретін адам сезімі лезде сәулелендіріліп, ол кең қанат жая бастады. Ол басқа жанрларға қарағанда шапшаңырақ дамы-

ды. Сөйтіп, поэзияда соғыс кезеңінің сан алуан оқиғалары кең қамтыла түсті.

Соның нәтижесінде, бұл дәуірде халқымызды жауынгерлік рухта тәрбиелеу дәстүрі, поэзия жанрында кең өріс алып, ол барған сайын дами түсті. Мәселен, 1941 жылдың 22 маусымында соғыс басталғанда, Жамбыл Жабаев 90 жаста болатын.

Сонда қарт ақын, ел басына аса қатерлі қауіп төнген кезде, қолына домбырасын алып, халықты жаудан кек алуға шақырды. Бүкіл халық көтерілген қанды майданға Жамбыл да көтеріліп, өзін тік ұстап, белін бекем буды да, жалынды өлеңдерімен үн қоса бастады. Оны біз ақынның «Өлім мен өмір белдесті» атты өлеңінен анық аңғару мүмкіндігіне ие боламыз. Мәселен ол:

*Орында түгел талабың...  
Қан ішер фашист жаулардың  
Қуырар әлі — ақ заманың, —*

дейді.

Сондай-ақ, халық ақыны Нүрпейіс Байғанин да, соғыс жылдарында өзінің бар ақындық арынын жауға қарсы күреске жұмылдыра бастады. Бұл ретте оның «Қанға қан, жанға жан аламыз», «Жанышта жауды, жанышта», «Майданға, батыр ұлдарым», «Зор майданға бар шапшаң», «Қаһарман қала», «Қазақстан майданға», «Өренім, ұлым, құлақ сал» деген өлеңдерін атай аламыз.

Бұл жылдардағы ақын шығармаларының басты тақырыптары, майданға көмек көрсету. Тылдағы еңбек адамдарының еңбекке деген қарқынын үдету, майдандағы жауынгерлердің рухын көтеру болды. Мәселен ақын өзінің жауға деген ыза-кегін:

*Өлер күнің таянды.  
Халық түгел ашынған,  
Алар сенен жанға-жан.*

*Алар сенен қанға-қан,  
Жоқ боларсың, бітесің,  
Адам жауы — сұр жылан, —*

деп білдірген болатын.

Сұрапыл соғыс жылдары, неміс фашистерін тез жеңіп шығу үшін, тылдағы еңбек адамдарының қарқынын күшейту керек болды. Сөйтіп, тыл мен майданның бірлесе кимылдауы, жауды ойсырата жеңуге негіз болатынын ақындарымыз, өз өлең жолдарында ағыта түсті.

Мәселен: Нүрпейіс Байғанин өзінің «Жеңіс үшін» деген өлеңінде:

*Ер елім, көрсет тағы еңбек күшін,  
Еңбекпен қас дұшпанның өрте ішін.  
Тұр білек, түс еңбекке ту астында,  
Бәрі де майдан үшін, жеңіс үшін, —*

деп, туған ел адамдарын майдан үшін жұмыла еңбек етуге шақырады.

Аса талантты қазақ ақындары: Сәбит Мұқанов, Асқар Тоқмағамбетов, Тайыр Жароков, Әбу Сәрсенбаев, Әбділдә Тәжібаев, Жұмағали Саин, Дихан Әбілов, Қасым Аманжолов, Ғали Орманов, Сағынғали Сейітов, Сырбай Мәуленов сияқты т.б. ақын-жазушылар, осы жылдары жазған лирикалық өлеңдерінде, сұрапыл соғысқа аттану, сөйтіп, жауды жеңу идеяларын негізге ала түседі.

Сондай-ақ, Омар Шипин, Доскей Әлімбаев, Төлеу Көбдіков, Кенен Әзірбаев сияқты аса талантты халық ақындары да, өздерінің өткір өлең-жырларымен, өзара айтыс өлеңдерімен халықты еңбек ерлігіне, қан майданға мол көмек беруге жұмылдыра түсті.

Әрбір ақын-жазушы өз шығармаларында, осы бір елге қауіп төнген кезде, одан құтылу үшін, қанды ауыз Гитлердің басқыншылығына аяусыз соққы беру керек екендігін ашықтан-ашық тілге алды.

Сұрапыл соғыстың алғашқы кезеңіндегі қазақ поэзиясында саяси сарын, зұлым жауға қарсы күресу ұраны аса күшті болды. Мұндай саяси тақырыптағы көңіл күй лирикаларында, халқымыздың ұлылығы, жауангерлік сипаттары, олардың жеңімпаздық қасиеттері ақындар поэзиясында кең өріс ала түсті. Мәселен: Сәбит Мұқановтың соғыс жылдарындағы өлеңдерінде, ақын-жазушылар алдында тұрған жаңа міндет — қамал бұзатын жалынды сөзбен жауға соққы

беру керек екендігін, өзінің жыр жолдарына қосты. Тіптен, ақын-жазушыларды қанды майданға аттануға шақырды.

Соғыс жылдарында, майдан тақырыбына батыл барып, өз өлеңдерін арнаған ақындардың бірі – Асқар Токмағамбетов болды. Ол соғыс тақырыбына саяси мазмұнды бірнеше лирикалық өлеңдер жазумен бірге, неміс-фашист басқыншыларының зұлымдығын паш ететін фельетондар мен әңгімелер де жазды. Мәселен ақын өзінің: «Жеңіс біздікі» атты өлеңінде, халқымыздың ынтымақ-бірлігін зор мақтанышпен тілге ала отырып, неміс фашизміне қарата, «соғыста біз жеңеміз» – деген идеяны алға тартты.

Мәселен ақын:

*Екі жиһан майданда,  
Десе, – жеңіс кімдікі?  
Айтамыз әлем алдында –  
Жеңеміз, Жеңіс біздікі.*

Сондай-ақ Асқар Токмағамбетов, өзінің 1943 жылы жазған «Мұнай бер» атты өлеңінде, еліміздің мұнайшыларын, өз міндеттерін тезірек орындауға шақырады. Мәселен ақын:

*...Көк ала бұлтты кескілеп,  
Қос қанаты көк тіреп.  
Көкірегін керсін десеңдар,  
Нәсердей бомба жаудырып,  
Жауған оғы жау қырып,  
Тезірек жеңсін десеңдер...  
...Мұнайшылар мұнай бер,  
Соны сізден сұрайды ел*

деп, үн қатады.

Ақынның бұл өлеңі форма жағынан, қазақтың ауыз әдебиетіндегі көп кездесетін 7 буынды, жыр өлшемі негізінде жазылған. Өлеңнің екпін, ырғағының түйдектеліп келуі, сол ауыз әдебиетінде кең өріс алған жыр үлгісін ойға оралтады.

Оның үстіне ақынның «Аға, іні, туысқан», «Кавказға», «Достық». «Жеңіс байрағы», «Ажалды жеңген алыптар».

«Мерген қыз» сияқты т.б. өлеңдерін оқырмандар ерекше сүйіп оқиды. Өйткені оларда, жалпы ұрандау ғана емес, нақтылы бейнелеп беруге ұмтылу лебі анық аңғарылады. Бұл оның «Фабдулқай», «Мерген қыз» секілді т.б. өлеңдерінде анық байқалады.

Тіптен, жеке басының мүддесін – жалпы қоғамның, халықтың мүдделерімен ұштастыра білетін ақын, ұнамды кейіпкер бейнесін сипаттайтын, 1943 жылы жазған «Сүйген жарға» өлеңінде, ол жәйт анық аңғарыла түседі. Онда нәзік лирикалық сезім бар.

Ал Отан алдындағы борышты терең сезіне білу, жалынды махаббат – жауынгерлердің бойындағы басты нағыз асыл қасиет екендігін сипаттайды. Бұл ерекшеліктерден кейіпкердің оптимистік тұлғасы анық аңғарылады. Оның қуанышты күнге, жеңіске деген сенімін кең өріс алдырады. Мәселен ақын:

*Жасаймыз сайран,  
Болады мейрам,  
Күн жақын оған, жан.*

*Туады күндер,  
Тағатын гүлдер,  
Күте бер жеңіспен бізді...*

Өлеңнің музыкалық ырғағы мағынасына сай болғандықтан, жүрекке жылы тиюмен бірге, сезімді селт еткізіп, өмірге құлшынта түседі.

Оның үстіне, Асқар Тоқмағамбетовтың соғыс жылдарындағы лирикалық өлеңдерінде тәлімдік-тәрбиелік мән кең өріс алумен бірге, үгіттік-насихаттық сипат та аса басым.

Сондай-ақ, белгілі ақын Ғали Орманов, өзінің 1941 жылы жазған «Отан» атты өлеңінде, халқымыздың Отанға деген шексіз сүйіспеншілігін, ақындық жүреппен сезіне отырып, оны ерекше ақындық шабытпен емірене жырлайды. Мәселен ақын:

*Отаным еркелеймін өзге кімге?,  
Өзіңмен нені болсын көргем бірге.*

*Қалайша қабырғама батпас менің  
Басына қатер бұлты төнген күнде?*

*Құл етсе азат басын, асау жанын,  
Адамның тірлігі не, өлгені не?  
Кеудеңді қысса сығып осы намыс,  
Қалайша ұмтылмассың сен жеңуге*

дейді.

Ерекше айта кетерлік жәйт, ақын өзінің «Емен» атты өлеңінде, тамырын тереңге жіберген Емен ағашы, ешқандай жау оғын елемей, жазға қарай тағы да көктеп, жапырығын жайып, емін-еркін өсе беретіндігін суреттейді.

Ақын осы өлең жолдары арқылы, халқымыз соғыс зардабын қаншалық көрсе де, оған мойымай, биік Емен жапырғандай, өсіп-өне береді деген идеяны алға тартады. Мәселен:

*Жапырағы жасарып,  
Жазылғандай сынықтан.  
Денесіне күш алып,  
Зәулім емен тыныққан.*

Сондай-ақ, ақынның соғыс жылдарында жазған «Солдат сыры», «Автомат», «Ана», «Жар жалауы», «Жазу ізі» сияқты т.б. лирикалық өлеңдерінде, кеңес жауынгерлерінің батырлығы мен батылдығын жырлайды. Халықты неміс фашистерінен кек алуға үндейді .

Аса талантты ақын Әбділдә Тәжібаев, өзінің 1941 жылы жазған «Біз жеңеміз» атты өлеңінде, Отанға деген патриоттық сезімін былайша өрбіте түседі:

*Бұрқырап бойдан қуат, кек қайнайды,  
Жүректен намыс оты жалындады.  
Суырылып суық семсер қынаптардан,  
Жөнелді зор бомбалар жарылғалы.  
Кектенген Еуропаның ұл-қыздары,  
Күтіңдер жетеміз біз құтқарғалы.  
Көлеміз қазып терең аждаһаны,  
Болса да бір басында мың бір жаны.*

Бір ескерте кетерлік жәйт, Кеңес Одағы халықтарының достығы, ынтымақ-бірлігі, сұрапыл соғыс жылдарында, ұлы жеңістің бірден-бір негізі болғандығын, барлық Одақ ақындар өз өлендерінде ерекше тілге алған болатын.

Сұрапыл соғыс жылдарында, неміс фашисттері – Украина мен Белоруссия, Эстония мен Латвия жеріне басып кіргенде – Кеңес Одағын мекендеген барлық халықтардың ортақ ниеті, жауды жеңіп, Отаннан алыстату болды.

Қан майданда соғысқа қатысқан Әбу Сәрсенбаев, өз өлендерінің көбін, сол соғыс тақырыбына арнаған болатын. Жауынгерлердің майдандағы ерліктерін ақын, өз көзімен көре білді. Халқымыздың ұлылығын, батырлығын жан-жақты аңғарды. Соның нәтижесінде, туысқан халықтардың да соғыс жылдарындағы жан қиярлық ерлігін, достық, туысқандық сезімін жыр жолдарына қосты. Мәселен ақын өзінің «Мазасыз Украина түні», «Днепр» деген өлендерінде, халықтар достығы тақырыбын шынайы сезіммен жан-жақты көтере түседі.

Майдангер ақын Әбу Сәрсенбаев, өзінің «Қош боп тұр, жаным», «Жер серті» деген сияқты т.б. өлендерінде, берік достықты, кіршіксіз саф махаббатты емірене жырлайды.

Оларда ақын адамның ішкі сезімдерін тереңірек көрсетуге ұмтылады. Ол өзінің соғыс жылдарындағы өлендерінде жақсы тұрмыс пен ерен туысты, елді, шаттық өмірді жаудан азат ету үшін, қан майданға аттанған жауынгерлердің достығын тілге ала отырып, олардың жарқын бейнесін сипаттауға ерекше мән береді.

Сондай-ақ, сұрапыл соғыс жылдарындағы қазақ лирикасында Жұмағали Саин да өнімді қалам тербетеді. Соғыс тақырыбы оның өлендерінде аса мол орын иелейді. Ол өз өлендерінің көбін, партизандардың ерлік күресін жырлауға арнайды. Ақын ержүрек партизандардың жауға тұтқиылдан шабуыл жасап, оларды қару-жарақ пен адам күші жағынан әлсіретіп, Кеңес әскерлеріне көмек қолдарын созған ерліктерін жыр жолында емірене жырлайды. Мәселен ақын:

*Түн қатады партизан,  
Қар құшады, мұз жайлап.  
Қатал, қайсар жүрегі,*



*Қайтпас боран кәрінен,  
Қымбат елдің намысы  
Партизанға бәрінен.*

Ол өз өлең жолдарында халықтар достығы мен ынтымақ-бірлігін, адамгершілікті ерекше қарқынды әуенмен дәріптей түседі. Оны біз ақынның «Есімде Айдар көлі» деген өлеңінен айқын аңғарамыз. Ақын Айдар өзені жағалауында болған соғысты көз алдына елестетіп, онда орыс, қазақ, украин жауынгерлерінің туысқандық сезімі, оларды жан қиярлық ерлікке бастағанын жыр жолдарына қосады. Мәселен:

*Айдар, Айдар, ақ Айдар.  
Жағаң — сурет, суың — бал.  
Өткіздім сенде көп айлар...  
Қалдырдым сенде көп ойлар...  
Екі өлік жан — бір қабір.  
Қалған белгі шайқастан.  
Орыс, қазақ — егіз ұл  
Дос құшағы айқасқан.*

Жұмағали Саиннің «Түн қатады партизан», «Донец», «Жауынгер сөзі», «Айтылмай кеткен аманат», «Жаралы партизан жырлары» сияқты т.б. өлеңдерінде де, майдандағы партизандардың ерлік күрестері кеңінен жырланады.

Сондай-ақ, аса сарбаз Ақын Дихан Әбілев, өзінің «Қоштасу», «Бәрінен де сен қымбат», «Сағыныш», «Сүйген жарға», «Азияның адырынан» сияқты т.б. өлеңдерінде, сұрапыл соғыстың адам өміріндегі зиянды жәйттерін аша түседі.

Әсіресе, Мәскеу түбінде болған қан майданда, асқан ерлік көрсеткен 28 панфиловшы батырлар жайлы, халық ақыны Нүрпейіс Байғанин, 1942 жылы өзінің «Ер туралы жыр» атты кең тынысты, кемел поэма жазу мүмкіндігіне ие болды. Поэмада 28 батырдың бірі болған Нарсұтбайдың, Мәскеу түбінде болған соғыста көрсеткен ерлігін дәріптейді. Мәселен ақын:

*Жігіттің жігіт болғаны —  
Жаудан елін сақтаса.*

*Жау шапқанда еліне.  
Қояндай бұғып қаштаса.  
Менің жаным Отандық,  
Отан деп өлем, өлсем де.  
О, сүйікті Отаным,  
Балам деп көм, көмсең де, —*

дейді Нарсұтбай.

Ақын нағыз отаншыл, елі мен халқы үшін аянбай қызмет етуді, өзінің басты міндеті деп санайтын адамгершілігі аса мол батырдың бейнесін сомдайды. Сөйте келе ақын:

*Осы күн сол ара  
Жайнаған қызыл гүл дейді.  
Дейді түні жап-жарық,  
Қыста да гүлі гүлдейді —*

деп, түйе түседі.

Соғыс жылдарындағы қазақ поэзиясы, өзінің идеялық мазмұнының тереңдігімен де, көркемдік маңызымен де аса күрделі шығарманың бірі бола алды. Оны біз — Қасым Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңыз» атты поэмасынан, анық аңғару мүмкіндігіне ие боламыз. Бұл поэманы ақын басқыншы зұлым жауға қарсы берілмей соғысып, ерлікпен қаза тапқан жауынгер ақын — Абдолла Жұмағалиевтың ерлік күресін сипаттауға арнаған. Мәселен ақын, шапқыншы зұлым фашистердің зұлымдық іс-әрекеттерін:

*Өмір гүлін жаншып, таптап,  
Шаштан сүйреп махаббаты.  
Жерімізді жындай қаптап,  
Найзаға іліп ар — ұятты,  
Келе жатты сұм жендеттер.  
Жиіркеніп, жиырылды жер,  
Жауға тамшы татырмастай,  
Суын алып қашты өзендер, —*

деп береді.

Поэманы негізінен үш бөлімге бөліп назар аударуға болады. Бірінші бөлімінде ақын, өз өлең жолдарын толғау

үлгісімен берген. Әрине бұл – ақынның аса күшті жүрек отымен жазылған өлең жолдары деуге болады. Онда майдан суреттері, кекті жауға деген жан ашуы, барған сайын шиыршық атып, оттай жарқылдап ширай түседі. Мәселен ақын:

*Майдан етіп дүние төрін,  
Темір, гүрзі қақтап отқа,  
Жекпе-жек кеп өмір, өлім,  
Соққыласып жатқан жоқ па?...*

Тіптен, алда болатын трагедиялық жағдайлар да аса көп баяндаусыз, сараң суреттеулермен жымдаса, өрнектеле түседі. Бірінде ақын:

*Қырғын соғыс ортасында.  
Жүрді ұлан  
Кекті зілін  
Қоса түйіп қорғасынға, –*

десе, тағы бір өлең жолдарында: «қонды орманға қорғасын бұлт» – деп, оқта-текте болса да қайталап қояды. Өлеңдегі «Қанды ізін қара түнге, көме тастап жаулар отыр» деген жолдар, жалпы қауіп күтулі, алдағы кезеңнің қорқынышын қоюлата түскендей.

Әрине ақын, «Кіріспе» сияқты бұл бөлімде, аз сөзбен отты кектің, сұрапыл соғысқа жанын тіккен, неміс фашистеріне оқ болып атылғандай, жас ұланның жана күйін жанжақты суреттей түсуге айрықша мән берген.

Екінші бөлімде, лирикалық қаһарманның ой-тілегі, асқақ арманы тікелей өз сөзімен айтылады. Одан біз, нағыз батырдың, тайсалмас ер жүрек жауынгердің, намыс пен кекке толы, булыққан айбатты бейнесін анық аңғарғандай боламыз. Мәселен ақын:

*Қасиет күші ұлы Отан,  
Қанатын бер қыран құстың.  
Ашуын бер арыстанның,  
Жүрегін бер жолбарыстың,  
Күллі әлемнің ашу, кегі,  
Орна менің кеудеме кеп.*

*Жау жолына атам сені,  
Бомба бол да, жарыл, жүрек.*

дейді.

Шыны керек! Ақынның осы өлең жолдарынан біз нағыз қаһарман, аса салмақты, саналы батырлықты көз алдымызға елестете аламыз.

Ал үшінші бөлімде, ақын өмірден өтіп, жер-дүние күңіренгендей болған қаралы күнді:

*Ұшты құстар шартарапқа.  
Хабарлауға ер өлімін.*

деп, түйіндеу жасайды.

Ерекше ұқтыра кетерлік жәйт, Қасым Аманжолов поэзиясында көп кездесетін қасиетті дауыл, бұл жолы да тағы үрлей соғады. Аспан да, дауыл да әділетсіздікті көтере алмағандай, жап жас, қыршын кеткен Абдолланың жай — күйін бүкіл әлемге жаймақ болады. Мәселен ақын:

*Бұлтын жиып көкірегіне,  
Күрсінді бір аспан ауыр.  
Қос қанатын соғып жерге,  
Азаланып, жетті дауыл.*

*«Тапталпан, — деп, — күлін жауға»  
Құшып алып кетті дауыл.  
Республика аспанында  
Осынау күйді шертті дауыл.*

Сөйтіп, поэманың аяғы дәл осындай терең тебіреніспен бітеді.

Мұнда ер өліміне қатты қайғырумен бірге, сұрапыл соғыста неміс фашистерімен алысып-арпалысып, кегін ала алмай, арманда кеткен батырға деген тәнтілікпен, дән ризашылық лебі, сүйіспеншілік сыры анық аңғарыла түседі.

Шынында да, кейде трагедияның алдан үміт күттірер, оптимистік сипаты да, анық көрініс тапқандай сезінесің. Өйткені, бұл пәниден арманда өтіп бара жатқан батырдың өзі де:

*Туған халқым, туған жұртым,  
Алишы жаудан, алишы кекті, —*

деп, көз жұмады.

Поэманың ең жоғары, аса жарық сәулелі жерінің бірі де, дәл осы бір сәт. Әрине мұндай қаһармандық ерлік іс, кім-кімді болса да жадырата түсерінде дау жоқ. Бірақ ол, қаза тапқанымен азаттық борышын ақтап, атын мәңгі тірілер қатарына қалдырғандай, оптимистік ерекшелігімен айқын аңғарылады.

Тіптен ақын, өз атынан «Мен — солдат», «Мен — батыр» немесе «Сен — фашистің, мен — қазақ» дегенде, өзін әрбір ел азаматының орнына қойып, соның атынан сөйлей түседі. Бұл жерде ақын, өзін ғана айтып отырған жоқ, көбіне өзі сияқты басқа да жандарды тілге ала түскен.

Бірақ басқыншылар, кей халықты «тағы», «бұратана» сауатсыз халық деп басынбақ та болған. Ақын дәл осындай психологияны анық ұғынады да, жауға мынадай кекесінді ойды ирониямен өте әдемі жеткізеді. Мәселен ол:

*Егер мен де түссем қолға,  
Қамар ең-ау, темір торға.  
Олай болмай, бұлай болды,  
Біздің бақыт, сіздің сорға.  
Сен фашистің, мен қазақпын,  
Таңқаларсың, «философым»  
Ғажабына табиғаттың —*

дейді ақын.

Қорыта айтқанда, сұрапыл соғыс жылдарындағы қазақ поэзиясында, соғыс тақырыбы кең өріс алумен бірге, онда Отанға деген шексіз патриоттық сезім, басқыншы жауға, неміс фашистеріне деген ыза кек, кең өріс ала түсті. Сөйтіп, батырлық пен батылдық, ерлік, қаһармандық негізгі тақырыпқа айналды.

Көптеген қазақ ақын-жазушыларын қан майданда от кеше жүріп, өздерінің патриоттық сезімге толы өлеңдерін, жау жүрегіне оқша боратып, бүкіл Кеңес халқының сезімдерін оята түсті. Міне оған, жыр алыбы Жамбыл Жабаев өлеңдері толық дәлел бола алады.

## ПРОЗА

Өлім мен өмір белдескен сұрапыл соғыс жылдарында, қазақ прозасында – серкесөз, очерк, әңгіме жанры көбірек дами түскендігін аңғарамыз.

Әсіресе, майдандағы жауангерлердің ерлік күрестерін көрсететін очерк, әңгімелер, газет-журнал беттерінде жиі жарияланды.

Әрі, тылдағы еңбек адамдарының да ерен еңбектерін сөз ететін, бір жөн очерк, әңгімелер де көрініс таба түсті. Бұл ретте Мұхтар Әуезов пен Ғабиден Мұстафиннің очерктері мен серкесөздерін, мақалаларын ерекше тілге аламыз.

Сондай-ақ, Әбжаппар Әбішев те, бір жөн әңгімелерін майдандағы жауынгерлер өміріне арнаған болатын.

Әсіресе, қан майданда ерлікпен қаза тапқан Баубек Бұлқышевтің серкесөз шығармаларында («Жауыздық пен махаббат», т.б.) өз Отанға, туған елге, жерге деген ерен сүйіспеншілік, өзінің шынайы шешімін тапқан. Тіптен оның «Заман біздікі» деген жалынды үні, бүкіл қазақ жастарына арналған болатын.

Сұрапыл соғыс жылдарында жазылған ең көлемді шығармалардың бірі – Ғабит Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» мен Ғабиден Мұстафиннің «Шығанақ» атты романдарын, ерекше сүйіспеншілікпен тілге алу орынды деп ойлаймыз.

Бірақ, бұл көркем туындылар туралы, екі қаламгердің өмірі мен шығармашылығы, осы оқулықтың соңына таяу, арнайы сөз болатындықтан, бұл арада олар жайлы тоқталуды жөн көрмедік.

Оның үстіне, Мұхтар Әуезов өзінің «Абай» романының 1-кітабын 1942 жылы бастырып шығарды. Әрі ол, қазақ әдебиетінің аса зор табысы ретінде танылып, күллі жұртшылық аса жоғары баға берген болатын.

Бұл шығарма жайлы да, ұлы қаламгердің өмірі мен шығармашылығы, осы оқулықта арнайы сөз болатындықтан, бұған да дәл осы арада арнайы талдаулар жасауды да жөн санамадық.

## ДРАМАТУРГИЯ

Рас, сұрапыл соғыс жылдарына арналған, бір жөн драматургиялық шығармалар жазылды. Оларда, жауынгерлеріміздің қан майдандағы ерлік күрестері, әрі халқымыздың тылдағы еңбек адамдарының қажырлы еңбектері де, қаламгерлеріміздің пьесаларында шынайы шешімдерін таба түсті. Бұл орайда Сәбит Мұқановтың «Гвардия, алға» либреттосы мен Мұхтар Әуезовтің «Сын сағатта» атты пьесасы, соғыс тақырыбына арналды.

Оның үстіне, Мұхтар Әуезов пен Әбжаппар Әбішев жазған «Намыс гвардиясы» атты пьесасы, әйгілі 9-гвардия жауынгерлерінің ерлік күрестеріне арналды. Онда халықтардың достығы ынтымақ бірлігі берік күш екендігі, өзінің шынайы шешімін таба түскен.

Соғыс жылдарында халықты отаншылдық рухта тәрбиелеуде, көркем әдебиеттің орны, көркем шығармалардың мәні аса зор болды.

Сондықтан да, қазақ қаламгерлері, өздерінің бір жөн пьесаларында жауынгерлеріміздің батырлық күрестері арқылы, олардың басқыншы жауға қарсы қаһармандық күресін сипаттауға ерекше мән берді. Дегенмен, бұл пьесалар халқымыздың рухын аса жоғарғы қасиеттерімен, ойдағыдай терең, әрі жан-жақты аша алмады. Пьесалардың көркемдік сапасы да төмендеу болды.

Оның үстіне, сұрапыл соғыс жылдарында тарихи-фольклорлық тақырыпқа «Қобыланды», «Ақан сері – Ақтоқты», «Алдар көсе» сияқты бірқатар пьесалар да өмірге келді.

Мұның бәрін, әрбір қаламгердің өмірі мен шығармашылығына арнайы талдаулар жасайтын болғандықтан, олар жайлы бұл арада тоқталып отыруды жөн көрмедік.

## ЕҢБЕК ТАҚЫРЫБЫ

Сұрапыл соғыстан кейінгі жылдардағы қазақ әдебиетінде, еңбек адамдарының еңбектегі ерлігі мен бірлігін көрсетуге арналған шығармалар жылдар өткен сайын кең өріс ала бастады. Бұл шығармаларда соғыс кезінде және соғыстан кейінгі дәуірде жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстары да жан-жақты суреттелді.



Мәселен ардагер қаламгеріміз Сәбит Мұқанов, өзінің «Сырдария» атты романын жазды. Онда жазушы Қызыл орданың шөл даласын суландыруды мақсат етіп, күріштен мол өнім алу үшін канал қазушы, жұмысшылардың өмірін арналы арқау, өрісті өзек етсе, Фабиен Мұстафин өзінің «Миллионер» хикаятында, ауыл шаруашылығын көркейтіп, өркендетушілер туралы сөз қозғайды. Ал, «Қарағанды» романында алып өндіріс ошағы болған — Қарағандының көмір өндіруші жұмысшылар жайын баяндайды.

Сондай-ақ, Фабдол Сланов өзінің «Кеңөріс» атты хикаятында, мал шаруашылығының озаттары жөнінде жазса, аса талантты тарлан ақын Тайыр Жароков, өзінің «Жапанды орман жаңғыртты» атты поэмасында, табиғатты гүлдендіру туралы ой толғаса, Әбжаппар Әбішев «Достық пен махаббат» пьесасында, соғыс кезіндегі еңбек адамдарын тірлікті ныыстарын көрсетеді. Ақын Хамит Ерғалиев өзінің «Біздің ауылдың қызы» атты поэмасында құрылысшылар өмірін сипаттайды.

Драматург Әбжаппар Әбішевтің «Достық пен махаббат» атты пьесасы (1948), оның соғыс кезінде жарияланған «Жас түлектер» романының сюжеті негізінде өмірге келген. Бірақ қаламгердің бұл шығармасында, көрініс тапқан негізгі кейіпкерлер бейнесі даралана көрінумен бірге, шығарманың патриоттық бағыты да күшейтіле түскен.

Пьесаның басты кейіпкерлері Сәуле мен Нұрлан — бірін-бірі жақсы көрген жастар. Бірақ соғыс салдарынан олар бір-бірінен айырылып, екеуі екі жаққа кетеді. Мәселен — Нұрлан майданға аттанса, Сәуле тылдағы еңбек күрес үстінде көрсетіледі. Жазушы майданда жүрген Нұрланның хатарындағы бірнеше жауынгердің бейнесі арқылы, (мәселен, ұшқыш Темір) соғыс оқиғасын елестетсе, шахтада қызмет істеп жүрген Сәуле мен Мирон қарттың, Абзал Тайманов пен Сафроновтың бейнелері арқылы, еңбек майданы үшін тылда еңбек етіп жатқан адамдардың жарқын бейнесін көрсетеді.

Қаламгер шахтаның бұрынғы бастығы Міржакып Тайманов бейнесі арқылы, нағыз өзімшіл, өркөкірек, ұсақ мінезді, саяси түсінігі таяз адамның бейнесін береді. Пьесада Мырқалдың туысы — Абзал Таймановтың бейнесі, оған



кереғар. Абзал Тайманов Мырқалдың қателіктерін бетіне басып, ақырында, шахта жұмысында дұрыс басшылық ете алмағаны үшін, оны орнынан босатуға қосылады. Нәтижеде жазушы, адам үшін туыстықтан гөрі, Отанға пайда келтіретін, ел үшін ерен қызмет ете алатын адам – абзал деген идеяны алға тартады.

Пьесадағы жағымды бейнелердің бірі ретінде, көмір өндіруді жеңілдететін, машина жасауды ойлап шығарған Мирон қарттың бейнесін көреміз. Миронның Қазыбек пен болған достық қарым-қатынасы, өндірістегі басқа да адамдармен достық, жолдастық қатынастары пьесадағы идеялық мазмұнын толықтыра түседі.

Сөйтіп пьесада Нұрлан, сұрапыл соғыста, шайқастарда ерен ерлігімен көзге түсіп, Кеңес Одағының Батыры атанып, елге оралады. Өз елінен келгеннен соң, сүйген қызы Сәулемен қосылып, бақытты жанұя болуымен аяқталады. Осы махаббат мотивін шығармаға арқау ете отырып, жазушы адамдардың Отанға деген патриоттық сезімдерін орынды көрсете алған.

Аса талантты ақын Тайыр Жароков өзінің «Жапанды орман жаңғыртты» атты поэмасында (1949), шөл далада сүіздеген қарттың өмірін сипаттау арқылы, қарапайым халықтың жоқшылық өмірін көрсетеді. Еңбек адамдардың қажырлы еңбектегі ерлігін жырлайды. Ақын поэмасында кең алқап даланың бұрынғы жай-күйімен бірге, кейінгі дәуір суретін беру арқылы, қарама-қарсы екі өмірдің, екі тұрмыстың айырмашылығын көрсетеді.

Сол шөл даланы мекендеген еңбекші халықтың тағдыры, қазір таңда қалай өзгергенін, бүгінгі бақытты өмірдің, бұрынғы өмірден қандай артықшылығы бер екендігін тебірене, жыр жолдарына қосады.

Мәселен ақын:

*Баяғы тұрған лашық жоқ,  
Лашық ғайып болыпты.  
Лашық орнын басып кеп,  
Шатырлы үйлер толыпты.  
Бойына ағаш егілген  
Көшесі қандай, көшесі!*

*Көтеріңкі қандай, қарашы,  
Үйлерінің еңсесі.*

Айта кетерлік жәйт, Тайыр Жароковтың бұл поэмасы, өзінің идеялық мәнімен де, көркемдік жағынан да, қазақ поэзиясының сол кездегі елеулі шығармаларының қатарына қосылатын көркем туынды.

Сондай-ақ, аса адуын ақын Хамит Ерғалиев өзінің «Біздің ауылдың қызы» атты көркем поэмасында (1950), құрылыс бастығы Гүлжанның, қандай қиыншылықтар болса да, оны жеңе білетін қажырлығы мен қайсарлығын, өршіл бейнесін жасаған. Канал қазу үстінде Гүлжан, өз халқының игілігіне жұмсалған еңбектің қиыншылығын да, қуанышын да көреді.

Поэмада құрылысқа қатысқан басқа мыңдаған адамдардың қажырлы еңбегі көрініс табады. Олардың еселі еңбегінің нәтижесінде, шөл дала суландыру арқылы, орман алқабына айналғандығы сөз болады. Жас құрылысшы Гүлжанның белсенді ұйымдастырғыш, аса қабілеті жан екендігі анық аңғарылады.

Еңбек адамдарының біртұтас ұйымшылдығы арқасында, қол жеткізген табыстары сыр шертеді. Поэмада Көшек, Жәмила, тракторшы Шапай сияқты еңбек адамдары көрінуімен бірге, білім мен техниканы меңгерген, ой өрісі кең жас маман жұмыскерлердің де өсіп, өркендеп жетілуі де көрініс табады.

Белгілі ақын Әбділдә Тәжібаевтің «Жалғыз ағаш орман емес» пьесасы (1958), негізінен құрылыстағы еңбек адамдырының тірлік-тынысына арналған шығарма.

Бұл пьесада, жаңа қоғамда дәулеті тасқындай түскен, материалдық базасы бар шаруа ұжымдарының жайы сөз болады. Әрі онда, басты міндеті – мәдениетті көтеру керек екендігі жан-жақты көрсетіледі.

Осы мақсатты орындауға ұста қарт Жанас, Абзал, агроном Арман, жас инженер Анар және басқалар, өздерінің жемісті еңбектерімен көзге түседі. Олар негізінен елде мәдениет сарайын салуды көздейді.

Бірақ бұл жоспарға ұжым бастығы Телғара, тікелей қарсы болады. Телғара бұл істе асығыс қорытынды шығарып, бас-

қаларға бір өзі қарсы тұрады. Көп жылғы іс-тәжірибесіне сүйеніп, оқып-үйрене берудің, көпшіліктің сөзіне құлақ салып, ақылдаса іс етудің орнына, ол жеке-дара бөлініп, өзімшілдікке, менмендікке салынады.

Бастық ретінде, менің ғана айтқаным болу керек деп ойлайды.

Сөйтіп, пьесаның мазмұны осы екі түрлі жоспар жөніндегі тартысқа құрылады. Телғараның бейнесі арқылы, сол заманада әлі де болса кездесе беретін жат мінезді, өзімшіл, өркөкірек, менмен адамдарды көрсетеді.

Міне мұндай оғаш мінез, ақырында барып, көпшілік адамдардан қол үзіп, күллі жұртшылық алдында ұялатындығы кеңінен көріне түскен.

## БЕЙБІТШІЛІК ТАҚЫРЫБЫ

Үнемі Кеңес дәуіріндегі қаламгерлер, империалық елдерді, соғыс құмарларды, олардың реакциялық идеологиясын сынап-міней түсетін. Үнемі соғысқа қарсы, бейбітшілік идеясын кең өріс алдырумен бірге, халықтардың бостандығы мен бейбітшілігін кеңінен насихаттайын. Сол үшін бүкіл халықты солай жұмылдыра түсіп, күреске шақыратын.

Бұл орайда Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Омар Шипин, Асқар Токмағамбетов, Тайыр Жароков, Әбділдә Тәжібаев, Хамит Ерғалиев, Жұмағали Саин, Қасым Аманжолов, Дихан Әбілев, Қалижан Бекхожин, Әбу Сәрсенбаев, Сырбай Мәуленов, Сағынғали Сейітов, Жұбан Молдағалиев сияқты т.б. ақын-жазушылардың бейбітшілік тақырыбын, ерекше сүйіспеншілікпен көтере түскендігін жан-жақты аңғарамыз.

Мәселен аса талантты ақын Тайыр Жароков өзінің «Қазыналы Қазақстан» (1958) атты өлеңінде бейбітшілікті, еңбек жемісін емірене жырлайды.

*Банкирлер соғыс тілеп аспа-саспа,  
Біздегі бейбіт өмір күші басқа –  
Жер мен көк арасына мол астықтың  
Дәнінен сала аламыз алтын баспа.*

Ақын бұдан басқа да көптеген өлеңдерінде, Азия мен Африкада соғыс өртін тұтандырып жүрген, империашылдардың айуандық іс-әрекеттерін мінеп-шенейді.

Сондай-ақ, жалынды ақын Әбділдә Тәжібаев та, өзінің «Еуропаға саяхат» атты цикл өлеңдерінде, соғыс құмар сұмырайлардың бет-пердесін ашып, олардың арам пиғылдарын қатты сын астына алады.

Сонымен бірге ақын, дүние жүзінде кең өріс ала түскен бостандық идеясын дәріптейді. Бейбітшілік қозғалыстың жеңімпаздығын жете айтып, бүкіл жер шарын билеп-төстемек болған, империашылдардың үміт оттары сөзсіз сөнетіндігін тілге алады.

Ерен ойлы ақын Қасым Аманжолов поэзиясында, азаматтық сарын аса басым. Онда адамды сүю, оны қадір-құрмет тұту, оның ерен істеріне қуану, қоғамға пайда келтіру деген сияқты ойларды алға тартумен бірге, ол кез келген адамның бірден-бір парызы деген ұлы идеяны алға тартады. Әрине, ақынның бұл шығармасы асқақ рухта жазылған лирикалық өлеңдері ішіндегі аса көркем, әрі тым тартымды туындысы. Осы ретте оның махаббат туралы, адамның көңіл күйі, табиғат жөніндегі өлеңдерін атауға болады.

Мәселен ақын:

*Алыста асау өзен күркіреген,  
Жер жатыр жалт-жұлт етіп бір түлеген.  
Аспанның өрмегіндей жерге төккен  
Бір нәзік жұпар жаңбыр сіркіреген.*

Міне ақын табиғаттың тамаша суретін, дәл осы арада өзінше жырлап, басқаларда кездесе бермейтін өрнекті бояумен өре білген.

Оның үстіне ақын, өзінің 1950 жылы жазған «Сыйса егер өмір сыры бір жаныңа» атты асқақ үнді өлеңінде, ұлы адамгершілікті биікке көтере отырып, кішіпейілдіктің жан сырын оқырмандар алдына жайып салады.

Мәселен ақын:

*Жерде таудың қадірін сен біле біл,  
Аспанға ұшсаң, сонда да жерге үңіл.*

*Туған жерде тік бассаң аяғынды,  
Сен мықтысың, еркіндеп ойна да күл.*

Ерекше айта кетерлік жәйт, ақын Қасым Аманжолов өмірінің соңғы кездерінде, өз Отаны алдындағы халқы, досы, отбасы алдындағы міндеті, әрі ақындық борышы туралы аса көп жазды. Бұл өлеңдерінен оның – елін сүйген, жұртын ардақтаған, нағыз азаматтың келбетін көреміз.

Ақынның өмірден 1954 жылы ерте үзілуі, қазақ поэзиясы, қазақ халқы үшін өте ауыр, қайғылы қаза болды. Өйткені оның бергенінен, әлі де берері көп шағында, нағыз ақын ретінде әбден толып-таси бастаған кезінде, бұл дүниені тәрк етті. Бұл кезде аса талантты ақынның қаулап өсер шағына енді келгенде, өмірінің соңғы жылдарында үстемелеп жаза түсті.

Оның 1954 жылы жазып бітірген өлеңі – «Өзім туралы» деген көркем туындысы болды. Бұл өлеңі ақынның іштей ойлану, толғану сыры сияқты. Әрі, өзінен кейінгілерге қалдырған аманат сөзіне де ұқсайды.

Мәселен ақын:

*Ризамын туғанымға адам болып,  
Өкінбен қаламын деп бір күн солып.  
Адамзат сапарының мейманымыз  
Бір мезет жер бетіне кетер соғып.  
Бір күні от өмірім қалса өшіп,  
Қайран ел туған жерден кетпес көшіп,  
Торқадай жамылып ап топырағын  
Жатармын өз жерімде бір төмпешік,  
Өкінбен мен де бір күн өлемін деп,  
Өкінем ұқсата алмай келемін деп.  
Күніне жүз ойланып, мың толғанам  
Өзіммен бірге өлмесін өлеңім деп, –*

дейді ақын, күллі жұртшылыққа ой тастап.

Соғыстан кейінгі жазылған, бейбіт өмір жайлы жазылған шығармалардың негізгі мақсаты, майданда қас жаумен қаһарлана соғысқан, кейбір Кеңес адамдарының батырлық бейнесін көрсету болды. Әрі жастарды отаншылдық рухта

тәрбиелеуді басты ниет етуден туындай бастады. Бұл ретте қарымды қаламгер Тақауи Ахтановтың «Қаһарлы күндер» романы (1958) мен Бауыржан Момышұлының «Москва үшін шайқас» (1958) сияқты т.б. роман, повестерді атай аламыз. Бұл екі шығарманың екеуі де, соғыс майданындағы ер азаматтардың ерлік күрестерін суреттеуге арналған.

Сондай ақ, кең тынысты кемеңгер қаламгер Әбжәміл Нұрпейісовтің, соғыс тақырыбына жазған «Курляндия» романын ерекше тілге алу қажет. Онда Кеңес әскерлерінің, 1944 жылы Курляндия түбінде болған шабуыл сипаттары көрініс тапқан.

Шығармада Есей, Нұржан, Денисов сияқты жастармен бірге, батальон командирі Скориков, жауынгер Қожак, рота командирі Миронов, сондай-ақ санитар қыз Баян сияқты т.б. соғыс жауынгерлері сипатталған. Онда өз Отанын шын сүйген, нағыз патриоттардың ерлік күрестері жан-жақты көрініс табумен бірге, тіл көркемдігінде, шығарманың композициялық құрылысында бір жөн кемшіліктер де болды. Соған орай жазушы, қайта қарап, бір жөн өзгерістермен өндеп, оны 1961 жылы «Күткен күн» деген атпен қайта бастырып шығарды.

## ТАРИХИ ТАҚЫРЫП

Соғыстан кейінгі жылдардағы әдебиетімізде, халқымыздың өткен өмірін, сол дәуірде өз бостандықтарын аңсап-армандаған, аса үлкен үміттерін көрсету, сипаттау тақырыбы кең өріс ала түсті. Әрі, халқымыздың өткен ғасырдағы озық ойлы адамдарын, нағыз прогресшіл, мәдениет қайраткерлерін, ағартушыларын сипаттау да кең канат жая түсті. Бұл орайда – Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев сияқты ұлы тұлғалар жайлы көркем шығармалар өмірге келді.

Онда қаламгерлер, олар туралы әр түрлі тарихи фактілерге сүйене отырып, өз дәуірінің келбетін, тарихи танымдары мен халық дәстүрін, салтын жан-жақты сипаттайтын бірнеше көркем шығармалар дүниеге келді.

Бұл ретте Мұхтар Әуезовтің «Абай» (1949) және «Абай жолы» (1954) романдарын, Ғабит Мүсіреповтің «Оянған

өлке» (1953) романы мен Сәбит Мұқановтың «Шоқан Уәлиханов» (1954) пьесасын ерекше сүйіспеншілікпен тілге аламыз.

Олар туралы, әр қаламгердің өмірі мен шығармашылығы жайлы, осы оқулықта ой жүгіртетіндіктен, бұл арада олар жайлы пікір білдіруді артық деп ойладық.

Сондай-ақ, Орал бойындағы төңкеріс дәуірін бейнелейтін Хамза Есенжановтың «Ақ Жайық» романында да, халқымыздың бастан кешкен тарихи кезеңдері аса тартымды өз көрінісін таба түскен.

Қаламгер өзінің «Ақ Жайық» атты романында тарихи тақырыпқа батыл барып, оны асқан шеберлікпен меңгере түскен. «Ақ Жайық» романында Батыс Қазақстан облысында болған, Қазан төңкерісі дәуірінде болған тарихи оқиғалар суреттеледі. Жазушы өз шығармасында жергілікті жасақтар мен Мендігерей, Әбдірахман, Хамит, Ораз, Белан, мұғалім Қален сияқты т.б. күрескер, жандардың ақтармен болған айқасын жан-жақты сипаттайды.

Сөйтіп, XX ғасыр Кеңестік дәуірдегі әдебиетімізде, міне осындай тарихи тақырыптарға батыл барып, әр дәуірдің тыныс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін шегелей түсетін, кең тынысты көркем шығармалар негізінде, аса тамаша тақырыптар көтерілді.





## **ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ (1846–1945)**



Жыр алыбы Жамбыл Жабаев, 1846 жылдың ақпан айында, Жамбыл тауының бөктерінде, қақаған қыста дүниеге келген. Оның арғы аталары ауқатты болғанмен, ақынның әкесі Жапа қырма кедей болыпты. Нәтижеде Жамбыл, жоқшылықтың тақсыретін көп тартып, аса көп қиналып өседі.

Ес білгеннен соң әкесі оны ауыл молдасына беріп, сауатын ашпақ болады. Бірақ, жаратылысынан пысық, зерек боп өмірге келген Жамбыл, молдадан сабақ оқығысы келмейді. Жастайынан-ақ ән мен өнерге құмар болады. Ауылдың жиын-тойларына барып, өзінің ақындығын таныта бастайды.

Жас Жамбылдың өлеңдері Жетісу өңірінде аты жайылған, ерен жүйрік ақын Сүйінбайға ұнайды. Содан ол жас – бала ақынға аса үлкен үміт артып: «...Балам, өз өлеңіңді шығар, бірақ оны жұрт жаттап алатын, ешкім ұмытпайтын өлең болсын, сенің өлеңің жеке адамдардың көңілін көтеріп, солардың сүйініп отыратын өлеңі болмасын, бүкіл халықтың сүйіп тыңдайтын өлеңі болсын» – деп, батасын береді.

Жастайынан-ақ, ауыз әдебиеті үлгілерінен көп үйренген Жамбыл, өзінің ақындық арынын, айтыстағы шеберлігін барған сайын кең өріс алдырып, жетілдіре түседі. Ол, Сарбас, Досмағамбет, Құлмамбет, Айкүміс, Қатақан сияқты т.б. аса талантты ақындармен айтысқа түсіп, оларды жеңеді.

Сөйтіп Жамбыл Жабаев, ХІХ ғасырдың 70–80 жылдарында-ақ белгілі ақын ретінде, ел арасында кеңінен таны-



лып, халық ақыны дәрежесіне көтеріледі. Мәселен, патша династиясының 300 жылдығына орай, Алматы қаласында аса үлкен көрме ұйымдастырылғанда, жағымпаз қазақ байлары ақ үй тігіп, қымбат дүниелерін қойып, жасауларын жаяды. Ол жағымпаздықты жақтырмаған Жамбыл, өзінің «Өстепкеде» деген өлеңінде, қазақ байларын сын астына алады. Мәселен ақын:

*Үйсін, найман саңлағы,  
Өстепкеге жиылдың.  
Елде жүрген егейлер,  
Қалада құр үйлдің.  
Ұлық көрсең ұйлығып,  
Желді күнгі қамыстай  
Жапырылып иілдің...  
Келтірдіңдер намысты,  
Бек қорланып күйіндім, —*

деп ақын, өз ойын ашық тілге алады.

Жамбыл өз өлеңдерінде жоқшылықтың зардабын шеккен, жарлы-жақыбайлардың аянышты халдерін жыр жолдарына қосады.

Оның үстіне азулы ақын, 1916 жылғы патшаның майданның кара жұмысына адам алу жарлығына тікелей қарсы шығып, халық жағында болады. Сонда патша шабармандары ел-елдегі ақындарды жиып алып, соның ішінде Жамбыл Жабаев та бар. Оны Алматыға айдап әкеледі де, патшаның жарлығын марапаттап жыр айтындар дейді. Міне оны ақын:

*Үгіт айт, патшаны мақта дейді,  
Болып жатқан соғысты жақта дейді.  
Жыр айтсаң құдай менен пайғамбарды айт,  
Онан басқа жырыңды таста дейді, —*

деп, өз ойын бүкпей, бүгіжектемей батыл айтады.

Сөйтіп, әкімдердің бұйрығын қолдамаған Жамбыл бастаған бір топ ақындар, оны қостай қояды. Бір жеті қамап қойып, бір жөн күштесе де, айтқанын істете алмаған патша әміршілері оларды босатып жіберуге мәжбүр болады.

Халық та патша әміріне өз наразылықтарын білдіреді. Халықтың азаттық көтерілісін патша үкіметінің жазалаушы отряды, қарулы күшпен бастырады. Міне оны Жамбыл өзінің «Зілді бұйрық», «Патша әмірі тарылды» деген өлеңдерінде жан-жақты сипаттайды.

Жамбыл алғаш Қазан төңкерісін қуана қарсы алып, ол жайлы өзінің «Менің бақытым» атты әңгімесінде: – «Мен шыңыраудан шығып, тамаша гүлдерді, жұпар иісті шөптерді, қыруар аралдарды, сымбатты үйлерді көрдім. Мен нағыз күнді көрдім. Таудың асыл тасындай таза ауада дем алдым. Менің жаным да алма ағашындай гүлдеді. Көзім жұлдыздай жайнап, кеудемді шаттық кернеді. Өлеңдерім Іле өзеніндей тасыды. Мен жасардым, 18 жасар жігіттей шағыма келдім», – дейді.

XX ғасырдың 20-жылдары Жамбыл бастаған халық ақындары, өмірге белсене араласып, жаңа өмірді жыр жолдарына қоса бастайды. Жамбыл 1924 жылы «Қазақстан тойына» атты өлеңін жазса, 1927 жылы «Замана ағымы» атты ұзақ өлеңін жазу мүмкіндігіне ие болады.

Жамбыл 1929 жылы жаңадан ұйымдасқан колхозға мүше болып кіреді де, өмірінің соңғы сәттеріне дейін, қазіргі Алматы облысына қарасты Жамбыл ауданындағы Жамбыл атындағы колхозда жасайды.

Жамбыл 1936 жылы Алматы қаласында, тұңғыш рет болып өткен халық өнер иелерінің республикалық слетіне қатынасып, онда ақындар жарысына түседі. Сонда ол өзінің асқан таланттылығымен көзге түседі. Әрі, дәл осы жылы Мәскеуде, қазақ әдебиеті мен көркем өнерінің онкүндігі болады. Оған да қатысқан Жамбыл, өзінің «Халықтың сәлемі», «Дастарқан жыры» сияқты т.б. жыр шумақтарын төгілте айтып, ерекше көзге түседі.

Міне сөйтіп, Жамбылдың ақындық арыны бүкіл халық арасына кеңінен таныла бастайды. Соның нәтижесінде ол Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталады. Бұл құрмет, ерен сый оның ақындық шабытын дамыта түседі.

1937 жылы грузин халқының әйгілі ақыны Шота Руставелидің 750 жылдығына орай, қазақ делегация басшысының бірі болып Жамбыл Жабаев та қатынасады. Нәтижеде ол, Шота Руставели туралы, Отан туралы, «Ақынға», «Кав-

казға сәлем», «Өмір жыры» секілді өлеңдерін шығару мүмкіндігіне ие болады.

Сондай-ақ, 1938 жылдың мамыр айында, Алматыда Жамбыл ақындығының 75 жылдығы аса үлкен салтанатпен атап өтіледі. Оған Кеңес Одағындағы барлық елдерден ақындар арнайы келіп қатысып, ерекше тойланады. Сонда Өзбекстаннан Фафур Ғұлам, халық бақшысы Ергеш Жұман Бұлбұлұлы, Максуд Шайхзаде, Міртемір секілді ақындар да қатысып, ақынның мерей тойымен құттықтайды. Ергеш Жұман Бұлбұлұлы Жамбылды құттықтап, жыр жолдарын арнаумен бірге, «Алпамыс» эпосынан үзінділер де айтып береді.

Оның үстіне, Фафур Ғұлам «Жамбыл», Хамит Әлімжан «Жамбыл», Мамарасул Бабаев «Домбыра тіліменен», Кәрім Ахмеди «Жамбыл» атты өлеңдерін шығарып, поэзия алыбын жыр жолдарында мадақтай түседі.

Сондай-ақ, 1946 жылы Жамбылдың туғанына 100 жыл толуына орай да, Қазақстанда үлкен мереке өткізіледі. Міне оған да туысқан республикалардан, оның ішінде Өзбекстаннан Фафур Ғұлам, Ұйғын, Айбек, Міртемір сияқты т.б. ақындармен бірге, аса талантты ақын Максуд Шайхзаде де қатынасады. Сонда ақынның қабыры басына барып, зиярат еткен Максуд Шайхзаде, өзінің «Жамбыл» атты өлеңін жазып, ұлы ақынды теңізге балай келіп:

*Жамбыл бір теңіздей шалқыған айдыны,  
Жамбылсыз домбыра күйсіз де қайғылы.  
Жамбыл бір теңіздей толқыны тулаған,  
Ұлы жыр онсыз бір толқындап тумаған.  
Жамбыл бір теңіздей інжу сөз төгілген,  
Бұл теңіз қойнында аралдар жайлаған.  
Қиялдар толқынын қанат қып байлаған.  
Бұл теңіз үстінде жүзеді бар қайық,  
Жырынан сусындап, қуат ап қалайық, —*

дей келе, одан әрі:

*О, Жамбыл, ақындар атасы, алыбы,  
Тілің бал, нәр алды елімнің бар ұлы, —*

деп ақын Жамбыл Жабаевты айрықша қастерлеп, қадір тұта өзбек ақындары да ерен ыстық ықласпен тілге алады.

Бұл әрине, поэзия алыбының өз ана топырағынан ары асып, күллі халықтар арасында да өз үні, өз әуені мен кіріп барған кемеңгерлігін де анық аңғарта түседі.

Міне осындай кең тынысты, кемеңгер Жамбыл, 1945 жылдың 22 маусымында, 100-ге аяқ басқан шағында дүние салады. Бірақ, ақын өзінің өлең-жырларымен, «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» сияқты поэмалары арқылы, тамаша айтыстарымен бір өмір халқымыз жүрегінде мәңгі жасай бермек.

## АҚЫНДЫҒЫ

Жастайынан-ақ, өлең айтуға аса құмар болған Жамбыл Жабаев, ел ішінде болып жатқан әр түрлі оқиғаларға орай, кейбір жеке адамдардың мінез құлқына байланысты, талай-талай өлеңдер шығарып, халық арасында «ақын бала» атанып кетеді.

Мәселен ол, 15–16 жасар шамасында шығарған, ең алғашқы «Шағым» атты өлеңінде-ақ, өзінің келешегі аса мол ақын болатындығын, анық аңғартқандай. Онда ақын, өз шәкірттеріне білім беруден гөрі, өз құлқынын көбірек ойлайтын дүмше молданың сиқын:

*Оқымаймын молдадан,  
Екі иығын қомдаған.  
Бала келсе сабаққа,  
Жем аңдыған дорбадан.*

*Ақ сәлдесі басында,  
Боз інгендей боздаған.  
Қайтіп сабақ береді,  
Айтқаны ішке қонбаған, —*

деп, сауатсыз молдалардың бет пердесін өте әдемі аша түседі.

Ақын өзінің «Кедей» атты өлеңінде, аш-жалаңаш, жоқшылықта өмір кешкен, жарлы-жақыбайлардың аянышты халін:

*Қайтіп жаның ашымас,  
Неткен заман қатыбас?  
Еткен еңбек, төккен тер,  
Қалай түкке татымас, —*

деп, кедейшілік пен жоқшылыққа, сол кездегі «қатыбас заман» кінәлі екенін ашық айтады.

Жамбыл жоқшылықтың басты себебі, ескі ауылдағы атқа мінерлердің, бай мен би-болыстардың езгісінен, паракорлардың құлқын құмарлығынан деп түсіндіреді. Олардың елді, қарапайым хылықты қанаған, жемқор мінездерін әжуалап, зілді күлкіге айналдырады. Мәселен ақын өзінің «Мәңке туралы» атты өлеңінде:

*Заңғойдың болысы пысық келеді,  
Мұрындары пұшық келеді.  
Екі арада ептеп жерінде,  
Көздерін қысып келеді.  
Сөздерін ұзарта келеді,  
Өңешін қызарта келеді.  
Өнімі азырақ жерде  
Үстіне тұз арта келеді.  
Ыңранып отырып алады,  
Әр алуан қырта салады...  
Қалталарын толтырып алады, —*

дейді.

Сөйтіп, Жамбыл Жабаев, өз өлеңдерінде өзі жасаған заманның келбетін жан-жақты аша отырып, Кенес дәуірінде қол жеткен игі талпыныстарды мақтап-марапаттай түседі. Жаңарған елді, жарқын болашақты өзінің жыр-жолдарында емірене жырлайды.

1917 жылы Жамбыл Жабаевтың 70 тен асып қалған шағы болатын. Солай бола тұрса да, ол қарттықа мойын бұра қоймаған шағы болады.

Ол өз өмірбаянында: «Тұрмыс түрленіп, өмір өзгерді — тіпті түс көргендей болдым. Жан-жағыма қарасам, жаңарған дала, жайдары көңіл. Ауыл-аймақты аралап, жаңа өмірді жырға қостым. Мен халықты түсіндім, халық мені түсінді».

Міне осылай» – дейді. Міне: «екі заманның, екі дәуірдің келбетін өз көзімен көрген ақын, сол екі заманның сиқы, келбетін өз ерекшеліктерімен танып, жіті аңғарып, оның бәрін де жыр жолдарында бұлақтай ағыза түседі. Әсіресе, Кеңестік дәуірде «қайта жасардым» дей отырып, бұл дәуірде қазақ халқы қол жеткізген табыстарын мадақтап, әбден дәріптей түседі. Әрине бұл, ақын Жамбыл Жабаевтың кемшілігі емес. Өйткені, әрқандай ақын, өз заманының, өз дәуірінің бірден-бір күйшісі, әрі жыршысы.

Ақындар өзі жасаған дәуірдің қол жеткен табыстарын жырлаумен бірге, кейбір көрініс тапқан, қылаң берген кемістіктерін де мінеп-шенеп, өлең-жырларына қосып отырған.

Егер Жамбыл поэзиясына тереңірек үңіліп, жан-жақты назар аударар болсақ, онда оның тақырыптық ауқымы әр алуан болғандығын анық аңғарамыз.

Үнемі ел бірлігін, халық тұтастығын жақтаған ақын, Кеңес дәуіріндегі жаңа заманды, жарқын болашақты дәріптеп отырады. Мәселен ол:

*Енді бүгін қарасам,  
Айналам бақыт кең жатыр.  
Бір-бірімен тұтасқан,  
Қол ұстасқан ел жатыр.  
Қырғыз, қазақ, өзбектер,  
Монғол, ұйғыр, дүнгендер...  
Орыс пенен украин  
Терезесі тең жатыр, –*

деп, дәуір тынысын, замана келбетін өте орынды жырлайды.

Жамбыл Жабаев өлеңдерінде халықтар достығы, ынтымақ-бірлігі үлкен орын иелейді. Мәселен ақын:

*Пушкиннің сайрап кеткен жырын талай,  
Шырқаған даланы өрлей ақын Абай,  
Алабын Алатаудың әнге орай.  
Туысқан халқыменен құшақтасқан,  
Біледі Қазақстан туғанындай, –*

десе, ол өзінің «Тарас» атты өлеңінде, украин халқының XIX ғасырдағы, төңкерісшіл ақыны Тарас Шевченконы жыр жолдарына ерекше сүйіспеншілікпен қоса түседі. Онда ақының өмірі айдау мен тұтқында өткенін тілге алумен бірге, бостандық, кеншілік өмірді аңсағандығын тілге тиек етеді. Оған деген ыстық сезімін:

*О бір кезде, ақыным,  
Сен де іздедің бостандық,  
Мен де іздедім бостандық,*

деп, бұрынғы өткен дәуірдің сырын аша түседі.

Жамбыл Жабаев өлеңдерінде көтерілген негізгі тақырыптарының бірі — Отанды сүйу, халық алдындағы азаматтық борышты ақтау, патриоттық сезімдерді күшейту. Қолға қару ұстап, өз Отанның тәуелсіздігі мен бостандығын қорғау — әрбір ел азаматының бірден-бір борышы екендігін терең сезіндіреді. Мәселен ақын:

*Елдің шетін күзету —  
Ең ардақты праваң.  
Жорғалап келсе, сұр жылан,  
Желкесін қиып, жеткізбей  
Кесе бер деген — осы заң, —*

деп ақын, жастар алдына үлкен міндеттер жүктейді.

Жамбыл өзінің «Отанды сүй» атты өлеңінде:

*Жасарған Жамбылда бар жалғыз тілек,  
Құлпырған шаттық шалқып өмір үдеп.  
Өмірге өріс берген — жалғыз жүрек.  
Сол жүрек — ел достығы, берік бірлік,  
Бірліксіз болмақ енді қандай тірлік.  
Әлемдік адал адам бақыт үшін,  
Жығылмас ырысты ту сол өмірлік, —*

деп, достықты, ынтымақ-бірлікті биікке көтереді.

Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Жамбыл Жабаев, Отан қорғау тақырыбына батыл барып, неміс фашис-

терінің басқыншылығын аяусыз сын астына алады. Әсіресе ақынның «Ленинградтық өрендерім» атты өлеңі, әрбір кенес жауынгерлерін жігерлендіріп, Отан қорғауға жұмылдыра түсті.

Сондай-ақ ақынның соғыс жылдарында шығарған «Екі дүние айқасты», «Қамал бұзған қаһарман», «Отан әмірі» сияқты т.б. өлеңдері, бүкіл ерен ойлы, еңселі азаматтарды жігерлендіре түсті. Жастарды ынтымақ-бірлікке үндей түсті.

Жыр алыбының «Асқар тауы», «Қызыл тіл», «Қыран құс», «Айдын шалқар көл», «Көкорай шалғын» сияқты т.б. жыр шумақтарында, халық жырларында ертеден келе жатқан эпитеттерді, бейнелі сөздерді өнімді қолданады.

Ақын өз өлеңдерінде кейіптеу, ұқсату әдістерін шебер пайдаланады.

Мәселен ол өзінің «Мәстек пен тұлпар» атты өлеңінде, өткен заманды — ұрып-соғып тепкілесе де жүрмейтін мәстек етіп көрсетсе, жаңа заманды «тоқымы жібек, жері алтын» жүйрік тұлпарға балап, бейнелеп, аса тартымды сипаттайды.

Міне бұлардың бәрі — халық поэзиясындағы көркемдік құралдар. Жамбыл оны жаңа идеяға, жаңаша пайдаланып, әдемі өлең өрнектерін өре түседі. Мәселен:

*Бұлт жамылып,  
Мұз жастап...  
Серік болып бұлтпенен, —*

деп, ұшқыштың тамаша сипатын берсе, одан әрі мына бір өлең жолдарында тракторшы қыздың сипатын:

*Темір тұлпар мінген қыз...  
Жапан қырды төңкерген,  
Қырды егінмен көмкерген, —*

дейді.

Жыр алыбының ақындық тілі тым қарапайым, қалың оқырманның барлығына бірдей түсінікті, жеңіл сөздермен өрнектеле түседі. Мәселен ақын:



*Арамның құйрығы,  
Бір-ақ тұтам деген бар.  
Жауды аяған жаралы,*

дейді.

Кейде ақынның сөздері мақал-мәтелге айналып кететін тұстары да жиі-жиі кездеседі.

Әрине бұл – Жамбыл поэзиясының нағыз халықтығын, халыққа түсініктілігін анық аңғартумен бірге, оны дәлелдей түседі. Мәселен:

*Жар астында жау ұрса,  
Бейқам жатқан ұйқы арам.  
Бізде жауға рақым жоқ,  
Жау жазасы – жалынды оқ.*

Ерекше айта кетерлік жәйт, Жамбыл Жабаев поэзиясы, форма жағынан да әр алуан боп келеді. Ол ауыз әдебиеті дәстүріндегі ақын болғандықтан, көбіне халық поэзиясында қалыптасқан өлең, жыр үлгісін өнімді пайдалана алған.

Бірақ ақын, бұрынғы формаға қошанда жаңа мазмұн, жаңа мағына беріп отырған. Ал, кейбір өлеңдерінде, Абай немесе осы күнгі жаңа ақындар өлең үлгісімен жазған өлеңдерін де, аңғару мүмкіндігіне ие боламыз.

Мәселен ақын: өзінің «Орден алғанда» деген өлеңінде, өз сезімін кезекті ұйқас өлең үлгісімен жазғандығын көреміз. Мәселен:

*Жаудың мойнын жұлдыра,  
Сарбаз шапса қылышын.  
Жау жүрегін сындыра,  
Жырдың салам құрышын.*

Бірақ, ақын өлеңдерінде мұндай өлең үлгілері, тым сирек кездеседі.

Жамбыл Жабаев өлеңдерінің көпшілігі жеті буынды жыр, он бір буынды қара өлең үлгісімен келіп отырады. Тіптен ақынның төрт жолды, он бір буынды формадағы өлеңдері, кейде редифті ұйқастар ретінде жымдаса түседі. Яғни, өлең

жолының ең соңғы сөзі, үнемі қайталанып отырады да, ұйқас оның алдыңғы сөздерімен байланыса туындайды.

Мәселен ақын:

*Үйірілген қышқыл, тәтті сары қымыз,  
Ауруға — ем, сауға — қуат дәрі қымыз.  
Бістықта ұрттар сусын таппағанда,  
Ерте-кеш байлар ішкен кәрі қымыз.*

дейді.

Сондай-ақ, ақынның тақпақ, толғау түріндегі жырларымен қатар, адамның көңіл күйлерін суреттейтін лирикалық шығармалары да баршылық. Бұл ретте оның «Алатау», «Бесік жыры», «Жаз» т.б. «Күз», «Көктем даңқы», «Май», «Шын жүректен» секілді көңіл-күй, табиғат лирикаларын атауға болады. Ақын сыртқы дүниенің жарасты көріністерін, адамның көңіл-күйлерімен іштей қабыстыра, үндестіре сипаттайды.

Мәселен Жамбыл өзінің «Жаз» лирикасында:

*Жаз жайнап, жан-жануар жанаттанған,  
Жадырап май айында қауаттанған.  
Су ағып, жер айналып жанарланған,  
Жиһанда біздің таңдай таң атпаған.*

Осы бір өлеңінде ақын, табиғаттың тамаша көркі мен халықтың жазғы еңбек өмірімен байланыстыра, астастыра суреттеген.

Қорыта айтқанда, Жамбыл Жабаев поэзиясы қазақ әдебиетінің даму тарихында, аса мол орын иелейтін, өзекті мәселелерді көтере білген, шын мәніндегі шынайы шығарма екендігімен, үнемі көз тартып, көңіл қуантатын көркем туындылар.

## «СҰРАНШЫ БАТЫР» ДАСТАНЫ

Сұраншы батыр Ақынбекұлы — тарихта болған адам. 1815 жылы Алматы іргесіндегі Қастек өзенінің бойында дүниеге келген. Ол Жетісу өңірінен шыққан Қарасай, Өтеген, Наурызбай, Райымбек, Сыпатай сияқты батырлар-

дың ісін ілгері жалғастырып, жас кезінде-ақ Жетісу халқына тізесін батырған Қоқан бектеріне қарсы шыққан.

1853 жылы қоқандықтар бейбіт жатқан қазақ еліне ойран салады. Сонда Сұраншы батыр қол жасақтап, оларға қарсы шығып, талқандап жеңген.

«Сұраншы батыр» дастанының кіріспесінде Жамбыл дастанды шығаруының себебі — ұстазы Сүйінбайдың өсиеті мен ел тілегі екенін айтады.

Одан әрі қарай ақын Алатау алқабының табиғат көріністерін нақты, шындыққа сай жырлай келіп:

*Жайлағалы мұны адам,  
Санап бітпес не заман.  
Неше халық, неше хан,  
Тапты қырғын талай жан.  
Толып жатқан оқиға —  
Соның бірі айтылар.  
Заман, заман дегенде,  
Заманға қожса — адам ғой!  
Наразы болсаң заманға,  
Бар кінәні соған қой...*

деген маңызды ой тастайды. «Заманның жақсы болмағы да, жаман болмағы да адамнан, өйткені адам — заманының қожасы», — дейді. Бұдан кейін дастанда жырланатын тарихи оқиғалар осы ойдың дәлелі іспетті баяндалады.

Дастанда Қоқан ханы Құдиярдың шапқыншылығы тұсында, Жетісу өңірін жайлаған қазақ халқының қайғылы, шарасыздық хал-жағдайы өз көрінісін тапқан. Мәселен ақын:

*Бейқам жатқан қалың ел,  
Қарсы тұрмай жалынды.  
Жаудан күту жақсылық —  
Зарыққанның салдары.  
Байдан күту жақсылық —  
Тарыққанның салдары, —*

деп, тереңге тебірене отырып, дәуірдің шындығын, заманының келбетін жан-жақты ашып сипаттаған. Ақын: «Жауы-

на жалынып, қор болғанша, қасық қаның қалғанша қасқайып қарсы тұрып өлген абзал» – деген ойды алға тартады.

Бұл кезде Сұраншы батыр, мұның бәрінен хабарсыз болғандықтан, ел ағасы Кәрібоз бен Беуке қарт, Сұраншыны іздеп, жолға шығады.

Екі қарт зорға дегенде тауда жатқан батырды тауып, қокандықтардың елді шауып, көрсеткен зұлымдықтары жайында егіле отырып баяндады:

*Сұраншыға жетті де,  
Жығылды қарттар атынан.  
Ақ сақалы су болды,  
Сорғалап аққан жасынан.*

Қазақ халқының ұғымында қарт кісінің көзінен аққан жасы сақалын жуып, омырауына төгілуі – өте сирек кездесетін, онда да ел басына күн туған жағдайда болатын жайт.

Сұраншының Қокан шапқыншыларына қарсы соғысы да үлкен ақындық шабытпен көркем де шынайы суреттелген. Соғыс қимылдары тікелей көрініс тапқан тұстарда Сұраншы ересен күш иесі, батыр ғана емес, соғыстың айла-тәсілдеріне де жүйрік, тапқыр ойлы қолбасшы етіп көрсетіледі. Ол Қарасай батырдың «Арыстан болған жау үшін түлкідей болсын әдісің» дейтін қағидасын еске түсіріп, үлкен айла, «құлық» жасайды. Жауға қай кезде (ел жата), қалай (бектер жатқан шытардан бастап) шабуыл жасап, естерінен тандыруды (бір мезгілде екі бүйірден тиісу, таудың басынан етегіне дейін алаулатып от жағу, тұс-тұстан барабан қағып, құр дәрілеп мылтық атып, сырнай шалып, жауларына саны өте көп екен дегізу) алдын ала мұқият ойластырып алады. Сонан соң жатқан жауға тұтқиылдан лап қойып, дауылдай жайпап өтеді.

«Сұраншы батыр» жыры шежіре-тарихтың көмескі жерлерін тануға да мүмкіндік береді, мәнді деректер де ұсынады. Жырда қырғыз ханы Орманның қанқұйлы әрекеттері, Құдияр ханмен ымыраласып, бейбіт қазақ ауылдарын таланы құжатқа бергісіз шындық болып елестейді.

Жырдың екінші бөлімінде Сұраншыны өлтірмек боп, балағаттап хат жызып, соғысқа шақыратын да – осы Ор-

ман хан. Дастанда көршілес, туыс қырғыз халқы мен Орман хан саясаты екі басқа екені айқын көрсетілген.

Дастанның соңында жырау әлдінің-әлсізге, көптің-азға зорлығы жүрген заманалар оқиғалары туралы толғана жырлай келіп, Сұраншы батырдың әділет үшін, халықтың еркіндігі, бас бостандығы үшін құрбан еткен ерлігін ардақтайды.

## АЙТЫСКЕР АҚЫН

Жиырма жастан асқан соң, Жамбыл ауыл айналасынан ұзап шығып, ақындық өнерінің көкжиегін кеңейте береді. Жыр айтып, саятшылық та құрады. Ақынның «Жылқышы», «Пұшықтың ұрыға айтқаны» секілді өлендері осы кезде айтылады. Айкүміспен, Бөлектің қызымен айтыстары да осы тұста өтеді.

Жамбыл – әрі эпик, әрі айтыс ақыны, абыз жырау әрі жауынгер жыршы. Ол шын мағынасындағы биік парасатты өнерпаз, азаматтық саяси поэзияны қалыптастырушы. Жамбылдың ұлылығы оның тек ақындық шеберлігімен ғана емес, сонымен бірге халық поэзиясының бұтақ жайған жаңа бір бәйтерегі болуымен, басқаша айтқанда, халық ақындарының жасампаздық рухтағы жаңа ұлы көшін бастаған даралығымен де өлшенеді. Оның сөздері ұранға айналып, өзі халық поэзиясының атасы аталды. Ол жыраулардың байтақ эпикалық дәстүрін, қазақ сөз өнеріндегі ғажайып импровизациялық үрдісті бүтіндей жаңа арнаға бұрып, оған жаңа мазмұн дарытты. Жамбыл – ізгілік жолындағы азатшыл азаматты нәсіліне, ұлтына бөлмеген шын мәніндегі интернационалист ақын. «Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан секілді. Оны жинап алып халқының қолына беру – біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз» – деген еді Сәкен Сейфуллин. Жамбыл – жырдың толассыз бұлағы, өшпес өнегесі, тозбайтын асылы. Ол жасампаз ұрпақпен сырласындай, қимасындай мәңгі бірге жасай береді.

Жамбыл айтыс барысында әрқашан әлеуметтік мәселелерді көтере отырып, теңсіздікті, әділетсіздікті, үстемдікті сынап-міней түседі. Үнемі халықтың мұңын мұндап, жырын – жыр жолдарына қосады.

Нәтижеде, үнемі айтысқан ақындарын осы тұста сөзден тоқтатып, қашанда адамилықты, әділетті айтып, өзінің нағыз халықшыл ақын екендігін жан-жақты аңғартады.

Мәселен ақын, 1881 жылы Құлмамбет ақынмен айтысып, оны жеңіп шығады.

Оны сөзден ұстай түсіп:

*Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,  
Ел бірлігін сақтаған татулықты айт.  
Қарынбайдай сараңдар толып жатыр,  
Оны мақтап әуре болмай, жөніңе қайт, —*

деп, орынды, өтімді пікір айтады.

Тіптен ақын, одан әрі өршелене түсіп, ел арасына іріткі салатын, әлсіздерге зорлық-зомбылық көрсететін топас, на-дан болыс-билерді, байларды әшкерелейді:

*Уа, Құлмамбет, сөз тыңда!  
Байларым деп салмақтап,  
Не қыласың құр мақтап,  
Өңкей ақмақ есекті!  
Елдің сиқын кетірген  
Кәсіп қып өтірік-өсекті.*

Аса талантты ақын Жамбылдың бұдан да басқа айтыстарында, байлар мен датқаларын дәріптеген ақындарды мінеп, сынап, оларды да сөзден ұтып отырған.

Бұл орайда оның, 1910 жылы Досмағамбет ақынмен болған айтысын тілге аламыз. Онда да байларды мақтаумен болған Досмағамбетке:

*Екі жүзді болмасаң,  
Байды неге мақтайсың?  
Қайыры көпке тимеген,  
Әкімдікпен билеген.  
Жарлы-жалшы сүймеген  
Ханды неге жақтайсың?  
Халыққа тиген пайдаң жоқ,  
Қайтіп тұзыңды ақтайсың?, —*

деп, шындық бетін шынайы ашып, Досмағамбет ақынды да сөзден ұтады.

XX ғасырдың табалдырығын аттағанда, Жамбылдың жасы елу төртте екен. Бұл кезде ол Жетісудың ең үздік ақыны атанған, жалпақ елге танылған жырау еді. Жамбыл жаңа ғасырда да ел өміріндегі елеулі оқиғаларға өз көзқарасын өлеңімен білдіріп, халықтың көкейіндегі арман-тілегін, көкірегіндегі шер-мұңын жырлайды. Жамбыл өзінің өлеңдерінде өткен ғасырлардағы халық өмірінің шындығын суреттей келіп сол ауыр қыспақтан шығу жолындағы халық күресін жырлайды. Отанды қорғауға қырағы, сақ болу идеясын Жамбыл патриотизм идеяларымен ұштастырады. Ақын оқушы жұртшылықтың өз Отанына деген сүйіспендік сезілеің күшейтеді:

Қорыта айтқанда, Жамбыл Жабаев қазақ әдебиеті тарихында, жыр алыбы ретінде тілге алынумен бірге, ол нағыз әділетті, адамилықты, өз Отаны мен халықтар достығын, ынтымақ-бірлігін кеңінен жырлаған ақын ретінде де айрықша дәріптеле түсетін кемеңгер тұлға.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Жамбылдың балалық шағы жайлы не білесіңдер?
2. Алғашқы өлеңдері мен айтыстарында нені көтерген?
3. Ақын бай мен кедейді қалай түсініп, оларды қалай бағалаған?
4. Жамбылдың жаңа өмірде асыра мақтауының себебіне мән беріңдер.
5. Соғыс жылдарындағы өлеңдерінде неге баса назар аударған?
6. Ақын өлеңдерінің өзгешелігі мен шеберлігіне көңіл бөліңдер.
7. Жамбылдың қандай өлеңдерін жатқа білесіңдер?
8. «Өтеген батыр» мен «Сұраншы батыр» дастандарын үйде оқып келіп, сыныпта мазмұнын айтып беріңдер.





## СӘБИТ МҰҚАНОВ (1900–1973)



XX ғасыр қазақ әдебиетінің дамуына аса мол үлес қосқан, тарлан таланттардың бірі – Сәбит Мұқанов. Ол Солтүстік Қазақстан облысы, Преснов ауданына қарасты елді мекенде, 1900 жылы дүниеге келіп, алғаш ауыл молдасында оқып хат таниды.

Жас Сәбит – ел арасына көп тараған қисса-дастандарды оқи алтындай сауат ашады. Жастайынан-ақ, өлең-жырға, ертегі, аңыз-әңгімеге әуес болған балаң жас, қолына түскен кітаптарды оқиды. Әсіресе оған, Абдулла Тоқай, Абай өлеңдері ерекше әсер етеді.

Соң ол, Омбы қаласына барып мұғалімдер дайындайтын семинарияға оқуға түсіп оқыса, 1922 жылы Орынбор қаласындағы жұмысшылар (рабфак) факультетіне барып, білімін одан әрі жетілдіре түседі. 1926 жылы рабфакті бітіріп шыққаннан соң, өзінің «Батырақ», «Октябрь өткелдері», «Сұлушаш» секілді поэмаларын жазады. Олары жеке кітап боп басылады.

1926–1928 жылдары Сәбит Мұқанов, Республикалық «Еңбекші қазақ» – қазіргі «Егемен Қазақстан» газетінде, т.б. да баспа орындарында қызмет істейді. Онан кейінгі жылдарда Ленинград университетінде, кейін Мәскеудегі қызыл профессура институтында оқып, оны 1935 жылы бітіріп шығады. Осы кездерде ақын өзінің «Майға сәлем», «Ақ аю» атты поэмаларын жазу мүмкіндігіне ие болады.



Содан соң, 1935 жылы жаңадан шыққан «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы болып қызмет атқарса, 1937 жылы Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы болып жұмыс істейді.

XX ғасырдың 30-жылдарынан бастап, прозалық шығармалар жазуға ден қоя түседі де, өзінің «Ботагөз» (1938), бұрынғы «Жұмбақ жалау» романымен бірге, «Менің мектептерім» (1941) шығармаларын жазып, аса талантты прозашы екендігін де анық аңғарта түседі.

Сәбит Мұқанов 1943–1951 жылдар аралығында, екінші рет Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы болып, қызмет атқарады.

1950 жылы «Сырдария» романы мен «Шоқан Уәлиханов» пьесасын жазады. Соңыра, бұрынырақ жазған «Өмір мектебі» кітабының жалғасы ретінде «Есею жылдары» атты өмірбаянды романын да жазу мүмкіндігіне ие болады.

Сәбит Мұқанов – белгілі қоғам қайраткері, 1947 жылдан 1963 жылға дейін, Жоғарғы Кеңестің депутаты болды. Әрі ол өзінің көркем әдебиетті дамытуға қосқан үлкен үлестері үшін, бірнеше орден-медальдармен марапатталады.

Міне осындай қазақ поэзиясы мен прозасын, драматургиясын дамытуға аса мол үлес қосқан Сәбит Мұқанов, 1973 жылы 73 жасында, Алматы қаласында қайтыс болады.

## АҚЫН ПОЭЗИЯСЫ

Кең тынысты кемеңгер қаламгер, XX ғасыр қазақ әдебиет майданына, өзінің ең алғаш рет, 1919 жылы «Бостандық» атты өлеңімен, ақын ретінде кіріп келеді.

Мәселен ол:

*Бұл бостандық көктен бізге келмеді,  
Ешкім бізге сыйлап және бермеді.  
Мұнда қазір ортағы жоқ өзгенің  
Бұл бостандық – жұмыскердің жеңгені!*

Бұл өлең шумағынан біз, еңбекші халыққа келген бостандықты ақын, терең түсініп, оны емірене жырлағандығын анық аңғарамыз.

Ақынның 1920 жылы жазған «Кедей баласы» атты өлеңінде, сол төңкерісшіл тақырыпты одан әрі кеңейте, дамыта түседі.

Қазақ аулындағы бай, би, болыстардың, халықты алдап, олардың көзін дінмен байлып, аса көп зәбір-зұлымдықтырын өткізетіндіктерін ақын:

*Молдекеңдер алдауға бата алмас,  
Құдайдағы жұмағын малға сата алмас.  
Енді байлар бостандыққа бір адым,  
Баса алмас та, кедейлермен қатарлас...  
Еңбекшілер, ендігі күн сенікі,  
Жасайды кедей, гүлденсін кедей, жасасын! —*

дейді ақын.

Сондай-ақ ақынның 20 жылдарда жазған «Шоқпыттын шаруасы», «Сүт зауыты», «Қазақстан», «Жолы жоқтар біздің жолға қосылсын», «Егістік», «Балқаш», «Конвейер» сияқты т.б. өлеңдерінде, қазақ ауылының көрінісін, кедейлер халін, шаруалар тұрмысын өздеріне тән ерекшеліктерімен жан-жақты сипаттайды.

Ақын поэзиясында, 1933 жылы жазған «Майға сәлем» атты өлеңі ерекше орын иелейді. Яғни онда ақын, өз өлеңіне жаңа өрнек, жаңа түр беруге ұмтылып, жаңа тұрмысқа бейімдеп сыр шертеді. Мәселен ақын:

*Мың сәлем саған,  
Мәңгі жолдас майым!  
Сен жас жігіт боп келген сайын,  
Жер жібек, барқыт киіп,  
Жасыл желек.  
Бүркеніп үйеңкі, терек, қайың! —*

деп ақын, одан әрі өлең жолдарын төгілте түседі.

Оның үстіне, ақынның көптеген өлеңдері соғыс тақырыбына, әрі онан кейін бейбіт өмір, еңбек, тынды игеру тақырыптарына да арналды. Бұл ретте ақынның «Мен де аттандым майданға», «Фашизмнің ажалы», «Гвардеец бауырларға» сияқты т.б. өлеңдерін атауға болады.

Ақын ХХ ғасырдың 20-жылдарының екінші жартысынан бастап, поэма жазуға бет бұра бастайды. Нәтижеде, 1925–1928 жылдар аралығында «Жетім қыз үйінде», «Батырақ» атты көркем туындыларымен бірге, 1928 жылы «Сұлушаш» поэмасын жазды.

«Сұлушаш» негізінен нағыз реалистік, шынайы поэма. Оның қаһармандары ойдан шығарылған болса да, қоғамдық өмірдің қайнар бұлағынан алынған екі жас. Бірін-бірі шын жүректен сөйледі. Олардың махаббаты саф – таза. Олар – нағыз адал сезім иелері.

Оның үстіне бұл поэма белгілі бір сюжетке құрылған, аса тартымды көркем туынды. Онда оқиғаның басталуы, шегіне жетуі, шиеленісуі, шешілуі – бәрі де бар. Нағыз классикалық үлгіде жазылған, өзінің шынайы шешімін тапқан шығарма. Поэмада сыр шерткен қай қаһарманды алсаңыз да, олардың сөздерінде жасандылық жоқ. Қайта, оның әрбірінің қимыл, іс-әрекеттері нанымды өрбіп, өз оқырмандарын жетегіне үйіре түседі.

### «СҰЛУШАШ» ПОЭМАСЫ

С. Мұқановтың қазақ әдебиетінің алтын қорына қосқан талантты шығармаларының бірі – «Сұлушаш» поэмасы.

Оны өлеңмен жазылған роман деп те атайды. Қалай болғанда да осы шығармасы арқылы ақын дәуір шындығын тарихи тақырып тұрғысынан кең қамтып бейнелеуде елеулі табысқа жетті.

Шығарманың сюжеттік желісін ел аузындағы аңыздан алынғанымен, ақын оны өз дәуірінің талабымен шебер ұштастырды. Жастардың бостандыққа ұмтылуы арқылы автор жалпы адамзат баласына тән азаттыққа ұмтылу идеясын көрсетеді.

Автор аңыздағы халықтық сарынды сақтайды да, оқиға мазмұнына өзгерістер енгізеді. Сол арқылы өмір шындығын, әлеуметтік мәселелерді терең бейнелейтін реалистік шығарма жасайды. Поэмадағы оқиға бірін-бірі сүйген екі гашық – Сұлушаш пен Алтайдың махаббатына құрылған.

Поэманың кейіпкерлері Сұлушаш пен Алтай екі түрлі әлеуметтік ортадан шыққан. Сұлушаш атақты Тілеуберді

байдың ерке өскен қызы болса, Алтай — байдың малын бағып жүрген жалшы жігіт. Өмірден көрген қиындығы мен таршылығы Алтайдың намысшыл, жігерлі болып өсуіне ықпал етеді. Оның бойында тағдырдың әділетсіздіген қарсылық, наразылық ерте оянады.

Алтай Сұлушашқа ғашық болады. Қыз да өнерлі жігітті ұнатады. Бірақ қоғамдағы салт-сана тәртібі екеуінің қосылуына жол бермейді. Өйткені бірі — байдың қызы, бірі құл мен күннің баласы.

Армандарына жету жолында жастар көп қиындықтар көреді. Озбырлардан қанша қысым көрсе, олар өз сезімдері жолында бастарын тәуекелге байлайды. Махаббатқа адалдық оларды неге болса да тайсалмай қарсы тұруға жетелейді.

Алтай мен Сұлушаштың озбыр топтан қашып шығып, қол ұстасып иесіз тауды паналаған кездерінде, ашығып-тарыққанда, оларға осы сезім қуат береді. Алтайдың жанында сенімді серігі Қайсар болады.

Үшеуі тауды паналап, талай қиындыққа кездеседі. Құстың ұясынан жұмыртқа аламын деп жартасқа өрмелеген Қайсар құздан құлап өтеді. Алтай мен Сұлушашты оңайлықпен ұстай алмасын білген қуғыншылар таудың етегіндегі қалың орманға өрт қояды. Сондай бір сәтте өрттен қашқан жолбарыспен бетпе-бет келген Сұлушаш жар басынан өзенге секіріп суға кетеді. Жан досы мен сүйген жарының өлімін көрген Алтай өз жүрегіне өзі қанжар салып көз жұмады.

Ел аузындағы аңыз желісіне құрылған поэманың оқиғасы осындай. Адам баласының бас еркіндігін аңсаған жастардың трагедиясы аянышты. Дегенмен бұл трагедияны ақын бірлі-жарым жастардың басындағы күй ретінде суреттемейді. Оны әлеуметтік мәселе дәрежесіне көтереді. Бұл қайғылы оқиғаға себепші сол кезеңдегі қазақ өміріндегі әлеуметтік теңсіздік екенін баса айтады.

Поэмадағы оқиғалар біріне-бірі жалғасып, ширақ дамиды. Кейіпкерлердің іс-әрекеті де бірте-бірте тұлғалана түседі. Оқиғаны баяндауда, кейіпкерлердің образын сомдауда автор фольклорлық бейнелеу құралдарына жүгініп отырады. Мәселен: С. Мұқанов суреттеген Сұлушаштың сұлу бейнесі де, байдың қызы бола тұрып, кедей жігітке ғашық болуы, сол жолда мерт болуы да лиро-эпостық жырлардағы ару қыз-

дарға ұқсайды. Дегенмен Сұлушаштың іс-әрекеті нақты, өз дәуірінің әлеуметтік жағдайларымен үндес, шынайы өмір шындығымен атасып жатыр.

Парасатты, көркіне ақылы сай Сұлушаш ғашығы Алтайдың кедейлігін мін санамайды, оның адамгершілік қасиеттерін қадірлейді. Алтайдың бойында да байлар әулетіне деген ыза мен кек бар. Өйткені көзін ашқаннан бері көргені – байдың есігіндегі жалшылық, жоқшылық, қиянат. Дегенмен шынайы махаббат сезіміне келгенде екі жастың арманы да, мақсаты да үндесіп кетеді. Бірлесе отырып өмірдегі қиянат атаулыға қарсы, адамның бас еркіндігі жолында ақтық сәттеріне дейін күреседі.

«Сұлушаш» поэмасында автор тек әлеуметтік мәселелерді, екі ғашықтың махаббат жолындағы трагедиялық тағдырын ғана суреттемейді. Поэмада адалдық, ар тазалығы мәселесі бар. Сұлушаш пен Алтай арасындағы ғашықтық арқылы ақын махаббатқа адалдық, ардың тазалығы туралы мәселе көтерсе, Қайсар образы арқылы досқа адалдық, адамгершілік тазалығы жайынан оқырманға ой тастайды.

Поэmanın композициялық құрылымы шебер, тілі көркем. Бейнелеу құралдары әр алуан. Оқиға барысын, кейіпкерлерінің іс-әрекетін баяндағанда, ауыл тіршілігін, жылқышылар өмірін, табиғат көріністерін сипаттағанда, ақын қарапайым бояумен әдемі өрнек салады. Поэма кейіпкерлерінің ішкі толғаныстарын, сезім күйлерін әсерлі бейнелейді.

## «ЖҰПАРХАН» ПОЭМАСЫ

Тақырып жағынан да, идеялық мақсаты жағынан да «Сұлушаш» поэмасымен үндес шығармалардың бірі – «Жұпархан» поэмасы. Сәбит Мұқановтың бұған дейінгі «Адасқандар», «Сұлушаш» атты туындыларындағы секілді, мұнда да екі жастың арасындағы махаббат хикаясы жырланады. Ғашықтар трагедиясы арқылы ақын қоғамдағы аса күрделі әлеуметтік мәселені көтереді. «Сұлушаш» поэмасындағы сияқты, мұнда да бұрынғы заманда өткен тарих суреттеледі. Тұтастай алғанда, Сәбит Мұқановтың ғашықтық мәселесін жырлаған шығармаларының қай-қайсы да халық

өмірінің әр түрлі тарихи кезеңдердегі ерлік үлгілерімен, өз кезінің күрделі әлеуметтік жағдайларымен өзара сабақта-сып, үндес болып келеді.

Бауырлас ұйғыр халқының өмірінен әңгіме шертетін «Жұпархан» поэмасы да осы тектес туынды. Поэма автор өмірінің кейінгі кезеңінде жазылған. Оқиғасы ширақ, көркем поэма.

Поэма 1963–1964 жылдары жазылып, автордың 1965 жылы жарық көрген «Шыңнан шыңға» атты жыр жинағында басылған.

Поэmanın бас кейіпкері Жұпархан – ұйғыр халқының XVII ғасырда өмір сүрген батыр қызы. Ол туралы әр түрлі аңыздар, әңгімелер айтылған. Ұйғыр халқының тарихы мен мәдениетіне қашанда құрметпен қарап өткен Сәбит Мұқанов Жұпархан оқиғасымен Шығыс Түркістан өзінің «Аққан жұлдыз» романына материал жинау мақсатымен барған сапарында танысқан.

Жалпы алғанда, Сәбит Мұқановтың әдеби мұрасында ұйғыр өмірінен жазылған шығарма жалғыз «Жұпархан» ғана емес. Оның 1958 жылы жазылған «Қашқар қызы» атты драмасы да осы тақырыпқа арналған болатын.

Шығыс Түркістанға барған сапарында Сәбит Мұқанов ұйғырдың батыр әрі сұлу қызы Жұпархан туралы аңызды естиді. Ол туралы әр түрлі деректер жинайды. Қыздың зиратын, оған орнатылған ескерткіш ғимаратты көреді. Көршілес елден осындай әсермен оралған қаламгер өзінің өзге де шығармаларымен қатар батыр қыз жайлы дастанын да жазуға кіріседі.

XVII ғасырда өмір сүрген Манчжурияның қаһарлы ханы Канси қартайған шағында өзіне сұлу жар іздеп, елді әлекке салады. Шабармандар ханның талғамына сай сұлу қыз таппай, талай-талай жазықсыз жандардың басы алынады. Сөйтіп жүргенде, У-Пей-фан деген керуенбасы ұйғыр елінен Жұпархан атты сұлуды көргенін айтып келеді. Қыздың оңайлықпен көнбесін сезген хан қол жинап, жорыққа аттанады. Тып-тыныш жатқан ұйғыр елінің Жапар бастаған жаужүрек ұлдары жауға қарсы тұрады. Бірақ саны көп хан әскеріне төтеп бере алмай, жеңіледі. Бір тұста Жапар опат болады.

Жапардай сүйген жігіті опат болғанын көрген Жұпархан сұлу белін қынай буып, елі үшін, шаһит кеткен ер үшін майданға шығады.

Бірақ ол да қолға түседі. Канси хан болса: «Қызды енді көндіремін», – деп ойлайды. Бірақ қайсар қыз өзін сүйген Жапардай ердің, өзін аялап өсірген туған елінің атына дақ түсірмей, пәк қалпында көз жұмады.

Сәбит Мұқанов поэманы осылайша шығыстық сарында түйіндейді. Шығармадағы әрбір кейіпкердің іс-әрекетін, мінез-құлқын беру аса нанымды, шынайы қалыпта суреттеледі. Атап айтқанда, поэма оқиғасына бастан-аяқ қатысатын Жұпархан, Жапар, Сейіт, Канси, Вань-Ан-ши, Фан-Юй-фу тәрізді кейіпкерлерді сомдауда тарихи деректерді араластыру арқылы автор шығарманың реалистік сипатын ажарландыра түседі. Бірқатар тұстарда ауыз әдебиетіне тән дәстүрлі үлгілерге сүйеніп отырады.

Мәселен:

*Секілді қасында оның ай албасты,  
Күннің де көре қалса, өңі қашты.  
Сан түрлі ғажап гүлдер, ол тұрғанда,  
Шешегін қауызынан бекер ашты, –*

деп Жұпарханның сұлулығын фольклорлық сарында көз алдымызға әкеледі.

Поэма авторы Жапар мен Жұпархан арасындағы махаббаты шынайы қалыпта әсерлі бейнелейді. Екі ғашық бір-біріне әбден лайық. Бас кейіпкер Жұпархан көркіне парасаты сай, батыр да сұлу кейіпте көрінсе, оның сүйген жігіті Жапар да:

*Тұлғасы, бейне арлан арсытандай,  
Қанша күшті болса да алысқандай.  
Кең иық, шығыңқы төс, жотасы тік,  
Үлкен көз, қонқақ мұрын, қарыс маңдай, –*

дейтіндей, ел ішіндегі азаматтардың бірі. Бір сөзбен айтқанда, Жұпархан мен Жапар барша табиғатымен біріне-бірі лайық жандар.

Автор олардың сырт пішінін суреттеумен шектелмейді, әрекет үстінде сомдайды.

Шығарма оқиғасының баяндалуы да аса ұтымды. Автор бірде ұйғыр елінің жай-күйін, енді бірде Канси ханның әскерлерін алма-кезек баяндап отырады. Мұнда да ақын оқырманға нақты әрі нанымды көріністер ұсынады. Ең бастысы, поэмада бейбіт жатқан ұйғыр елінің қарапайым суреті бар. Шығарманы оқи отырып, саны аз болса да ұйымы күшті, бар қайратын бейбіт еңбекке жұмсап жатқан ұйғыр қауымымен азаматты, Жапардай батыр ұлды, Жұпархандай ару қызды жолықтырамыз.

Поэма авторы осынау бейбіт елдің, еңбеккор халықтың басындағы күрделі тағдырға жүрегі сыздайды.

*Себе не? Ұйғырдың не жазығы?  
Қадалса айдаһардың қанды азуы.  
Шырылдап сорлы ұйғыр кетті дей бер,  
Күштінің бір-ақ қылғыр боп азығы, —*

деген жолдарда өзінің туған халқымен тағдырлас, әділетсіздік пен езгіні көп көрген бауырлас елдің жай-күйіне жаны ашыған қазақ ақынының жүрек жылуы бар. Ақын ұйғыр халқының келешек тағдыры туралы толғанады. Толғана тұрып, поэма кейіпкерлерінің бірінің аузына мынадай үмітті сөздер салады:

*Сан рет іргемізді шапқан түріп,  
Ұйғырдың арғы тегі — гүндік түрік.  
Сол бетке ұлы қамал соғамыз біз,  
Мыңдар жыл бітпеген соң осы бүлік.*

Ұйғыр елінің өмірінде өткен заманда болған бір оқиғаны баян ете отырып, ақын осындай тамаша реалистік поэма тудырған.

Қорыта айтқанда, қазақ әдебиетінің ұлы тұлғасы Сәбит Мұқановтың көркем поэма жанрындағы еңбегі қазақ поэзиясында тарихи мәні жоғары, поэтикалық жаңалығы мол әдеби құбылыс болды.



## ЖАЗУШЫ ПРОЗАСЫ

XX ғасыр қазақ прозасының дамуына ерен еңбек сіңірген Сәбит Мұқанов, XX ғасырдың 20-жылдардың 2-жартысынан бастап, прозалық шығарма жазуға кірісе түседі. Оның ең алғашқы прозалық туындысы 1928 жылы жарық көрген «Адасқандар» романы.

Онда, 1927–1928 жылдары болған оқиғалар негізі – арналы арқау, өрісті өзек болған. 1959 жылы, ұзақ жылдар бойғы сын мен ескерту пікірлерді ескере отырып, жазушы романды өңдеп, толықтырып «Мөлдір махаббат» деген атпен қайта бастырып шығарады.

1962 жылы роман орысшаға аударылып, «Светлая любовь» деген атпен жарық көреді. Роман едәуір өңделіп толықса да, негізгі оқиға бұрынғыша сақталған. Романда Бүркіт пен Бәтес аралығындағы саф махаббат шынайы сүйіспеншілік өзінің шын шешімін тапқан.

Жазушы 1927 жылы кісі өлімі қаралған сотта, қоғамдық айыптаушы болып қатысады. Сот ісі Бүркіттің Мүсәпірді өлтіруінен басталады. Ескі әдет-ғұрыппен шырмалған ауыл адамдары, әсіресе байлар Бүркіт пен Бәтестің қосылуына тікелей қарсы болады. Бәтес қалаға оқуға кетеді. Осы кезде Мүсәпір оны алдап, қолға түсіріп үйленеді. Әрі, таптық өші бар, әрі қызғаныштан булыққан Бүркіт, Мүсәпірді атып өлтіреді. Жазушы романға осы оқиғаларды арқау еткен. Мәселен, Бүркіттің әкесі кісі жалдаған ірі бай есебінде сотталады. Содан соң елде жаңа жер бөлінісі басталып, кәмпескелеу жүре бастайды. Осының бәрі шығармада көрініс табады.

Бұл сәтте таптық тайталастар әбден күшейіп, қастандық, жаулық істеу үшін байлар бар әдісті қолданады. Соның бірі – Бүркітті қол шоқпар ету.

Сәбит Мұқанов кейінгі жылдарда очерк, әңгіме, хикаят, романдар жазып, жемісті еңбек ете түседі. Бұл орайда оның «Алтын аймақ», «Каспийге саяхат» сияқты ірі-ірі очерктер жинағымен бірге, «Балуан Шолақ» (1944), «Сырдария» (1949) романдарын тілге аламыз.

Кеменгер суреткердің о баста, 1938 жылы «Жұмбақ жаулау» деген атпен жарық көрген романы, көпшілік оқыр-

мандардың сұрауына, сын ескертпелеріне орай, қайта өңделіп-толықтырып «Ботагөз» деген атпен қайта басылып шығады.

Бұл роман қазақ әдебиетінің даму тарихында, сапасы жағынан да, көтерген мәселелерінің ауқымдылығымен де ерекше көзге түскен, кең тынысты кемел – көркем шығармалар қатарынан орын иеледі.

Романның бірінші бөлімі – «Тұңғықта» деп аталады. Онда ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ халқының, қазақ қауымының өмірін суреттеуге арналған болса, екінші бөлімі – «Таң атарда» деп аталған. Мұнда қазақ ауылында бай мен кедей арасындағы наразылықтың үдейе түсуі, әсіресе 1916 жыл оқиғасына байланысты, патшаның маусым жарлығы салдарынан, ұлт-азаттық қозғалысының негізгі арқауы болады.

Ал үшінші бөлімі «Күн күлімдегенде» деп аталады да, онда Қазан төңкерісі кезеңі мен онан соңғы азамат соғысы жылдары жан-жақты көрініс табады.

Романда көзге көрінетін бас кейіпкер қазақ қызы Ботагөз, ерекше сүйіспеншілікпен көрініс тапқан. Жазушы Ботагөздің саналы күрескер қатарына қосылуын, оқушыға бірден таратпай, кейіпкердің толып жатқан соқпақ жолдармен келгенін өсу үстінде көрсетеді. Яғни, ағасы Балтабектің қолында өскен зерделі қыз Ботагөз, «ақ пен кара қайсы, әділет пен әділетсіздік қайсы, бай не дейді, ал соның жалшысы болып жүрген Темірбек не дейді?» – мұның бәрін біліп, түсініп көңілге тоқи бастайды.

Көркем шығармада Ботагөздің өмірге деген көзқарасының қалыптасуы, аса нанымды көрініс тапқан. Ағасы Кенжетайды, урядник Кошкин сабапты дегенді естігенде, Ботагөздің қаны қайнайды. Оның үстіне, Ботагөзді екінші ширата түскен жәйт, жексұрын Итбай болыстың оны өзіне айттырмақ болғаны.

Нағашысы Амантай да соны ойлап, өзіне мынадай серт береді. «Жоқ, – деді ол ішінен өзіне-өзі жігер беріп, – мен бұл іске енді белімді байлаймын. Мен өлмей, Ботагөзді Итбай ала алмайды. Табанына қадалған шөгір маңдайыма қадалсын дейтін Ботагөздің әкесі – енді мына мен», – деп, өз ойын түйіндей түседі.

Міне осындай қиын-қыстау кездерде Ботагөз, асқан ерлік, тамаша табандылық көрсетеді. Нағашысы Амантай мен сүйген жары Асқар дегенде, ерен ойлары дами түсіп, бар қолынан келген жәрдемін жасауға ұмытылады.

Шығармадағы басты бейнелердің бірі — *Асқар*. Жазушы қатардағы ауыл мұғалімін өмір мектебінен өткізіп, халықтың азаттығы жолындағы күрескер дәрежесіне көтереді. Қала жақтарының малын баққан Досан кедейдің баласы өз талабымен оқыса да, тұрмыстың қиыншылығын көріп өседі. Омбыда семинарияда оқи жүріп, қаражат табу мақсатында пристаньда жалданып жұмыс істейді. Ауыл мен қала кедейлерінің тұрмыс-тіршілігін жақсы білген ол қараңғы қазақ ортасын жайлаған надандық пен әділетсіздікке қарсы тұрады. Осы жолда біртіндеп саяси санасы оянады. Оның Итбайға еріп, Петербургке баруы, ондағы саяси партиялардың жұмысымен танысуы, саяси әдебиет оқуы заман шындығы шеңберінде суреттеледі. Саяси әдебиет оқығаны үшін жер ауу кезінде қоғамдық көзқарасын шындай түседі. Ол біртіндеп халықты отаршылдық езгіден босататын, қараңғылықтан, қанаудан құтқаратын жалғыз жол — күрес жолы екеніне көз жеткізеді. 1916 жылғы көтеріліс кезінде халық ішінде болып, көтерілісшілерге ақыл-кеңесімен көмектеседі. Петербургке барып, сол жақтағы саяси күштермен байланыс жасайды. Азамат соғысы жылдарында ол майданның алғы шебінде жүреді. Армияда комиссарлық қызмет атқарады.

Әрқашан сабырлы, ойлы, табанды күрескер Асқар — өз заманының кейіпкері екенінде дау жоқ.

Романда еңбекші халықтың ішінен шыққан күрескер ретінде Амантай бейнеленген. Бұл образға жазушы ескі қазақ ауылында әділетсіздікті көп көрген, ойы жүйрік, тәжірибелі халық адамының әрекет-тіршілігін жинақтаған. Заман Амантайдың қоғамға, ел билеушілерге деген наразылығын жаңа жолға салып, оған саяси сана дарытады. Бұл тұрғыда Амантайға, көбіне Асқар көмекке келеді. Қайтпайтын қарыспа мінезді Амантай әділетсіздік пен соны жүргізіп отырған патша өкілдеріне, ел билеушілерге кекті, нысаналы күрес жүргізеді. Оның әуелдегі губернаторға шағымданбақ болғаны бос әуре екенін кейін түсінеді. Итбайдың Ботагөзді алмақ ниетіне бірден қарсы шығады.

Амантай – еңбекші қауымға ықпалды, сөзіне берік, ти-  
янақты адам. Сондықтан ол патша әкімдері мен ауыл билеу-  
шілеріне қарсы тұрады. Жазушы бұл образды да біртіндеп  
өсіріп жетілдіреді. Әсіресе көтеріліс кезінде ол көп толғана-  
ды. Кек, әділетсіздік, намыс оны күреске бастайды. Шегі-  
нетін жер қалған жоқ. Ендеше, күресті тәртіпті жүйеге салу  
керек, әскери тәртіпті қолдану керек. Амантай осындай  
шешімге келіп, көтерілісшілерді бастайды. Ол күрес жолын  
түсінбейтін, бірақ өмірден қағажу көріп жүрген Темірбек,  
Кенжетай, Бүркітбай сияқты ауыл адамдарына ақылшы бо-  
лады. Ауыл жіктелді, таптық қайшылық күшейді, бұрын  
болыс-байға аузын аша алмайтындарға жал біте бастады.  
Бұрынғы жалшылар кәсіп іздеп, жол тауып кетіп жатыр  
(Темірбек, Итбай үйінен өндіріске кетті, Бүркітбай көтері-  
лісшілерге қосылды). Осы сияқты өзгеріс нышандарын  
Амантай дұрыс пайымдап, олардың ісіне ақыл қосады.

Ботагөз, Асқар, Амантай бейнелері арқылы жазушы за-  
манның тенденциясын, халықтың бостандыққа ұмтылысы  
мен күресінің жолын ашып береді. Ресейдегі азаттық күресі  
шет аймақтарға тарап, өріс алды. Оны жүргізуге жергілікті  
күштер қатысып, шешуші рөл атқарды. Қазақ жазушысы-  
ның қазақ халқы өмірінің осы бір дүбірлі жылдарындағы  
өмір шындығын бейнелеуі осыны танытады.

Романдағы азаттық жолындағы күреске қарсы тұратын  
типтердің ең көрнектісі – Итбай мен Кулаков. Итбай –  
ескі қазақ ауылының билеушісі, надан, дөкір, байлық пен  
күшке сенген, патша әкімшілігіне сүйенген адам. Ол халық-  
пен есептеспейді, оларды шексіз қанайды, зорлық көрсетеді.  
Көтерілістік тұрғыдан да осы Итбайлардың бұқара халыққа  
көрсеткен шексіз зорлығы, өктемдігі. Олар патша әкімдеріне  
жағымпазданып, солардан демеу алады. Оның бейнесінде  
қара дүркіндікпен бірге айла да, біреуді-біреуге айдап са-  
ларлық қулық та бар. Жазушы оның ұғымының тарлығын  
нақты эпизодтарда шеберлікпен ашады. Ботагөзді тоқал-  
дыққа алу мәселесін ол Амантаймен сөйлеседі. Амантай  
келісім бермейді. «Сақалды басыңмен жас баланы алам деуін  
обал ғой», – дейді. Сонда Итбай: «Тапқан екенсің обалды.  
Қатын алу обал дегенді қай шарифат айтқан? Олай болса,  
пайғамбар неге төрт қатын алды», – дейді. «Қыздың ағала-

ры бермейді», – деп Амантай бетін қайтармақ болғанда: «Неге бермесін, малдың боғын жегелі отырған кедей көзіне көп мал көрсетсе, бермек түгілі, лақтырып жіберер», – дейді. Ақыры ол күш көрсетуге де дайын екендігін білдіреді.

Қорыта айтқанда, қаламгердің «Ботагөз» романы жазушының табысы ғана емес, бұл қазақ әдебиетінің даму тарихында ерекше орын иелейтін көркем шығарма екендігімен де, көз тартып көңілге ұялайтын тартымды туынды.

## ДРАМАТУРГИЯСЫ

Кең тынысты кемеңгер қаламгердің поэзиялық және прозалық шығармаларына талдау жасай отырып, оның драматургия мен сын саласындағы туындыларына тоқтамай кету мүмкін емес. 1955 жылы С.Мұқанов «Шоқан Уәлиханов» (1955 ж.) тарихи драмасын жазды. Бүгінгі күнге дейін республика театрларының сахналарынан түспей жүрген пьеса дамып келе жатқан қазақ драматургиясының жетістігі болды. Мұқановтың келесі сахналық туындысы «Сәкен Сейфуллин» пьесасының да айы онынан туды. Автор театр репертуарына тарихи шындыққа негізделген шығармалар ұсынып қана қоймай, қазақ әдебиетінің көркем галереясын Шоқан Уәлиханов пен Сәкен Сейфуллиннің шебер жасалған образдарымен толықтырды.

«Шоқан Уәлиханов» пьесасы Шкловскийдің аударуымен «Нить Ариадны» деген атаумен 1945 жылы Мәскеуде басылып шықты.

Келесі жылдары автор пьесаны қайта жазып, 1955 жылы қазақ тілінде басып шығарды. Жазушы қазақтан шыққан бірінші ғалым, ағартушы, демократ – Шоқан Уәлихановтың өмірбаянын, әдеби және қоғамдық қызметін жиырма жыл егжей-тегжейлі зерттеді. Ол Қазақстан көлемінде ғана емес, бүкіл Ресей көлемінде де танымал қайраткер болды.

С. Мұқановтың пьесасында Шоқан Уәлиханов қазақ халқын ілгерілетуге, орыс және әлем әдебиетіне жанастыруға, экономикалық, саяси, рухани өрлетуге талпынған ірі қоғам қайраткері ретінде бейнеленген.

1955 жылы пьеса Қазақстанның бірқатар облыстық театрларының сахналарында қойылды. 1957 жылы Қазақ КСР-

інің Мәдениет министрлігі бірінші рет драма театрларының республикалық байқауын өткізді. «Шоқан Уәлиханов» тарихи драмасының қойылымы үшін Н. Погодин атындағы Солтүстік Қазақстан облыстық драма театры І дәрежелі дипломға ие болды. Еңбегі сіңген әртіс А.П. Рогальский Қазақ КСР-інің халық әртісі атағына, А.П. Александрова – Республикамыздың еңбегі сіңген әртісі атағына ие болды.

Спектакль көптеген жылдар бойы театр афишасының сәніне айналды. Отыз жылдай уақыт өткеннен кейін, 1986 жылы Семей сазды-драма театрының бас режиссері Е. Обаев Погодин атындағы облыстық драма театрының сахнасында «Шоқан Уәлиханов» спектаклін қойды.

Пьеса Петропавлда ғана емес, жазушының туған жері Сәбит ауылында да, Мәскеуде, Иванов қаласында, Карабихада өткен Некрасов оқуларында да сәтті өтті. Біздің театрымыздың сахнасында С. Мұқановтың «Светлая память», «Ботагөз», «Қашғар қызы» сияқты туындылары қойылды. Жазушы театр ұжымымен жиі кездесіп тұратын.

Сәбит Мұқанов үнемі өз халқының тарихи даму кезеңдері, дүние жүзі тарихынан алатын орны мен маңызы сияқты мәселелерге қызығушылық танытқан. Көптеген жылдар бойы Мұқанов қазақ ғалымы, ағартушы Шоқан Уәлихановтың өмірі мен қызметін зерттеумен айналысты. Шоқан Уәлихановтың шығармашылығын ғылыми тұрғыдан зерттегені үшін Қазақ КСР-і Ғылым академиясының академигі, С. Мұқанов Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықпен марапатталды. 1967 жылы және өмірінің соңына дейін жазушы Шоқан Уәлихановқа арналған «Аққан жұлдыз» роман-дилогиясын жазумен айналысты. 1-ші кітабында (1967 ж.) Шоканның дүниеге келуі, оның балалық шағы, Омбыдағы Кадет корпусында оқығаны жөнінде, 2-ші кітабында (1970 ж.) – Шоканның генерал-губернатор Гасфорттың адъютанты болып қызмет кеткен кезі мен ағартушылық-демократиялық қызметі туралы баяндайды. Роман соңына жетпей аяқталмай қалады.

Сондай-ақ, кеменгер жазушының «Шоқан Уәлиханов», «Сәкен Сейфуллин» сияқты драмалық туындылары, ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің, даму тарихында ерекше орын иелейді.

Айта кететін жәйт, Сәбит Мұқанұлы есімі қазақ әдебиетінің «алыптар шоғыры» қатарында аталады. Оның шығармалары әлемнің 46 тіліне аударылды. 1956–1966 жылдары Қазақстан КП ОК-нің мүшесі болды. Қазақ КСР-і Жоғары Кеңесінің депутаты КСРО Жазушылар одағының басқарма мүшесі болып, сондай-ақ Дүниежүзілік Бейбітшілікті қорғау комитетінің мүшелігіне 1958–1969 жылдары қабылданып, Араб елдерімен достық және мәдени байланыстар қоғамы қазақ бөлімшесінің төрағалығына 1965–1969 жылдары сайланады. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының 1-лауреаты атанады, содан соң Сәбит Мұқанұлы 2 рет Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендері және медальдармен марапатталды. 100 жылдық мерейтойы қарсаңында қаламгердің есімі Алматы қаласы көшесіне, туған ауылына, ондағы мектепке, облыстық кітапханаға, облыстық драма театрына берілді.

2000 жылы Алматы қаласындағы Сәбит Мұқанұлы атындағы көшеде ескерткіш мүсіні орнатылды. 2000 жылдың 13-маусым күні қазақ әдебиетінің көрнекті шебері С. Мұқановтың 100 жылдығына арналған шаралар ұйымдастырылып, Н. Назарбаевтың қатысуымен қазақ сазды-драма театрының ашылу салтанаты өтті. Солтүстік Қазақстан облыстық сазды-драма театрына Сәбит Мұқанов есімі берілді.

Қорыта айтқанда, С. Мұқанов ХХ ғасыр қазақ әдебиетінің даму тарихында проза және драматургия жанрларында өнімді қалам тебіrentкен ұлы кемеңгер акын.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Сәбит Мұқанов қандай жанрларда қалам тебрентті?
2. Сәбит Мұқановтың ең алғашқы қандай шығармаларын білесіңдер?
3. «Ботагөз» романын қазіргі көзбен қарағанда қалай түсінуге болады?
4. «Сұлушаш» поэмасының қазақ әдебиетіндегі орны қандай?
5. Қаламгердің «Сырдария» романын өз бетінше оқып келіңдер?
6. «Шоқан Уәлиханов» пьесасында Шоқан бейнесі қандай көрініс тапқан?
7. «Жұпархан» поэмасының көркемдік ерекшеліктері мен тілі жайлы не білесіңдер?
8. Суреткердің «Сәкен Сейфуллин» атты драмасын, мектеп сахнасында қойып көріңдер.





## МҰХТАР ӘУЕЗОВ (1897–1961)



XX ғасыр қазақ әдебиетінің дамуына ерен үлес қосқан, аса талантты сөз зергерінің бірі – Мұхтар Омарханұлы Әуезов. Ол 1897 жылдың 28 қыркүйегінде, бұрынғы Семей облысының Абай ауданына қарасты, «Бөрілі» деген елді мекенде дүниеге келген.

Әкесі Омархан да, атасы Әуез де ескіше хат таныған сауатты адам болғандықтан, бала тәрбиесіне салғырт қарамай, Мұхтардың оқуына айрықша көңіл бөледі. Нәтижеде, Мұхтарды жастайынан-ақ ауыл мектебіне оқуға берсе де, алғашқы сауатын атасының үйретуімен арабша хат танудан бастайды. Кейін келе немере ағасы Қасымбек, 1908 жылы Семейге арнайы апарып, ондағы орыс мектебіне оқуға береді. Онан соң Мұхтар, бес жыл қалалық училищеде, төрт жыл мұғалімдік семинарияда оқып, білім бұлағынан нәр алады.

Мұхтан, 1917 жылы мұғалімдік семинарияда оқып жүрген шағында, яғни студенттік кезінде-ақ, қазақ халық ауыз әдебиеті үлгісі негізінде, өзінің «Еңлік – Кебек» атты драмалық шығармасын жазып, 20 жасында әдебиет майданына драматург ретінде кіріп келеді. Әрі, осы аталмыш шығармасын, сол жылы Абайдың сүйген жары, Әйгерім отауында сахналастырып, өзі суфлерлік жасайды.

Мұхтар Әуезов, 1919 жылы мұғалімдік семинарияны бітірген соң, Семей губерниялық атқару комитетінде ұлттар бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарады да, онан соң



оның төрағасы болады. Осы кезеңнің өзінде-ақ, яғни 1920 жылы өзінің әйгілі «Қорғансыздың күні» атты әңгімесін жазып, жұртшылыққа аса талантты прозашы ретінде таныла түседі.

Сондай-ақ, 1922 жылы Орынбор қаласында, Қазақ Орталық Атқару комитетінде жауапты қызмет атқарады. Бірақ Мұхана, «Алашордашы адамдарының астыртын жел беруімен коммунистік партия сапына өткен», — деген сияқты т.б. әртүрлі жалалар жабыла бергендіктен, ол сол лауазымды қызметінен, партиялығынан шығып, саясаттан бас тартады. Сөйтіп, сол жылы қараша айының соңына таяу, Ташкентке келеді. Әрі, ондағы Орта Азия мемлекеттік университетінің (қазіргі — ТашМҰУ) еркін тыңдаушы-студент бола жүріп, көркем әдебиеттің терең сырларына байыппен үңіле бастайды.

1922–1923 жылдары Ташкентте шығып тұрған «Сана», «Сәуле», «Шолпан», «Кедей айнасы» («Альманах») сияқты қазақ тіліндегі журналдар мен «Ақ жол», «Жас қайрат», «Жас Алаш» сияқты газеттер жұмысын жандандыра түсу ісімен кеңінен шұғылданады. Әрі ол, онда өзінің «Кешкі дөң басында», «Түнгі ауыл», «Қысты күнгі дала», «Қысқы түн», «Сыбанның моласында», «Текшенің бауырында», «Сөніп жану» сияқты т.б. көптеген көркем туындыларын бастырып, әдебиет әлеміне еркін ене бастайды.

Сөйтіп Мұхан, Ташкентте «Сана» журналының редакторы Халил Досмұхаммедов, ақын Мағжан Жұмабаев, Қалмахан Оспанов, Тоқтабай, Тынышбаевтармен бірге етене араласа жүріп, көркем әдебиеттің көкжиегінен көріне түседі.

Қаламгердің 1917 жылы жазған «Адамшылық негізі — әйел», «Мәдениетке қай кәсіп жуық», «Оқу әдісі», «Ғылым тілі» (1918) секілді мақалаларында, қоғамдық өмірде әйелдің алатын орнын, оқу-ағарту істерінің, мәдениеттің маңызы мен мәнін жан-жақты көтереді. Мұхтар Әуезовтің 1923 жылы, Орта Азия мемлекеттік университетінде, қырғыз эпосы «Манас» туралы жасаған ең алғашқы баяндамасы, Ташкентте бір жөн қызмет атқарып жүрген қазақ зиялыларының назарын ерекше аударады.

1923 жылы М. Әуезов Петербург университетінің филология факультетіне оқуға түседі. Атақты жоғары оқу орын-

дарының бірінде сабақ алу, аса көрнекті ғалымдардың лекциясын тындау оның ой-өрісінің өсуіне ерекше әсер етеді.

Семей губерниялық атқару комитетінің шақыруымен Мұхтар Әуезов, 1924 жылы еліне қайта оралып, қазақ педагогикалық техникумында сабақ береді. 1924 жылдың қысында М. Әуезовтің басқарумен, Семейде Абайдың қайтыс болғанына жиырма жыл толуына орай, арнайы ғылыми жиын өткізіледі.

Оның осы тұста «Жетім», «Барымта», «Ескілік көленкесінде», «Жуандық» сияқты т.б. еңбектері дүниеге келеді.

Әрі ол, осы кездің өзінде-ақ – драматургия, аударма, сын-зерттеу салаларында да қалам тебіренге түседі. Бұған 1923 жылы жазған «Бәйбіше тоқал» драмасы мен «Қобыланды батыр», «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты зерттеулерімен бірге, профессор Ю. Вагнердің «Жердің жаратылысы жайындағы әңгімелер» деген аудармасын аударғандығы мысал бола алады.

1925 жылы М. Әуезов Петербургқа қайта келіп, одан әрі оқуын жалғастырады да, 1928 жылы бітіріп шығады. Осы тұста ол өзінің «Қаракөз» трагедиясы мен «Қараш-қараш оқиғасы», «Қилы заман» атты повестерін жазу мүмкіндігіне ие болады.

1928 жылы Петербург университетін бітірген М. Әуезов, сол жылдың тамыз айында Ташкентке келіп, Орман шаруашылығы техникумында әдебиеттен сабақ береді.

1929 жылы Орта Азия мемлекеттік университеті «Түркология» кафедрасына аспирантураға түсіп, оны 1930 жылдың қазанына дейін жалғастырады.

1934 жылы М. Әуезов өзінің «Айман-Шолпан» драмалық шығармасымен, кейіншелік «Қарақыпшақ Қобыланды», «Бекет» пьесаларын да жазады. Абайдың әдеби мұрасын ұзақ жылдар бойы зерттеу нәтижесінде, «Абай» пьесасын жазуға мүмкіндік алады.

1930 жылдарда М. Әуезов қазіргі заман тақырыбына қалам тебіренгіп, ауылдың өмірін, еңбек адамдарының бейнесін өзінің «Үш күн», «Іздер», «Шатқалаң», «Бүркітші» деген сияқты әңгімелерін де ашып көрсетеді. Осы кездерде М. Әуезов драмалық шығармалар жазу жұмысына да белсе-

не кісіріп, өзінің «Түнгі сарын», «Тартыс», «Тастүлек», «Алма бағында», «Шекарада» тәрізді төңкеріс дәуір мен кеңестік құрылыс оқиғаларын қамтитын драмалық шығармалар да жазады.

Міне осындай проза, драматургия жанрларында өнімді қалам тебрентіп, қазақ әдебиетін әлемдік деңгейде танытқан Мұхтар Омарханұлы Әуезов, қазақ халқының ғұлама ғалымы, кемеңгер прозаигі, дарынды драматургі, тамаша аудармашы ретінде жан-жақты танылды.

Сондықтан да ол, өзінің «Абай жолы» роман-эпопеясы үшін, 1959 жылы бірнеше сыйлықтың иегері болса, 1946 жылдан Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының академигі боп сайланды.

Ол екі рет Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің (1955, 1959) депутаты болып сайланыумен бірге, Кеңес Одағында бейбітшілікті қорғау комитетінің мүшесі ретінде, талай рет халықаралық конференцияға қатысты.

Бүкіл саналы өмірі мен дарынын, қайратын туған халқына, ұлы Отанына қалтқысыз қызмет атқарған М. Әуезов, 1961 жылдың 27 шілдесінде, Мәскеуде қайтыс болады. Бірақ ол, өзінің кең тынысты кемел шығармаларымен, ХХ ғасыр қазақ әдебиетін тым биікке көтерген тарлан талант ретінде, күллі оқырман жұртшылықтың жүрегінде мәңгі жасай бермек.

## ПРОЗАЛАРЫ

Аса дарынды суреткер, ХХ ғасырдың 20-жылдарының бас кезі мен орта шенінде, өзінің «Қорғансыздың күні», «Жетім», «Жуандық», «Ескілік көлеңкесінде», «Кім кі-нәлі?», «Барымта» сияқты т.б. әңгімелерін жазған болатын. Оларда қазақ аулының алуан түрлі әлеуметтік шындығы шынайы сипаталады. Қоғам өмірінің, халық тіршілігін терең қатпарлары, ішкі қайшылықтары өзара астастырыла сыр шертеді.

Мәселен, қаламгер 1921 жылы жазған «Қорғансыздың күні» деген шағын әңгімесінде, Ғазиза деген жетім қыздың адам айтқысыз озбырлыққа, қорлыққа шыдамай, боранға ұрынып, үсіп өлгені сөз болады.

Онда Ақан сияқты қара ниет ауыл әкімінің тағылық қылықтары әшкереленсе, «Жетім» әңгімесінде, Қасым атты жетім баланың ауыр тағдыры, қасыретті балалық шағы сөз болады. Әсіресе, Иса деген жамағайынның қорлығына шыдамай, ауылдан қашып шыққан бетінде, қараңғы түнде, тоғай ішінде өлгені айтылады.

Сондай-ақ қаламгер өзінің «Ескілік көлеңкесінде» атты шығармасында, ескі салт бойынша өлген апасының орнына, кәрі жездесіне тоқалдыққа баруға ризалық білдірген, өзінің сүйген жігіті Қабыштың тілегімен есептеспеген, Дәмеш деген қыздың халі әңгімеленеді.

Қаламгердің 1926 жазған «Жуандық» атты әңгімесінде, момын кедей Жақсылықтың өз жолын тауып, ерікті, баянды өмір жасауға ұмтылғаны сөз болады. Бірақ, бұрыннан кедей-кемтарды уысында ұстап, тізе батырып үйренген Әбіш, Құрман секілді байлардың оған қиянат, зорлық-зомбылық жасағаны да көрініс табады.

Сондай-ақ, 1927 жылы жарық көрген «Қараш-қараш оқиғасы» шығармасында, туысқан екі жігіт – Тектіғұл мен Бақтығұлдың бай есігінде ұзақ жыл еткен енбегі еш болып, ақыры соның салдарынан бірінің аурудан өлуі, екіншісінің – байға қарсы шыққаны үшін қуғынға ұшырап, кейін абақтыға жабылу тарихы сипатталып, сол дәуірдің шындығын жан жақты аша түседі.

М. Әуезовтің 1928 жылы жазған «Қилы заман» повесінде, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының барысы, әділетсіздікке төзбей, ел бастап шыққан ерлердің бейнесін көрсетуге ерекше мән беріледі.

Мәселен, Албан руының 1916 жылғы патша өкіметінің маусым жарлығына іштей тұншығып жатқан кектері оянып, дүр сілкініп – олар айбарлы күшке айналады. Зорлыққа, әділетсіздікке қарсы күреседі.

Жазушы 1935 жылы колхоз өміріне арнап өзінің «Іздер» атты әңгімесін жазады. Бұл әңгіменің өзіндік соны өрнектері бар. Ең алдымен онда кеңес қоғамына шын берілген үлгілі адамдарының жан бейнелері жасалады. Мәселен «Шақпақ» колхозының шопаны Несіпбай, колхоз бастығы Құлжатай азамат соғысына қатысып, Кеңес үкіметін орнатысады. Жаңа заманға, жаңа дәуірге үлкен үміт артады.

Сондықтан да олар, колхоз ісінің өрге басқанына қуанады, кедергілер мен зиянкескіндерге ренжиді. Колхозға орналасып алған Жұматай мен Жетпісбай сияқтылардың лаңы, ортақ іске зор кесірін тигізе бастайды. Жұматайлар аштықтан әрең аман қалған Шәріп, Әшім деген бұрынғы жалшыларды, «байдың құйыршығы» деп, жала жабудан да тайынбайды.

Суреткердің «Шатқалаң» (1935) әңгімесінде де колхоз ісін ақсатқысы келген, ішкі жаулардың сыбайластары сөз болса, «Бүркітші» әңгімесінде мемлекеттің жоғалған жылқыларын іздеп, батыл көмек көрсеткен бүркітші – Бекбол бойында қарапайым еңбекшіге тән ұнамды қасиеттерді сипаттайды.

Сөйтіп, М. Әуезов, шығармашылығының алғашқы кезеңінде-ақ, көп қырлы талант иесі екендігін жан-жақты таныта түседі. Әсіресе, көркем прозаның майталман суреткері ретінде қалыптаса бастайды. Өмір оқиғаларын – қаһарман мінездерімен ұштастырып, қайталанбас сом тұлғалар жасау дәстүрін тереңдетеді. Нәтижеде, прозаның әңгіме, повесть түрлерін жетілдіріп дамыта түседі.

Ерен ойдың жүйрігі Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман – эпопеясы, оның шығармалары ішіндегі ең шоқтығы биік, аса тамаша көркем туындысы. Осы шығарма өмірге келгенге дейін, ол өзінің 1937 жылы «Татьянаның қырдағы әні» атты әңгімесі мен 1939 жылы «Абай» трагедиясын жазу мүмкіндігіне ие болған болатын. Міне бұлар, роман – эпопеяға барар жолдағы соңғы асулары еді.

Сөйтіп ол, романының бірінші кітабын 1942 жылы «Ақын аға» деп, екінші кітабын 1947 жылы «Абай» деген атпен бастырып шығарған болатын. Бұл екі кітап та XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің ірі табысы ретінде қабылданды. Нәтижеде, бұл роман Леонид Соболев аударуымен, орыс тіліне аударылып, бүкілодақтық оқырмандардың рухани игілігіне, мәдени байлығына айналды.

Сондықтан да аса көрнекті орыс жазушысы А.Фадеев, 1949 жылы Парижде сөйлеген сөзінде – «...қазақ әдебиеті «Абай» секілді романдары арқылы жер жүзілік мәні бар әдебиетке айналды», – деген болатын. Осы романы үшін Мұхтар Әуезов, 1949 жылы Мемлекеттік сыйлықтың иегері

болды. Соңыра, үшінші кітабы «Ақын аға», «Абай жолы» деген атпен 1947, 1949 жылы екі рет басылып шықты да, соңғы төртінші кітабы 1956 жылы «Абай жолы» деген атпен оқырман жұртшылыққа ұсынылды.

Міне сөйтіп, осы төрт кітаптан тұратын «Абай жолы» роман – эпопеясы үшін, қаламгер 1959 жылы марапатталады.

Иә, суреткердің «Абай жолы» атты көркем дүниесі, қазақ әдебиетіндегі тұңғыш өмірге келген роман – эпопея. Бұл шығармада, ХІХ ғасырдың 2-жартысындағы қазақ қоғамының шынайы шындығы мейлінше кең көрсетілген. Онда көрініс тапқан қаһармандардың жеке өмірлері, халық тарихындағы күрделі өзгерістермен байланыстырыла сыр шерткен.

Роман-эпопеяда сипатталатын таптық, әлеуметтік қайшылықтар мен күрес-тартыстар, Абай секілді ұлы ақынның қайраткерлігімен, оның өмір жолдары, сол дәуірдің аса қажетті, кесек-кесек оқиғаларымен тығыз байланыстырыла суреттелген.

«Абай жолы» роман-эпопеяда көрініс тапқан образдар, өмірінің сан алуан кезеңі, өзара байланыстары, әулеттер ауысуы, әрбірінің мінездерінің жасалуы, олардың толысу тарихы кең, әрі керемет тартымды сипатталған. Тарихи дәуір келбетін аңғартатын типтік бейнелердің көптігі, олардың дүние танымы, наным-сенімдері, ескі мен жаңаның арасындағы күрес-тартыстары, дәуірлік бет бұрыстармен астырыла көрсетілген.

М. Әуезов өмірді терең білгендігі соншалық, Абай жасаған қоғамның өзекті тартыстары мен күрестерін, ізгілік пен зұлымдықтың кереғар шайқасын, көркем тұлғалардың өткені мен бүгінгісін кеңінен қамтыған. Шығармада ұлы ақынның жеке басындағы іс-әрекеттері, сол дәуірдің көкейкесті, өзекті мәселелерімен тығыз байланыстырыла, халық тағдырымен бірге алынған.

Роман-эпопеядағы оқиғалардың негізгі ағысы, жеке адамдар тағдырының қоғамдық тіршілікке тәуелділігі, әрбір қаһарманның даралық сипаты, зорлық пен зомбылықты әшкерелеу мен ізгілікті мадақтап-дәріптеу, өмір шындығымен тығыз байланыстырыла алынған.

Мұхтар Әуезов өз роман-эпопеясында, XIX ғасырдың екінші жартысындағы дәуірдің әлеуметтік қайшылықтарын, бір-біріне қарама-қарсы күштердің өзара тартысын, әр түрлі жүйелі, әрі шынайы оқиғалармен жымдастыра бере алған.

## АБАЙ ТҰЛҒАСЫ

Эпопеяда кең көрініс табатын негізгі тұлға, типтік характер — Абай. Ол — бүкіл бір халықтың рухани адамшылық келбетін елестете алатын бейне. Абайдың сөзі мен ісі соншалық нақты, әрбір әрекетіне нандыра алатын ірі тұлға. Ол заман мен халық қамын терең толғайтын үлкен ойшыл, ұлы ақын сипатында көрінеді. Абайдың көркем бейнесін жасауға ақынның өз өлеңдерінің көп көмегі болғанын жазушы дән ризалықпен еске алады. Суреткер ұлы ақынның шығармаларын туғызған жағдай мен себептер табиғатына терең бойлау арқылы оның өмір жолына қанығады. Абай халық қиялында қаншалық биік тұрса, роман оның көркем бейнесін соншалық биік деңгейде көрсетеді.

Абайдың адам ретінде қалыптасуын көрсететін бірінші кітаптың маңызы аса зор. Әсіресе жас Абай, Қодар өлімі тұсында денесі тітіркеніп, зұлымдықтан шошып ауырғанын көрсету көркемдік шындықтың шартына лайық деуге әбден болады. Өмірі бүкіл бір дуанға жетіп тұрған Құнанбайға әлсіз Абайдың сол тұста көрсетер қайраты жоқ. Оның көзінен жас төгіп, қатты тебіренуі қатал зорлыққа деген қарғысы болатын. Қиянатқа соншалық күйіне білген Абайдың есейгенде әділетшіл күрескер болып шығуы заңды құбылыс еді.

Роман-эпопеяның келесі кітабында Абай үлкен әлеуметтік тартысы мол оқиғалардың бел ортасында жүреді. Барлық іс-әрекетінен, сөзінен, ойларынан «Абай осылай болу керек» дейтін қасиет танытады. Романның екінші кітабында Абайдың ақындық талантының толысуы, орыс әдебиетінің қазынасынан нәрленуі, шығармаларында қоғамдық өмірдің көкейкесті мәселелерін көтеруі, жаңа сапалы әдебиеттің игі дәстүрін салуы кеңінен баяндалады.

Ал, роман-эпопеяның үшінші, төртінші кітаптарында Абайдың сөз өнері де, ойшылдығы да, азаматтық күрескер-

лігі де кемелденген кезінің оқиғалары көрініс табады. Бұл романдарда Абайдың демократиялық көзқарасының қалыптасуы, халық мүддесі жолында бел шешіп тартыс алаңына шыққан шақтары, халық өкілдеріне қамқорлығы, соңынан ерген өнерлі қауымға ұстаздығы аса тартымды бейнеленеді.

Абай бұқара қауымның тілек-мүддесі жағына біржолата шығады, шығармаларының мазмұны да реалистік реңмен ажарлана түседі. Ата ұлы болмай, халық ұлы болуға ақынның Әбдірахман, Мағауия сияқты балалары, Дәрмен секілді достары да бейімделіп, жанашыл күштердің қарымы ұлғая түседі. Семей қаласына кәсіп іздеп келген жатақтар, кәсіпорын жұмысшылары, қайықшылар, жүк тиеушілер Абайдың тілектес, ниеттестері болады.

Семейдегі оба ауруының зардабы айтылатын тұста Абайдың дінге көзқарасы да айқын аңғарылады. Шала молдалардың халық қамымен ісі жоқтығы, өз құлқынын ғана көздейтін, елдің мәдени дамуына тосқауыл екені нанымды әшкереленген.

«Абай жолының» төртінші кітабындағы ең шырқау, шоқтықтық оқиға – Тобықты мен Көкен елінің жер дауы. Бұл – шығарманың орталық қаһарманы Абайдың азаматтық, ойшылдық, халықшылдық қайраткерлігін сынға салған негізгі оқиға. Бұрын көбінесе Тобықтының өз адамдарының арасындағы дау-шарды көріп, солармен күрескен Абайдың алдында нағыз үлкен сын тұрады. Тобықты зорлық жасап, Көкеннің талай қонысын иемденіп алғанын білетін Абай өз руының жуандарына, оның ішінде өзінің ет бауыр жақындарына бұра тартпай, зәбір көргендер жағына шығады. Өзі өмір сүріп отырған ортаның бірі емес, барлық байларына қарсы майдан ашу сол тұстарда оңай шаруа емес еді. Кектескен байлардан өз басына анық қатер келетінін сезе тұрса да, ол әділ төреліктен жалтармайды.

Абайдың өмір өткелдерін, әлеуметтік майдандағы әр алуан күрделі істерін оның нағыз адамдық ықластарымен, үміт-арманымен, күйініш-сүйінішімен бірлестіре көрсету арқылы суреткер оның тұлғасын типтік характер дәрежесіне көтере білді. Ол – нағыз ақын, ірі ойшыл, кемел қоғам қайраткері ретінде жан-жақты даралана көрінді.



## ӘЙЕЛДЕР БЕЙНЕСІ

Шығармада алуан түрлі әйелдер тұлғасын көрсету арқылы жазушы, қоғам шындығын беруді тереңдете түскен. Олар арасынан алдымен Абайдың әжесі Зере мен анасы Ұлжанды атап өту орынды. Бұлардың бойынан қазақ әйелдеріне тән ең жақсы қасиеттер аса мол көрініс тапқан. Зере де, Ұлжан да тек бір жанұя көлемінің қамымен шектелген жандар емес, олар ағайын тыныштығын, жас жеткіншектердің нағыз адамшылық жолмен жүруін қалайды. Өздерінің ақыл, парасатын, мейірімін осы мақсатқа жұмсайды. Ұлжанның ақылды ана, балаларына қамқор тәрбиеші екенін көрсетумен қатар, оның басындағы ішкі жарадай сыздатқан мұнды да жазушы әдемі аңғартады. Құнанбайдың өзге әйелдермен арадағы күндестік қасіретін Ұлжан сыртқа шығармай, ақылмен жеңе біледі. Оның осындай тартымды мінезі, талғамды зейіні көп тұстарда аса жарқын ашылған.

Абайдың алғашқы махаббаты Тоғжанға тағдыр қоспаған өкініш романда мұнды саздай естіледі. Тоғжан мен Абай сүйіспеншілігін суреттеуге романда аса көп орын берілген. Абай сүйген адамымен қосылыса алмау өксігін ұзақ уақыт ұмыта алмайды. Оның жан жарасы тек Әйгерімді тапқаннан кейін ғана жазылады. Тоғжанның да, Әйгерімнің де тамаша тұлғалары шығармада барынша әсерлі, әрі шынайы өрнектелген.

Оның үстіне романда Салтанат, Керімбала, Салиқа секілді қыздардың бейнелері де келісті шыққан. Бұлардың өмір жолдары түрліше болғанымен, бәріне бірдей ортақ ұқсастық бар. Ол — ескі заманның қатал, әділетсіз салты, әйел теңсіздігі. Абайдың жан-тәнімен сүйген ғашығы Тоғжан да сол көне әдеттің құрбандығы болып кете барған. Мұхаң өз шығармасында жеке тағдырларды айта отырып, жалпы әйел теңсіздігін үлкен әулеуметтік қырсық екенін де көлемді етіп көтере білген.

Қоғамдық сананың өсуіне байланысты әйел еріктілігі мәселенің барған сайын күн тәртібіне қойылып отырғандығы Салиқа қыздың дауын шешу кезінде де анық аңғарылады. Дәл осы оқиға Абайдың «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» деген өлеңін жазуға түрткі болған.

## ҚҰНАНБАЙ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҮСТЕМ ТАП ӨКІЛДЕРІ

Суреткер өзінің «Абай жолы» роман-эпопеясында Құнанбай бейнесін ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамына тән күллі ескіліктің қорғаны ретінде көрсетеді. Ол — бір ауыл басшысы ғана емес, рулық-феодалдық көне дәуір қалыптастырған салт-сананың берік сақшысы ретінде алынған ірі тұлға.

Ұлы суреткердің қазақ әдебиетіне әкелген жаналықтарының бірі — ұнамсыз кейіпкерлердің нанымды бейнесін жазау болса, Құнанбай осының бірден-бір айғағы. Қазақ әдебиетінде «Абай жолына» дейінгі тәжірибеде, үнемі билеуші ақсүйек қауым адамдарын бірыңғай қаралап, бірден мансұқтап көрсету жиі орын алатын. Мұхтар Әуезов бұл мәселеге жаңаша келді. Ол ұнамсыз кейіпкердің шын болмысын жағдай мен ортаға, мінезге сәйкес табиғи түрде ашып бере білді. Мәселен, Құнанбайдың түр-тұлғасы мен мінез қырлары алғашқыда кейде Абай көзімен, енді бірде жазушылық баяндау арқылы беріліп отырады. Осы тұста ол даралана көз алдына елестейді. Алыс қаладан ауылын сағынып келген баласын көргендегі Құнанбай қалпы оның салқын ұстамдылығын аңғартады. Байтас пен Жұмабай тақай бергенде Абай да қасына кеп қап еді үшеуі бірдей жамырай сәлем берді. Құнанбай тез бұрылып сәлемдерін алды да, қысқа ғана амандық сұрады. Тұрған орнынан қозғалған жоқ. Баласын қасына да шақырмады. Азғантай уақыт Абайға қарап алып — «Балам, бойың өсіп, ер жетіп қалыпсың-ау! Молда болдың ба? Бойындай боп білімің де өсті ме?» — деді. Міне бұл көрініс Құнанбайдың сырын сыртқа онай шығара қоймайтын сабырлылығын сездіреді.

Ендігі бір орында Құнанбайдың атақты ру басыларын жинап алып, сөйлеп отырған сәтін былай береді. «Түсі суық. Қарасұр жүзіне бозғылданып түгі де шығып алыпты. Жалғыз өзі ұзақ сөйлеп отыр. Зор даусында ыза мен зіл бар. Кейде Абайға қызық көрінетін бір мақалдар, мәтелдер айтып кетеді».

Суық қабақпен зілдене сөйлеп, ойларын шешен дәлелдеудегі Құнанбай мақсаты — жазықсыз Қодар мен Қамқа-

ны кінәлі етіп көрсетіп, оларды ру көсемдерінің ризалығымен жазалатып, түптің түбінде Бөкеніш – Борсықтың жерін тартып алу.

Құнанбайдың ру жағынан Қодарға жақынырақ Сүйіндікке қарата айтқан сөздерінен оның шешімділігі, қатал тегеурінділігі анық танылады. «Ей, Сүйіндік! Албасты да қабакқа қарай басатын. Қыры жоқ, қасиеті жоқ басшы болса, ыбылыс, жын иектемей нетеді? Адал десек, аман десек жан берейік. Ақтайық. Ақыретте айыбын өз мойнымызға алайық. Бірақ менің екі бірдей жаным жоқ. Майысар болсаң, жаныңды да берерсің. Беремісің жаныңды», – деп ол Сүйіндікке қадала түседі.

Құнанбайдың осындай алғыр сөздері, көздеген нысанына жетпей тынбайтын табандылығын анық аңғартады. Ол өз дәуірінің ел билеушілік айла-амалын толық білетін, сөзге жүйрік, қарсыластарының шама-шарқын есептеп, дегеніне жететін ақыл-парасаты мол адам. Сөйтіп Құнанбай кедей Қодарды шарифат «атымен» айыптап жазалатуы, ол үкімді елдегі ру атқамінерлерінің атынан шығаруы, ақырында таллай қоныс, жайылымдарды тартып алуы, оның ерекше қаталдығын анық байқатады.

Роман-эпопеяда үстем тап өкілдерінің бірнеше буынының іс-әрекеттері қамтыла көрініс табады. Мәселен, шығармада сыр шертетін Тәкежен, Майбасар, Әзімбайлардың маңайындағы кедей елдерге жасаған сан алуан зорлықтары – Құнанбайшылдықтың жаңа кезеңдегі көріністері. Бейбіт елдің шырқын бұзып, берекесін кетіретін, халық мұншысы Абайдың әділет жақтаушысы болғанына, момындар ақысын алып бергенше, зұлымдықты тайға таңба басқандай әшке-релегеніне кектеседі.

Шығармада озбыр жандардың бірі – Оразбай. Оның аса қатал өктемдігі, кекшіл бірбеттілігі Құнанбайдан кем түспейді. Бір кезде Құнанбай жазықсыз Қодарды жалған кінәлап өлімге бұйырса, енді Оразбай Абай сөзін айтып, елге таратқаны үшін кедей жігіт Сейітті тірідей көмуден шіміркенбейді. Жазушы оны: – «Оразбай болса, ол әлдеқалай андамай басқан, байқамай адасқан кісі емес. Ол – өзінің жаманшылығын анық, берік жолын қып ұстаған кісі. Оның аты Оразбай емес, жауыздық», – деп сипаттайды.

Абайға деген асқынған өшпенділік Оразбайларды кектендіргені соншалық, олар ұлы ақын, азаматты соққыға жығудан тайынбайды. Адамдық пен жауыздықтың ұзақ, қатал айқасы осындай жат әрекеттерге жеткізуі таңқаларлық емес. Романдағы үстем тап өкілдерінің сан алуан ұнамсыз істері қоғамның әлеуметтік қайшылығы мен теңсіздік дүниесінің кесір, кесапатын танып білуге көмектеседі.

Қорыта айтқанда, ұлы суреткердің «Абай жолы» роман - эпопеясы қазақ әдебиетінің табысы ғана емес, бұл көркем туынды бүкіл әлем әдебиеті қазынасынан өз орнын иелеген көркем шығармалардың бірегейі.

## ҚАЛАМҒЕР ПЬЕСАЛАРЫ

Аса талантты сөз зергері Мұхтар Әуезов, ХХ ғасыр қазақ әдебиетінің даму тарихында драматургия жанрының негізін салушы қаламгер ретінде танылады. Өйткені ол өзінің 1917 жылы, не бәрі 20 жасында жазған «Еңлік – Кебек» атты драмалық шығармасымен, кеңес дәуіріндегі қазақ драматургиясының негізін қалады.

Қаламгердің бұл шығармасы, сол жылы Абайдың сүйген жары – Әйгерім отауында сахналастырылып, өзі суфлерлік жасайды. Соңыра, бұл шығармамен Қызылордада 1926 жылы алғаш рет ашылған, Қазақтың мемлекеттік драма театрының есігі де, осы драмалық туындымен ашылады.

М. Әуезов бұл шығармасын кейін әлденеше рет өңдеп, жетілдіре түседі. Соның нәтижесінде бұл пьеса, күні бүгінге дейін, қазақ театр сахнасынан түскен емес. Жазушының «Еңлік-Кебек» трагедиясы ел ішінде кең тараған тарихи аңыз-әнгіме негізінде жазылған. Ол – ескі рулық-феодалдық әдет-ғұрып шырмауын үзіп, жүрек қалауымен бір-біріне қосылған екі ғашық – Еңлік қыз бен Кебек батырдың, ру шонжарларының қатал үкімімен, олардың өкінішті қазаға ұшырап, арманда кеткендіктері туралы сөз болады.

Сондай-ақ, ұлы Әуезовтің 1926 жылы жазған «Қаракөз» атты трагедиясы да, көне заманда бас бостандығына жете алмай, ескі әдет ғұрыптың құрбанына айналған жастар тағдыры өз шешімін табады.

Қазақ драматургиясының алтын қорына қосылған бұл трагедиялық шығарма, идеялық мазмұны жағынан да, жазушының көркемдік шеберлікпен игеру жағынан да аса тартымды көркем дүние.

Оның үстіне, соғысқа дейінгі алғашқы бес жылдықтар кезеңін сипаттайтын «Түнгі сарын», «Аққайың» сияқты пьесаларында, халықтың азаттығы үшін күрескен жолдарын көрсетсе, «Тас түлек», «Тартыс», «Алма бағында», «Шекарада» секілді туындыларын да, кеңес адамдардың жаңа өмірін, жасампаз бейнелерін сипаттауға мән береді.

Қаламгер өзінің 1934 жылы жазған «Түнгі сарын» пьесасында, қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі оқиғаларын көрсетеді. Шығарма негізінен күрес-тартыс үстінде, үстем тап иелерімен езілген жарлы-жақыбайлар арасындағы шиеленісті сипаттайды.

Мәселен шығармада, көрініс тапқан жебір болыс Майқан, оның бастыққа әрекет етіп жүрген інісі Нұрхан, аса ажарлы да айлакер Жүзтайлақ, бай Қыдырбай мен оқыған Жүніс, адвокат Кәрімдер көрініс тапса, екінші тарапта Жантас, Тәнеке сияқты, әрі солардың сойылын соғатын Сапа, Мөржан, Бойбермес, Бөрібасар бейнелері де шебер ширатылып, сомдала шыққан. Оларды бір-бірімен бітімсіз күреске шарлаған, араларын шиеленістіре түскен жағдай – патшаның қазақ жігіттерінен соғыс майданының қара жұмысына алуы болады.

Халық намысын ту қып ұстап, батыл күреске шыққандардың бірі – Жантас. Оның бейнесі, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысында ерлік көрсеткен Амангелді Иманов, Бекболат секілділердің іс – әрекеттері сияқты. Сөйтіп, «Түнгі сарын» драмасы қаламгердің, кесек адам мінездерін соледап шығарған тамаша туындысы.

М. Әуезовтің жаңа заман тақырыбына, 1938 жылы «Шекарада» атты пьесасын жазады. Онда аудандық партия комитеті секретары Мұрат, шекара бөлімінің командирі Ганшин, дәрігер Қадидша аса тартымды шыққан бейнелер.

Пьеса негізінен, кеңес жұртшылығының империалистік күштердің қастандықтарына қарсы қырағылыққа үндеу идеясына құрылған болса, 1939 жылы Л. Соболевпен бірге жаз-

ған «Абай» трагедиясы, 30-жылдардағы қазақ драматургиясының елеулі жетістігі болады.

Онда Абайдың тұлғасы тамаша көрініс табумен бірге, бірін-бірі сүйген жазықсыз жастар — Айдар мен Ажарды, өлім қаупінен алып қалу үстінде ірілене көрініс табады.

Бай ауылдың қалындығы Ажардың әдет-ғұрыпты бұзып, кедей жігіт Айдарды сүюі, ескі феодалдық заман ұғымы бойынша адам естімеген сұмдық боп көрінеді. Содан қиян-кесікі дау, жанжал кең өріс ала түседі.

Міне, осындай шытырман тартысқа, ұлы ақын Абайда батыл араласып, сүйіскен екі жастың басына азаттық әпереді. Шығармада көрініс тапқан Тәкежан, Оразбай, Жиренше жағы, көне әдет-ғұрыптың қатып-сеніп қалған салттары үшін шын күрессе, Абай және оның тілектестері адам еркіндігін, адам бақытын, адам бостандығын арман етеді.

М. Әуезов халық ауыз әдебиеті үлгілері негізінде, 1934 жылы «Айман-Шолпан», 1945 жылы «Қаракыпшақ Қобыланды» пьесаларын жазу мүмкіндігіне ие болды. Міне бұлар да қазақ әдебиеті тарихында, оның ішінде драматургия жанрының дамуында өзіндік орны бар сүбелі шығармалар қатарынан орын алады.

Қорыта айтқанда, Мұхтар Омарханұлы Әуезов, ХХ ғасыр қазақ әдебиетінің даму тарихында драматургия және проза жанрларында өнімді қалам тебірентті. Сөйтіп 73 жыл жасап келмеске кеткен Кенестік дәуірде, алғаш рет дүниеде «қазақ» деген халық барын әлемге танытқан кемеңгер суреткер, аса тамаша аудармашы, ерен ойлы ұлағатты ұстаз.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Мұхтар Әуезов қандай суреткер?
2. Оның қаламынан қандай шығармалар өмірге келген?
3. Қаламгердің «Абай жолы» роман — эпопеясын үйде оқыңдар!
4. Ұлы суреткерді «Түнгі сарын» пьесасында қандай мәселелер көтерілген?
5. Мұхтар Әуезовтің қандай әңгімелерін білесіңдер?
6. Әуезовтің ғұлама ғалымдығы жайлы не айта аласыңдар?
7. Ұлы тұлғаның «Айман — Шолпан», «Еңлік — Кебек» атты драмалық туындыларын мектепте сахнаға қойып көріңдер!





## **ФАБИТ МҮСІРЕПОВ** **(1902–1985)**



XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан аса талантты сөз зергерлерінің бірі – Фабит Махмұтұлы Мүсірепов. Ол – кең тынысты кемел прозашы болумен бірге, аса талантты драматург.

Фабит Мүсірепов 1902 жылдың 22 наурызында, Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданына қарасты елді мекенде, кедей шаруа жанұясында өмірге келген. Әуелі ауылда оқып, хат тани бастаған соң-ақ, қолына түскен хисса-дастандар оқып, аңыз-әңгімелер тындап ерте есейе бастайды. Онан соң, 14 жасында Серғали деген нағашының көмегімен, Обаған деген жердегі екі сыныптық орыс мектебінде оқиды.

Осы мектепте, белгілі қаламгер, әрі ақын Бекет Өтетілеуовтен орыс тілі мен әдебетінен сабақ алып, оның тәлім-тәрбиесін көреді.

Соңыра ол, осы ұлағатты ұстазының көмегімен Пресногорьковтағы жоғарғы бастауыш училищеге оқуға түседі. Онда А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, Н.В. Гоголь, М. Горький, Джек Лондон шығармаларымен танысу мүмкіндігіне ие болады. Училищені бітіргеннен соң, 1923–1926 жылдары Орынбор қаласындағы жұмысшы факультетіне оқуға түсіп, одан әрі білімін жетілдіре түседі.

Фабит Мүсірепов өзінің ең алғашы тырнақ алды туындысы болған «Тулаған толқында» атты шығармасын, 1928 жылы жариялайды. Қаламгер 30-жылдары Қазақстан өлкелік

партия комитетінде, Қазақстан Оқу халық комиссариятында, республикалық баспа орындарында бір жөн қызметтер атқарады. «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» газеттері мен «Ара» журналының бас редакторы болып та жұмыс істейді.

Ал, 1956–1966 жылдары Қазақстан Жазушылар одағын басқарады. Онан соң ол, өмірінің соңғы күндеріне дейін, қоғам қайраткері ретінде, Қазақстан Орталық Комитетінің мүшесі, Жоғарғы Кеңестің депутаты, Қазақстан Республика Ғылым Академиясының академигі болды.

Оның үстіне, көркем әдебиетке қосқан ерен еңбегі үшін, 1974 жылы Еңбек Ері деген аса жоғары атаққа да ие болды. Сөйтіп, қазақ прозасы мен драматургиясының дамуына аса мол үлес қосқан Ғабит Мүсірепов, 1985 жылы 83 жасында бұл пәниден мәңгілікке аттанды.

## ҚАЛАМҒЕР ПРОЗАСЫ

XX ғасыр қазақ әдебиеті майданына, 1928 жылы өзінің «Тулаған толқында» атты көркем шығармасымен кіріп келген Ғабит Мүсірепов, өзінің «Қос шалқар» әнгімесінде, артель құрған қазақ шаруаларының тірлік-тыныстарын бейнелеуге арнайды. Кешегі жарлы Күсен – адал еңбегінің жемісін көріп, ерекше қуанады. Ол бұрынғыдай бұйығы жан емес, енді еңсесі көтеріңкі, арманы ұлғайған, ойы тереңдеген, болашаққа зор сеніммен қарай бастайды. Оны жаңа өмір ағымы түлете бастайды.

Соңыра ол өзінің 1929 жылы «Көк үйдегі көршілер», 1930 жылы «Күсен», 1932 жылы «Бір адым кейін, екі адым ілгері» сияқты әнгімелерін жазады. Әсіресе оның «Алғашқы адымдар» атты әнгімесінде, адам мінезінің ерекшеліктерін, Ақанның қиналған бейнелері арқылы көрсетеді. Бұл екі шығармада көрініс тапқан Күсен мен Ақан, алғашқы кездерде «қой аузынан шөп алмайтын», қақаң-соқаңмен түкте жұмысы жоқ, қалай қайырса солай ығысатын жуас жан боп көрінеді.

Оның үстіне, тапсырған жұмыстарды үн-түнсіз орындай беретін көнбес жандар болатын. Екеуі де колхозға кіргеннен соң, өздеріндей көп кедейдің ісін, жақсы талабын көріп, ысыла бастайды. Өздерін жаңа өмірдің иелері екенін сезіне



түседі. Сөйтіп, еңбекті саналы түрде атқара бастаса, жазушының «Көк үйдегі көршілер» әңгімесінде, аса момын шаруа Сәрсеннің бейнесі, сол кездегі өмір шындығын жан-жақты таныта түседі.

Қаламгер өзінің «Талпақ танау» (1934) атты әңгімесінде, коллективті ауыл тұрмысындағы жаңалық пен колхозшы – шаруалардың санасында оянған сыр-сипаттарды шебер үндестіре суреттейді. Бұл әңгімеде қазақ ауылында шошқа өсіру оқиғасын өзек етіп, оған деген ауыл адамдарының алғашқыда оны баққан Сәденге ауыл адамдарының шошына қарағаны сөз болады. Өйткені бұл, қазақ ұғымында шошқа өсіру бұрын болмаған. Ол тек жексұрын адамдарға ғана балама болған. Әрі оны молдалар «харам» деп, «оны баққан кісі күнәкар» деп, шошқа өсірген адамға шошына қараған. Шошқаны мал қатарына қосып, асырау былай тұрсын, оны көргенде одан жиіркеніп, «сасық» деп, мұрындарын шүйірген. Келе-келе көздері үйреніп, бас түлік қатарына ене түскендігі, шығармада өз шешімін табады.

Сөз өнерінің шебері Ғабит Мүсірепов, 1933 жылы М. Горькийдің «Адамның тууы», «Өлімді жеңген ана», («Темір туралы аңыз») деген сияқты әңгімелерін қазақ тіліне аударады. Міне соның нәтижесінде, содан шабыт алып, өзі де ана туралы «Ананың анасы», «Ананың арашасы», «Ашынған ана» секілді әңгімелерін жазу мүмкіндігіне ие болады. Оның бұл шығармалары 1934 жылы жеке кітап болып басылып шығады.

Жазушы өзінің «Ананың анасы» атты әңгімесінде, қазақ елінде болған ерлік шежіресінің бір оқиғасын ғана негіз етіп, Бала бидің батыры Жалпақ балуан бастаған қарулы жасақ жөнінде сөз қозғайды. Ол Ергенекті деген елден кек алып, есе қайтару үшін жорыққа аттанады. Сөйтіп олар, қарсы жақтың жылқысына тиісіп, бірде-бір тұяқ қалдырмай барын айдап әкетеді. Сонда баласын құтқармақ боп, зорлықшының шылбырына жармасқан сорлы әке, сотқар батырдың соққысына ұшырап, мерт болады.

Дәл осы сәтті өз көзімен көрген ана, перзент үшін отқа түсуге әзір болатындықтан, аналық махаббатпен, өн бойына аса зор қайрат бітіріп, ананың жауды қуалай жөнелгендігі өзінің шынайы шешімін табады. Ал, «Ананың арашасы»

атты әңгімесінде, азамат соғысы жылдарында қазақ ауылдарына қылыштарын үйіріп, елге тыныштық бермеген ақ патша офицері Антоновты, оның жазалаушы отрядынан сипаттайды. Әсіресе онда, жаралы қызыл әскерді жасырып, жауынгерді өлімнен алып қалған Нағима сияқты аса қайсар ананың ерен ерлігі көрініс табады.

Сондай-ақ, «Ашынған ана» әңгімесінде, 1916 жылдың аласапыран тұсында, озбыр болыстан зәбір-жапа шеккен жалғыздікті әйел – Қапия бейнесі сыр шертеді. Оның бойын ашу әбден кернегендіктен, зорлық-зомбылық көрсетушілерге қарсы қару жұмсауға мәжбүр болады. Сөйтіп ананың, жауыз болыс пен оның сойылын соғатын, сұм серігі Қарасақалға пышақ сұққан, ана батылдығы мен батырлығын сипаттайды.

Оның үстіне қаламгер, екінші дүние жүзілік соғыс жылдарындағы ана тақырыбына, қайта соғып, өзінің «Ер ана» (1942), «Ақлима» (1944) деген әңгімелерін жазады. Ол өзінің «Ер ана» атты әңгімесінде, неміс-фашистері туған жерге кеп қалғанда, қаша көше алмай, ауру немересіне қарайлаған Наталья есімді кемпір, бір түнде бір топ фашистің сорын қайнатып, көзін жойған ерлік ісін сипаттайды.

Сондай-ақ, «Ақлима» әңгімесінде қарапайым қазақ әйелінің аса зор адамгершілігі, Ақлиманың баласына деген ыстық-ықыласы мен ерен мейірін, адамға деген құрмет-илтипаты көрініс табады.

Сондай-ақ, академик – жазушымыз Ғабит Мүсірепов, 60 жылдарда «Айгүл қойшының бір күні», «Әмина» деген әңгімелерін де жазды. Сөйтіп ол, қазақ әдебиетінің даму тарихында әңгіме жанрының шын шебері дәрежесіне көтеріледі.

Шынайы сөз зергерінің проза саласындағы ең сүбелі еңбегінің бірі – «Қазақ солдаты» романы. Бұл роман 1945 жылы «Қазақ батыры» деген атпен жарық көреді. Онан соң, бір жөн өзгерістер енгізіп, 1950 жылы «Қазақ солдаты» деп, қайта бастырып шығарады. Онда, екінші дүние жүзілік соғысқа қатысқан, Кеңес одағының батыры Қайырғали Смағұловтың өмір жолы, ерлік күрестері сыр шертеді.

Романда майдан өмірі бірден сыр шертпей, алғаш бас кейіпкердің балалық шағы, басып өткен өмір жолдарын сөз

ету арқылы, Қазақстанның 30 жылдардағы құрылыс кезеңінің шын сыры өз көрінісін табады. Нәтижеде, қазақ халқының әлеуметтік өмірінде, тұрмыс-тіршілігінде болып жатқан өзгерістер сөз болады. Онда ұлттық санада пайда бола бастаған жаңа қасиеттер мен жаңа көзқарастар өз шешімін таба түседі.

Неміс фашистері 1941 жылдың 22-шілдесінде Кеңес одағына кенеттен басып кіргенде, майданға қазақ азаматтары да түрлі ұлт өкілдерімен бірге, ел-жұртты соғыс сұмырайларынан құтқару үшін жан аямай күреседі. Ондай ерлік күресертер – Қайырғали Смағұлов – Қайрош арқылы жан-жақты көрініс табады.

Шығармада көрініс тапқан Қайрош Сарталиев, Семен Зонин, Володя Толстов, Василий Гришин, Петр Ушаковпен өзбек жігіті Самед Абдуллаев, өздерінің батырлық іс-әрекеттерімен, мінез-құлықтарымен, бір-біріне деген достық қарым-қатынастарымен, өзінің шынайы шешімдерін таба түседі.

Романда кең көрініс тапқан бас кейіпкер – Қайрош Сарталиев. Оның балалық шағын бастап, өмір басбалдақтарынан бірте-бірте өткен өмір жолдарын сипаттау арқылы, Кеңестік дәуірдегі жаңа адамының қалыптасу сырларын аңғарта түскендей.

Сұрапыл соғыста Қайроштың досқа адалдығы, дұшпанға деген қатыгездігі кең көрініс табады. Әсіресе оның жолдасқа, ағайын-туғандарға деген ыстық мейірімі мен азаматтығы да шынайы сипатталған. Оның үстіне, балалар үйінде өзіне тәлім берген ұстаздарын, Шеген, Борах сияқты бірге өскен құрбы – достарымен бірге, жанындай жақсы көрген Ақботаны да есіне жиі түсіріп, ерен ықыласпен сағына түседі. Бірақ, соғыстың аты соғыс.

Сұрапыл соғыста Дон бойын, Кавказ өңірін, Қырым түбегін неміс фашистерінен қорғай бастағанда, ол жерлер өзінің атамекені «Қайрақтыдай» ерекше әсер етеді. Ол жерлердің топырағы мен суы да, тауы мен тасы да жанын тебірентіп, туып-өскен жерінің тамаша қасиеттерін есіне түсіре бастайды.

Шынында да қаламгердің «Қазақ солдаты» романында, бас кейіпкер Қайроштың өмір белестерін суреттегенде, оның

характерінің қалыптасуына, дамуына ықпал еткен, шынайы достарының бейнелері де жан-жақты ашыла түседі. Соның бірі-ең жақын досы болған өзбек жігіті — Самед Абдуллаев. Ол қандай қиындықтар болса да, қиян-кескі соғыстарда да, ылғида өз достарына әзіл-әңгімелер, қалжындар айтып беріп, олардың көңілдерін көтеріп отарады. Табан астында — Нәсридін әпенді бола қалады да, қапыда қалжындар айтып, жауынгер достарын сергіте түседі.

Қорыта айтқанда, Ғабит Мүсіреповтің бұл көркем туындысы, қаламгер шығармашылығында ғана емес, бүкіл ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің ірі табысы саналатын аса талантты жазылған көркем шығарма. Тілі тартымды, оқиғасы тым қызық, ерен ойдың бірден-бір жемісі.

### ҚАЛАМГЕР ДРАМАТУРГИЯСЫ

Ғабит Мүсірепов қазақ әдебиетінің даму тарихында, ХХ ғасырдың 30 жылдарының орта шенінен бастап, драмалық шығармалар жазуға ерекше мән бере бастайды. Соның нәтижесінде ол, 1934 жылы қазақ арасына кең тараған «Қыз Жібек» лиро-эпостық жырының негізіне сүйене отырып, өзінің «Қыз Жібек» пьесасын (либретто) жазады.

Содан соң, 1939 жылы «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» атты пьесасын жазу мүмкіндігіне де ие болады. Онда, Баян сұлу мен Қозы Көрпештің шынайы сүйіспеншілігін, ішкі жан сұлулығын көрсетуге айрықша мән береді. Екі жас бірін-бірі шынайы сезіммен шын жүректен беріле сүйеді. Әсіресе Баянның шынайы махаббаты, сылдырлап аққан айна бұлақтай мөлдір суындай мөп-мөлдір, тым таза.

Бірақ, не шара? Пьесада Баянның мөлдір махаббаты қайғылы аяқталады. Сүйген жары — Қозыны, сұм Қодар қанжар сұғып, мерт қылады. Содан Баянның бар асқақ арманы үзіліп, өзі де өз жүрегіне қанжар шаншып, бұл дүниені тәрк етеді. Әрине бұл Баянның — ерлік өлімі десек, ол артық айтқандық емес. Шыны да сол.

Бірін-бірі жанындай сүйіп, еркіндікті аңсаған қос ғашықтың арманына зұлымдық жасаған Қодар мен дүние қоңыз әкесі — Қарабай. Мұның екеуі де барынша қатыгез, озбырлық пен сарандықтың бейнесі.

Шығармада Қозы мен Баянның саф махаббатына қас-тандық жасаған, аса жауыз Қодар мен екі жүзді сұрқия – зұлым Жантыққа да қатаң үкім шығарылады. Нәтижеде, Жантық та қанжар ұшынан қаза табады. Оның үстіне шығарманың соңында Қодар әбден азып-тозып тентіреп кетеді.

Сондай-ақ, Фабит Мүсіреповтің 1941 жылы жазған «Ақан сері – Ақтоқты» көркем туындысында, қазақ халқының ХІХ ғасырдың екінші жартысымен ХХ ғасырдың бас жағында өмір сүрген, әйгілі әнші-композитор, әрі ақын, сал – сері Ақан өмірі, басып өткен жолы тарихи шындық негізінде өзінің шынайы шешімін табады.

Пьесаның негізгі кейіпкерлері тарихта болған, тарихи адамдар. Бірақ қаламгер, сол тарихи адамдардың күрес-тартыстарын, іс-әрекеттерін өмірде болған шындықтарын қалай болса солай, қаз қалпында ала салмайды. Тарихи жағдайларды негіз ете отырып, тек қана қажетті-ау дегендерін ғана сұрыптап алумен бірге, оларды де өзгертінкіреп пайдалана білген.

Өйткені Ақан сері, барынша жан-сезімі тым жалындаған аса күшті өнер адамы. Ол үнемі әділет жолында шарқұрып, зұлымдық атаулыға, зорлық-зомбылықтың қиыншылықтарынан бас тартпайды. Қайта өрши түседі. Оның бірден-бір мақсаты – қалың ел ортасында өз өнерімен халқының көңілін көтеру, жылағандарын жұбату. Ол үнемі әділет ұранын ту қып ұстайды да, зорлық-зомбылықты, зұлымдықты жеңбек болады. Бірақ оның оған титтейде мүмкіндігі болмайды. Тіптен, сүйген қызы Ақтоқтыны да, озбырлық шеңгелінен арашалап ала алмай, әбден күйзелген шағында да, өмірден безгісі келеді. Нәтижеде, ақыры Ақан Ақтоқтының өлімі үстінде өз-өзіне қанжар сала жаздайды. Ал енді, оның ендігі бір сүйенері де, тірегі де халқы болады.

Ақан сері өміріне атылған оққа Ақтоқты, өзін қалқан етіп, өзі өмірден озады. Әрине, Ақтоқтының өліміне барынша ашынсақ та, оның ел мүддесі үшін дүние салғанын көріп, ерлігіне сүйсіне түсесің.

Аса талантты суреткер 1950 жылы өзінің «Амангелді» атты пьесасын жазады. Онда 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы өз көрінісін табады. Шығарманың басында 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс алдындағы қазақ өмірінің бір жөн

қайшылықтары көрініс таба түседі. Әрі онда, әр таптың, әр әлеуметтік ортаның өкілдерінің мінез-құлықтары жан-жақты ашылады. Драмада халық батыры, тарихи тұлға Амангелді Имановтың тамаша бейнесі кең көрініс таба түскен. Ол — езілген халықтың бірден-бір өкілі. Екі жақты қанаудан әбден қыспақ көрген қазақ елінің бақытсыз аса ауыр өмірін Амангелді жастайынан көріп өседі. Сөйтіп ол ерте есейеді. Өз халқы кешкен ауыр азапты ол да өз басынан кешеді. Халық татқан кермек уды ол да татады. Озбыр заман өрбіткен қанау мен талау, зорлық пен зомбылық халыққа ауыр жапа шектіріп, тұрмысын күйзелтеді. Бірақ халықтың қайраты одан мұқалмайды, рухы түспейді. Бұл Амангелді Имановты барған сайын қайраттандыра, жігерлендіре түседі. Нәтижеде ол көп мәселені күрес үстінде аңғара бастайды. Көтеріліс оған өмірдің, қоғамның сырларын тереңірек ұғынуға аса мол мүмкіндіктер береді. Сөйтіп ол, халықтық азаттық жолындағы қаһарлы күресін қолдап-қуаттап, өзі де сол күреске аттанады. Сөйтіп ол, от-жалынында әбден шыныққан, кейін Торғай облысының соғыс комиссары болып тағайындалады.

Қорыта айтқанда, қара сөздің шын зергері болған Ғабит Мүсірепов, ХХ ғасыр қазақ әдебиетінің даму тарихында, көркем проза мен драматургия жанрын дамытуға ерекше, өзінің сүбелі үлесін қосқан кемел де кемеңгер суреткер.



### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. *Ғ. Мүсіреповтің алғашқы қандай әңгімелерін білесіңдер?*
2. *Қаламгердің ана туралы цикл әңгімелерінде қандай мәселелер көтерілген?*
3. *Суреткердің «Қазақ солдатты» романы қандай тақырыпта жазылған?*
4. *Қайрош және оның қарулас достары қандай ерліктер көрсетті?*
5. *Ғ. Мүсіреповтің қандай драмалық шығармаларын білесіңдер?*
6. *«Ақан сері — Ақтоқты» пьесасының негізгі идеясы қандай?*
7. *«Кездеспей кеткен бір бейне» шығармасын үйде оқып, сыныпта мазмұнын айтып беріңдер.*
8. *Қаламгердің «Оянған өлке» романының тақырыбы, мазмұны жайлы не білесіңдер?*





## ФАБИДЕН МҰСТАФИН (1902–1985)



XX ғасыр қазақ прозасының дамуына аса мол үлес қосқан, дарынды суреткердің бірі — Фабиден Мұстафин. Ол 1902 жылы Қарағанды облысының Тельман ауданында, осы күнгі Теміртау қаласына жақындау жердегі, Жауыр тау — Нұра өзені бойындағы, «Сарытөбе» деген елді мекенде дүниеге келген.

Болашақ қаламгердің балалық шағы өз ауылында, ата-анасының жанында өтеді. Ауыл молдасынан ескіше оқып, хат танып, тәп-тәуір сауатын ашқаннан соң 1916 жылы Спасск зауытының есепшісі, Мауқымның Жүсібі деген азаматтан аздап орысша сабақ алады. Онан соң, сол зауыттағы орыс-қазақ мектебіне түсіп, бірер жыл сонда оқиды. Соң, Қазан төңкерісінен кейін ауылда жүргізілген әртүрлі іс-шараларға қатысып, түрлі қызметтер атқарады.

Фабиден Мұстафин 1925 жылы оқу іздеп, сол кездегі Қазақстанның астанасы — Қызылорда қаласына барады. Бірақ онда, оқуға түсе алмайды. Сонда қызмет істеп жүріп, қаламын ұштай бастайды. Нәтижеде ол, 1927 жылы өзінің «Сәрсен мен Боқаш» атты ең алғашқы әңгімесін, «Жыл құсы» альманағында жариялайды. 1929 жылы «Ер Шойын» және басқа әңгімелері енген деген жинағын алғаш рет бастырып шығарады.

Ол 1930 жылы өзінің туған жері Қарағандыға қайта оралады. Біраз уақыт, ондағы өндірісте қол жұмысын атқарады. 1932 жылы «Қарағанды пролетариаты» деген газетке қыз-

метке ауысады. Арадан көп өтпей оны, 1933 жылы Новосибирск қаласында жаңадан ашылған «Қызыл Ту» газетінің редакциясына жібереді. Онда, 1938 жылға дейін жұмыс істеп, кейін Алматыға келеді.

Алматыға келгеннен соң біржола жазушылыққа ден қойып, өзінің «Өмір не өлім» атты романын жазып, сонда аяқтайды, Өмір мен өлім белдескен соғыс жылдарында, бір жөн – шағын әңгіме, очерктер жазумен бірге, өзінің «Шығанақ» атты роман жазу мүмкіндігіне ие болады.

Сұрапыл соғыстан кейінгі жылдарда да, үздіксіз шығармашылық жұмыспен айналысып, өзінің «Миллионер» (1948), «Қарағанды» (1952), «Дауылдан кейін» (1959), «Көз көрген» (1963) атты роман-повестерін жазып, аса талантты прозашы екендігін, оқырман жұртшылыққа кеңінен таныта түседі.

Соның нәтижесінде ол, әлденеше рет Қазақстан Орталық комитетіне мүше, Қазақ Жоғары Кеңесіне депутат болып та сайланады. Әрі ол 1953–1957, 1961–1964 жылдар аралығында, Қазақстан Жазушылар Одағының төрағасы қызметін де атқарады.

Сөйтіп, қазақ прозасын дамытуға ерен еңбек сіңіре түскен Ғабиден Мұстафин, 1985 жылы 83 жасында дүниеден көз жұмып, мәңгілікке сапар шегеді. Бірақ ол, өзінің кең тынысты кемел шығармаларымен, оқырман жұртшылық арасында бір өмір жасай бермек.

## СУРЕТКЕР ПРОЗАСЫ

Шынында да Ғабиден Мұстафин, өзінің ең алғашқы қадамынан бастап, өмірінің соңғы сәттеріне дейін, тек проза жанрында ғана өнімді қалам тебіrentті. Оның тұңғыш кітабы, тұнық ойы – 1929 жылы «Ер Шойын» деген атпен жарық көрді.

Оның бұл әңгімесінде бұрынғы бай жылқышысы Шойынның, келе-келе таптық сезімінің оянуы нәтижесінде, оның Күржікке қарсы күреске шығуы жан-жақты көрініс табады. Сөйтіп, Күржіктің конфискеленуі мен теңдік алған кедейлердің ұйымдасқан іс-әрекеттері, еңбекке кірісулері суреттелсе, «Қашқын» атты әңгімесінде, Қуат пен оның



әкесі Шабан, екеуі бірдей кісі есігінде жүріп аса көп қиындықтар көреді. Ауыр бейнет астында Шабанның аяғы сынады. Оның үстіне, оны бай сабап көзін де шығарады. Бұл қорлыққа, шыдай алмаған Қуат, байды өзі аяусыз ұрып-соғады. Соның салдарынан Қуат – жер аударылады. Онда ол, күзетшілерді де ұрып жығып, қашып кетеді де, ел-жұрттан безіп ол «Қуат қашқын, ұры, бұзық» атанады. Тек ол, Қазан төңкерісінен кейін еліне қайта оралады.

Қаламгердің ең көлемді де, аса мазмұнды, мәнді шығармасы – «Шығанақ» (1945) атты романы. Көркем туынды да Шығанақтың өмір жолын диқандық тәжірибесін, еңбектегі табысын жалаң ғана әңгімелемей, оны қазақ еңбекшілерінің еңбектегі бірлігін, сол жолдағы ізденістерін сабақтай отырып, ірі әлеуметтік мәселелерді көтереді.

Ол – адам мен табиғаттың арасындағы мәңгілік күрестің жаңаша жағдайда, өрби түсетіндігін жан-жақты аша суреттейді.

Қаламгер Шығанақ бейнесін жасауда, жалған әсірелеушілікке бой алдырмайды. Оны егде тартқан, қартайған адам болса да, көзі ашық, көкірегі ояу, сауатты маман етіп, үстеме қасиеттерді қосып-шатып, жамап-жасқамайды. Шығармада даралана көрініс тапқан Шығанақ, халықтың ақыл-есі мол, диқаншылық кәсібін өз бойына сіңіре білген, тәжірибелі, қарапайым егінші ретінде тілге алады.

Шығанақтың еңбеккерлігі, оның адамгершілік қасиеттері, Отаншылдық сезімдерімен тығыз байланысты көрініс тапқан. Төрт бірдей баласын қан майданға аттандырған Шығанақ, өз еңбегімен Отан қоймасына астық құйып, ақшалай көмек қолын созады.

Оның үстіне қаламгер, дәуірдің аса үлкен бір өзекті мәселесін Олжабек бейнесі арқылы көрсетуге ерекше мән береді. Онда оның жекеменшік сезімнен біртіндеп арылып, колхоздың жаңа адамы болып шыққанын, сол жолдағы шаруа бойындағы үлкен өзгерістерін дәл тауып сипаттайды.

Шығармада Шығанақ пен Олжабек, ескі адамдарды жаңаша тәрбиелеп қана қоймай, ол екеуі жастардың бойына да жаңа қасиет дарытып, еңбекке баули түседі. Міне мұны «Шығанақ» романының елеулі табысы деуге болады.

Романда көрініс тапқан ұнамсыз кейіпкерлер, колхоз құрылысына қарсы тап жаулары болған, қашқын Ахмет — күні кешегі бай баласы. Әрі, су маманы болып жүрген Төкен. Олар бір өмір мал бағып өскендіктен, «қазақ егіншілікпен шұғылдана алмайды» деген берекесіз оймен, түгелдей Шығанақ жолына қарсы тұрады. Бірақ, өмір тәжірибесі олардың сәуегейлігін жоққа шығарады.

Сөйтіп, жазушының «Шығанақ» атты романы, қазақ даласындағы колхоз құрылысының өркендеуін, ондағы жаңа адамдардың өмірі мен еңбегін сәтті көрсеткен құнды туынды екендігімен де, оқырмандарды өз жетегіне үйіре түседі.

Сондай-ақ, оның 1947 жылы жазған «Миллионер» повестінде, «Амангелді» атындағы алдыңғы қатарлы еңбек адамдарының өмірі өзінің шынайы шешімін таба түскен. Ондағы негізгі тартыс, бұрынғыдай тап жауларымен емес, ескі мен жаңаның арасындағы тайталас. Адам санасындағы ескішіл ұғымдар мен жаңашылдық идея арасындағы күрес-тартыстар.

Оның үстіне, повестің жағымсыз кейіпкері — нағыз ұнамсыз типтік кейіпкерлер емес, олар көзқарастарының тарлығы мен ой-өрістерінің қысқалығынан.

Жаңа талаптарды дұрыс ұғына алмай, ой өрістері жетпегендіктен кері ой түйе түседі. Бойларында жалқаулықтың, самарқаулықтың белең алуы нәтижесінде, өрелі істерге қосыла алмай жүрген, нағыз олақтар мен жайбасарлар.

Шығармадағы негізгі күрес-тартыс, колхозды өркендетудің жаңа жоспарын талқылаудан басталады. Талқылауға негізінен екі жоспар ұсынылады. Бірі — колхоз төрағасы Жақып болса, екіншісі оның орынбасары Жомарт. Жақып жоспары — колхоздың бүгінгі күніне лайық шағын жоспар да, Жомарт жоспары — колхозды жаңа белеске көтеруді көздеген — күрделі жоспар. Жақып басқарған колхоз қазірдің өзінде алдыңғы қатарлы саналғанымен, қоғам дамуының жаңа қарқынына сай емес екендігін Жомарт жақсы түсінеді. Ол Жақып ұсынған жоспарды олқысынып, колхозды электрлендіру, мал тұқымын асылдандыру, тұрмысты одан әрі көркейту қажеттігін алға тартады.

Жомарт — колхоз шаруашылығын көтере түседі де, еңбек тәртібін кең өріс алдырады. Айдар сияқтыларды әшке-

релеп, жалқау, сөзуар Бейсен мен әпербақан Баймаханды еңбек үстінде тәрбиелеп, қатарға қосылуына көмек қолын созады.

Шынында да, Фабиден Мұстафин, өзінің «Шығанақ», «Миллионер» шығармалары арқылы, қазақ даласындағы колхоз құрылысының жеңісін жан-жақты сипаттайды. Сөйтіп ол, Кеңес өкіметі жылдарында тәрбиеленіп, өсіп ауылдың жаңа адамдарын кеңінен көрсетуге ерекше көңіл бөледі.

Сондай-ақ, қаламгердің 1952 жылы жазған «Қарағанды» романы, қазақ әдебиеті тарихында, өндіріс тақырыбына жазылған ең алғашқы шығарма. Бір жөн шығармашылық жетістіктеріне қарамастан, 1938–1940 жылдары жазылған «Өмір не өлім» көркем туындысы, қаламгердің әлі қаламы төселмегендіктен, негізгі материалдарды сұрыптап, екшеп қорытуда, тәп-тәуір кемшіліктерге жол қойған болатын.

Бірақ оның «Қарағанды» романы, қаламгердің ірі табысы ғана емес, ол қазақ әдебиетінің даму тарихында ерекше орын иелейді.

Бұл роман негізінен, өндіріс тақырыбында жазылған ең алғашқы роман екендігімен де аса құнды көркем шығарма. Қарағандыда ашылған жаңа өндірістің қиыншылықтары, күрес-тартыстары, Донбастан келген жұмысшылардан басталады.

Романда қарт жұмысшы Ермек, Қарағандының кілтін, Донбасс шахтері Щербаковқа арнайы тапсырады. Олар жергілікті жұмысшылармен біріге отырып, жабылып қалған өндірісті қайта ашып, оны жандандыруға бар күштерін жұмсайды.

Романның негізгі идеясы – адамдар бейнелері арқылы жұмысшылардың тірлік-тыныстарын жан-жақты ашу. Мәселен романда көрініс тапқан – Мейрам Омаров, Ермек, Жәнәбіл, Жұманияз, Жұмабай, Байтен, Әкім, Боқай, Маусымбай сияқтылар, роман-композициясында үлкен жүк көтеріп тұрған аса тартымды бейнелер.

Жаңа Қарағандының ашылуын ұйымдастыруда ерен еңбек сіңірген, жергілікті ұйым өкілі – Мейрам Омаров, шығармада аса үлкен орын иелейді. Жазушы оның бойына жақсы мінез-қасиеттерді жинақтай білген. Оның өмірі –

Қарағандының өркендеу тарихымен тығыз байланысты алынады.

Жас маман жұмыс үстінде өмірді танып, көп қиыншылықтармен күреседі. Ол әрдайым халық ішінде болып, көп нәрсе солардан үйренеді. Өз білгендерін соларға үйретеді. Жұмысшы күшін ұйымдастыру, өндіріске жаңа келген жастарды іске баулу, олардың тұрмыс-тіршілігінде кездескен қиыншылықтарды жеңуіне, көмектесу сияқты түрлі шараларының бәрінде де, Мейрам басы-қасында болады. Ол ас, ақылды, барынша ұстамды, іскер басшы.

Ал Жанәбіл болса – жаңа жұмысшы табының өкілі. Оның бойында жас адамға тән ұшқырлық, ынталылық, жігерлік бар. Ол да өз ісіне берік, талапкер, кемшілікке төзбейтін, қиыншылыққа мойымайтын, адал да ақ көңіл жан.

Жазушы өндіріс маңындағы қызметкерлер ішінде, тап жауларының сойылын соғып жүрген адамдар ретінде – Жаппар мен Ырымбекті көрсетеді. Олар үнемі ұйымдастыру жұмыстарына бөгет жасайды. Шахталарда жұмысшы жетпей жатқанына қарамастан, әр түрлі сылтаумен ауылдан келген жастарды жұмысқа алдырмайды. Азық-түлік ысырабын жасау саясатын жүргізеді.

Асыра сілтеу арқылы, түзу жолға бет алған қалың бұқараны, өндіріс жұмысына шайлықтыруды көздейді. Тап жаулары мен олардың сойылын соғушылардың, 30-жылдарда, ондай қастандық әрекеттер аз болмағаны да, шынайы шындық.

Оның үстіне, Ғабиден Мұстафин 1959 жылы өзінің «Дауылдан кейін» атты романын жазу мүмкіндігіне ие болды. Бұл шығарма жазушы шығармашылығында ғана емес, жалпы қазақ әдебиетінің даму тарихында елеулі орын иелейтін, аса тартымды көркем дүние.

Онда Қазан төңкерісінен кейінгі, қазақ ауылының жаңа өмір жолы мен дамуға бет алған, өздеріне тән негізгі өзгешіліктері жан-жақты көрініс таба түскен.

Шығарманың бас кейіпкері орта шаруа өкілі – Аман. Оны қаламгер бірден күрескер етіп көрсетпей, бірте-бірте өсіре бастайды. Алғашқыда ол, өзін қоғамдық тартыстан тыс сезіне түскен Аманды, өмірдің өзі күреске шарлап, алға ұмтылдыра бастайды. Ол алғаш әділетсіздікке қарсы бой

көтеруден бастап, онан соң өз басын арашалауға ұласқан тартыстарда есейіп, ол барған сайын күрестің таптық мәнін түсіне бастайды. Әсіресе оның, Жантаспен сөз таластыруы, қазақ халқының болашағы үшін ұлтшылдық көзқарастарды әшкерелеудегі алғашқы адымы болатын.

Романда Аманға ере шыққан, жаңа – жас қауым, кедей тобының өкілдері – Тоқабай, Избасар, Таймас, Танагөз сияқты т.б. ұнамды кейіпкерлер, заман сырын терең түсіне бастайды.

Шығармада кең көрініс таба түскен үстем тап өкілдерінің ең басты тұлғасы – Шәкен мырза. Ол шаруасы, тірлік-тынысы жағынан, ол – әдеттегі ауыл байларына ұқсамайды. Өйткені Шәкен жаңа дәуірдің өзгерістеріне ыңғайлана бастаған адам ретінде сыр шертеді. Өйткені ол, байлықты тек малмен ғана емес, шаруашылықтың басқа да түрлерін, ақшаға айналдырып жинақтай бастайды. Яғни, «Заманың тұлкі болса, тазы боп қаш» дегеннің керін келтіреді.

Шәкен – өз дәуірінің өтіп бара жатқанын, елдің бұрынғыдай емес екендігін де түсіне бастайды. Дегенмен, олардан айрылып қалмауға әрекет етеді. Сөйтіп ол, халық ісіне араласа алатын үміткер жастарды алдап, қолына ұстауды ойластыра түседі. Ол шығармада, Аманмен болған қарым-қатынасынан анық аңғарылады.

Сондай-ақ, көркем шығармада, ескі ауылдың арамза ниетті тобы – Шәкеннен бастау алып, Малқар болыс, тегі мықты Мақаш, Жақып, жаңа ұрпақ Сайлаубек, ұлтшыл Ермекбай, Жандостар бейнесінде, өздерінің шынайы шешімдерін таба түскен.

Сөз өнерінің хас шебері болған Фабиден Мұстафин, өзінің «Көз көрген» атты ғұмырнамалық көркем туындысында, 1900–1925 жылдар аралығындағы, қазақ қоғамы бастан кешкен дәуір шындығын арналы арқау, өрісті өзек етеді. Шығармада ширек ғасырдың оқиғасы арқылы қаламгер, феодалдық көшпелі күйдегі халықтың енді ғана оянып, орыстармен болған қарым-қатынасы, төңкеріс қозғалыстары кең көрініс табады.

Көшпелі ауылда туып өскен қаламгер – Сарбаланың қоғамдық көзқарасын, дәуірдің қат-қабат шындығы келекеле қалыптастыра бастайды. Шығарманың бас кейіпкері –

Сарбала. Оның өсу – дамуындағы жаңару тенденциясы, таптық позициясы, барған сайын айқын көрініс таба бастайды. Ескі заманның көп жайларына, адамилық көзбен қарайтын әкесі – Мұстафа, Сарбалаға дұрыс жол көрсетеді. Бірақ, ескі ұғымдағы, діншіл әке, ол жолмен өзі жүре алмайды. Нәтижеде, әкесі әділдікті құдай жолынан ғана іздесе, Сарбала жаңа өмірден іздейді.

Әке мен бала қолындағы ең үлкен байлығы – екі кітап. Оның бірі – Хожа Ахмет Яссауидің «Хикметі» болса, екіншісі – Абай өлеңдері Ғұмырнамалық көркем туынды да, бұл екі тұлғаны тілге алуы – тегін емес. Бұл – қаламгердің аса үлкен ойының, асқақ арманының бірден-бір жемісі.

Қорыта айтқанда, қара сөздің шын шебері – Ғабиден Мұстафин, ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің, оның ішінде қазақ прозасының дамуына елеулі үлес қосқан, кең тынысты, кеменгер суреткер.



#### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. *Ғ. Мұстафин қазақ прозасына қай жылдары кіріп келген?*
2. *Қаламгердің Шығанақ пен Олжабек бейнелерінің айырмашылығы неде?*
3. *Суреткердің «Қарағанды» романының жазылу тарихын айтып беріндер?*
4. *Жазушы өзінің «Дауылдан кейін» романында қандай мәселерді көтерген?*
5. *Ғ. Мұстафин «Миллионер» повестінде ескі мен жаңаның тартысын қалай сипаттаған?*
6. *«Көз көрген» романын оқып шығып, оның мемуарлық сипатына мән беріндер.*
7. *Суреткердің «Шығанақ» атты романын үйде оқып келіп, сыныпта мазмұнын атып беріңдер!*
8. *Жазушының «Көз көрген» Ғұмырнамалық шығармасын оқыңдар!*





## XX ҒАСЫР 60–90 ЖЫЛДАРДАҒЫ ӘДЕБИЕТ

XX ғасырдың 60–90-жылдарында, қазақ әдебиеті ерекше қарқынмен қанатын кең жайып, жан-жақты дами түсті. Өйткені бұл жылдар да поэзия, проза, драматургия мен әдеби сынға әбден жанр ретінде қалыптасып, ең биік шыңына шықты. Әрбір жанрдың тақырыптық ауқымы кеңейіп, шын мәніндегі сыншылар легі өмірге келді.

Оның үстіне, «Жұлдыз» сынды журнал мен «Қазақ әдебиеті» газеттің тиражы көбейіп, жаңа кітаптардың саны да, сапасы да артты. Әрі талғамы мол, таразысы әділ оқырмандардың саны да жылдар өткен сайын көбейе түсті.

Көркем әдебиеттің саны ғана емес, мән-мазмұны кең өріс алып, жылдар өткен сайын құнарланды. Күллі оқырман жұртшылық, шын сөз өнерінің шынайы қасиетін терең түсінді. Тіптен, сөз өнерінің тақырыбы шексіз байып, шыншыл сипаты тереңдеді. Әсіресе, шеберлік әлемінде жаңа леп пайда болды. Роман мен әңгіме, хикаяттың, лирика мен поэманың сан алуан түрлері пайда болып, драма мен сының ішкі құнарлылығы артты.

Жасыратыны жоқ, соңғы ширек ғасыр ішінде әдебиетіміз дүние жүзі әдебиетінің жетістіктерін бойына сіңіре түсіп, көркейді, өсті, әлемдік деңгейге жетті. Ерекше дамыды. Өйткені, осы жылдардағы әдебиетімізде жұмыр жердегі барлық құбылыс, барша күрес-тартыс, оқиғалар негізгі тақырыптың біріне айналды. Сөйтіп, көркем шығарманың азаматтық әуені артып, көркемдік сапасы да қуаты да көркейе түсті. Әрі, көркем сөздің эстетикалық әсері, тәрбиелік мәні өсті. Аса жақсы, тартымды кітаптар көптеген оқырмандар қолынан түспейтін болды.

## ПРОЗА

Шынында да, XX ғасырдың 60–90 жылдардағы көркем әдебиетке, ерекше зейінмен тереңірек үңіле түссек, онда проза жанрының жетекші орын иелегендігін анық аңғарамыз.

Әрқандай жанр, әрбір көркем туындының — алтын арқауы. Өйткені, әдебиет те, онда сыр шертетін адам да — уақыт перзенті. Солай екен, әрбір дәуірде, әрқандай адамның күрделі дүние танымын зерделеу үшін, аса көп жаңа көркемдік тәсілдер қолдану аса қажет. Мәселен: кейбір көркем шығарма желісінде, кездейсоқ араласып кететін, бірақ бір қарағанда әңгіме жүйесіне оншалық қатысы жоқ сияқты көрінетін — монолог, пролог, сөйлем, кей кейіпкер — бүгінгі замандастың күрделі сезім әлемі. Әрі ол, замана лебін бейнелеуден туған белгілі бір тәсіл.

Бұл орайда, ерен ойдың жүйрігі Мұхтар Әуезовтің замандастар бейнесін жаңаша толғайтын «Өскен өркен» романын тілге алуға болады. Ондағы ойшылдық пен сыршылдық шығарманың басты қасиеті. Онда сыр шерткен өмірдің тылсым бейнесі, оқырман жүрегін қатты-қатты соқтырады. Ерекше дабыл қаққан күрес-тартыс, оқырмандарды өз жетегіне үйіре түседі де, адам баласының ар-ожданы оянсын деп атой салады. Романда шаттық пен қайғы өзара астаса түсумен бірге, онда қызу еңбек суреттері мен терең иірім ойлар жымдаса түскен.

Сондай-ақ, белгілі қаламгер Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романында да, кейіпкердің әлеуметтік-психологиясы, тарам-тарам драмалық тартысы кең өріс ала түскен. Қаламгер тарихтың тайғақты бұрылысындағы Еламан мен Тәңірбергенді, өзара аса қатал күрес-тартысқа салып, өз оқушысын дәл соған тікелей қатыстырып отырады.

Былайша қарағанда, қарапайым жандардың ішкі дүниесі тым серпінді, өмірдің алуан ауыр «тар жол, тайғақ кешуінен» аспай-сапай өтеді. Әрі, көркем туындыда қоғамдық таптар мен топтардың бір-бірімен күрес-тартысқа түскен адамдар бойына ыстық тән жүгіріп, өмір қатпары жан-жақты ашылды. Сондықтан да, кейде қатал, кейде жасық, кейде аңқау



жандардың шоғыры, өмірден ойып алған шыншыл қасиет-тағдыр иелері болған – Еламан, Ақбала, Айғанша, Мөңке, Тәңірберген, Мюнхаузен секілді бейнелер, оқырман жұртшылықтың көңілінен шықса, ол жандар шын мәніндегі қыруар қасиеттің бірден-бір жемісі.

Шығармада қазақ елінің бірінші дүние жүзілік соғыстың қанды жылдарындағы, Арал балықшыларының аштығы, аш сәбидің шырылы, меніреу аспанға қол созған ананың аянышты тағдыры, күндес әйелдердің азабы кең көрініс табады. Әрі, жүздеген адамның нақақ өлімі, ұзақ жылдар сүттей ұйыған тату-тәтті ағайынның, болмашыға пышақта-суы да сөз болады.

Сөйтіп, әлеуметтік тартысқа түскен образдар жүйесі, бүкіл елді астан-кестен қылған төңкеріс кезіндегі, қазақ қоғамының күрделі сипатын жан-жақты ашады. Үш тағанның (трилогияның) құрылысы мен негізгі оқиға дамуы, нағыз уақыт талғамына сай өрнектеле түскен.

Үстем тап өкілдері болған – Қаратаз, Тәңірберген, Федоровтар мен Еламан, Кәлен, Мөңкелер арасындағы кекті түйіндері, күрес-тартыс үстінде шешіледі. Ол – екі түрлі көзқарас, екі тағдыр, мінез иесі – Еламан мен Тәңірбергеннің бірден бір жемісі.

Егер, ХХ ғасырдың 60–90 жылдардағы қазақ прозасының даму тарихына тереңірек назар аударсақ, онда аса үлкен-үлкен үш жүйенің, яғни үш түрлі тақырыптың кең қанат жая түскендігін анық аңғарамыз. Оның біріншісі – халқымыздың басып өткен тарихи жолы, бос бостандықтары үшін алып барған күрес-тартыстарын сипаттайтын – тарихи тақырып болса, екіншісі – дүние жүзілік соғыс туралы жазылған, қаһармандық тақырып. Ал, үшіншісі – замандастар бейнесі, шынайы сезім, мөлдір махаббат тақырыбы. Сырлы сезімдер оқиғалары.

## ТАРИХИ ШЫҒАРМАЛАР

Егер мәселенің ішкі мәніне ерекше көңіл бөле түссек, онда тарихи тақырыпта жазылған шығарманың жанры да әр алуан екендігін анық аңғарамыз. Тіптен, эпикалық көркем шығармалардың бір-бірінен айырмашылығы көзге

көрініп тұрса, кейде ол лиро-эпикалық, эпостық, лирикалық, драмалық, әңгіме, хикаяттар сияқты т.б. түрлерде келе беруі де мүмкін. Мәселен: сан ғасырлық дәуірді қамтитын, ұзақ сюжеттік желіні негіз еткен Ілияс Есенберлин «Алмас қылыш», «Көшпенділер» сияқты т.б. романдарымен бірге, Хамза Есенжановтың төрт кітаптан тұратын «Көп жылдар өткен соң» (пенталогиясы), Әнуар Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы», Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе», Әбіш Кекілбаевтың «Елең-алаң», Мұхтар Мағауиннің «Аласапыран», Сәкен Жүнісовтің «Ақан сері», Софы Сматаевтың «Үркер», Қабдеш Жұмаділовтың «Соңғы кош» сияқты т.б. қаламгерлердің романдарын ерекше сүйіспеншіліпен тілге аламыз.

Оның үстіне, тарихи адамдарды эпикалық жүйемен қатар, лирикалық тебіреністер арқылы суреттеу де, қазақ прозасында жиі кездеседі. Оны біз, Ғабит Мүсреповтің дала дауылпазы болған Сәкен Сейфуллинге арнап жазған «Кездеспей кеткен бір бейне» поэмасынан, сондай-ақ халық өнер адамдары жайлы жазған Тәкен Әлімқұловтің хикаяттары мен әңгімелерінен т.б. қаламгерлердің көркем шығармаларынан анық аңғару мүмкіндігіне ие боламыз.

Белгілі сөз зергері Ілияс Есенберлин қазақ әдебиеті тарихында, тарихи тақырыпқа батыл барып, қазақ прозасын биікке көтерген кең тынысты кемеңгер қаламгер. Оның қаламынан өмірге келген «Алмас қылыш», «Жанталас», «Қаһар» атты үш кітаптан тұратын «Көшпенділер» атты трилогиясы, қазақ әдебиетінде ерекше орын иелейтін көркем туындылары. Әсіресе ұлы суреткердің «Алмас қылыш» пен «Жанталас» атты аса тамаша оқиға-тарихи деректерге негізделгендігі сонша, олардың әрқайсысында талай-талай романның өзегі жатыр.

Иә, шыны керек қаламгердің «Көшпенділер» деген үш кітаптан тұратын көркем шығармасынан көне қазақ елінің аса үлкен тарихи шындығын анық көреміз. Көшпелі ел, олар арасындағы ру тартысы, берекесіз шақтар, бәрі-бәрі ертеңгі күнге болжамды аңғарта алмақ емес.

Мәселен: солтүстіктен Жоңғар қонтайшылары шабуыл жасаса, оңтүстіктен Қоқан, Хиуа хандары, Тәшкен құсбегі тыныштық бермейді. Ал күншығыстан Боғдыхандар,

кейінірек күн-батыстан ақ патша жендеттері – бәрі қазақ халқын өзіне бодан етпек. Әсіресе, баққа да, таққа да таласқан Шыңғыс әулеті, бірі қияға, бірі Қырымға тартып, ел берекесін одан сайын кетіре түсуде.

Трилогияның бас қаһарманы – халық. Ат сабылтқан сарбаздар мен жасауылдар да, Әбілқайыр, Бұрындық, Кене хан, Қоңырқұлжа кең көрініс табумен бірге, сылқым сұлулар мен сері мырзалар да – түбінде халық арқасында шолжандап жүргендер.

Қорыта айтқанда, ХХ ғасырдың 60–90-жылдарында, тарихи тақырыпта жазылған кең тынысты кемел романдар кең орын алды. Әрі, екінші дүние жүзілік соғыс тақырыбына арналған аса тартымды талай-талай романдар да өмірге келді.

Оны біз, әрбір қаламгердің өмірі мен шығармашылығы жайлы, осы оқулықта пікір жүргізгендіктен, бұл арада олар жайлы сөз қозғауды жөн санамадық.

## ПОЭЗИЯ

ХХ ғасырдың 60–90 жылдар аралағында, қазақ поэзиясы тақырып ауқымының кең өріс ала түсуімен де, өмірлі мәні аса зор, ділгір жәйттерді көтеру жағынан да, көркемдік идеялық мәнінің тереңдігімен де көз тартып, көңілге ұялай түседі.

Әрі, дала данышпаны ұлы Абайдың ізгі дәстүрінен нәр алып, ежелден өркен жайған ұлттық поэзиямыз легіне жаңа-жаңа жастар кіріп келіп, қазақ поэзиясын асқақ үн, биік пафоспен жан-жақты көтерді. Әсіресе, бұл дәуірдегі поэзия – өзінің пәлсапалық тереңдігімен де, шынайы ойшылдық, аса тартымды лиризм мен шыншылдығымен де, көз тартып, көңіл қуантты. Әрі, өмір талабына «ләпбай» деп, жауап бере алатындығымен де, ерекшеленді.

Тіптен, осы тұстағы поэзия бейне бір көп үнді, көп дауысты, қуатты да құнарлы – оркестрдей симфониялық үнге ие болды. Яғни, «Өнер алды-қызыл тілдің» мағынасы тереңдеп, оның мәнін өсірді. Сөйтіп ұлттық поэзиямыздың өресі биіктеп, өрісі кең қанат жая түсті де, ол бірден-бір өнер туындысына айналды.

Соның нәтижесінде, ақындарымыз елімізде болып жатқан алуан-алуан оқиғаларды жырлауға ат салысып, өздерінің жыр шумақтарымен сан миллиондаған оқушысын таба түсті.

Бұл орайда, егер Олжас Сүлейменовтің жалынды поэзиясына, әлем оқушысы құлақ түрген болса, басқа ақындарымыздың поэтикалық туындыларынан, ерен ойдың тамаша жемістерін анық аңғару мүмкіндігіне ие болдық. Бұл орайда – Т. Жароковтың «Құмдағы дауылы», Ә. Тәжібаевтің «Портреттер», Х. Ерғалиевтің «Құрманға», К. Бекхожин мен Д. Әбілөвтің, Ф. Қайырбеков пен Ж. Молдағалиевтің, А. Тоқмағамбетов пен М. Әлімбаевтің, және де Ә. Сәрсенбаевтардың эпикалық және лиро-эпикалық поэмаларын ерекше сүйіспеншілікпен тілге аламыз.

Аса талантты ақынымыз Абайшыл асқақ үнімен достықты, тыныштықты жыр-жолдарына қосумен бірге, адам баласына деген саф махаббатың ұлы, адамгершілік гуманизм мен биік мақсаты, ақиқат аталуыны биікке көтереді.

Кең тынысты кемеңгер, ақсақал ақынымыз Әбділдә Тәжібаев та, тірі пенденің шыңырау сезімін тереңдете жырлап, поэзияның айрықша үлгісін көрсетті. Ақын тереңнен толғана отырып, азаматтық дауысын адалдық үшін, ақиқат үшін батыл жыр жолдарына қосып, ұлы Абайдай әділетке жүгінеді. Мәселен ақын:

*Ішімде қанша жұрттың көз жасы бар,  
Шулаған мың сан дауыс айтады зар.  
Отындай жанартаудың ыңыранды  
Күңіrentкен әлсіздерді өрт қайғылар –*

деп, ақын сыршылдықтың да, ойшылдықтың да, азаматтықтың да зор үлгісін жан-жақты таныта түседі.

Сондай-ақ, аса зерделі де, зейінді ақын Қадыр Мырзалиев те, өзінің құлашын кең жая түсіп, ел-жұртын, туған жер топырағын ақындық шабытпен емірене жыр жолдарына қоса түсті. Оны біз ақынның «Ақ Жайық», «Атамекен», «Домбыра», «Алақан» сияқты т.б. жыр жинақтарынан анық аңғарамыз. Тіптен, Мұқағали Мақатаев:

*Қызым болсаң, қырымда Құралайсың,  
Ұлым болсаң, ұлы бір мұрадайсың.  
Естисің бе есі жоқ, ей, дүние,  
Менен неге сүйінші сұрамайсың?*

десе,

*Өле берсін күншілдер күйігінде,  
Өз ғасырым өзімнің иінімде,  
Ақ жаңбырлар тоздырған тау сияқты,  
Мен өлемін өзімнің биігімде, —*

деп, Төлеген Айбергенов, жырының құдіретін қыран-тұғыр өз биігінен іздейді.

Оның үстіне, әр сөзі тұнып тұрған нұрлы сезімге құра білетін ақын Тұманбай Молдағалиев, өзінің әр өлеңін тамаша лиризмге құрады. Оның «лирика» деп аталатын тебіреніске толы жырларының барлығы дерлік, өлеңнің шын шебері екендігін жан-жақты аңғарта түседі. Мәселен ақын, көктем шуағына малынған жүрегін, табиғат-ана, өмір-анамен қосыла, таңғы шықтай төгіле жөнеледі. Мәселен:

*Тырна даусын жатырқамай, жатсынбай,  
Тыңдайды ұйып биік құздар, ақ шыңдар.  
Көктем келді,  
Көкірегімнің құстары  
Қиқуламай неғып ұйықтап жатсыңдар.*

деп ақын, әрбір өлең жолдарын адамилық биік парасатқа құрады.

Ерен талант иесі Сағи Жиенбаев, өмір құбылысын поэзия нұрына бөлеген ақындардың бірі. Оның қаламынан туған жаңа образ-теңеулері көздің жауын алады, толқындай тербетеді. Ақынның көңіл-күйіне, өз көкірегін де үн қосып қоя береді. Мәселен ақын:

*Көп болды ғой мінбегелі құр атқа,  
Шарт түйіліп шықпағалы қыратқа.  
Асуларды ақ сорпа ғып келетін —  
Қайран көздер қалып қойды-ау жырақта.*

*Сол бір кезді еске алушы ем сағына,  
Міне, бүгін кездестім мен тағы да.  
Көңілім толқып, көрейінші дедім де,  
Создым қолды көкбестінің жалына.*

*Шыр айналып, мені сүйіп-құшардай,  
Бір қарлығаш келеді алға түсе алмай.  
Айдалада құласам мен жалма-жан  
Қанатына мінгізіп ап ұшардай.*

*Кірпігіме мөлдіреп бір тұрды шық,  
Кең жазықта ағып келем нұр құшып.  
Мен жығылып қала ма деп абайсыз  
Туған далам келе жатты бірге ұшып —*

деп, аса тамаша байламдар жасайды.

Міне мұндай өмірлік мәні аса зор, кемел ойларымен оқырмандарды ерекше тамсанта түскен Мұхтар Шаханов Қайрат Жұмағалиев, Марфуға Айтқожина, Ізтай Мамбетов, Ақұштар Бақтыгереева, Есенғали Раушанов сияқты т.б. ақындар есімін ерекше сүйіспеншілікпен тілге аламыз.

Қорыта айтқанда, XX ғасырдың 60–90-жылдар аралағындағы қазақ поэзиясы — кең қанат жайып, тақырыптық жағынан да, ішкі идеялық мәні мен мағынасы жағынан да кең өріс ала түсіп, аса биікке көтерілді.

Әрі, жана-жана ақындармен толығып, тез қарқынмен дами түсті.

## ДРАМАТУРГИЯ

XX ғасырдың 60–90 жылдарында драматургия да жедел дамып, аса бай жанрдың біріне айналды. Шынайылықтың негізгі талабына орай, бұл жанрдың трагедия, драма және комедия салалары да кең қарқын алды.

Бұл ретте Әбділдә Тәжібаевтің «Сағынамын күн сайын», Тахауи Ахтановтың «Сәуле», Қалтай Мұхамеджановтың «Жат елде», Сәкен Жүнісовтің «Ажар мен ажал», Шерхан Мұртазаевтің «Сталинге хат» сияқты т.б. драмалық шығармаларды тілге аламыз.

Бұл дәуірдегі драмалық шығармалардың өзіне тән бір ерекшелігі, негізгі бағыт-бағдарлары – өмір тынысы шымырлап аққан бұлақтай, әрбір кейіпкердің ширыққан сезімдерімен қайшылық күрес-тартыстары кең көрінуінде. Әрі, өзара көзқарас алшақтығына құрылып, адам толғанысын жан-жақты, терең ашып беруінде.

Сондықтан да, уақыттың ішкі құнарлы көрінісі, кейіпкердің көңіл күйі – ой-сезімі – бәрі-бәрі болмысынан аса шымыр боп келеді де, ол тым әсерлі бейнеленеді.

Міне, ол Тахауи Ахтановтың «Күтпеген кездесуі» мен Шахмет Құсайыновтың «Қилы-қилы тағдыр» шығармаларынан анық байқалады.

Оның үстіне, әлем көрермендеріне кеңінен тараған Шыңғыс Айтматов пен Қалтай аға Мұқамеджановтың, бірге жазған «Көктөбедегі кездесу» атты драмалық шығармасы да, өзінің шыншылдығымен де, тақырыбының асқан маңыздылығымен де, көз тартып, көңілге ұялай түсетін аса тартымды көркем дүниелер.

Әсіресе онда, азаматтық ойдың тамаша түйіндері, күллі жұртшылық ықыласына ерекше бөленді. Былайша, сырт қарағанда «Көктөбедегі кездесу» атты драмалық туынды, ешқандай алып бара жатқан шулы оқиға емес сияқты көзге түседі.

Әрі онда, күрес-тартыс та жоқ. Шығармада, не бары арадан бірнеше жылдар өткеннен соң, ескі екі дос Көктөбеде кездесіп қалады да, өзара сыр шертіседі. Бірақ осы сыр, бас кейіпкерлердің бүкіл адамгершілік болмысын жан-жақты айқара ашады. Отан алдындағы азаматтық борышы, жолдас-жора алдындағы негізгі парызы, адалдық пен ақиқатқа бас июі секілді, адам өміріндегі мәнді түсініктер, ар таразысына алып барады.

Сондықтан да, аса талантты қос қаламгердің «Көктөбедегі кездесу» атты диалогқа құрылған драмалық шығармасы, бүкіл сан алуан елдерді аралап кету мүмкіндігіне ие болды.

Сондай-ақ, ХХ ғасырдың 60–90 жылдарындағы казак драматургиясында, тарихи тақырыпта жазылған, тарихи қайраткердің тұлғасын жасау мәселесі де кең өріс ала түсті. Бұл орайда Сәбит Мұқановтың «Шоқан Уәлиханов» пен «Сәкен Сейфуллин», Әбділдә Тәжібаевтің «Майрасы» мен

Зейін Шашкиннің, халқымыздың ардагер азаматы болған Тоқаш Бокинге арналған «Заман осылай басталды» деген сияқты т.б. қаламгерлердің көркем туындыларын атай аламыз.

Оның үстіне, комедия жанрында ұзақ уақыт сахнадан түспей, көрермендердің ыстық ықласына бөлене түскен Қанабек Байсейітов пен Қуандық Шаңғытбаевтың «Беу, қыздар-ай», Қалтай Мұхамеджановтың «Құдағи келіпті», «Қуырдақ дайын», Әбділді Тәжібаевтің «Той боларда» деген сияқты т.б. аса тардымды көркем дарамалық туындыларын, ерекше сүйіспеншілікпен атап өтуге болады.

Қорыта айтқанда, XX ғасырдың 60–90 жылдарында, драматургия жанрында кең өріс алып, театр көрермендерінің ыстық ықластарына бөлене түскендігі де, бірден-бір шындық болған болатын.



#### ***Сұрақтар мен тапсырмалар***

- 1. 60–90-жылдарда әдеби ағымның негізгі бағыт-бағдары қандай?*
- 2. Осы кезеңде қазақ әдебиетінде қандай жанрлар кең өріс ала түсті?*
- 3. Проза жанрындағы басты-басты жаңалық пен ізденістерді атаңдар.*
- 4. Роман жанрының жағдайы қалай болды?*
- 5. Тарихи романдарды атап беріңдер!.*
- 6. Тарихи романның өзіндік, жанрлық ерекшелігін қалай түсінесіңдер?*
- 7. Осы дәуірде қайсы ақын кеңінен таныла түсті?*
- 8. Илияс Есенберлин романдарын оқып, сыныпта мазмұнын айтып беріңдер.*







## РУХАНИ БАЙЛАНЫС

### ҚАЗАҚ – ӨЗБЕК ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСТАРЫ

Біз жоғарыда – 73 жыл жасап, келмеске кеткен Кеңес дәуіріндегі, қазақ әдебиетінің даму сипаттары мен басып өткен өмір жолдарына назар аудара отырып, жеке-жеке ақын-жазушылардың шығармашылығы негізінде талдаулар жасап өттік. Әрбір қаламгердің көркем әдебиетімізге қосқан үлестерін, әрбір жанрды меңгерудегі шеберлік сырларын аңғардық.

Міне сол, қазақ ақын-жазушыларының біразы, Ташкент қаласында жасап, шығармашылық пен шұғылданумен бірге, өзбек ақын-жазушыларымен бірге, достық қарым-қатынаста, шығармашылық байланыста болды. Бұл орайда Сәкен Сейфуллин мен Хамза Хақимзаде Ниязидің, Айбек пен Мұхтар Әуезовтің, Сәбит Мұқанов пен Ғафур Ғұламның, Әбділдә Тәжібаев пен Міртемірдің, Мұқаметжан Қаратаев пен Иззат Сұлтановтың, Зулфия мен Тұрсынхан Абдірахманованың, Әбу Сәрсенбаев пен Нәзір Сафаровтың және Сырбай Мәуленов пен Мірмухсынның достық қарым-қатынастары мен шығармашылық байланыстарын ерекше атай аламыз.

Олар бір-бірінің елінде жиі-жиі болып, өзара бір-бірімен достық қарым-қатынас жасап, шынайы сырластықтың терең сырларын аша түсті. Сөйтіп олар, қазақ-өзбек халықтарының достығын, ынтымақ-бірлігін ерекше серпінді әуенмен биікке көтерді.

Соның нәтижесінде өзбек әдебиетінде қазақ тақырыбы, өзбек-қазақ халықтарының достығы, қазақ ұл-қыздарының тамаша бейнелері көрініс тапса, қазақ әдебиетінде өзбек өмірі, екі халықтың тарихи тамырластығы мен дәстүрлі дос-

тығы, өзбек ұлдары мен қыздарының образдары дүниеге келді.

Сондықтан да, екі халық ақын-жазушылары, бір-бірінің өмірін жырлауға, екі халық достығы мен туысқандағын дәріптеуге ерекше мән бере түсті. Мәселен, кезінде қазақ халық ақыны Омар Шипин, өзінің «Өзбекстан» атты өлеңінде

*Өзбекстан, Ғажап сенің бауларың,  
Аспанменен тілдесіп тұр тауларың.*

дей келіп, одан әрі

*Ферғана тұр шешек атып гүл жарып,  
Өзбек қызы күлімдейді нұрланып.  
Наманганның анарының ағашы,  
Желмен бірге жайқалады ырғалып.*

деп, шындық бетін шынайы аша келіп, онан соң тағы да:

*Дәмі кетпес тәтті сенің жемісің,  
Тілім жетіп жаза алмадым көбісін.  
Кең далаңда күріш өсіп толқиды,  
Бар ғаламға мәлім сенің жеңісің, —*

деп, терең байлам жасаса, өзбек халқының белгілі ақыны Хамит Әлімжан да, өзінің Қазақстан жайлы жазған өлеңінде:

*Қазақстан — сан ұрпақтың  
Армандап, көре алмай кеткені!  
Қазақстан — бабаларымыздың  
Қинала қиял еткені.  
Қазақстан — қыртысы қалың  
Байлыққа батып жатқан жер.  
Бұл — Ембі — мұнай, шалқыған жалын,  
Қазыналы Балқаш, Ридер. —*

деп, тамсана жыр жолдарына қосады.

Әсіресе, өзбек әдебитінде қазақ тақырыбына батыл барып, оның шынайы да шыншыл сипаттарын бере білген Айбек пен Фафур Ғұламды, Ұйғын мен Міртемірді, Мамарасул Бабаев пен Кәрім Ахмадиді, Максұт Шайхзаде мен Ғайратиді, Зүлфия мен Сабыр Абдулланы ерекше сүйіспеншілікпен тілге аламыз.

Түбі бірге туысқан екі халықтың достығын, тарихи табырластығын жырлау, өзбек поэзиясында ХХ ғасырдың 30-жылдарында кең қанат жая бастады. Бұл орайда Айбектің 1933 жылы жазған «Бақтыгүл мен Сағындық» атты поэмасымен бірге, Фафур Ғұламның «Түрксиб жолдарында», «Бұл қай жол?» деген өлеңін айрықша тілге аламыз. Мәселен: Фафур Ғұлам өз өлең жолдарында, тарих беттеріне ой көзін терең қадай отырып, қазақ халқы өмірінің бұрынғысы мен қазіргісін салыстыра жырлап, жаңарған жаңа жол өміріміздің қан тамырына айналғанын өте әдемі береді.

Бұрынғы қанды балақ, жауыз жандар жүрген жол, енді бүгінгі таңда жаңа адамдар мен жаңа-жаңа ойлар жүретіндігін емірене тілге алады. Мәселен ақын:

*Тінті ескі,  
Тінті ескі.  
Заман — заманғы  
Бұл жол.  
Жаһангер Ескендір.,  
Қанішер Шыңғыс,  
Қайсар Жошы,  
Қатал Баты  
Қан ағызған  
Бұл жол!*

*(Өтебай Тұрманжанов аудармасы)*

дей отырып, тарих беттерін сәтті аша түседі де, одан әрі Орта Азия мен Қазақстан халықтарының, өткен замандардағы ауыр тұрмыс -тіршіліктерін еске алады. Бұрынғы кездегі қазақ керуендерінің аянышты өмірлерінен де аса мол мағлұматтар береді. Ендігі жасарған жаңа жолдар, бүгінгі өміріміздің нәрлі тынысына айналатындығын, қандай жерлерден өтетіндігін де жан-жақты тәтпіштейді. Мәселен:

*Шағыл-шағыл құмдармен,  
Құба-құба жолдармен,  
Қия-қия жалдармен  
Күмбірлетіп қоңырауды  
Құрмет айтып құмдарға  
Керуенін жүргізген, —*

дей келіп, керіліп жатқан қазақ шөл даласының әсем келбетінде:

*Керіліп жатқан кең дала,  
Көлбеу жатқан көкшіл көл  
Бетінде ұйықтап жел ғана  
Шөккен нардай үнсіз шөл,  
Жайылып жатқан мал ғана, —*

деп, құлан жортпас қу даланы кесіп өткен бұл жол, халқымыздың бірден-бір тіршілігінің тынысына айналатындығын ерекше шабытпен сипаттайды.

Сөйтіп ақын, тарих қойнауына кемел барлаулар жасай отырып, жаңа өмірдің, жарқын болашақтың игілігіне айналатындығын шебер жеткізеді.

Тіптен Ғафур Ғұлам, осы бір ірі табысқа орай өзінің «Турксибті біз құрдық және құра алдық», «Қазақ даласының бір түп айдарлы кекілі» атты публицистикалық мақаласын да жазды.

Шындығында да Ғафур Ғұлам, өзбек поэзиясында қазақ тақырыбына алғаш барумен бірге, қазақ елі өмірінің өзіндік ерекшеліктерін терең танып, олардың әдет-ғұрпын, тілі мен тағдырын, тарихын жақсы білгендіктен, өз өлеңдерінде терең байламдар жасайды. Сондықтан да: «Мен Қазақстанды көп уақыттан бері жақсы білемін. Жас кезімде Шымкент облысындағы «Капланбек» совхозында біраз тұрғаным бар. Шымкент, Сайрам, Жамбыл, Түлкібаста әлденеше рет болдым. Қазақстанның астанасы Алматы қаласына оннан аса рет келіп кеттім» — деп, қазақ өңірінде болған сәттерін қуана тілге алады.

Ол өзінің «Қазақ халқына», «Қазақ туысқаным», «Достық сәлем», «Сәлем, туысқандарым» сияқты т.б. өлеңдерімен

бірге, «Сұм бала» повестінде де қазақ өмірін, қазақ қыз-келіншектерінің бейнесін ерекше сүйіспеншілікпен көрсетеді.

Әрі, қазақ поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаев, Абай, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов секілді ұлы тұлғаларды да, өзінің өлең жолдарына ерекше ыстық ықласпен жырлаумен бірге, қазақ халқының ардақты ұлы, халық батыры Амангелді Иманов пен белгілі әнші Күләш Байсейітованы да ерен құрметпен тілге алады.

Міне бұл Ғафур Ғұламның қазақ халқына, оның ардақты ұлдары мен қыздарына деген туысқандық сезімі мен ыстық ықыласының, құрметінің сәтті жемісі деуге болады.

Ең қызығы ақын туысқан қазақ елінің қол жеткізген табыстарын, тамаша қуаныштарын, өз қуанышындай, өзінің мерейлі мейрамындай көріп, қазақ халқын айрықша ардақ тұтады. Мәселен ақын: 1945 жылы Қазақстан Республикасының 25 жылдық тойына арнайы қатынасып, өзінің «Қазақ елінің ұлы тойына» атты өлеңін оқиды. Онда ақын, қазақ халқының қол жеткен табысын дәріптей отырап, екі халықтың тарихи тамырластығын:

*Мың жылдарға шылау бермес.  
Туысқандық тарихымыз.  
Екі басқа бір маңдайдай,  
Сәулелі жарығымыз —*

дей келіп, одан әрі өзбек-қазақ елдерінің бір тұтастығын, ынтымағы мен бірлігін:

*Бір кітаптың екі беті,  
Тұтас жатқан жеріміз.  
Бір-біріне күндей раушан —  
Сыры бірге еліміз.  
Қарындасым, туысқаным,  
Үлкен қазақ өзіңсің  
Өзбекпенен бірге туған  
Таңғы Шолпан жұлдызың, —*

деп, шындық бетін шынайы аша келіп, қазақ өзбек-халықтарының тарихи тамырластығы мен дәстүрлі достығы-

ның тамаша сипатын да поэзия тілімен шебер өрнектей түседі.

Мәселен ақын:

*Бір тамырмыз, бір шаруамыз,  
Бір қазанбыз, бір алау.  
Ортамызда зейнет толған  
Дастархандай кең жайлау,  
«Өзбек елі — өз ағам» деп  
Өтірік сөйлемес қазақ.  
Жәкем десем жаны бірге  
Інім десем жақынырақ, —*

деп, тамаша байлам жасайды.

Тіптен ақын,

*Мақтанбаймын шын айтқанда.  
Бір шамалап қараймын.  
Айтыс болса Сәбитпенен,  
Тартысуға жараймын, —*

дейді.

Расында да, қазақ халқын айрықша қадір тұтқан Фафур Ғұлам, өз өлеңінде қазақ қыздарының да тамаша келбетін, әсем көріністерін, шынайы бейнесін:

*Алматының алмасындай,  
Ал қызыл нұр жүздерің.  
Кәні бадам бадамындай.  
Қарақаттай көздерің.  
Алтай бөркін қыңыр киген,  
Қастары құндыз дайын.  
Маңдайларын сәуле сүйген,  
Ғаз омыраулы қыздарың, —*

деп, қазақ қыздарының әсем келбетін, өз ерекшеліктерімен өте орынды жеткізеді.

Ақын одан әрі, қазақ өміріне барлаулар жасай отырып, оның мидай жазық шөл даласының, бүгінгі таңда бау-бақшаға айналғанын қуана тілге ала келіп:

*Кешегі шөл, бүгін көл боп  
Бау-бақшасы майысты.  
Бетпақ дала, жазира шөл,  
Байлық толып қайысты, —*

дей келе ақын, қазақ даласының бар байлығын да отты өлең жолдарында былайша сипаттайды. Мәселен оның:

*Алтын, мұнай, көмір, темір,  
Барлық байлық сенде бар.  
Менделеев тізімінің  
Барлығы да, кенде бар —*

дей келе, одан әрі қазақ халқының қол жеткен мол табысына қуанады. Мәселен ақын:

*Миллион тонна арпа, бидай,  
Қамбалары толған анық.  
Ер басына күн туғанда  
Ерлігі мол батыр халық.  
Тұлпар мініп ту алғанда  
Бірі мыңға татыр халық.  
(Өтебай Тұрманжанов аударған)*

деп емірене, ерекше туыскандық сезіммен жыр жолдарына қосады.

Міне мұндай, қазақ-өзбек халықтарының достығын жырлау, өзбек өміріне батыл барып, екі халық достығын дәріптеу, XX ғасырдың 60–70-жылдарында одан әрі кең өріс түседі. Өйткені, 1960, 1971 жылдары Өзбекстанда қазақ әдебиеті мен өнерінің апталықтары болып өтсе, 1962, 1972 жылдары Қазақстанда өзбек әдебиеті мен мәдениетінің он күндіктері болып өтеді. Осыған орай көптеген қазақ, өзбек ақындары бір-бірінің өміріне тереңрек назар аудара отырып, екі халықтың дәстүрлі достығын жырлайтын өлең-жырларын жазды. Бұл орайда қазақ ақындарынан Әбділдә Тәжібаев, Дихан Әбілев, Жұбан Молдағалиев, Ғали Орманов, Жақан Сыздықов, Ғафу Қайырбеков, Аманжол Шамкенов, Ізтай Мәмбетов, Қадыр Мырза Әли сияқты т.б.

қаламгерлер есімін ерекше атай аламыз. Мәселен: белгілі қазақ ақыны Дихан Әбілев өзінің «Арнау» атты өлеңінде қазақ-өзбек халықтарының дәстүрлі достығын былай сипаттайды:

*Қадірменді бір ағамыз — Өзбегім,  
Қалтқысы жоқ демің бейне өз демім.  
Өз сөзімдей ашына — жәй сөздерің,  
Өз көзімдей күлімдейді көздерің.  
Мейлі тіпті... тым алысқа барайын,  
Әлішеріңді сүйіп өткен Абайым.  
Ғафур, Сәбит екі шыңы бір таудың,  
Мұхтар, Айбек — бір мұхит деп санаймын, —*

дей келіп, онан әрі:

*Төскейде мал, төсекте бас түйіскен,  
Дос елдерміз, шын жүрекпен сүйіскен.  
Әзіліміз, қалжыңымыз бір думан.  
Кезек жеңіп, кезек жығып күліскен —*

дейді де, онан соң тағы да:

*Қызым құмар қыздарыңның биіне,  
Сен құмарсың Тәттімбеттің күйіне!  
Құрыш берсем құралыңа заводтан,  
От — газің тұр менің әрбір үйімде, —*

деп, шындық бетін аша жыр жолдарына қосса, бұл ойды одан әрі жетілдіре түскен, аса талантты ақын Қадыр Мырза Әли:

*Тарайды арғы атамыз алты арыстан,  
Бірінен біреуіне салты ауысқан...  
Өзбек боп,  
Қазақ болып бөлінгенмен,  
Біз барып қосыламыз Алпамыстан, —*

деп, тамаша байлам жасайды.



1971 жылдың күзінде өзбек өңіріне келген қазақ ақындарының тамаша ойын Әбіраш Жәміш ұлы, өзінің «Сүйегіміз, қанымыз бір бауырмыз» атты өлеңінде, екі халықтың тарихи тамырластығын:

*О, бауырым, өзбек ағам, армысың!  
Інің келді, төсіңе бас, ал құшың.  
Біз туғалы бірге көріп жүрміз ғой,  
Бұл өмірдің қуанышын, қайғысын.*

*Тарихқа мен көз саламын бүгін де,  
Бөлек дерлік жоққой белгі түрімде.  
Бауырлармыз – бір атамыз, анамыз,  
Ежелден-ақ, ортақ шаңырақ-үйімде –*

деп, өз ойын ақындық сезіммен әдемі өрнектеумен бірге, туысқан өзбек халқына деген құрметін, ыстық ықыласын да сәтті жеткізеді. Соңыра ақын:

*Екеуміз де ен далада туғанбыз,  
Сыр суына кіндік қанын жуғанбыз.  
Ауыл қыстақ қатар көшіп қонғанда,  
Тал бесікке бір бөленіп сиғанбыз, –*

дейді ақын.

Қандай тауып айтылған тамаша ойдың жемісі. Түбі бірге туысқан қазақ-өзбек халықтарының егіздің сыңарындай, бір туысқан халық екендігін өте орынды жеткізе білген.

Оның үстіне, қазақ халқының тарлан ақыны Ғафу Қайырбеков, 1972 жылы бір топ өзбек ақын-жазушылары, Қазақстанда өткен өзбек әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне келу қарсаңында жазған «Өзбек өнерпаздарына» атты өлеңінде:

*Қош келіңіздер! Келу керек осылай!  
Біз отырмыз тосып күн мен тосып ай.  
Айрылмайтын сыңарындай егіздің,  
Жазылмайтын аққұшағы досым – ай!*

*Өзбекстан! Көзден ұшқан нұрдайсың,  
Бізді көрсең еркелемей тұрмайсың.*

*Сәһар таңда Сахараға бір қаран,  
Саған қашан барамын деп жырлайсың, —*

десе, Көкшетау өңіріне барған өзбек бауырларына арнап Ергеш Ибраһым да, өзінің «Қош келіпсің, Көкшетауға, өзбегім» аты өлеңінде:

*Қош келіпсің, Көкшетауға, өзбегім!  
Ақ жалыннан ыстық маған өз демің.  
Бауырымды елжіреткен шіркін-ау,  
Аққу ма едің,  
Қиқулаған қаз ба едің?*

*Ала тақияң ала бұлттай мұнартып,  
Жеттің бе екен Көкшетауға құмартып.  
Науаиының жырларынан әлде сен,  
Өрік емес, әкелдің бе жыр артып —*

деп ақын, өзінің өзбек ақындарына деген ыстық сезімін, туысқандық мейірін ағыта түседі. Өлеңде отты сезіммен шынайлық анық аңғарылады.

Міне мұндай өзбек халқына деген ыстық ықылас пен туыстық сезім нышандары, өзбек өңірін өз жыр жолдарына қосқан көптеген қазақ ақындарын тілге аламыз. Мәселен, қазақ ақындарынан Ғали Орманов «Орта Азия қақпасы», «Зарафшан», «Гүлстан жерінде», Өтебай Тұрманжанов «Самарқан, сұлу Самарқан», «Ұлықбек», Хамит Ерғалиев «Самарқан деп сайрасам», «Зарафшан бойында», Сырбай Мәуленов «Өзбек сұлуы», «Феруза хикаясы», «Мырзашөл», «Кестеші қыз», Қаныбек Мейірбеков «Бауырларым өнерлері», Хасенхан Талғаров «Достар», Серік Тұрғынбеков «Кел ағайын, кел бауыр», Күләш Ахметова өзбек шайырасы Зулфияға арнап жазған «Сөз зергері», Қуандық Шаңғытбаев «Ағайын», Рахметолла Нүрпейісов «Ақ көңілмен аялап» сияқты т.б. ақындар өз өлеңдерін арнады. Мәселен, Қуандық Шаңғытбаев өзінің «Ағайын» атты өлеңінде:

*Сақи досым, абзал бауырым, сал елім,  
Сандуғаштың самал бағы сән елім.*

*Ала шапан омырауын аш, қабыл ал,  
Қазағымның сансыз дұғай сәлемін.*

*Сағындырып самалды ақ, боз белің,  
Көріскенше мен сендермен төзбедім.  
Арма мәңгі, адал жанды ағайын,  
Армандасым, жан жолдасым Өзбегім! —*

дей келіп, онан соң ақын оларға деген туыстық бейілінің шынайылығын:

*Өзбек елі өз бауырым, дарханым,  
Алатаудың, Атырау, Алтай, Арқаның —  
Ақ бейілін алдыңа әкеп тартамын.*

*Егіз елміз, сәндіміз де, әлдіміз,  
Арай жарық, күндей биік алдымыз.  
Қос жүректің қайнар, адал достығын,  
Сіз бен бізге бағыттаған мәңгі біз —*

деп ақын, өзінің шынайы сезімін ақтарыла жыр жолына қоса түседі

Міне мұндай туысқан өзбек халқына деген ыстық сезімдерін ағыта түскен, аса талантты ақын Жұбан Молдағалиев «Ташкентпен кездескенде», «Сәлем саған, Самарқант» сияқты т.б. өлеңдерін жазып, өзінің туысқан өзбек халқына деген ерен ықыласын білдіре түседі. Мәселен ақын, өзінің «Сәлем саған, Самарқант» өлеңінде:

*Жомарт жер, алтын дария,  
Секілді менің Сарыарқам.  
Тарихтай дана қария,  
Мың сәлем саған, Самарқант!*

*Алқабың күміс Зарафшан,  
Төбеңде шұғыла зер аспан.  
Көркіңе гүл бақ жарасқан,  
Халқың да биік бел асқан, —*

дей отырып ақын, онан соң:

*Жомарт жер, алтын дария,  
Секілді менің Сарыарқам.  
Тарихтай дана қария,  
Мың сәлем саған, Самарқант, —*

деп тарих беттерін әдемі ашып, өзбек еліне деген жомарт жүрегін, ыстық мейірін төгеді.

Оның үстіне, белгілі ақын Ғали Орманов туысқан өзбек халқы өмірі жайлы «Янги ер гүлі», «Шөлдегі шапақ», «Зарафшан», «Гүлстан жерінде», «Дос сиы», «Орта Азия қақпасы», өзбек ақыны Міртемірге арнап «Ортақ өмір өлеңі» сияқты т.б. бір топ цикл өлеңдерін жазды. Оларда ақын өзбек халқының бүгінгі таңда қол жеткен ірі табыстарына қуана отырып, достың сөзін, туысқандықтың бірден-бір белгісін білдіреді.

Мәселен ақын өзінің «Орта Азия қақпасы» атты өлеңінде Ташкенттің бүгінгі көрінісін тілге ала келіп:

*Ташкенттің көрдім шалқар аэропортын,  
Сықылды таласы жоқ ол бір толқын.  
Арнадай алаңдары толады кеп,  
Самсыған самолетке оқтын-оқтын.*

*Дамылсыз адам селі тасығандай,  
Қақпасы аспан, жердің ашылғандай.  
Қарайсың құйып жатқан қалың жұртқа,  
Аяулы арасында досың бардай —*

деп, Ташкент аэропортында болып жатқан ығы-жығы толып жатқан халықтың ары-бері ағылып жүріп жатқан легін көз алдына елестете түседі.

Міне, мұндай қазақ ақын-жазушыларының өзбек-қазақ достығын жырлауы, олардың тарихи тамырластығы мен туысқандығын тілге алуы, жылдар өткен сайын кең өріс ала түскен. Өйткені өмірде, достықтан қымбат, достықтан абзал ешнәрсе жоқ.

Осыны терең түсінген қазақ ақындары өз шығармаларында достық тақырыбына үнемі мән беріп, оны әрқашан серпіле жырлап отырған. Мәселен, ХХ ғасырдың 40-жыл-

дарында-ақ аса талантты ақынымыз Әбділдә Тәжібаев өзінің «Жолдас, Науаи» атты өлеңінің жыр жолдарында емірене жырлаған болса, сол жылдары өзбек өңіріне арнап «Көтерілген күмбез» атты драмалық шығармасын да жазған болатын.

Сондай-ақ, белгілі суреткер Сәбит Мұқанов өзінің «Сыр-дария» романында өзбек қызы Шахадаттың тамаша бейнесін суреттесе, Ғабит Мүсірепов өзінің «Қазақ солдаты» романында, өзбек жігіт Самед Абдуллаевтың тамаша тұлғасын сипаттайды. Оның үстіне, белгілі өзбек қаламгері Айбек, 1933 жылы қазақ ауыз әдебиеті негізінде өзінің «Бақтыгүл мен Сағындық» атты поэмасын жазды.

Міне онда қаламгер қазақ халқынан шыққан үстем тап иесі Атабай мен қазақ қызы Бақтыгүлдың, қазақ ақыны Сағындықтың ерен бейнелерін сипаттайды. Тіптен ол, өзінің «Балалық» повестінде Оңтүстік өңірінде болған балалық шақтарын сипаттап, өзбек-қазақ халықтарының аралас-құралас жасап жатқан шынайы достық қатынастарын сипаттаса, өзбек ақындарынан Сабыр Абдулла, Зулфия, Міртемір, Хамит Ғұлам, Мірмұхсын, Абдулла Орипов, Жұманияз Жаббаров, Нармұрат Нарзуллаев сияқты т.б. өзбек ақындары, екі халық достығын өз шығармаларына арналы арқау, өрісті өзек еткен.

Сондай-ақ, 1994 жылдың 23–25-мамырында, Өзбекстанда Қазақстан күндерінің, 1995 жылдың 25–27-мамырында, Қазақстанда Өзбекстан күндерінің өтуі, ерекше мәнге ие болды. Онда Өзбекстан Республикасының бірінші Президенті И.А. Каримов пен Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өздері бастап барып, өз еліндегі әр түрлі саладағы еңбек адамдары мен акын-жазушыларды, ғұлама ғалымдар мен зиялы зерттеушілерді де қатыстырды. Сонда өзбек акын-жазушыларынан – Әділ Якубов, Абдулла Арипов, Еркін Вахидов, Нәсір Фазилов, Қалдыбек Сейданов сияқты т.б. қаламгерлер мен бірге, бір топ өнер адамдары Қазақстанға барып, екі халық арасындағы шынайы достықты одан әрі жетілдіре түссе, қазақ елінен – Қалтай Мұхаметжанов, Әбдіжәміл Нүрпейісов, Шерхан Мұртаза, Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырза Әли, Марфуға Айтхожина, Зәки Ахметов, Мекемтас Мырзахметов сияқты

т.б. ақын жазушылар мен ғұлама ғалымдар өзбек елінде болды.

Оның үстіне, Өзбекстан өңірінде қазақ поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаев пен қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаған Абай Құнанбаевтың, Базар Жыраудың 150 жылдығы 1995, 1996 жылдары ерекше салтанатпен атап өтілсе, Мұхтар Әуезовтің, Сәбит Мұқанов және Ғабит Мүсіреповтің де 100 жылдық мерей тойлары да ерекше салтанатпен атап өтілді. Осыған орай Ташкенттің қақ төріндегі «Истиклол» өнер сарайында бірнеше дүркін халықаралық ақындар айтысы да болып өтті.

Тіптен, 2017 жылдың 13-желтоқсанында, ұлы суреткер, дархан дарын, ғұлама ғалым Мұхтар Әуезовтің 120 жылдығы да Өзбекстан Жазушылар Одағының конференция залында ерекше салтанатпен атап өтілді.

Қорыта айтқанда, қазақ-өзбек әдебиетінде, оның ішінде поэзия, проза және драматургия жанрларында да, бір-бірінің өмірі сыр шертіп, олардың дәстүрлі достығы мен туысқандығы жан-жақты сипатталуы — жылдар өткен сайын кең өріс ала түсуде.

Бұл — түбі бірге туысқан екі халықтың достығын одан әрі жетілдіріп, оны дамыта түсуде, қазақ-өзбек әдеби-мәдени байланыстарының жаңа-жаңа қырларының ашылуында, бірден-бір нәрлі тыныс болмақ.





## ТУЫСҚАН ХАЛЫҚТАР ӘДЕБИЕТИ ҮЛГІЛЕРІНЕН



**АБДУЛЛА ҚАДЫРИ**  
**(1894–1940)**



XX ғасыр өзбек әдебиетінің дамуына аса мол үлес қосқан белгілі суреткердің бірі – Абдулла Қадыри (Жұлқынбай). Ол 1894 жылы Ташкент қаласында жасаушы аса бай, ірі саудагердің жанұясында дүниеге келген. Әкесі Қадыр ата көпті көрген, көзі ашық көкірегі ояу жан болған. Қарт әкесі қашанда өмірден көрген білгендерін, көкірегіне түйгендерін баласы Абдуллаға айтып беріп, өзара пікір алмашып отырады екен.

Алғаш білімді ауыл молдасынан алып, бір жөн хат таныған Абдулла, кейін келе Ташкенттегі Орыс-тузем училищесінде оқып, одан әрі білімін жетілдіре түседі. Бірақ, училищені бітірместен, алғаш сауда жұмысымен араласады да, оны біраз уақыт істеп, кейін тастап кетеді. Ол араб, парсы тілдерін жетік меңгеру үшін, мұсылмандардың жаңа бағыттағы мектебінде оқиды.

Абдулла Қадыри 1913 жылдан бастап, ағартушылық бағытта бір жөн өлеңдер жазып, әдебиет майданына алғаш ақын ретінде кіріп келеді. Мәселен: 1915 жылы «Айна» журналында оның «Жағдайымыз», «Ұлтыма», «Той» секілді т.б. өлеңдері басылып шығады. Жас ақынның алғашқы өлеңдерінде оқу-ағарту, тәлімдік-тәрбелік мәселелер кеңінен көтеріледі.

Қаламгердің тырнақ алды драмалық туындысы болған «Бақытсыз күйеу» мен «Жуан боз» атты әңгімесін оқырман жұртшылық жақсы күтіп алады. Ол өзінің бір жөн өлеңдерімен бір жөн публицистикалық мақалаларында, өзі жасаған ортадағы әділетсіздіктер мен теңсіздіктерді сынайды.

Дегенмен де Абдулла Қадыри, 1916 жылдан бастап, қоғамдық өмірге тереңірек үніліп, оның сыр-сипатына басқаша қарай бастайды. Өйткені, осы кезендерден бастап үстем тап иелерінің зорлық-зомбылықтарына, әділетсіздіктеріне тікелей қарсы шығады. Ел ішіндегі әпербақандық пен келеңсіздікті сын астына ала түседі. Жадиттерден тікелей қол үзіп, өз шығармаларын тек халық мүддесіне, олардың жарқын болашағына арнайды.

Сондай-ақ ол, Қазан төңкерісін ерекше қуанышты сезіммен емірене қарсы алады. Нәтижеде, енді ғана орныға бастаған Кеңес үкіметінің болашағына үлкен сеніммен қарайды. Сөйтіп ол, сол кездегі қоғамдық құрылыстың бірден-бір жаршысына айнала бастайды.

Абдулла Қадыри алғаш рет, 1919 жылы Азық-түлік ұйымы тарапынан жарық көрген «Азық-түлік істері» деген газеттің редакторы қызметін атқарады. Содан соң ол, «Иштиракион», «Қызыл ту» сияқты газет-журналдың басылып шығуына өзінің елеулі үлесін қосады.

Ол Қазан төңкерісінен соң, 1920 жылы «Тыныш жұмыс», 1922 жылы «Атам және большевик» деген сияқты т.б. әңгімелерін жазса, 1926 жылы ол өзінің «Өткен күндер» атты романын жазу мүмкіндігіне ие болады.

Бұл — Орта Азия әдебиеті тарихында, өмірге келген тұңғыш кең тынысты, кемел роман екендігімен де аса құнды көркем шығарма. Әрі бұл, өзбек әдебиетінің даму тарихында, тұңғыш тарихи тақырыпта жазылған, ең алғашқы роман ретінде, оқырман жұртшылықтың ыстық ықыласына бөлене түседі.

Абдулла Қадыри алғаш рет, өзінің қаламдас достарымен біріге отырып, 1923 жылы «Жұдырық», бүгінгі таңдағы «Мүштім» атты сатиралық журналдың жарық көруіне де ат салысады. Оның үстіне, осы журналда «Жұлқынбай» деген лақап есіммен сатиралық шығармаларын, фелъетондарын үзбей жариялап отырады.



Әрі ол, енді ғана қолдарына қалам ұстап, әдебиет табалдырығын еркін аттай бастаған жастарға да жол-жорық көрсетіп, олардың шығармалары жайлы өз ойын ортаға салып отырады. Өзбек халқының өткен өміріне барлаулар жасай отырып, шынжыр балақ, шұбар төстердің халыққа көрсеткен зорлық-зомбылықтарын, әділетсіздіктерін өз шығармаларында жан-жақты сипаттай бастайды.

Сондай-ақ Абдулла Қадыри, XX ғасырдың 20-жылдары, қоғамдық өмір алға тартқан өзекті мәселелерді кеңінен көтере түскен «Белсенділік айып емес», «Жұдырық көкейінде», «Жазу мақтанышымыз», «Ұлы күн», «Мәскеу хаттары», «Жиынды сөздер» секілді мақалаларын жазу мүмкіндігіне ие болады.

Абдулла Қадыри 1924–1925 жылдары, өз білімін жетілдіру мақсатында Мәскеуге барып, ондағы Журналистика институтында оқып, білімін одан әрі жетілдіре түседі. Осы кездерде ол «Әумесер Мағзумның естелік дәптерінен», «Ашулы Тасболат, не дейді?» сияқты т.б. сатиралық әңгімелерін жазып, өзінің аса тамаша сатирик екендігін де жан-жақты аңғарта бастайды. Ол өзінің 1926 жылы жазған «Өткен күндер» атты реалистік романында, XIX ғасырдың екінші жартысындағы өзбек халқының өмірі, феодалдық қоғамдағы үстем тап иелерінің зорлық-зомбылығын жан-жақты сипаттауға арнаған. Онда, үстем тап иелерінің қарапайым еңбек адамдарына көрсеткен әділетсіздіктері, жастардың мөлдір махаббаты, шынайы сүйіспеншілігі сыр шерткен.

Романда көрініс тапқан бас кейіпкер – Атабек. Ол үстем тап иесі, белгілі көпес баласы бола тұрып, өзінің өмірге деген көзқарасы арқылы, өзгелерден оқшау көзге түседі. Өйткені ол, XIX ғасырдың екінші жартысында, Орта Азияның кең қанат жайып өркендеуіне, алға басуына кедергі боп жатқан мәселелердің мәнін, өзінше пайымдай алатын көзі ашық, көкірегі адам ретінде тілге алынады.

Әрі ол жанұя мәселесіне, ондағы әрбір адамның алатын орнына дейін ерекше көңіл бөледі. Күміске деген ғашықтығы, саф махаббаты – оның ойын он саққа бөліп, берекесін ала бастайды. Оның ісі мен сөзі бір, аса адал жан. Әрі романда, оның батылдығы мен сүйген қызы Күміске деген шынайы сүйіспеншілігі өте орынды көрініс тапқан.

Дегенмен, ол өмір сүрген халықтың қараңғылығы, үстем тап иелерінің надандығы, оның алға қойған мақсаттарының орындалуына, сүйген қызы Күміске үйленуіне мүмкіндіктер бермейді.

Оның үстіне ол, үнемі байлар мен бектермен, әкімдермен тартысып, күрескенімен тікелей нәтижелерге жете алмайды. Бар мақсат-мұраты халқына жақсылық жасауды ғана армандайды.

Сөйтіп ол, елде реформа өткізу жолдарын ойластыра бастайды. Романда қаламгер Хұдияр хан мен Әзізбек, Мұсылманқұл сияқты үстем тап иелерінің, озбырлық іс-әрекеттерін, құр құлқынның құлына айналған топастықтарын да қатты сын астына алады.

Шығармаға арналы арқау, өрісті өзек болған — кейбір қазақ аулының көріністері, аса әсем — бай табиғаты. Сарқырап ағып жатқан өзен жағалауындағы, қазақ қыз-келіншектерінің өзара әзіл-оспақ айтқан, қимыл іс-әрекеттері, өзінің шынайылығымен көз тартып, көңілге ұялай түседі. Олардың ашық та ақжарқын мінездері, барынша батыл іс-әрекеттерімен, аса тартымды берілген оқиғалар, салған жерден-ақ өз жетегіне үйіре түседі.

Тіптен, жасыратыны жоқ, қаламгер өзінің «Өткен күндер» романындағы бас кейіпкер — Күміс бейнесін де, қазақ қыздарының прототиві негізінде сипаттауы да тарихи шындық.

Бұл — Абдулла Қадыридiң қазақ халқына, оның дәстүріне деген ыстық ықыласының, құрмет-ілтпатының бірден-бір жемісі деуге болады.

Сондай-ақ Абдулла Қадыри, 1928 жылы өзінің «Мехробтан шаян» атты кең тынысты шығармасын жазып, оны 1929 жылы кітап етіп бастырып шығарса, 1935 жылы «Абыттың кетпені» деген әңгімесін оқырман жұртшылыққа ұсынады.

Ол өзінің «Мехробтан шаян» атты романында, Хұдияр хан билік жүргізіп тұрған кездегі, өзбек халқының тұрмыс-тіршілігінен аса мол мағлұматтар береді.

Романда, үнемі халықты билеп-төстеп, бастарына әңгір таяқ үйіріп отыратын байлардың әділетсіздік іс-әрекеттері жан-жақты ашылады. Әрі, жарлы-жақыбайлардың ауыр тұрмыс-тіршілігі, үстем тап иелерінің зорлық-зомбылықтары халықтың ызасын келтіріп, келе-келе олардың сана сезімі

ояна бастайды да, оларды тікелей күреске, көтеріліске шарлайды.

Жалпы романда, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі өзбек халқының өмірі, тірлік-тыныстары, күрес-тартыстары жан-жақты сипатталумен бірге, сол дәуірдегі өзбек елінің тархы, этнографиялық сипаттары кеңінен ашыла түседі. Мәселен: романда көрініс тапқан қарапайым еңбек адамы Әнуардың үстем тап иелерінен көрген зәбір-зұлымы, оқырмандарды қатты қынжылтады. Оның ауыр да аянышты жағдайы, бай-феодалдардың әділетсіздігі, елдегі теңсіздік, оны ерте оята бастайды.

Әсіресе Әнуардың, Салық Махдұмның есігінде қызметшісі болып жүргенде, одан көрген зорлық-зомбылықтары оқырмандарды қатты ашындырады.

Көркем шығармада Әнуар, негізінен еңбек адамдарының қарапайым ғана өкілі ретінде тілге алынады. Бірақ оның өмірге көзқарасы, өмірді танып, білуі – өзгелерге қарағанда анағұрлым биік. Оның ақыл-парасаты да аса мол. Ол үнемі байлар мен кедейлер арасындағы қайшылықтың, күрес-тартыстардың бітпейтіндігіне алаңдайды.

Абдулла Қадыри өзінің 1935 жылы жазған «Абыттың кетпені» атты әңгімесінде, ауыл шаруашылығын коллективтендіру дәуірін сипаттауға арнаған. Шығармада өзбек диқандарының жаңа өмірге бейімделіп, олардың сана сезімдерінің оянып, енді-енді өзгере бастауы сөз болады.

Міне осындай Абдулла Қадыри, жаңа заманның жаршысы бола жүріп, жаңа өмірді, жарқын болашақты өз шығармаларында жан-жақты, терең сипаттаса да, Кеңес өкіметінің ұрда-жық, келеңсіз саясатының салдарынан, «халық жауы» атынып, абақтыға жабылып, 1938 жылы атылады.

Қорыта айтқанда Абдулла Қадыри, XX ғасырдың 20–30-жылдардағы өзбек прозасының туып, қалыптасуына, ерен еңбек сіңірген, аса талантты романист ретінде, өзбек әдебиетінің төрінен бекем орын алды. Ол шын мәніндегі хас талант иесі ретінде ерекше құрметпен тілге алынады.





## **БЕРДІ КЕРБАБАЕВ (1894–1974)**



XX ғасыр түрікмен әдебиетінің даму тарихына аса мол үлес қосқан ерен талант иесінің бірі – Берді аға Кербабаев.

Ол 1894 жылдың 15-наурызында Түрікменстан Республикасына қарасты Коуки – Зерен, бүгінгі таңдағы Теджен ауданында дүниеге келіп, 1974 жылдың 23-шілдесінде, Ашхабад қаласында 80 жасында дүние салады.

Алғаш ауыл медреседе оқып білім алған ол, араб, парсы тілдерін жетік меңгереді де, 1927–1928 жылдары Ленинград университетінің Шығыстану бөлімінде оқып, Шығыс әдебиетінің бал бұлақтарынан рухани нәр алып, әдебиет әлеміне еркін кіріп келе бастайды.

Ол әдебиет майданына, XX ғасырдың 20-жылдардың алғашқы жартысында кіріп келеді. Нәтижеде, алғаш рет 1923 жылы «Тағы да іш» атты фельетонын, «Ағылшындар жатып атады» деген сатиралық өлеңін, «Түрікменстан» газеті мен «Токпак» атты журналында бастырып шығарады.

Сөйтіп ол, алғаш рет түрікмен әдебиетіне өзінің сықақ өлеңдерімен кіріп келіп, келе-келе көркем әдебиеттің барлық жанрларында өндірте қалам тебіреніп, жалпы түрікмен әдебиетінің дамуына аса мол сүбелі үлесін қосады.

Оның алғашқы өлеңдерінде түрікмен әйелдерінің тағдыры, олардың бас бостандығы, жаңа өмірге деген ыстық сезімдері кеңінен көрініс табады.

Мәселен ол өзінің 1927 жылы жазған «Қыз дүниесі», 1928 жылы «Ескілік құрбаны», «Жаңа өмірге» атты поэмаларында, түрікмен халқының, әйел-қыздарының азаттық жолындағы күрес-тартыстарын жан-жақты жырлайды.

Берді Кербабаев XX ғасырдың 30-жылдарынан бастап, прозалық шығармалар жазып, өзінің әңгіме-жанрының хас шебері екендігін жан-жақты таныта түседі.

Мәселен ол 1931 жылы «Шындық» атты әңгімелер жинағын шығарып, түркімен оқырмандарына ұсынады. Соң, 1930 жылы «Амудария», 1934 жылы «Байрам» («Мейрам»), 1935 жылы «Батыр» деген сияқты повестерін бастырып шығып, өзінің кең тынысты, кемел прозаик екендігін де жан-жақты аңғара бастайды.

Берді Кербабаев XX ғасырдың 40-жылдарына келіп, кең тынысты кемел роман жазуға ойысады. Нәтижеде ол тұңғыш рет 1940–1947-жылдар аралығында өзінің «Алып адам» атты бірінші романын жазып, онда 1914–1922-жылдар аралығындағы түрікмен халқының өмірін жазса, 1949 жылы «Айсұлтан» атты повестін жазады.

Онан соң драмалық шығармалар жазуға да ден қоя бастайды. Нәтижеде ол, 1941 жылы «Отанға махаббат», «Отан ұлы» атты драмалық шығармасын жазса, 1942 жылы «Құрбан Дұрды», «Кім-кімді сүйеді», 1943 жылы «Мақтұмқұлы», «Абадан», «Туысқандар» секілді драмасын жазу мүмкіндігіне ие болады.

Ол 1940–1950 жылдар аралығында екі кітаптан тұратын «Алып адым» атты монументалды романын жазып, ол үшін 1948 жылы СССР Мемлекеттік сыйлықтың иегерлігін алса, 1949 жылы «Ақ алтынды аймақтан шыққан Айсұлтан» романы үшін екінші рет СССР Мемлекеттік сыйлық иегері болады.

Ол алғашқы романында түркімен халқының кеңес мемлекетін орнату жолындағы ерлік күресін арналы арқау, өрісті өзек етеді.

Онда түркімен еңбек адамдарының ұлы төңкеріс жылдарындағы тірлік-тыныстарын, күрес-тартыстарын негізге алады.

Ал, екінші романы болған «Ақ алтынды аймақтан шыққан Айсұлтан» атты романында, екінші дүние жүзілік со-

ғыстан кейінгі жылдардағы түркімен еңбек адамдарының тыныс-тіршілігін жан-жақты сипаттайды.

Әсіресе, түркімен әйелдері арасынан, ер азаматтарша жетіліп, қайраткер дәрежесіне көтерілген Айсұлтан секілді еңбек адамдарының сом тұлғасы кеңінен көрініс табады.

Сөйтіп ол, 1942–1950 жылдары Түркіменстан Жазушылар одағының төрағасы қызметін атқарса, 1949 жылы «Ақ алтынды аймақтың Айсұлтаны» атты повесін жазып, ол үшін 1951 жылы СССР Мемлекеттік сыйлықтың иегері деген атақ алады.

Оның үстіне, аса талантты ұлы суреткер 1957 жылы «Небит-Дағ», 1965 жылы «Ғажайып орнаған» романдарын жазған болса, 1969 жылы «Құмды тосқауыл» атты шығармасын бастырып шығу мүмкіндігіне ие болды. Оның алты томдық «Таңдамалы шығармалар» жинағы 1972 жылы Ашхабад қаласында басылып шығады.

Ол өзінің ерен еңбектері үшін, 1951 жылы Түркіменстан Республикасы Ғылым Академиясының академигі болса, 1969 жылы Социалистік Еңбек ері атағына ие болады

Қаламгер түрікмен оқырмандарына М. Горькидің «Ана», Л.Н. Толстойдың «Анна Каренина», «Хажымұрат», М.А. Шолоховтың «Көтерілген тың», А.С. Грибоедовтың «Ақылдан қайғы», А.С. Пушкиннен «Евгений-Онегин», татар ақыны Мұса Жалил мен орыс ақыны И.А. Крыловтың өлеңдерін өз ана тіліне аударып, түркімен халқының рухани игілігіне, мәдени байлығына айландырады.

Берді Кербабаев поэзиясында халықтар достығы, ынтымақ-бірлігі өзінің шынайы шешімдерін жан-жақты таба түскен.

Мәселен ол өзінің «Гүлденген Қазақстан» атты өлеңінде, өзінің туысқан қазақ халқына, еліне, жеріне деген ыстық-ықыласын поэзия тілімен былайша өрнектейді:

*Көк бұлт шөккен*

*Алатаудың шыңына,*

*Шұғыласын күннің көзі төгіпті.*

*Жасыл құрақ тәжім еткен суына,*

*Нарттай қызыл алмалары көрікті.*

дей отырып, одан әрі Қазақстан жерімен, елінің, әсем табиғатының байлығын жыр шумақтарында өте орынды өрнектей келіп:

*Күміс күмбез Алматының тауы бар,  
Тауынан да сұлуырақ қаласы.  
Мұхитына жүзген ғылым бағы бар,  
Сонша сұлу атқан таңдай аясы.*

*Алуан ғылым ордасымен опера,  
Театры көзін жұрттың тартады.  
Жүрекке тұр жырдан толқын толтыра,  
Ақын Абай, бұлбұл Жамбыл ұрпағы —*

дейді де, онан соң ақын Қарағанды, Балқаш байлықтарына назар аудара түсіп, өмірлік мәні бар терең ойларды түйіндей түседі. Мәселен ақын:

*Құдыретті Қарағанды, Балқашы,  
Қазақстан ен байлықтың өлкесі.  
Аясынан алтын артқан әр тасы,  
Даласының малға симай тұр төсі —*

деп, шындық бетін поэзия тілімен тамаша өрнектей түседі. Тіптен ақын:

*Домбыраңның сызылған сан күйлері,  
Тербеткендей алып аспан тұр астын.  
Сайрағанда сыңғырлаған бұлбұлдай,  
Әні әлемге жеткен Жібек — Күләштің! —*

деп ақын, қазақ өмірін, тірлік-тыныстарын жақсы білетіндігін ақын аңғарта түседі.

Сөйте келе ұлы ақын одан әрі, туыскандық сезімдерін де ерекше серпінді әуен, ыстық ықыласпен өте әдемі жеткізеді. Мәселен ол:

*Сіз бен бірге шаттанады жанымыз,  
Туысқан ел, ортақ сенің мерекен.*

*Аз сыйлықты көпке балап алыңыз,  
Ел достығын әлі талай жыр етем!*

деп ақын, өмірде достықтан, ынтымақ бірліктен асқан еш-нәрсе жоқ екендігін анық сезіне отырып, түрікмен-қазақ халықтарының достығын айрықша дәріптей түседі.

Қорыта айтқанда, Берді Кербәбаев, ХХ ғасыр түрікмен әдебиетінде поэзия, проза және драматургия жанрларында өнімді қалам тебірентіп, бүкіл түрікмен әдебиетінің даму тарихына аса мол үлес қоса алған, шынайы талант иесі дәрежесіне көтерілген, кең тынысты кемел қаламгер талант иесі.



### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Б. Кербәбаев әдебиет майданына қашан кіріп келді?
2. Оның қандай шығармаларын білесіңдер?
3. «Айсұлтан» повесті қандай тақырыпта жазылған?
4. Б. Кербәбаев орыс жазушыларының қай шығармаларын түрікмен тілінен аударған?
5. «Мақтұмқұлы», «Абадан», «Туысқандар» шығармасының идеялық мәнін сыныпта айтып беріңдер.
6. «Гүлденген Қазақстан» атты өлеңін үйде оқып алыңдар!







## ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВ (1928–2008)



Әлем әдебиетінің дамуына аса мол үлес қосқан, сөйтіп «Адамзаттың Айтматовы» атанған, аса ірі дарын иесі – Шыңғыс Айтматов, қырғыз әдебиетін әлемдік деңгейге көтерген кемеңгер суреткер.

Ол – 1928 жылдың 12-желтоқсанында, Қырғызстан Республикасы Талас өңіріне қарасты Шекер қыстағында, белгілі қоғам және мемлекет қайраткері, зиялы Төрекұл Айтматов жанұясында дүниеге келеді. Алғаш ауыл мектебінде оқып, 8-сыныпты бітіргеннен соң, 1948 жылы Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы Луговойдағы Мал дәрігерлік техникумына оқуға түседі.

Соң, Қырғызстан Республикасының астанасы Бішкек қаласындағы, Ауыл шаруашылығы институтына оқуға түсіп, оны 1953 жылы бітіргеннен соң, біраз уақыт Жамбыл облысының Талас ауданында зоотехник болып қызмет атқарады.

Ол 1956–1958 жылдары Мәскеудегі Максим Горький атындағы Жоғарғы әлем әдебиеті институтында білімін одан әрі жетілдіре түседі. Бұл оның дүние жүзі классиктерінің көркем туындыларынан рухани нәр алып, жан-жақты сусындауына аса мол мүмкіндіктер туғызады. 1959–1960 жылдары «Литературный Қырғызстан» журналының бас редакторы, 1960–1965 жылдары «Правда» газетінің Қырғызстандағы тілшісі, кейінірек Орта Азия Республикалары бойынша тілшісі болып қызметтер атқарады.

Сондай-ақ, 1965–1986 жылдары Кыргызстан Республикасы Киноматографистер Одағының төрағасы, 1986 жылы Кыргызстан Жазушылар Одағы басқармасының төрағасы, 1988–1990 жылдары «Иностранная литература» журналының Бас редакторы, 1990–1994 жылдары Кыргызстан Республикасының Люксембургтегі Төтенше және өкілетті елшісі болып жұмыс істейді.

Сондай-ақ, 1991 жылдан 2008 жылдың наурыз айына дейін, Кыргызстан Республикасының Бельгиядағы Төтенше және өкілетті елшісі қызметін атқарады.

Оның үстіне, өмірінің соңғы жылдарында Қазақстан Республикасындағы БТА – банк Директорлар Кеңесінің мүшесі де болады.

Шыңғыс Айтматов әдебиет майданына, ХХ ғасырдың 50-жылдардың бас кезінде кіріп келеді де, не бәрі 24 жасында, өзінің тырнақ алды туындысын 1952 жыл жазып болған «Әшім» атты әңгімесін жазып, оқырман жұртшылыққа ұсынады.

Онан соң «Хат тасушы Дзайдо» атты шығармасын, 1954 жылы «Ақ жауын», «Байдамтал жағалауында», 1956 жылы «Аспалы көпір», 1957 жылы «Бетпе бет», «Түнгі күзет» сияқты көркем туындыларын оқырман жұртшылыққа ұсынады.

Бірақ қаламгер өз естелігінде: «Алғаш жазушы боламын деп ойлай қоймасам да әдебиетке деген құмарлығым бала кезімнен басталды» – дейді де, одан әрі: «Мектепте жүргенде еркін тақырыптарға шығарма жазатынымын» – дейді де, онан сон: «Институттағы жылдарда көркем әдебиетке деген құштарлық сезім өз тұңғығына бір жолата тартып кетті» – дейді.

Орайы келгенде айрықша айта кетерлік жәйт, Шыңғыс Айтматовтың әлемдік деңгейге көтеріліп, кеңінен танылуында, академик Мұхтар Әуезовтің ерен еңбегін атап өту аса қажет деп білеміз.

Өйткені Мұхан, қаламгердің 1958 жылы жазған «Жәмила» атты повестіне «Алғы сөз» жазып, «Сәтті сапар» тілеп, оны «Новый мир» журналында жариялайды.

Әрі, Француздың сұңғыла суреткері Луи Арагонға «Жәмила» повестін ұсынып, оны «француз тіліне аударыл-

са жаман болмас еді» – деген ойды алға тартуы, жас қаламгердің атақ-даңқын әлемге паш ете түседі.

Өйткені Луи Арагон, «Әлемдегі ең асыл махаббат» атты мақаласын жазумен бірге, «Жәмила» повестін француз тіліне аударып, оны француз халқының рухани игілігіне айландырады. Сөйтіп, Шыңғыс Айтматов – алғаш рет әлемге таныла бастайды.

Бұл көркем шығарма Одақ көлемінде ғана емес, әлемнің түкпір-түкпіріне кеңінен тарап, Жәмила өзінің аса сымбатты да сұлу бейнесімен де, барынша жанашыл, сезімтал иесі – саф махаббаты мен де оқырмандарды өз жетегіне үйіре түседі.

Әрі ол, өз бақыты үшін күресе білген батылдығымен де, тал бойында титтей де міні жоқ, әрі асқан әсем көркімен де, әрі ақылдылығымен де көз тартып, көңілге ұялай түскен нәзік сезімнің иесі ретінде көрініс тапқан. Даниярмен болған шынайы махаббаты, өзара бір-біріне деген ыстық ықыласымен, ерекше емірене сүйген сезім сырлары, көркем шығарманың арналы арқауы, өрісті өзегі болған.

Әрине бұл, көркем туындының әлемдік деңгейге көтеріліп, оның жан-жақты танылуында, Мұхтар Әуезовтей аса дарынды қаламгердің ағалық қамқорлығы, ұстаздық ілтипаты ерекше болады десек, ол артық айтқандық бола қоймас. Өйткені, Шыңғыс Айтматовтың өзі де: «Өз басым өзге елге сапарға шығып, өзге жұрттың табалдырығын аттай қалсам, әрқашанда қасиет тұтып өзіммен бірге қастерлеп ала жүретін екі түрлі ұлттық асылым бар: бірі – «Манас», екінші – «Мұхтар Әуезов» – деген болатын, үлкен бір сүйіспеншілікпен.

Шындығында да Шыңғыс Айтматовтай ұлы тұлға, өмірінің соңғы сәттеріне дейін, кемел суреткер Мұхтар Әуезовті, өзінің ұлағатты ұстазы, шығармашылық жолындағы бірден-бір жебеушісі ретінде танып, солай бағалай білді. Сол үшін де ол: «Мен қазақпын ба, қырғызбын ба, мұны белгісі келгендерге «Манас» жөнін, Мұхтар Әуезов жайын айтып беремін» – дейді де, одан әрі: «Бұл екеуі менің қандас халықтарымның мерейі. Осы екеуіне иек артсам болғаны, жат жұрт арасында жалым күдірейіп шыға келеді» – деуі, кемеңгер суреткердің, ұлы Мұхтар Әуезовқа деген ыстық-

ықыласы, шынайы бейілі десек, бұл да артық айтқандық бола қоймас.

Аса талантты жазушы ретінде Шыңғыс Айтматов, сан алуан өмір құбылыстарына терең бойлай отырып, 1956 жылы «Аспалы көпір», 1957 жылы «Бетпе-бет», 1960 жылы «Шынарым менің, шырайлым менің», 1962 жылы «Алғашқы ұстаз», 1963 жылы «Құс жолы», 1967 жылы «Қош бол, Гүлсары», 1970 жылы «Ертегіден соң», «Ақ кеме», 1975 жылы «Ерте қайтқан тырналар» сияқты повестерін жазып, оқырман жұртшылықтың ерен ыстық ықласына бөлене түсті.

Нәтижеде ол, 1968 жылы өзінің «Қош бол, Гүлсары» шығармасы үшін КСРО Мемлекеттік сыйлықтың иегері болса, «Ертегіден соң», «Ерте қайтқан тырналар» повесттері үшін 1977 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығын екінші рет алу мүмкіндігіне ие болады.

Қаламгердің бұл көркем шығармалары әлем оқырмандардың сүйіп оқып, сүйсіне пікір айтатын шығармаларына айналды. Әсіресе, кемеңгер суреткердің «Жәмила» повестінен бастап, бүкіл әлемге ерекше танымал болған «Қош бол, Гүлсары» (1967), «Ақ кеме» (1970), «Жанпида» (1986), «Кассандра таңбасы» (1995) «Ғасырдан ұзақ күн», 1997 жылы белгілі ақын Мұхтар Шахановпен бірге жазған «Құз басындағы аңшының зары», «Таулар құлағанда» (2007) секілді туындыларындағы көркем бейнелердің тамаша рухы, қырғыз халқының тыныс-тіршілігін, арман-мұратын, дүние танымдарын аша түсуге ерекше мән берген.

Міне оларды адамзаттық философия мен ұштастырып, үндестіре келе, терең тебіреніспен философиялық байламдар жасайды. Тіптен оның «Жәмиладан» бастау алып, оны әлемге таныта түскен «Қош бол, Гүлсары», «Ақ кеме», «Ғасырдан ұзақ күн», «Жанпида» сияқты т.б. шығармаларында көрініс тапқан кейбір бейнелердің мінездері мен кемел рухы қырғыздардан гөрі, қазақтарға тым жақын екендігін байқау да оншалық қиын емес.

Шыңғыс Айтматов шығармаларында адамгершілік пен адамилық жалпы адамзаттық мінез құлықтың, дәл бүгінгі таңдағы толғағы жеткен өзекті мәселелері көрініс таба түседі де, олар өз оқырмандарын әбден ойландырып, толғандырады.

Кемел де кемеңгер қаламгердің аталмыш көркем шығармаларында әртүрлі замандастарымыздың мінез-құлқы, жастардың сезім сырлары, шынайы-мөлдір махаббаттары, адам баласы бойындағы ыстық-ықылыс пен мейрім шапағаты, қатыгездік пен қайғы-қасіреттері жан-жақты сыр шертен.

Мәселен: 1963 жылы жарық көрген «Ана – Жер ана» повестінде, туысқан қырғыз халқының екінші дүние жүзілік соғыс жылдарындағы, өз бастарынан кешірген қайғы-қасіреттерін, барша ауыртпалықтарға мойымай еңбек ете білген Толғанай ана бейнесі арқылы өте әдемі ашып беріледі.

Сондықтан да Шыңғыс Айтматов өзінің «Жәмила», «Шынарым менің, шырайлым менің», «Алғашқы мұғалім», «Ана – Жер ана» повестерінен тұратын «Тау мен дала хикаясы» атты еселі еңбектері үшін, 1963 жылы не бәрі 33 жасында ең жоғарғы – «Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты» деген атақ алу мүмкіндігіне ие болды.

Сөйтіп, «Адамзаттың Айтматовы» атанып кеткен заманамыздың заңғар жазушының «Ана – Жер ана» шығармасы, көп жылдардан бері Мұхтар Әуезов атындағы Академиялық драма театрында қойылып, көрермен жұртшылықты дән риза ете түсуде.

Шыңғыс Айтматов роман жазуға, 1980 жылдан бастап бет бұра бастайды. Нәтижеде ол алғаш рет, 1980 жылы өзінің «Боранды бекет» романын жазып, ол үшін 1983 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығын алумен бірге, 1986 жылы «Жанпида», 1995 жылы «Кассандыра тамғасы» сияқты романдарын жазып, оқырман жұртшылыққа ұсынып, өзінің кең тынысты, кемел суреткер екендігін де жан-жақты таныта түсті.

Қаламгердің бұл екі көркем туындысы, өзінің философиялық терендігімен де, өмірдің сан алуан құбылыстарын жан-жақты сипаттауымен де, оқырмандарды өз жетегіне үйіре түсетін көркем туындылары.

Шынында да ұлы суреткердің «Ақ кеме», «Ерте келген тырналар», «Жәмила», «Қызыл алма» секілді т.б. повестерімен бірге, оның «Фудзиямадағы қадір түні» атты драмалық шығармасы да, әлем әдебиеті төрінен бекем орын иелеген көркем шығармасы болды.

Ұлы суреткер өзінің «Жанпида» романының бір желісі етіп Інжіл аңыз – әңгімелерімен іштей үндесе түскен мыңжылдықтардың бүгінгі таңдағы болмыс-бітімдерін, сан алуан ұлт өкілдерінің іс-әрекеттерімен өзара жымдастыра отырып, тәуелсіздіктің мәңгілік заңдылықтарын жан-жақты аша түседі.

Бүкіл қоғамдық өмірден, жер шарынан жұмақ іздегендердің жанпида тірлік-тыныстары – бостандық қаһарынан шошынбаған жағдайда ғана бостандық ала алатындығын ескертеді. Сөйтіп, басқа жағдайлардың бәрі бос қиял, әйтеуір бір далбаса дейтін терең философиялық түйіндеуге әкеп тірейді. Әманда, жалаң түсініктер мен жадағай ұрандар барып-барып анархияға әкеп соғатынын да шебер көрсете алған. Бір сөзбен айтқанда, бұл пәни жалғанда адам баласы, бір өмір адам боп қалуы керек деген терең, аса ұлы ойды алға тартады.

Сөйтіп, кеменгер қаламгер өз шығармасында аңыз бен ақиқатты өзара астастыра отырып, табиғи жаратылыс пен жарқын дүниенің терең сырларын айшықтай келе, шындық пен әділдіктің өміршендігіне ерекше мән береді. Өмір мен өлім заңдылықтарын пайымдай түсіп, адамилық болмыс-бітімді биікке көтереді. Оның үстіне, адамилық болмыстың Батысы мен Шығысында талай-талай құндылықтардың барымтаға түсіп жатқандығында ап-айқын сипаттайды.

Кезінде, қырғыз бен қазақтың ұлы құндылықтарынан рухани нәр алған кеменгер суреткер, бір өмір тау мен даланың жыршысына айналды. Нәтижеде ол, әдебиет әлемінде, тіптен адамзат өркениетіне өзінің сүбелі үлесін қоса отырып, бүкіл әлемнің Айтматовына айналды.

Сондай-ақ, Шыңғыс Айтматов, қазақ халқының белгілі қаламгері Қалтай Мұхамеджанов пен бірге «Көктөбедегі кездесу» атты драмалық шығармасында жазған болатын. Бұл көркем шығарма, Қазақстан Республикасының облыстық театрларында талай рет қойылып, көрермен жұртшылықтың ыстық-ықыласына бөлене түсті.

Сондай-ақ Шыңғыс Айтматов, аса талантты қазақ ақыны Мұхтар Шаханов пен бірге, 1997 жылы «Күз басындағы аңшының зары» атты эссе кітабын да оқырмандарға ұсын-

ды. Әрі, осы екі қаламгер 1998 жылы бірігіп жазған «Соқратты еске алу түні немесе миғула терісі үстіндегі сот» атты туындысы да, бірнеше жылдардан бері Фабит Мүсірепов атындағы Балалар мен жасөспірімдер театрында қойылып, көрермендер тарапынан ыстық-ықыласқа бөлене түсуде.

Оның үстіне, бүгінгі таңда адамзат басына түнген қауып-қатердің алдын алу мақсатында ол, тұңғыш рет Қырғызстан өңірінде «Ыстық – Көл форумын» өзі ұйымдастырып, оның төрағасы болды.

Бұл да ұлы тұлғаның халықтар достығы мен ынтымақ – бірлігіне ерекше мән берген, халықтар достығының бірден-бір жаршысы да жыршысы болғандығын анық аңғарта түспек.

Міне, осындай ұлы суреткердің көркем шығармалары араб, ағылшын, неміс, француз, түрік, парсы, жапон, жалпы 168 ден астам халықтар тіліне аударылып, 830 рет, 672 миллион нұсқада басылып шығып, бүкіл әлем халықтарының рухани игілігіне, мәдени байлығына айналды. Сөйтіп ол, «Адамзаттың Айтматовына» айналды.

Қорыта айтқанда, өзінің көркем туындыларымен бүкіл әлем оқырмандарын өз жетегіне үйіре түскен Шыңғыс Айтматов, әлем әдебиетінің даму тарихына да аса мол сүбелі үлес қосты. Сондықтан да оны, шын мәніндегі кемел суреткерлердің бірегейі десек, ол да артық айтқандық емес, тауып айтып тамаша байлам жасағандық болады.



### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Ш. Айтматов әдебиетке қашан кіріп келді?
2. Оның қандай шығармаларын білесіңдер?
3. «Жамила» повесті қандай тақырыпта жазылған?
4. Ш. Айтматовқа кім сәтті сапар тілеген?
5. «Қош бол, Гүлсары» шығармасының идеялық мәнін сыныпта айтып беріңдер.
6. Ш. Айтматов шығармалары қанша тілге, қанша тиражбен жарық көрген?
7. «Ғасырдан ұзақ күн» атты шығармасын үйде оқып алыңдар!





## ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІНЕН



**М.Ю. ЛЕРМОНТОВ**  
**(1814–1841 )**



М.Ю. Лермонтов – орыс әдебиетінің даму тарихына аса мол үлес қосқан, кең тынысты кемеңгер ақын. Ерен ойлы – прозашы, белгілі драматург. Әрі, тамаша музыкант, шебер суретші, шахматшы, білгір математик, шет тілін еркін меңгерген, аса қабілетті жан болған.

Ол – 1814 жылдың 15-қазанында, Мәскеу қаласында дүниеге келіп, 1841 жылдың 27-маусымында, 27 жасында өмірден озады. Анасы Мария Михайловна, баласы не бәрі 3 жасқа толар-толмас шағында дүние салады. Әрі, әскери қызметкер болған әкеден де тірі жетім қалады. Сөйтіп жас нәресте Михаил, анасының шешесі – нағашы әжесі Елизавета Алексеевна Арсеньеваның қолында жан-жақты білім алып, тәрбиеленеді.

Ол – Мәскеу қаласында өмірге келгенімен, жастық шағын деревняда өткізеді. Өйткені, нағашы әжесінің Пенза губерниясындағы «Тархан» деген елді мекенінде, аса тамаша саяжайы болады.

Оның айналасы қалың емен, ақ қайыңмен көмкерілгендігі сонша, ол аса әсем көркімен көрген жанды өз жетегіне үйіре түсетін болған.

Сөйтіп, Михаилдың дүние есігін ашқанда алған ең алғашқы әсері, ауылдық жердің әсем табиғаты, мөп-мөлдір, тып-тынық суы мен тап-таза ауасы, жіп жіңішке өзендері



мен мидай жазық даласы болды. Мұның бәрі жас баланы еріксіз еліттіріп, емірендіре түседі.

Әрі, Еділ жағалауындағы қарақшылар жайындағы аңыздар, Степан Разин мен Емельян Пугачев көтерілістері жөніндегі әңгімелер – емірендіре бастайды. Әрі, 1812 жылғы Отан соғысы мен декабристер қозғалысы туралы айтқан шалдар мен солдаттардың аса сырлы да нәрлі әңгімелері де, оның ойын онға бөлумен бірге, солар негізінде ой-өрісі қалыптаса түседі.

Оның үстіне, көзі ашық, көкірегі ояу, балаң жас – қарапайым еңбек адамдарының аса ауыр тұрмыс-тіршілігін, құлдық халін өз көзімен көріп, ерте жетіледі. Аса адуын нағашы шешесінің озбырлық іс-әрекеттері, еңбек адамдарына соғылған дүрелері, оның жанын түршіктіреді.

Михаилді нағашы әжесі алғаш үйінде мұғалім жалдап оқытып, оның сауатын ашады. Нәтижеде, әже үйіндегі аса бай кітапханасындағы кітаптарды түгелдей оқып шығу мүмкіндігіне ие болады.

Бірақ ол, жас кезінен-ақ аса нәзік болып өмірге келгендіктен, тым аурушаң болып өседі. Сол үшін де нағашы әжесі оны минерал суымен емдеу мақсатында, талай рет Кавказдағы демалыс үйлеріне алып барады. Ат арабамен бірнеше апта жүріп, орыстың кең байтақ жазық далаларын, орман-тоғайларын, адыр, асу, белдерін өз көзімен көріп, Кавказ елді мекеніне аса көп қиындықтармен әрен жетеді.

Міне бұлар, болашақ ақынның қиялын қырыққа бөліп, ойландырып, толғандыра бастайды. Нәтижеде, Кавказ елді мекені М.Ю. Лермонтовтың сана-сезіміне, ой-өрісіне ерекше әсер етеді. Сондықтан да ұлы ақын, өзінің талай өлең-поэмаларын, өзінің аса сүйкімді мекеніне айналған Кавказға арнайды. Бұл ретте оның ең алғаш жазған «Черкестер», «Кавказ тұтқыны» сияқты поэмаларымен бірге, бір жөн өлендерін атай аламыз. Мәселен ақын:

*Ызғарлы жер патшасы – Кавказ саған!  
Атүсті өлеңім бұл тағы арнаған.  
Қар басқан құздарыңмен көлеңкелеп,  
Бата бер, бөтені жоқ бұл да балаң!*

*Жасымнан қанымменен біте қайнап  
Кеудеме от құйдың ұялаған.*

деп, жыр жолдарына қосқан да болатын.

М.Ю. Лермонтов енді ғана 14 жасқа толған шағында, Мәскеу университеті жанындағы аксүйектер пансионнаға оқуға түседі. Онда ол – Отан тарихынан, орыс әдебиетінен дәріс тыңдап, Ранч секілді аса білімді оқытушыдан тәлім-тәрбие алып, білімін одан әрі жетілдіреді.

Әдебиет үйірмесіне қатысып, декабристік рухта жазылған А.С. Пушкин мен Рылеевтың өлеңдерімен бірге, Грибоедовтың «Ақыл азабын» жаттап, тым ерте есейеді

Сондықтан да, М.Ю. Лермонтовтың алғашқы өлеңдерінде декабристер поэзиясының сарыны анық аңғарылады. Онда – өз Отанды ардақтау, бостандық пен тәуелсіздікті ансау, құлдыққа, зорлық-зомбылыққа қарсы наразылық білдіру ойлары кең өріс ала түседі. Мәселен ол, жап жас ақынның бала кезінде жазған «Түріктің шағымы» атты өлеңінде ап анық көрініс тапқан. Тіптен ол өзінің «Болжау» атты өлеңінде:

*Россияға қаралы бір жыл келер,  
Патша біткен тақтан тайып күңіренер.  
Қара жұрты енді оларды сыйламас,  
Қан мен өлім көбісіне болар ас –*

деп, ақыры бір күні бостандық келетініне аса үлкен сенім арта ой түйеді.

Сөйтп М.Ю. Лермонтов, өз Отанындағы озбырлыққа, қанаушылыққа, зорлық-зомбылыққа қарсы күресе білген, халық ерлерінің қажырлығын, батылдығын өз жыр жолдарына қоса бастайды. Мәселен, ол өзінің «Бостандықтың соңғы ұлы» атты поэмасында, ІХ ғасырда халық көтерілісін басқарған Вадимді дәріптей түссе, «Новгород» өлеңінде халық күресін декабристер қозғалысымен ұштастыра жыр жолдарына қосады.

Әсіресе ақын, өзінің Кавказ туралы жазған өлеңдерінде, бас бостандықтары үшін қан төккен, тау халқының аса қайсар ерлік күрестерін мадақтап, дәріптей түседі. Әрі ол, өзінің «Испандықтар», «Адам және пендешілік», «Ғажап адам» деген сияқты драмалық шығармаларында, патшалық Ресейдің

ұсқынсыз іс-әрекеттерін, үстем тап иелерінің зорлық-зомбылықтарын мінеп-шенейді.

М.Ю. Лермонтов ақсүйектер пансионын бітіргеннен соң, 1830 жылы Мәскеу университетіне оқуға түсіп, оқуын одан әрі жалғастырып, аса үздік оқи бастайды. Онда В.Г. Берлинский, Герцен, Огарев сияқты озық ойлы жастармен бірге дәріс тындап, достық байланыста болады. Осы кезде, яғни 1832 жылы «Қайыршы», «Желкен», «Періште», «Екі алып», «Көктем» секілді т.б. өлеңдерін қойын дәптерінде жазып, ақындығын жан-жақты таныта бастайды.

Бірақ ол, университетті бітіре алмайды. Мәселен: В.Г. Берлинскийді 1832 жылы саяси сенімсіздігі үшін университеттен шығарған болса, М.Ю. Лермонтовты «Университет уставын бұзғаны» үшін, яғни «еркін ойлылығы» үшін университет қабырғасынан ығыстырады. Бірақ ол, Ленинград университетіне барып, сонда оқуға бел байлайды. Дегенмен де, оның да сәті түспегендіктен, сондағы Әскери мектебіне оқуға түседі. Ондағы аса қатаң тәртіп, жүріп-тұру, бұра шығуға, өлең жазуға, білімін толықтыруға, әдебиетпен айналысуға титтей де мұрша бермейді. Солай болса да, сонда жүріп Пугачев көтерілісі жайлы «Вадим» атты романын жазады. Онда, бала кезінде Тархань селосында көрген-білгендерін, естіген әңгімелерін еске түсіре отырып, еңбек адамдары – шаруаларды қалай дарға асқандарын, ұрып-соғып, түрлі азап бергендерін арналы арқау, өрісті өзек етеді.

Романның бас қаһарманы Вадим, жарлы-жақыбайларды басқарып, әкесінің өліміне себепкер болған помещиктен кек алуды басты мақсат етеді. Сөйтіп жазушы, өз романында Пугачев қозғалысының тарихи шындығын ашып көрсетуге ерекше мән береді де, шаруалар көтерілісінің кездейсоқ болмағанын да ашып сипаттайды. Романның негізгі идеясы – езілген, жапа шеккен халықтың азаттық үшін болған күрестері.

М.Ю. Лермонтов 1834 жылы әскери мектепті бітіріп шығады да, Петербург жанындағы елді мекендегі Лейб – гвардиясы Гусар полкінің офицері болып жұмысқа орналасады. Бірақ ол, әскери мектепте оқып жүрген шағында «Вадим» атты романын жазумен бірге, осы тұста ол өзінің «Демон» мен «Хаджи Абрек» поэмасын да жазады.

Сондай-ақ ол, Петербургтің аристократиялық қауымдарымен араласа жүріп, олардың өмір жолдарын терең менгереді де, солар жайлы өзінің «Княгиня Лиговская» деген романын, «Маскарад» атты драмалық шығармасын жазу мүмкіндігіне ие болады.

Қаламгер өзінің «Маскарад» атты драмалық көркем туындысында, декабристтер көтерілісінен кейінгі құты қашып, азғындыққа салынған, алдап-арбаумен күн кеше бастаған, екі жүзділік пен өтірік-өсекке, парақорлыққа ден қойған үстем тап иелері – ат төбеліндей аристократтардың бет-пердесін ашып тастайды.

Ал ол өзінің «Княгиня Лиговская» романында қарапайым еңбек адамы – чиновник Красинскийдің бейнесін сипаттайды. Соң ол, «Көпес Калашников туралы жыр», «Бородино» атты өлеңдерін де жазады. Онда өткен өмірге бет бұра отырып, тарихи жырларда аса көп жырланған Иван Грозныйдің бейнесін негізге алады. Оның нағыз халықшылдық, қаһармандық бет бейнесін жан-жақты аша түседі.

1837 жылдың ақпан айында А.С. Пушкиннің дүние салуы, бүкіл Ресейді күйзелтіп, барша халықтың қабырғасын қайыстырады.

Бұл – қайғылы хабар М.Ю. Лермонтовты да қатты налытады. Жанындай жақсы көріп, өзіне ұстаз ретінде танып, айрықша қадір тұтқан данышпан ақынды, ұйымдастырып өлтірген жендеттерді, өзінің «Ақын ажалы» деген өлеңінде жан-жақты ашып, оларды сын астына алады. Мәселен ақын:

*А, сұмдардың сорлы ұрпағы,  
Жексұрын еді ата-бабаң.  
Жаңа көрген жұрттың бағын  
Тепкілесең қанды табан  
Жалмауыз топ тақ қоршаған,  
Жоқ не ары, жоқ беттері,  
Азаттықты тұмшалаған,  
Даңқ, данышпан жендеттері!  
Отырсыңдар бүркеніп заң,  
Сотпен шындық тілін кесіп....*

деп, ақын өліміне себепші болғандарды қатты мінеп-шенейді.

Сондықтан да Николай патша, М.Ю. Лермонтовтың көзін құрту мақсатында, тура атып тастауға батылы бармай, оны Кавказда болып жатқан соғыстағы Драгун полкіне жібереді. Бірақ, жолай сырқаттанып қалған ақын, ұрысқа қатыса алмайды. Нәтижеде, 1837 жылды түгелдей Кавказда өткізіп, Пятигорскідегі минерал суымен емделеді.

Бұрынан Кавказдың о шетімен бұ шетін өте жақсы білетін М.Ю. Лермонтов, ол елді мекендерді аралай жүріп, тау халқының өмірін, тірлік тыныстарын өз шығармаларында кеңінен сипаттай бастайды. Бұл орайда ұлы ақынның 1839 жылы жазған, Грузияның өмірі мен тарихы жайлы сыр шертетін «Мцыри», «Демон» поэмалары мен бірге, «Қазақтың бесік жырлары» атты өлеңін атай аламыз.

1837 жылдың күзінде М.Ю. Лермонтов, Петербургке қайтуға рұқсат алады. Келген соң, ондағы «Отечественный записки» атты журналда, В.Г. Белинский, Герцен, Кольцов, Огарев, Панаев секілді озық ойлы қаламгерлермен бірге қызметтес болады. Әрі, осы журналда өзінің «Ой» атты өлеңін бастырып шығарады. Онда ақын «Бородино» артиллеристерінің атынан, өзінен кейінгі ұрпақтарға айтылған наразылығын былайша өрбіте түседі. Мәселен ақын:

*Қарасам қайғыртар жұрт бұл заманға;  
Салқын, қуыс өмір — я қараңғы.  
Білім де жоқ, білімге сенім де жоқ  
Өнерсіз қартаяр деп біл балаңды —*

дейді де, одан әрі ақын өз атынан:

*Болған рас біздің кезде,  
Бұл өреннен ерлер өзге,  
Сендердей ме, батыр бәрі! —*

деп, ашықтан-ашық қынжыла түседі.

Сондай-ақ М.Ю. Лермонтов, 1839 жылы «Мцыри», «Демон» поэмаларын, 1840 жылы аса күрделі «Біздің заманымыздың қаһарманы» атты романын жазса, 1841 жылы «Әм жалықтым, әм жабықтым», «Дұға», «Отан», «Жолға шықтым, бәрі жым-жырт, түнде жалғыз», «Тұтқындағы батыр» сияқты т.б. ерлікті, қаһармандықты сипаттайтын т.б. өлеңдерін жазады.

Қаламгердің «Біздің заманның қаһарманы» атты романның бас қаһарманы, Кавказ әскеріне жер аударып келген офицер Печорин. Ол аса көркем жігіт болумен бірге, ерен ақылды, өрімдей жап жас жігіт болады. Дәулеті де бар, аса қабілетті, қайратты жан. Бірақ ол, бұл өмірден сәт те, бақыт та таба алмайды. Сол үшін өмірден тез суынып, одан безіне бастайды. Махаббат пен достықтан да сәт таппайды. Жастық шағында жалын атқан, асқақ армандарының бәрі көкке ұшып, бәрінен де қол үзеді. Оның бірден-бір себебі, Николай патшаның аса қатаң тәртібі, адам жігерін құм қылатын крепоснойлық қоғамның ауыр қыспақтары. Мақсат-мұрат қоюға, мүмкіндік бермеуі, бұл романның 1937, 1953 жылдары қазақ тіліне аударылып, қазақ халқының мәдени байлығына айналады.

1840 жылдың бас кезінде, патшалық Ресейдің жендеттері, Петербургтегі Франция елшісінің баласы Барант пен М.Ю. Лермонтовты, болмашы себептермен бір-бірімен шағыстырып, Барантқа ақынды дуэрге шақыруға итермелейді. Бірақ М.Ю. Лермонтов, өз оғын айдалаға атқандықтан, Барант екеуі бірін-бірі кешіріп, кері кетеді.

Міне, мұны өз көздерімен көрген Сологуб, Булгарин секілді патша сарайының сұрқия жендеттері, ақын жайлы әр түрлі өсектер таратып, оның үстінен іс қозғайды. Нәтижеде, оны абақтыға қамап, әскери сот арқылы Кавказға жер аудартады.

Ақын абақтыда отырған шағында да көптеген өлеңдер жазады. Бұл ретте оның «Ақын», «Журналист, оқушы және жазушы» сияқты т.б. өлеңдерін атай аламыз.

1841 жылдың көктемінде М.Ю. Лермонтов, демалысын Петербургте өткізуге рұқсат алады. Осында келгеннен соң ол «Ақталу», «Келісім», «Сүйерім сен емессің, жанып өртпен», «Отан» сияқты т.б. өлеңдерін жазады.

Ақын демалысқа шығу жөнінде өтініш жазады, бірақ оған теріс жауап алады. Амал жоқ қайта, Қавказға жол тартады. Сонда ол «Қош, Ресей, сорынан арылмаған!», «Талас», «Жартас» «Емен жапырағы» деген сияқты т.б. өлеңдерін жазу мүмкіндігіне ие болады.

Кавказға кеткеннен соң да, патша жендеттері оның қыр соңынан қалмайды. Нәтижеде, патша сарайының ұйымдас-

тыруымен, тағы да Пятигорскіде, Мартинов деген демалыстағы офицерді айдап салып, М.Ю. Лермонтовты дуэлге шақыртады. Сөйтіп, орыс халықтың ардақты ақыны, асыл ұлы, 1841 жылы дуэлде, не бәрі 27 жасында бұл дүниені тәрк етеді.

М.Ю. Лермонтовтың әдеби мұрасын Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев сияқты ерен ой иелері сүйіп оқып, ерекше бағалай білген. Тіптен ұлы Абай, ақынның «Қанжар», «Ой», «Жалғыз шықтым, қаранғы түнде», «Теректің сиы», «Альбомға» деген сияқты өлеңдерін аударып, одан рухани нәр алған. Онан соң ақын өлеңдерін Илияс Жансүгіров, Қасым Аманжолов, Тайыр Жароков сияқты қазақ ақындары да аударып, қазақ халқының рухани игілігіне айландырған.

Қорыта айтқанда, өз соңына аса тамаша поэзиялық, ерен ойлы прозалық, кең тынысты драмалық шығармалар қалдырып, орыс әдебиетінің, тіптен әлем әдебиетінің өркендеуіне елеулі үлес қосқан М.Ю. Лермонтов, ешқашан өлмек емес. Ол өзінің аса тартымды көркем туындыларымен, бір өмір халық жүрегінің нәрлі тынысына айлана бермек.



### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. М.Ю. Лермонтов қай ғасырда өмір сүрген?
2. Ұлы ақынның өлеңдерін қазақ тіліне кім аударған?
3. Ақын Кавказ халқы өмірінен қандай шығармалар жазған?
4. Ол неліктен дуэлге, кіммен түскен?
5. Ақынның өздеріңе ұнаған өлеңін жаттап алыңдар.
6. М.Ю. Лермонтов «Ақын өліміне» атты өлеңін кімге арнап жазған?
7. Қаламгердің «Вадим» атты романын үйде оқып келіп, сыныпта мазмұнын айтыңдар.
8. «Адам және пендешілік» атты драмалық шығармасын мектепте сахналастырыңдар.





## ВАЛЬТЕР СКОТТ (1771–1832)



Вальтер Скотт – әлемге әйгілі ағылшын жазушысы. Ол – ағылшын әдебиетінің даму тарихында – поэзия, проза жанрларында өнімді қалам тебіrentкен, аса дарынды сөз зергерлерінің бірі. Оның үстіне ол, XIX ғасыр ағылшын әдебиетінде алғаш рет, тарихи романның негізін салған ірі тұлға болумен бірге, аса талантты ақын, әрі белгілі тарихшы, аса майталман адвокат.

Ол – 1771 жылдың 15-тамызында Эдинбургте, заң қызметкерінің жанұясында дүниеге келеді де, 1832 жылдың 21-қыркүйегінде, Эбботсфорда 41 жасында дүние салады. Оның әкесі ескі дворян ортадан шыққан, күллі жұртшылыққа танымал, аса сауатты адвокат болған.

Вальтер Скотт – жастық, балалық шағын Эдинбургте өткізеді де, әкесінің нұсқауымен, құқықтық тәжірибеден өтеді. Ал анасы, аса ақ жарқын, күллі жұртпен тез тіл табыса білетін, биазы да жайдары жан болған деседі.

Вальтер Скотт жастық шағында ауыр жарақат алады да, өмір бойы аяғын ақсап басумен өтеді. Нәтижеде, оның жастығы Шотландияның әсем табиғатымен, халқының тарихы, әдет-ғұрпымен тығыз байланысты болады. Өйткені ол, жастайынан-ақ аурушаң болғандықтан, оның ата-анасы, таза ауа аса үлкен жәрдем берер деген үмітпен, қала сыртындағы атасының үйіне жібереді. Нәтижеде ол, өз білімінің барлығын дерлік мектепте, не университетте емес, өз бетінше ізденіп, оқып, үйрену арқылы қол жеткізеді.



Ол — балалық шағынан-ақ, тарихи ескерткіштерге ерекше қызығады. Тіптен, бес жасында көне грек әдебиетінің атасы саналған Гомердің, аса талантты ағылшын ақыны Мильтоннің шығармаларын түгелдей оқып шығады. Айрықша зейінді де зерделі боп өмірге келген ол, бір оқығанын бірден жаттап алатын ерекше қабілетке ие болады. Рас ол, жеті жасында Эдинбург мектебіне оқуға барады.

Бірақ оны, бұл мектептің іш пыстыратын бір қалыпты, мазмұнсыз сабақтары титтей де қызықтырмайды. Әсіресе ол, бала кезінен-ақ антикалық жазушылардың шығармаларын сүйіп оқиды да, поэзия мен романға ерте қызыға бастайды.

Тіптен, Шотландияның балладалары мен өлең-жырларын сүйіп оқып, біразын жат алады. Әсіресе, Вильям Шекспир мен Эдмунт Спенсердің көркем туындыларын іздеп жүріп оқиды.

Олардың шығармаларынан алғаш рет «рыцарлар», «бикештер» мен «аждаһалар» деген сөздерді кездестіріп, оларға айрықша қызыға көңіл бөледі.

Тіптен оны, Томас Персидің «Ағылшын поэзиясының ежелгі ескерткіштері» деген балладалар жинағы еріксіз емірендіре түседі. Мектепті бітірген соң, 12 жасында колледжге оқуға түседі.

Бірақ, денсаулығына байланысты онда да оқи алмайды. Тағы, ауылдық жердегі атасы мен әжесінің қолына барады. Тек, 15 жасында ғана Эдинбургқа қайта оралып, әкесінің адвокаттық мекемесіне келіп, оның көмекшісі болып жұмысқа орналасады.

Сөйтіп Вальтер Скотты әкесі, заңгерлік мамандыққа өзі баули бастайды. 18 жасында заң жүйесін оқып үйренуге айрықша мән береді де, 3 жылдан соң емтихан тапсырып, заңгер болуға мүмкіндік алады.

Содан ол, 21 жасында «Адвокаттар серіктестігінде», адвокаттық қызмет атқарса, кейін келе судья болып жұмыс істейді. Ол — латын, итальян, француз тілдерін жете меңгереді. Өйткені, ол кезде латын тілін білмегендер, заңгер бола алмайтын болған.

Сондай-ақ ол, 1789—1792 жылдары Эдинбург университетінде құқықтану бойынша білім алып жүрген кезінде,

достарымен бірге «Поэтикалық қоғам» атты әдеби үйірме ашады. Міне осы жылдары ол, неміс тілін үйренуге бет бұрып, неміс жазушыларының шығармаларын да оқи бастайды. Әрі, испан, латын, италян тіліндегі көркем туындылармен де жете танысады.

Сөйтіп ол, 1792 жылы Эдинбург университетінің заң мамандығын бітіріп шығады да, нағыз заң қызметкері болып қалыптасады.

Вальтер Скоттың жастық шағынан бастап, Шотландияның талай елді мекендерін аралауы, халық өмірмен ертерек танысуына аса мол мүмкіндіктер береді.

Ол — алғаш рет аударма жұмысымен айланыса жүріп, 1800 жылы «Иван кеші» атты романтикалық сарындағы балладасын жазады.

Онан соң, 1802 жылы «Шотландия шекарасының халық әндері», 1805 жылы «Соңғы Менестрель өлеңі», 1808 жылы «Мармион», 1813 жылы «Көл қызы», 1913 жылы «Рокби» секілді т.б. романтикалық сарындағы шығармаларын жазып, оқырман жұртшылыққа ұсынады.

Сондай-ақ ол, Шотландия тарихына арнап жазған «Уэверли» атты тарихи романын, 1814 жылы жасырын түрде жариялау мүмкіндігіне ие болса, 1815 жылы «Гай Маинеринг», 1816 жылы «Антикварий», 1816 жылы «Пуритандар», «Эдинбург зынданы», «Ламермурлық қалыңдық», 1818 жылы «Роб-Рой», 1819 жылы «Монтроза анызы», 1824 жылы «Лорд Байронның өлімі», 1827 жылы жазған 9 томдық «Наполеон Бонапарттың өлімі», 1829–1830 жылдары жазған 3 томдық «Шотландияның тарихи» деген сияқты т.б. шығармаларын жазады.

Сөйтіп ол, 18 жыл ішінде 30 шақты романдар жазу мүмкіндігіне ие болады. Оларда Шотландия халқының өмірін, тірлік-тыныстарын, өзара билік үшін күрес-тартыстарын жан-жықты ашып, жеріне жеткізе сипаттайды.

Қаламгер өзінің «Роб-Рой», «Уэверли» атты романдарында, яковистер көтерілістері, өз бас бостандығы жолындағы олардың күрес-тартыстары арналы арқау, өрісті өзек болады.

Әрі олар да, XVII ғасырда ағылшын буржуазиясын тақтан тайдырған, Стюарт әулетінің шотландиялық таулықта-

ры да сыр шертеді. Ондағы күресте, Стюарт әулетінің тағына отырушылардың негізгі мақсат-мұраты – билікті өз қолына алу болса, шотландиялықтар өз еркіндігін, өз тәуелсіздігін армандайды.

Сол үшін күреседі. Осы екі романда да суреткер, ержүрек шотландия халқының ешуақытта да алға қойған бағытынан қайтпайтындықтарын, өз азаттықтары үшін күресе беретіндіктерін дәлелдей түседі.

Вальтер Скотт романдарының екінші бір тобында, Англияға қатысты оқиғалар негізге алынады. Рас, олардың кейбіреулерінде, ішінара болса да Шотландия халқының тарихы да сөз болады.

Өйткені, бұл екі елдің, екі халықтың тарихы, саяси даму жолдары, бір-бірімен аса тығыз байланысты өрбиді. Ол – көркем шығармада өзінің шынайы шешімін өте орынды таба түскен.

Ұлы суреткер 1820 жылдан бастап, өз көркем шығармаларында шотландиялықтардың өмірін кеңірек жазумен бірге, ағылшын, француз халық өміріне де айрықша мән беріп, олар жөнінде де бір жөн еңбектер жаза бастайды.

Бұл ретте оның, 1820 жылы ағылшын тақырыбына арнап жазған 3 томдық «Монастрь», «Айвенго», «Аббат», 1821 жылы жазған 4 томдық «Кеилворт», 1822 жылы жазған «Нигель оқиғалары», 1823 жылы жазған «Певериль Пик», сондай-ақ 3 томдық «Кнентин Дорвард», 1826 жылы жазған «Вудсток» сияқты кең тынысты кемел романдарын атай аламыз. Қаламгердің бұл көркем шығармаларында, Англия мен Шотландия халқының XII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың бас кезіне дейінгі өмірі, тірлік-тыныстары, аумалы-төкпелі уақыттағы күрес-тартыстары өзінің шешімдерін жан-жақты таба түскен.

Сондай-ақ, кемеңгер суреткердің «Шіркеу», «Аббат», «Кенилворт» сияқты романдарының негізгі оқиғалары, XVI ғасырдың екінші жартысындағы королева Елизаветаның хандық құрған дәуіріне дейін алып келеді. Алғашқы екі романында қаламгер, Шотландия тарихына ерекше көңіл көзін қадай отырып, Шотландия патшайымы Мария Стюарттың бастан кешкен қайғы – қасіреттерін өрісті өзек, арналы арқау етеді.

Ал, «Кенилворт» романында Елизаветаның, Англияның өмірі, сарай маңындағылардың қайырымсыз іс-әрекеттері, мансап, байлық, билік үшін, кейбір адамдардың арын, абыройын, сезімдерін аяқасты ететіндіктерін негізге алады.

Соның нәтижесінде, осы бір ашкөз де әділетсіз әлемнің құрбаны болған, аса әдемі де ақыл-есі мол, парасатты қыз – Элис Робсарт тағдырының аса аянышты да қайғылы тұстары барынша айқындала түседі.

Вальтер Скоттың Франция тарихынан басқа да, Европа елдеріне арнап 1823 жылы жазған «Квентин Дорвард» романы да баршылық.

Онда ол, британ аралдарын тастап, Европаға көңіл көзін қадай түседі. Бұл көркем туындының бірден-бір мақсаты, елде қатаң тәртіп орнату арқылы, арнайы келген абсолютті монархияның нығайып, күшейуін, олардың ел басқарудағы өздеріне тән ерекшеліктерін жан-жақты көрсету болып табылады.

Романда француз Людовик XI дің мінез-құлқы өте тартымды, аса тамаша көрініс тапқан. Ол – өте қатал адам болумен бірге, аса зұлым, тым айлакер, саясаткер. Ол өзін қоршаған адамдардың жақсылығы мен жамандығын, ылғида жеке басының мақсатына пайдалана білетін, қу-сұм адам ретінде көрініс табады.

Сондай-ақ, ұлы суреткердің шығармаларында көрініс тапқан арыстан жүректі Ричард, күрес жорығы дәуірін суреттейтін, 1825 жылы жазған «Бойтұмар» романы мен бірге, өмірінің соңғы кездерінде, яғни 1831 жылы жазған «Граф Роберт Парижский» романын ерекше атап өту орынды деп ойлаймыз.

Оның үстіне, өз дәуірінде көрініс тапқан оқиғаларды, күрес-тартыстарды суреттейтін, аса тартымды көркем туындысы оның 1824 жылы жазған «Сент Ронанс суы» атты романы. Онда сыр шерткен негізгі оқиға, «Сент-Ронанс суы» деп аталатын демалыс орнында болып өтеді.

Бұл роман негізінен, XIX ғасырдағы сыншыл реализм үлгісінде жазылған көркем шығарма. Сондай-ақ ұлы суреткердің «Шіркеу», «Бойтұмар», «Анна Гейерстенская» сияқты көркем романдарында да, романтиканың тамаша

элементтерінен гөрі, оларда реалистік сипат аса басым екендігі анық аңғарылады.

Қорыта айтқанда Вальтер Скотт, өзінің таңдай қағып, тамсандыратын көркем романдарымен, дүние жүзі әдебиетінің даму тарихына аса мол сүбелі үлес қосқан, аса талантты қаламгер. Өйткені ол, бүкіл Европа және Америка әдебиетінің дамуында, ерен орын иелейтін шын мәніндегі сырлы сөздің хас шебері.

Оның көркем әдебиетке салған романтикалық, реалистік сара жолын, Францияда Виктор Гюго, А. Дюма, Англияда Бульвер – Литтон, Стивсион сияқты жазушылар одан әрі кең өріс алдырып, дамыта түсті.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Вальтер Скотт қандай тарихи романдар жазған?
2. «Кенивольт» романында қандай мәселелерді көтерген?
3. Ресейде кімдер оның шығармаларына аса жоғары баға берген?
4. «Квентин Дорвард» романында кімнің тамаша бейнесін сипаттаған?
5. Оның қандай шығармасы қазақшаға аударылған?





## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
<b>XX ҒАСЫР ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ</b>	
<b>1920–1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ӘДЕБИЕТ.....</b>	<b>7</b>
Сәкен Сейфуллин.....	24
Мағжан Жұмабаев.....	44
Бейімбет Майлин.....	56
Ілияс Жансүгіров.....	81
<b>СОҒЫС ЖӘНЕ СОҒЫСТАН KEЙІНГІ ЖЫЛДАРДАҒЫ</b>	
<b>ӘДЕБИЕТ.....</b>	<b>112</b>
Жамбыл Жабаев.....	136
Сәбит Мұқанов.....	152
Мұхтар Әуезов.....	168
Ғабит Мүсірепов.....	183
Ғабиден Мұстафин.....	191
<b>XX ҒАСЫР 60–90 ЖЫЛДАРДАҒЫ ӘДЕБИЕТ.....</b>	<b>199</b>
<b>РУХАНИ БАЙЛАНЫС</b>	
<b>ҚАЗАҚ – ӨЗБЕК ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСТАРЫ .....</b>	<b>209</b>
<b>ТУЫСҚАН ХАЛЫҚТАР ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІНЕН.....</b>	<b>223</b>
Абдулла Қадыри.....	223
Берді Кербәбаев.....	228
Шыңғыс Айтматов.....	233
<b>ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІНЕН.....</b>	<b>240</b>
М.Ю. Лермонтов.....	240
Вальтер Скотт.....	248

**Qaldibek SEYDANOV,  
O‘serbay BAYQABILOV,  
Gulchehra AYTBAYEVA**

## **ADABIYOT**

*Umumiy o‘rta ta‘lim maktablarining 11-sinfi uchun darslik*

*(Qozoq tilida)*

*1-nashri*

*Редакторы **Ф. Рахымбаев**  
Тех. редакторы **Е. Толочко**  
Дизайнері **Н. Адилханова**  
Корректоры **Ф. Рахымбаев**  
Компьютерде беттеген **Г. Азизова***

Лицензия нөмірі АІ № 163. 09.11.2009. Басуға 2018 жыл 24 апрелда кол қойылды. Пішімі 60×90<sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Times KAZ гарнитурасы. Кегли 11. Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 16,0. Есептік баспа табағы 12,5. Таралымы 5190 нұсқа. Келісім № 6—2018. Тапсырыс № 18-258.

Макетті әзірлеген Өзбекстан Баспасөз және ақпарат агенттігінің Чўлпон атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйі. 100011, Ташкент, Науаи көшесі, 30.

Телефон: (371) 244-10-45. Факс: (371) 244-58-55.

Өзбекстан Баспасөз және ақпарат агенттігінің «O‘zbekiston» баспа-полиграфиялық шығармашылық үйінде басылды. 100011, Ташкент, Науаи көшесі, 30.

**Сейданов Қ.**

Ә 20      Әдебиет [Текст]: 11-сыныбы үшін оқулық/Қ. Сейданов және басқ. — Т.: Чулпан атындағы БПШҮ, 2018 — 256 б.  
ISBN 978-9943-5088-0-4

**УЎК 821(075.3)=512.122**  
**КБК 83.3(5Қаз)я72**

***Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын  
көрсететін кесте***

<b>№</b>	<b>Оқушының аты, фамилиясы</b>	<b>Оқу жылы</b>	<b>Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы</b>	<b>Сынып жетекшісінің қолы</b>	<b>Оқулықты тапсырғандағы жағдайы</b>	<b>Сынып жетекшісінің қолы</b>
<b>1</b>						
<b>2</b>						
<b>3</b>						
<b>4</b>						
<b>5</b>						
<b>6</b>						

***Пайдалануға берілген оқулықты оқу жылы аяқталғанда қайтарып тапсырады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау критерийі негізінде толтырады:***

<b>Жаңа</b>	Оқулықты алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдай
<b>Жақсы</b>	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттеріне жазбаған және сызбаған.
<b>Орташа</b>	Мұқаба езілген, аздап қана сызылған, шеттері жейілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы жағынан қанағаттанарлық жөнделген. Жұлынған, кейбір беттері сызылған.
<b>Нашар</b>	Мұқаба былғанған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сызып, бояп тасталған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.